

«Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ

ӘОЖ 82-1/-9: 821.512.122

Қолжазба құқығында

**ДЕМЕСИНОВА АКЕРКЕ АЛТАЕВНА**

**Қазақ әдебиетінде фэнтези жанрының қалыптасуы мен көркемдік даму  
бағыттары**

8D02301 – Филология

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесшілер  
филология ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор  
Тлеубердина Г.Т.

филология ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор  
Кажобаева Г.К.

Шетелдік ғылыми кеңесші  
PhD доктор,  
профессор  
Аян Е.  
(Мугла Сытқы Кочман университеті)

Қазақстан Республикасы  
Көкшетау, 2025

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР</b> .....	3
<b>АНЫҚТАМАЛАР</b> .....	4
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР</b> .....	6
<b>КІРІСПЕ</b> .....	7
<b>1 ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕ ФЭНТЕЗИ ЖАНРЫНЫҢ ШЫҒУ, ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ</b> .....	14
1.1 Қазақ және әлемдік әдебиеттануда фэнтези жанрының қалыптасуы және зерттелуі.....	14
1.2 Фэнтезидің мифологиялық негізі және неомифологизмнің ықпалы.....	25
1.3 Қазақ фэнтези жанрының теориялық аспектілері, миф, ертегі, фантастика жанрларымен үндестігі және айырмашылықтары .....	36
Бірінші бөлім бойынша тұжырымдар.....	50
<b>2 ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ФЭНТЕЗИ ЖАНРЫНЫҢ ЖІКТЕЛІСІ ЖӘНЕ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ</b> .....	52
2.1 Қазақ әдебиетіндегі фэнтези түрлері және даму кезеңдері .....	52
2.2 Қазақ әдебиетіндегі фэнтезиге тән сюжет және характер.....	67
2.3 Қазақ әдебиетіндегі фэнтези кейіпкерлерінің ерекшеліктері.....	86
Екінші бөлім бойынша тұжырымдар.....	108
<b>3 БАЛАЛАР ФЭНТЕЗИІНДЕГІ КЕЙІПКЕРЛЕР ӘЛЕМІ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ КӨРІНІСІ</b> .....	109
3.1 Балалар фэнтезиіндегі ұлттық-отбасылық құндылықтардың бейнеленуі	109
3.2 Тауық Рымжанов фэнтезиіндегі кейіпкерлер әлемі.....	123
3.3 Рүстем Сауытбайдың «Шоко әлемі» фэнтезиіндегі «бала әлемінің» бейнесі.....	140
Үшінші бөлім бойынша тұжырымдар.....	153
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	154
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	159

## **НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Диссертациялық жұмыста келесідей мемлекеттік үлгіқалыптарға сілтемелер жасалды:

ҚР МЖСБ 5.04.034-2011. ЖОО кейінгі білім беру. Докторантура. Негізгі қағидалар. Философия докторы (PhD) профилі бойынша доктор дәрежесін алу үшін диссертация жазу бойынша нұсқаулық.

МемСТ 2.105-95. Конструкторлық құжаттардың бірегей жүйесі. Мәтіндік құжаттарға ортақ талаптар.

МемСТ 2.11-98. Конструкторлық құжаттардың бірегей жүйесі. Норма бақылау.

МемСТ 7.1-2003. Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Құрастырудың ортақ талаптары мен ережелері.

## АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

**Фэнтези (ағылшынша – fantasy)** – фантастикалық әдебиеттің бір түрі немесе иррационалдық сипаттағы сюжеттерге жол беретін таңғажайып оқиғаларға негізделген түрі. Мұндай сюжеттердің ғылыми фантастикадан айырмашылығы рационалды түсіндіруге келмейтін фактілер мен құбылыстарға жол ашып, логикалық тізбектілікке бағынбайтын қасиеті бар.

**Эпикалық фэнтези** – оқиғаларды хроникалық бағытта баяндайды және эпикалық жанрдағы шығармаларға ұқсайды. Мұндай шығармаларда автор өзін анық байқатпайды. Әңгімелеу біржақты емес, эпикалық дәстүрге негізделген, моральдық-этикалық бағалаулар имплицитті, жасырын түрде сюжет құру барысында беріледі. Эпикалық фэнтезиде уақыт абстрактілі болып келеді. Кеңістік бүге-шігесіне дейін кеңінен сипатталады.

**Шытырман оқиғалы фэнтези** – авантюрист кейіпкер жайлы баяндауға құрылған фэнтези.

**Ертегілік фэнтези** – ертегіге тән сипатта жазылады және ертегінің барлық қызметтерін атқара береді. Фэнтезидің бұл түріне тікелей сөйлеу, уақытты белгілеу және кеңістіктің біртіндеп кеңеюі тән.

**«Қара» фэнтези** – оқиғалар қорқынышты, жантүршігерлік сипатта өрбиді. Кейіпкерлері жауыз, қорқынышты әрекеттер жасайды.

**Неомифологизм** – бұл мифологизмді (мифпен астасуын) ХХ ғасыр өнерінің көркем ойлауына барынша сәйкестенетін формада қарастыратын тұжырымдама. Аталған тұжырымдамаға сәйкес, бүкіл ХХ ғасыр бір-бірімен асқан шеберлікпен астасып жатқан, бір-бірін бейнелейтін мәдени-эстетикалық мифтердің күрделі жүйесінен құралады.

**Неомифологизациялау қағидасы** – мифологиялық сюжеттерге, образдар мен символдарға айрықша көзқараспен қарайтын, ХХ ғасырға тән көркем ойлаудың формасы. Бұл сюжеттер қайта жаңғырмайды, қайта тіріледі, қайтадан жасалады. Сөйтіп бізге қазіргі заман шындығымен салыстыруға мүмкіндік ашатын жаңа мифтерді дүниеге әкеледі.

**Архетип** – модель, бастапқы образ. Ол объектіні психологиялық тұрғыдан түсінудің архаикалық интуитивті құралы болып табылады.

**Сюжет** – оқиғаның көркем мәтіндегі, дәйектілігі көркем мәтінде бейнеленген оқиғалар және оқиғалар тізбегі, бұрылыстар мен кедергілерден өтуге әрекет, кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасы, айқын әрекет жүретін көркем шындық арқылы өтіп жатқан іс-шараларды білдіреді.

**Характер** – кейіпкердің тұтастығын белгілі бір тұлға ретінде қалыптастыру мәселесін шешуге бағытталған кейіпкер мен автордың арасындағы қарым-қатынастар формасы.

**Құндылық** – қоршаған ортадағы объектілерді анықтау, оның адам үшін, қоғам үшін жағымды және жағымсыз мәнін (ақиқат, қайырымдылық және қатыгездік, әдемілік және зұлымдық) белгілеу, адамның қоғамның өміріне

немесе табиғат құбылыстарына қатынасы.

**Жалпыадамзаттық құндылық** – әлеуметтік жүйе ретінде бүкіл адамзатқа ортақ, дүниежүзі халықтарының ғасырлар бойғы тәжірибесін қорыту нәтижесінде тұжырымдалған, қазіргі заманғы өркениеттің дамуын анықтайтын мұраттар.

**Рухани-адамгершілік құндылық** – белгілі бір нақты бағыттағы мақсаты бар, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адалдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе.

**Отбасы-адамгершілік құндылықтар** – отбасында немесе жеке адам тарапынан қабылданған нормалар мен ережелер, тұлғаның құқықтары мен міндеттері, дүниетанымы.

**Концепт** – термині (латын тілінен conceptus) ой, түсінік, ұғым деген мағынаны меңзейді. Концепт – когнитивтік тіл білімінің негізгі категорияларының бірі. Концепт ретінде адамның әлем туралы мәдени-ұлттық дүниетанымын білдіретін тілдік бірліктер танылады. Концепт арқылы тіл мен адам ойының арасындағы байланыс жүзеге асырылады.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	– Қазақстан Республикасы
ҒФ	– Ғылыми фантастика
SF	– Science Fantastic (ғылыми фантастика)
sf	– survival horror (тірі қалу қорқынышы)
т.с.с.	– тағы сол сияқты
т.б.	– тағы басқа
т.	– том
б.	– бет
бб.	– беттер

## КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Фэнтези жанры өткен ғасырдың соңында халық арасында таралып, кеңінен танылып, оның мәдениеттегі көпқырлылығы мойындалған соң ғана зерттеле бастады. Оның өзінде алыс және жақын шетелдерде фэнтези жөніндегі академиялық зерттеулер жасалғанымен, біздің елімізде жекелеген публицистикалық және ғылыми мақалалар түрінде болмаса, іргелі зерттеулер сирек.

Қазіргі таңда әдебиеттану ғылымында, соның ішінде қазақ әдебиеттануында фэнтези жанрының генезисі, оның мәдениеттанудағы алғышарттары, жанрлық модификациялары және басқа қырлары жөніндегі пікірталастар толастар емес. Тіпті фэнтезидің әдебиеттің дербес жанры болуы заңды құбылыс па, жоқ әлде ғылыми фантастиканың, мифологияның, ертегі жанрының бір тармағы ғана ма деген мәселе әлі шешімін тапқан жоқ. Осы бір тақырыпқа арналған да арнайы зерттеулер қазақ әдебиеттануында кездеспейді.

Қазақ әдебиетінде фэнтези жанрының пайда болуы мен қалыптасуына, одан әрі дамуына қазақ фольклорының, арғықазақ мифологиясының, халық аңыздары мен ертегілерінің, XX ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан қазақ фантастика жанрының, одан кейінірек, тәуелсіздік алғаннан кейінгі XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы әлемдік фэнтези жаһұттары қатарына кіретін танымал туындылардың әсері мол болды.

Қазақ әдебиетінде соның ішінде фэнтези жанрының негізін қалаушы Т. Рымжановтан бастап, кейінгі Р. Сауытбай, Т. Шеғиров-Тұрысбек Сәукетаев, Т. Ермашев, А. Сырманов, З. Төреханова, И. Нұрғалиев, Б. Ыбырайым, А. Түлембаева, З. Наурызбай мен Л. Калаус, тағы бірқатар жазушылардың фэнтези жанрында жазылған, әлі де жалғасын тауып, жазылып жатқан шығармаларының даму кезеңдері мен түрлеріне, сюжеттік ерекшеліктеріне талдау жасалды. Фэнтезиге тән белгілер анықталып, фэнтези кейіпкерлерінің ертегі, миф, фантастика кейіпкерлерінен айырмашылығы көрсетілді. Зерттеу еңбегінде қазақ әдебиетіндегі фэнтези кейіпкерлерінің ерекшеліктерін айқындалады. Себебі кез-келген фэнтези шығармасының басты тіні, негізгі сюжеті басты қаһарман мен кейіпкерлердің ерекшеліктері мен характерлері арқылы ашылатыны белгілі.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Әдебиеттегі жанрдың түрлену, көркем шығармадағы сюжет, кейіпкер мәселелері, оның сомдалу ерекшеліктері әдебиет зерттеушілері мен сыншыларының назарында әр кез болған және бола бермек. Қазақ прозасы дәуірдің әлеуметтік, қоғамдық өзгерістері мен құбылыстарын суреттеуде, соған сай әр алуан кейіпкер характерлерін жасауда жетістіктерге жетті. Сөйтіп қазақ прозасының көркемдік дәстүрі қазіргі фэнтези шығармаларында да жалғасын тауып келеді. Алайда әлемдік әдебиеттану ғылымында фэнтези жанрының қалыптасып, кемелденуі, фэнтези түрлері, оның сюжетінің өзіндік ерекшеліктері жөнінде қомақты еңбектер жазылса да, қазақ әдебиеттану ғылымында фэнтези мәселелерінің зерттелуі кенже қалып отырғандығы байқалады. Қазақ фэнтезиінің миф, ертегі, фантастикамен

үндестігі, айырмашылық қырлары, фэнтези кейіпкерлерінің ертегі, фантастика кейіпкерлермен сабақтастығы, өзгешелік жақтары, қазақ фэнтезиінің ұлттық сипаты теориялық тұрғыдан жан-жақты зерттелмеген. Қазақ әдебиетіндегі фэнтези ерекшеліктерінің анықталмауы, «фэнтези» ұғымының нақты шегараларының айқындалмауы осы жанрдың төңірегінде әр алуан пікірлердің өрістеуіне әкелді.

Соңғы жылдары фэнтези жанрында жазылған шығармалардың феномені мен оның, әсіресе, жас буынның арасындағы тартымдылығы, танымалдығы туралы мәселеге көптеген әдебиеттанушылар, мәдениеттанушылар және психологтар қызығушылық білдіріп, назар аудара бастады. Дегенмен осы мәселеге арналған бірқатар зерттеу еңбектері жарияланып, әртүрлі анықтамалар берілгенімен, фэнтези жанрының ортақ мойындалған анықтамасы әлі қалыптасқан жоқ. Міне, осыған орай қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының алдындағы міндеттердің бірі – қазақ фэнтезиінің қалыптасуы мен даму кезеңдері, көркемдік даму бағыттары, фэнтезидің түрлері, оның сюжеттік даму өрісі, соның ішінде балалар әдебиетіндегі фэнтези көрінісі, жалпы қазақ фэнтезиінің ұлттық көркем ойға қосқан үлесін айқындау десек, осыдан келіп диссертациялық зерттеуіміздің өзектілігі айқындала түседі. Сонымен қатар фэнтезидің қазақ әдебиетінің дербес жанры ғана емес, синкретті метажанры екендігін дәлелдеу де тақырыптың өзекті мәселелердің бірі екендігін көрсетеді.

Фэнтези жанрының танымалдығы ауқымды, өнердің басқа түрлерімен (компьютерлік ойындар, кинофильмдер, мультфильмдер, анимациялық фильмдер, комикстер және тағы басқа салалар) байланысы тығыз, өскелең ұрпақтың дүниетанымының қалыптасуына ықпалы зор. Осы тұрғыдан келгенде балалар фэнтези шығармаларын, ондағы кейіпкерлер әлемін, фэнтезидегі бала әлемінің бейнесін жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Сондықтан балалар фэнтезиі шығармаларын терең талдаудың маңызы зор.

**Зерттеу нысаны:** Қазақ әдебиетіндегі, соның ішінде балалар әдебиетіндегі фэнтези жанры.

**Зерттеу пәні:** Қазақ фэнтезиінің жанр ретінде қалыптасуы, даму үрдісін көрсету.

**Зерттеудің мақсаты:** Қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының қалыптасуы, даму өрісін, зерттелу деңгейін саралай келе, қазақ фэнтезиінің көркемдік даму бағыттарын анықтау, дербес жанр екенін дәлелдеу.

Зерттеу мақсатына сәйкес кезең-кезеңімен шешілетін міндеттер айқындалды.

**Диссертацияны жазу барысында шешілетін міндеттер:**

1. Қазақ және әлем әдебиетіндегі фэнтези жанрын зерттеуге арналған ғылыми әдебиеттер мен осы жанрда жазылған көркем әдебиеттерді зерделеу арқылы оның мифологиядан, фольклорлық және әдеби ертегіден, балалар фантастикасы мен ғылыми фантастикадан айырмашылығын анықтау.

2. Балаларға арналған фэнтези туындыларының көркемдік кеңістігіндегі мифологиялық сарын мен фольклорлық компонентті саралау арқылы авторлық мифті (неомифті) жасау тетіктерін көрсету.



3. «Ер Төстік», «Кер құла атты Кендебай», «Күн астындағы Күнікей қыз», «Ай астындағы Айбарша сұлу», «Қыран қарауылшы» қиял-ғажайып ертегілеріндегі, миф шежіресіндегі, скифтер мен сақтардың мифтері, ғұндардың мифологиясы, ежелгі түріктердің мифтері, қазақ мифологиясы, жұлдыздар мен шоқжұлдыздар жайлы мифтер, табиғат құбылыстары жайындағы мифтер, ағаштар жайындағы мифтер, қанатты аттар жөнінде аңыздар, құстар жайындағы мифтердегі сюжеттер мен кейіпкерлердің қазіргі фэнтезиідегі көрінісін, сюжет өрбітудегі ықпал-әсерін таныту.

4. Қазақ балалар фэнтезиінің даму өрісін әлемдік авторлардың шығармаларымен салыстыру, салғастыру арқылы айқындау (Т. Рымжанов, Р. Сауытбай, З. Наурызбай мен Л. Калаустың және басқа авторлардың да шығармаларын талдау).

5. Қазіргі әдеби үдерістегі фэнтези түрлерін анықтау.

6. Қазақ әдебиетіндегі фэнтезиге тән сюжет ерекшеліктерін көрсетіп, кейіпкерлер әлеміне талдау жасау.

7. Балалар фэнтезиінде ұлттық-отбасылық құндылықтарды бейнелеудегі маңызын саралау және Тауық Рымжанов шығармашылығын қазақ фэнтезиінің негізін қалаушы ретінде зерделеу.

8. Р.Сауытбайдың «Шоко әлемі» роман-фэнтезиіндегі «бала әлемі» бейнесін концептілік талдау негізінде ашу.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу жұмысында талдау, салыстыру, тұжырымдау, жинақтау, концептуалдық талдау жасау әдіс-тәсілдері қолданылды.

**Зерттеудің ғылыми-әдіснамалық негіздерін** отандық зерттеуші-ғалымдар А. Байтұрсынов, С. Қасқабасов, А-Х.Ф. Мархабаев, Б. Әбдіғазиев, Ш. Ыбыраев, П. Әуесбаева, С. Қондыбай, Р. Әлмұқанова, С. Итеғұлова, К. Матыжанов, шетелдік зерттеушілер Ю.М. Лотман, В.Я. Пропп, А.Н. Веселовский, О.М. Фрейденберг, А.Ф. Лосев, А.Ф. Косарев, К.Г. Юнг, Е.М. Мелетинский, А.М. Новиков, В.Н. Минеев, В.М. Жирмунский, В.Н. Топоров, Я.В. Солдаткина, А.Б. Есин және басқа да ғалымдардың әдебиет теориясы, әдебиет тарихы, мәдениеттану, фольклористика бағытындағы ғылыми еңбектері құрайды. Аталған авторлардың еңбектерінде фольклор мен әдебиеттің өзара ықпалдасуы, мифология мәселелері, мифопоэтика мәселелері, әдеби архетиптер және тағы басқа мәселелер қаралған. Маңызды әдіснамалық бағдар ретінде Серікбол Қондыбайдың «Арғықазақ мифологиясы», төрт кітаптан тұратын ғылыми басылымды (Алматы, 2004), Я.В. Погребнаяның «Актуальные проблемы современной мифопоэтики»: оқу құралын (М., 2011) және «Аспекты современной мифопоэтики» оқу құралын (Ставрополь, 2010) пайдаландық. Зерттеу барысында әдебиеттің жанрлық ерекшеліктеріне арналған ғылыми ізденістерді басшылыққа алдық (Н.Л. Лейдерман, М.М. Бахтин, Л.В. Чернец, В.Л. Гопман, Е.Н. Ковтун, Л.Г. Кихней, Ю.Н. Тынянов және басқалары). Одан бөлек фэнтезидің әдебиеттің басқа еншілес жанрларымен өзара ықпалдастығын зерттеуге арналған іргелі еңбектерге сүйендік (Л.В. Овчинникова, В.А. Карпов, Т.А. Чернышева,

С.М. Лойтер, М.И. Мещерякова, И.П. Лупанова, Т.В. Кривошапова, Е.М. Неелов және басқа ғалымдар).

Балалар фэнтезиінің қалыптасуы мен дамуын зерттеген кезде Батыс және славян фэнтезиін зерттеп жүрген шетелдік ғалымдарының еңбектеріне де шолу жасадық: F.J. Molson, А.П. Гусарова, Е.А. Чепур, О.П. Криницына, Т.В. Печагина, Л.Г. Головина, М.Ю. Кузьмина және басқалары.

Зерттеуіміздің нақты материалдары ретінде С.Қасқабасовтың «Қазақтың халық прозасы» (Алматы, 1984), А-Х.Ф. Мархабаевтың «Қазақ фантастикалық әдебиеті» (Алматы, 1998), Ш. Ыбыраев пен П. Әуесбаеваның құрастыруымен шыққан «Қазақтың мифтік әңгімелері» (Алматы, 2002), С. Қондыбайдың «Арғықазақ мифологиясы» (Алматы, 2004) атауымен шыққан төрт кітабы, Р. Әлмұқанованың «Қазақ фольклорындағы антикалық сарындар» (Алматы, 2009), С. Итеғұлованың құрастыруымен жарияланған «Қазақтың мифтік кейіпкерлері» (Астана, 2016), К. Матыжановтың «Казахский семейный фольклор» (Мәскеу, 2023), «Рухани уыз. Қазақ балалар фольклоры» (Алматы, 2023) еңбектеріндегі ой-пікірлерді басшылыққа алдық.

**Зерттеу дереккөздері** ретінде З. Төреханованың «Әмина Тұранның көшпелілер еліне саяхаты» роман-фэнтезиі, А. Сырмановтың «Сарман алты таңба кітабы» фэнтези-романы, Р. Сауытбайдың «Шоко әлемі» фэнтези-романы, Т. Рымжановтың «Зәйтүнқарлығаш ерлігі», «Ерден батыр», «Гүл ағашы» повестері, З. Наурызбай және Л.Калаустың «Бату және оның достарының Алтын тостағанды іздегені», «Бату мен достарының Барсакелмес еліне саяхаты», «Бату мен достарының жұлдыздар елі айдалаға саяхаты» фэнтези-повестері, К. Оразбекұлының «Тұран баһадүрлері немесе Ер, Би, Нардың ерлік жорықтары» фэнтези-повесі, Н. Мұратәлиевтің «Жасыл көлдің құпия тұрғындары» фэнтези-хикаяты, А. Түлембаеваның «Дамока және оның достары» фэнтези-хикаяты, А. Курманаеваның «Наушаһар хикаялары» фэнтези-повесі, Б. Ыбырайымның «Аспандағы саяхат» фэнтези-хикаяты, З. Төреханованың «Күйекөбелектер шаһары» фэнтези-әңгімесі, Н. Нұржанұлының «Кітап патшалығы» фэнтези-әңгімесі, Б. Болатханованың «Мейірімді жанарлар әлемінде» фэнтези-әңгімесі, Р. Ақпардың «Ақшақар арманы» фэнтези-әңгімесі, Қ. Мұбарактың «Тораңғылы сиқыры» фэнтези-әңгімелері алынды.

**Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.** Диссертациялық зерттеу жұмысында алғаш рет қазақ әдебиеттану ғылымында фэнтези жанрына дербес әдеби жанр ретінде талдау жасалды. Сол талдаудың нәтижесінде: а) қазақ фэнтези шығармаларына архетиптік негіз болып қаланған мифологиялық, фольклорлық және әдеби ертегі, қазақтың ұлттық дәстүрлері мен діни сюжеттері мен мотивтері анықталды; ә) қазақ балалар әдебиетіндегі фэнтези жанры өзінен-өзі пайда болған жоқ, оның пайда болуы мен қалыптасуының негізгі екі қайнар көзі анықталды: қазақтың ұлттық мифологиялық және фольклор мұралары мен әлемдік фэнтезидің ықпалы зор болды; б) ең алғаш рет қазақ балалар фэнтезиіне тән сюжет пен характер айқындалды, фэнтези кейіпкерлерінің әлемі жүйелі талданды.

**Зерттеу жұмысының теориялық маңызы.** Фэнтези жанрының теориясы мен тарихын зерделеуге айтарлықтай үлес қосуы жатады. Зерттеу тақырыбы қазақ фэнтезиінің жанрлық ерекшеліктері мен мифопоэтикалық айшықтарын ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Жұмысты орындау барысында жасалған негізгі тұжырымдар мен қорытындылар қазіргі қазақ әдебиетінің даму заңдылықтары мен жалпы әдебиеттің мифопоэтикасын зерттеуге қажетті әдіснамалық алгоритмнің ролін атқара алады.

**Зерттеу жұмысының практикалық құндылығы.** Ғылыми зерттеу нәтижелерін жоғары, орта арнаулы оқу орындарында әдебиеттану, әдебиет теориясы, балалар мен жасөспірімдер әдебиеті бойынша оқытылатын дәрістер мен тәжірибелік сабақтарда пайдалануға болады. Зерттеудің қорытынды тұжырымдарын «балалар фантастикасы», «ертегі», «әдеби ертегі», «балалар фэнтезиі» жанрларын айқындау мәселелеріне арналған арнаулы курстарды әзірлеу барысында қолдану мүмкіндігі бар. Жоғары оқу орындары, колледждер мен мектептерде әдебиет пәнін оқыту тәжірибесінде қолдануға толық мүмкіндік бар.

**Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:**

1. Қазақ балалар фэнтезиі – фольклорлық және әдеби ертегіден, ғылыми фантастикадан және балалар әдебиетінің басқа да прозалық жанрларынан (шытырман оқиғалы повестер, хикаяттар) ерекше, дербес жанр.

2. Қазақ балалар фэнтезиінің жанрлық сипаттары келесі параметрлермен өлшенеді: а) бір-бірінен туындап отыратын тұжырымдамаға негізделген «қосалқы әлем» кеңістігінің қалыптасуы. Кейіпкердің басқа әлемге «көшуі» сиқырлы заттың, мифтік құбыжықтың көмегімен немесе ерекше жерде жүзеге асады; ә) магия заңдарымен өрбитін квест мотивіне негізделген динамикалық сюжеттің болуы. Нарративтік негіз ретінде жақсылық пен жамандықтың жаһандық күресі қала береді; б) әлемді құтқаратын бала архетипі кейпіндегі орталығында кейіпкер-жасөспірім тұратын айрықша суреттік жүйе болады; в) фэнтези сюжеттері мифологиялық және фольклорлық концептілерге оралып, тіпті кейде оларды өзгертіп отырады.

3. Қазақ әдебиетіндегі балалар фэнтезиінің екі қайнар көзі бар деп есептейміз: а) қазақтың дәстүрлі ауыз әдебиетінің, фольклорының, халық ертегілерінің, әдеби ертегілердің, мифологиясының мотивтері мен кейіпкерлері; ә) фэнтези жанрын алғаш қалыптастырушы, қазіргі таңдағы классиктеріне айналған Джон Р.Р. Толкин, К. Льюис және Ф. Пулманның шығармалары. Аталған авторлардың шығармаларында мифологиялық концептілерге оралу, тіпті кейде өзгерту (К. Льюистің шығармаларында діни концептіні өзгерту талпынысы байқалады) арқылы жанрдың канонизациясы жүзеге асырылады. Автордың мақсатты жоспары арқылы көркемдік трансформациялану іске асады.

4. Қазақ әдебиетіндегі балалар фэнтези жанрында соңғы уақытта жазылған шығармалардың сюжеттері мен оқиғаларында Батыс, ағылшын фэнтези шығармаларының сарыны байқалады, бірақ қазақ ұлттық нақышында берілген.

5. Қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының негізін қалаушы – Тауыпқы Рымжанов.

6. Рүстем Сауытбайдың «Шоко әлемі» фэнтезиіндегі «бала әлемі» бейнесінің моделі ұсынылды.

#### **Зерттеу жұмысының талқылануы мен жариялануы.**

Диссертацияның негізгі нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және практикалық конференцияларда жарияланды. Оның ішінде ҚР ҒжЖБМ ұсынған журналдарында 5 ғылыми мақала, шетелдік журналда 1 ғылыми мақала, халықаралық конференция жинақтарында 5 ғылыми мақала (2 стендтік) жарық көрді.

**ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда 5 ғылыми мақала жарияланды:**

1. Көркем әдебиеттегі фэнтези жанрының шығу төркіні мен түрлері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. – 2023. – №2(143). – Б. 165-171.

2. Фэнтези мифологиясының философиялық мәні // Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің Хабаршысы. – 2023. – №4. – Б. 91-102.

3. The problems of harmony and differences between fantasy and myth, fairy tale, fiction («Фэнтезидің миф, ертегі, фантастикамен үндестігі және айырмашылығы мәселелері») // Керуен. – 2023. – Т. 81, №4. – Б. 161-173.

4. Фэнтези типологиясының мәселелері // Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің Хабаршысы. – 2024. – №2. – Б. 141-152.

5. Қазақ фэнтези жанрындағы көркемдік ізденістер // Керуен. – 2024. – Т. 83, №2. – Б. 214-224.

#### **Шетелдік журналда – 1 мақала:**

1. Формирование и развитие жанра фэнтези в мировой и казахской литературе // Scientific Atlas. – 2021. – №4. – Р. 46-51 бб.

#### **Халықаралық конференция жинақтарында – 5 мақала:**

1. Фэнтези жанры: қалыптасуы, заманауи дамуы және жанрға тән ерекшеліктер // Ғылым және бизнес – өңір дамуының негізгі факторы ретінде: атты университеттің жас ғалымдары мен бизнес серіктестерінің 2021 жылдың 3-желтоқсанында өткен I Өңірлік форумы. – Б. 77-81.

2. Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығының көпқырлылығы // Ахмет Байтұрсынов мұрасы-әлемдік руханият кеңістігінде: атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары (Көкшетау, 2022. – Б. 53-57).

3. Тауыпқы Рымжанов фэнтезиінің ерекшеліктері // Шоқан оқулары-27: Аймақты дамытудағы университет ғылымының рөлі: атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (Көкшетау: Ш. Уәлиханов атындағы университеті, 2023. – Б. 84-89).

4. Қазақ әдебиетіндегі фэнтезидің дербес жанр ретінде танылу мәселелері // Шоқан оқулары-28: Жаңа ғылыми парадигма: ынтымақтастық, цифрландыру

және коммерцияландыру: атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (Көкшетау: Ш. Уәлиханов университеті, 2024. – Б. 153-159).

5. Мифтік және неомифтік кейіпкерлер // Академик Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдардың туғанына 100 жыл толуына арналған «Мәдениет-өркениет-жаһаният контексіндегі гуманитарлық ғылым: Тіл, Этнос, Қоғам» атты Халықаралық конгресс материалдары (Алматы: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министірлігі ғылым комитеті Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2024. – Б. 516-519).

**Диссертация құрылымы:** Диссертациялық зерттеу жұмысы анықтама, кіріспе, үш бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

# 1 ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕ ФЭНТЕЗИ ЖАНРЫНЫҢ ШЫҒУ, ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ

## 1.1 Қазақ және әлемдік әдебиеттануда фэнтези жанрының қалыптасуы және зерттелуі

Қазіргі қалыптасып келе жатқан қазақ фэнтези жанрының көркемдік генезисінде, түп-төркінінде мифтік кезеңнің архаикалық ойлау жүйесі, архетиптік негіздері, көне эпостық сананың сілемдері, ертегілер мен аңыздар, батырлар жыры сияқты ықылым замандардан бері келе жатқан фольклорлық туындылардың көркемдік әсер-ықпалы мол екендігін байқаймыз.

«Аспандағы жұлдыздар мен жердегі асқар таулар жайындағы мифтер, жезтырнақ пен жалғыз көзді дәу туралы хикаялар, жер астындағы жылан елін аралаған Ер Төстік пен күн астындағы Күнікей сұлу жайындағы ертегілер қашанда кез-келген қазақ баласын қанаттандырып, тамсандырып, таңқалдырғаны аян» [1]. Академик С. Қасқабасов пікірі қазақ ауыз әдебиетінің аңыз, ертегі, хикаялары балалық шағынан қанына сіңіп, қиялын шарықтатқан, халықтық, фольклорлық, мифологиялық шығармалары алғаш болып фэнтези жанрын қалыптастырушы Т. Рымжанов бастаған қазақ жазушыларының қиялына, шығармашылығына дем бергені анық. Және ғалымның бұл ғылыми ой-тұжырымы қазақ фэнтезиінің бастау, түп төркінімен де сабақтасып жатыр.

Қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрындағы шығармаларға қазақтың, тіпті арғықазақтардың (сақ, ғұн, түрік, оғыз, қаңлы, үйсін, қарлұқ, қыпшақ, найман, керейіт, жалайыр, қоңырат және басқалары) мифологиялық түсініктер кешенінің даму кезеңдері де әсерін тигізгені айқын. «Арғықазақ мифологиясы» деген төрт кітаптан тұратын іргелі академиялық зерттеу еңбегін мұра етіп қалдырған Серікбол Қондыбай арғықазақтардың мифологиялық түсініктер кешенінің даму тарихын жеті кезеңге бөледі: 1) палеолит – тағы жасампаздық кезеңде аңшылар, ит пен аңдар, мүйізділер мифологиясы; 2) б.з.д. 23-18 мыңжылдық, кейінгі палеолит – Ұлы ұстаздардың миф жасау заманы, күрделі гиперборейлік миф жасау; 3) б.з.д. 12-2 мыңжылдық, неолит, энеолит, қола ғасыры – Шәкірттердің I, II, III ұрпағының миф жасау заманы, пост-гиперборейлік, дей-түркілік миф жасау, күрделі, бұқа, ешкі, ай, жылан, күн, және жылқы культінің мифологиясы; 4) б.з.д. 1 мыңжылдық, темір ғасыры немесе Ежелгі көшпелілік заман – көшпелілердің миф жасауы, күн мен ат культі; 5) б.з. 1-5 ғасырлары, Орта көшпелілік заман – екінші қайтара миф жасау, «Ұрымдық уақыт», жалпы көшпелілік «ықшам» культтер; 6) б.з. 6-14 ғасырлары, кейінгі көшпелілік заман – үшінші қайтара көшпелілік миф жасау, Түркі миф жасампаздығы мен матасу заманы мифсіздену заманына ұласты; 7) б.з. 15-19 ғасырлары, Жаңа көшпелілік заманы – төртінші қайтара көшпелілік миф жасау, ислам дінінің талаптарына бейімделу, іс жүзіндегі мифсіздену заманы деп жіктейді [2].

«Ер Төстік», «Кер құла атты Кендебай», «Күн астындағы Күнікей қыз», «Ай астындағы Айбарша сұлу», «Қыран қарауылшы» қиял-ғажайып ертегілеріндегі, миф шежіресіндегі, скифтер мен сақтардың мифтері, ғұндардың

мифологиясы, ежелгі түріктердің мифтері, қазақ мифологиясы, жұлдыздар мен шоқжұлдыздар жайлы мифтер, табиғат құбылыстары жайындағы мифтер, ағаштар жайындағы мифтер, қанатты аттар жөніндегі аңыздар, құстар жайындағы мифтердегі сюжеттер мен ертегі, миф кейіпкерлері (Ер Төстік, Кер құла атты Кендебай, Күнікей қыз, Бекторы, Айбарша сұлу, Жылан Бапы хан, Көлтауысар, Саққұлақ, Таусоғар, Желаяқ, шамандық кейіпкерлер, тәңірлік образдар Көк Тәңірі, Ұмай ана, тотемдік кейіпкерлер Көк Бөрі, Қанатты барыс, зооморфоатропогондық кейіпкер Самұрық, тератологиялық кейіпкерлер Жалмауыз, Дәу, Жезтырнақ, Шойынкұлақ т.б.) фэнтезидің қазақ әдебиетінде өз алдына жанр болып қалыптасып, кемелденуіне ықпалы мол болды. Осыған орай, зерттеуді қажет ететін маңызды мәселелердің қатарына фэнтезидің шығу тегі, қайнар көздері, фэнтези мәтіндерінің ғылыми фантастика, әдеби ертегі және мифология жанрларымен байланысы, ұқсастығы мен айырмашылықтары жатады.

Жоғарыда аталған фэнтезидің мәселелері жөнінде ғылыми ізденістерді А.А. Мауленов, Д. Қалиақпардың «Қазіргі әлем және қазақ неомифологиясындағы мифтік мотивтер мен архетиптердің өзара үндестігі», С.У. Такиров, Д. Қалиақпардың «Қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанры», А.Ж. Құрманбаева, Е. Баятұлының «Фэнтези жанрының қазақ фольклорындағы байырғы көріністері», Әбу-Асқар Мекешұлының «Батыс-Шығыс мифологиясындағы ортақ наным-сенімдер», «Қазақ әдебиетінде фэнтези бар ма?!», Әбіл-Серік Әбілқасымұлы Әліакбардың «Бір ділді Алаш фэнтезиі ешқашан тілге бөлініп аламанбайды», Е. Солтанаеваның «Фэнтези әдебиеті сұранысқа ие» мақалаларынан, А.Ж. Құрманбаеваның «Қазақ фэнтезиінің поэтикасы мен кейіпкерлер типологиясы» атты ғылыми еңбегінен және Р. Сауытбай мен А. Құрманбаеваның құрастыруымен шыққан «Қиял әлеміндегі кездесу» антологиясынан көруге болады.

Белгілі зерттеуші Әбіл-Серік Әліакбар қазіргі қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрында жазылған шығармаларға байланысты: «Тауфих Шеғиров-Сәукетаев, Тимур Ермашев және Ильмаз Нұрғалиевтар болмыс пен бейболмыс арасындағы межені бұзып, суреттейтін әлемнің шынайылығына өз оқырманын сендіре біледі. Осылайша жасөспірімдер қаламгер фэнтезиінің әлемді түйсіндіру, бейнелеудің, ой елегінен өткізудің өзіндік бір жолы екендігін ұғынады. Аталған жазушылардың бізге ұсынған ертегілік әлемі ертегілік емес әлемге айналып бүгінгі күнгі қазақ қоғамының басты проблемалары астарланып, өткен күндердің оқиғаларымен астасады. Осылайша авторлар біздің барша өзекті мәселелерімізді мифпен өрлете түсіндіріп, өзіндік образ сомдаулары арқылы түрлі қырынан ұсынады. Бұл фэнтезидің тасасында мені танып ал деп қылтиған біздің бүгінгі өміріміздің көлеңкелі жағы жасырынып та жатады. Оның автор тарапынан тереңге жасырынғаны сондай, кез келген оқырман аңғара білмейді. Және Батыстық фэнтезиден қазақ фэнтезиінің бір айырмашылығы – фольклорға тән сөз саптау мәнерінен қол үзбейді», – деп жазады [3].

Әдебиеттанушы Әбу-Асқар Мекешұлы қазіргі кездегі отандық фэнтезидің жағдайын былайша сипаттайды: «Қазақта «таз таранып болғанша,

той тарқап болады» деген нақыл бар ғой. Осы сөз тура біздің қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрына қатысты айтылғанға ұқсай береді маған. Неге десеңіз, қазір әлемде фэнтезиге деген қызығушылық күрт бәсеңдеген. Жаңа жоғарыда атаған толып жатқан фэнтези түрлері соның салдарынан туындап отыр. Авторлар оқырманның назарын аудару үшін неше түрлі экспериментке баруда. Әу баста түп-тұнық мөлдіреген фэнтезиге ғылымды да, мистиканы да, қала өмірін де, қазіргі заманды да, философияны да, тарихты да, бәрін-бірін қосып, қойыртпақтап жатыр. Қазіргі шығып жатқан фэнтезилерді таза фэнтези деп айтудың өзі қиын. Олар бірнеше жанрлардың қосындысы болып кеткен. Міне әдебиет алаңында болып жатқан осындай ала-шапқын қым-қуыт жаңалықтар қазақ әдебиетін ары айналып, әлі бір соқпай жүргені таң қалдырады» [4].

Қазақ әдебиеттанушылар қазіргі отандық фэнтези жанрына назар аударып, өз ой-пікірлерін айтып, жазып, жариялап жатыр. Зерттеуші Әбіл-Серік Әлиакбар балалар жазушысы Тауық Рымжановтың «Гүл ағашы», «Ерден батыр», «Күн перзенттері» атты ертегі-хикаяттарын фэнтези жанрына жатқызу керек деген пікірде. Әдебиеттанушы-ғалым Еркінгүл Солтанаева Зира Наурызбаева мен Лиля Калаустың «Алтын тостағанды іздестіру: Бату және оның достарының басынан кешкендері», А.Түлембаеваның «Дамока және оның достары» шығармаларын фэнтези жанрының туындылары ретінде қарастыруды ұсынады.

Фэнтези жанрының табиғатын аша түсу үшін әлем ғалымдарының осы жанрдың ерекшеліктерін зерттеуге арналған біраз ғылыми жұмыстарын басшылыққа алдық.

Фэнтези жанрының әлемдік әдебиетте қалыптасып, орнығу тарихына келетін болсақ, алғашында ХХ ғасырдың басында Англияда пайда болған. Бұл әдеби жанрдың атасы деп Дж.Р.Р. Толкинді атауға болады. Ол 1937 жылы «Хоббит, или Туда и обратно», кейінірек, 1954-1955 жылдары «Сақиналар әміршісі» шығармаларын дүниеге әкелді (2022 жылы қазақ тілінде жарық көрді). Дегенмен Дж.Р.Р. Толкинді фэнтези жанрының атасы деуге қарсы пікірдегі ғалымдар да бар. Атап айтсақ, өзінің «Что такое фэнтези?» деген мақаласында Ресейлік зерттеуші Д.Б. Лопухов: «Фэнтези жиырмасыншы ғасырда пайда болған жоқ. Джон Рональд Руэл Толкин бұл жанрдың атасы емес», - деген тұжырым жасайды [5]. Алайда Д.Б. Лопуховпен толық келісе алмаймыз. Себебі Дж.Р.Р. Толкин фэнтези туындысын ең алғашқы болып жазбаса да барлық жазушылардан айқын, көркем түрде ойдан шығарылған әлемді, оның кейіпкерлері мен шытырман оқиғаларын, қызықты тарихын сипаттай білді.

Фэнтези мәселесін айналысушы зерттеушілер орыс фэнтезиіне сиқырлы әлемдер туралы ағылшын ертегілері, ғылыми фантастика, орта ғасырлар тарихына деген қызығушылық, парапсихологиямен айналысу тәрізді құбылыстар әсер етті [6] десе, ал Еуропа фэнтезиінде оның қайнар көзі, негізі ретінде кельт-скандинавия эпикалық дәстүрі мен рыцарлық романдар болды [7] деген тұжырым бар. ХХ ғасырдың ортасында классикалық фэнтезидің қазіргі



болмысын қалыптастыруда ағылшын жазушылары «Сақина әміршісі» романының авторы Джон Рональд Руэл Толкин, «Нарний Хроникасы» авторы Клайв Стейплз, «Конан жабайы» циклының авторы Роберт Говард көбірек әсер етті.

Фэнтези жанрының қарқынды дамуы, оқырмандар тарапынан бұрын-соңды болмаған сұранысқа ие болуы оның жан-жақты қырларын қамтитын әдеби-сын және ғылыми-зерттеу мақалаларының көптеп жариялануына жол ашты. Атап айтсақ, фэнтезидің әртүрлі жанрлық негіздемелеріне сүйене отырып С.Т. Алексеев, В.Л. Гопман, А.В. Мартыненко, В.К. Олейник тәрізді Ресейлік ғалымдар өз анықтамаларын беруге тырысты. Ал фэнтези жанрының негізгі сипаттамаларына өз зерттеулерінде В.А. Губайловский, Е.Н. Ковтун, К.Г. Фрумкин тоқталған. Фэнтези мен ертегінің өзара байланысын В.С. Березин, М.С. Галина, Е.А. Соколова, ал ғылыми фантастикамен арадағы байланысын О.А. Брилева, А.А. Николаева сынды ғалымдар зерттеген.

Фэнтези феноменін зерделеуге айтарлықтай үлес қосқан ғылыми еңбектерге фэнтезимен еншілес фантастика, ғылыми фантастика, әдеби ертегі және мифология жанрларын зерттеуге арналған жұмыстарды жатқызуға болады. Т.А. Чернышеваның «Природа фантастики» (1989), В.Я. Пропптың «Морфология волшебной сказки» (1998), С.М. Лойтердің «Русский детский фольклор и детская мифология. Исследование и тексты» (2002), Л.В. Овчинникованың «Русская литературная сказка XX века. История, классификация, поэтика» (2003) еңбектері фэнтезидің оның «еншілес әдеби-жанрлық ағаларынан» ара-жігін ажыратуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар Ресейлік филологтардың шетел (ағылшын) фэнтезиінің поэтикасын талдауға арналған зерттеулері де құнды. Олардың қатарында С.Б. Лихачеваның «Аллитерационная поэзия в творчестве Дж.Р.Р. Толкина» (1999), М.А. Штейнманның «Поэтика английской иносказательной прозы XX века (Дж.Р.Р. Толкин, К.С. Льюис)» (2000) еңбектерін атап көрсетуге болады.

1990 жылдардағы славян фэнтезиінің поэтикасын зерттеуге арналған Е.А. Чепурдың «Герой русской фэнтези 1990-х гг.: модусы художественной реализации», О.П. Криницынаның «Славянские фэнтези в современном литературном процессе», А.Д. Гусарованың «Жанр фэнтези в русской литературе 90-х гг. двадцатого века: проблемы поэтики», Е.Ю. Дворактың «Русское детское фэнтези: жанровая специфика и особенности мифопоэтики», Т.И. Хоруженконың «Русское фэнтези: на пути к метажанру», Т.В. Печагинаның «Категориальные концепты «Добро» и «Зло» в детской фэнтези», О.С. Наумчиктің «Миромоделирующие функции игры в художественной системе английского фэнтези», А.В. Плотникованың «Принципы и способы атрибуции имен собственных в произведениях жанра фэнтези», А.В. Деминаның «Фэнтези в современной культуре: философский анализ», С.В. Травкиннің «Языковые маркеры жанровой принадлежности текста (на материале романов фэнтези)», О.К. Кулакованың «Интертекстуальность в аспекте жанрообразования (на материалах жанра фэнтези)», И.В. Лебедевтің «Жанровая поэтика в русском фэнтези конца 20 –

начала 21 веков», Е.А. Нестерованың «Вещи и природные объекты в мире фэнтези («Властелин колец» Дж.Р.Р. Толкиена, «Бесконечная история» М. Энде)», Я.В. Королькованың «Две модели фэнтези в современной русской литературе (романы М.В. Семеновой о Волкодаве, М.Г. Успенского о Жихаре)», Д.А. Батуриннің «Виртуально-неомифологическая сущность фэнтези» тақырыптарындағы диссертацияларды атап көрсетуге болады.

Фэнтезиді элеуметтік философия, педагогика және лингвомәдениет ғылыми бағыттарымен тоғысқан жерінде зерттеуге арналған жұмыстар бар. Олардың қатарында М.Ф. Мисниктің «Лингвистические особенности аномального художественного мира произведений жанра фэнтези англоязычных авторов», Н.В. Помогалованың «Фэнтези и социализация личности», Т.В. Печагинаның «Категориальные концепты «Добро» и «Зло» в русской, британской и немецкой детской фэнтези», О.В. Виноградованың «Педагогические условия повышения эффективности чтения подростками литературы фэнтези» және басқа бірқатар зерттеулерді атауға болады.

Ал балалар фэнтезиі ең алғаш рет дербес әдеби жанр ретінде F.J. Molson «Children's Fantasy» еңбегінде зерттелген, бірақ бұл еңбек тек ағылшын балалар фэнтезиіне қатысты [8].

Фэнтези жанрының ерекшеліктеріне келетін болсақ, бұл әдеби жанр қазіргі заманғы зерттеулерде әртүрлі қырынан қарастырылады. Көптеген әдебиеттанушылар фэнтезиді әдеби немесе фантастикалық ертегінің шытырман оқиғалы, авантюристік белгісі бар бір тармағы деп есептейді. Фэнтези жанрының көрнекті өкілдерінің бірі Ник Перумов бұл феноменді қарастырған. Фэнтезидің сыртқы белгілеріне қарасақ, фантастикалық ертегінің бір түріне жатады [9]. Зерттеуші М.К. Попова фэнтези жанрының қалыптасу негіздерін зерттеген. Фэнтези жанры көптеген дәстүрлер мен тенденциялардың тоғысында пайда болады деген ой айтқан [6, с. 162].

XX ғасырдың басында фантастика мен фэнтези жанрлары қатар дамып, бір-бірімен қабысып кеткен кездерде фэнтезиді әдеби жанрға мүлдемге жатқызуға болмайды деген көзқарастар орныққан болатын. Атап айтсақ, Ц. Тодоров: «Фэнтези рационалды, шынайы оқиғалар мен бұрын-соңды болмаған таңғажайып оқиғалардың арасындағы өтпелі тармақ, фэнтезиді фантастикалық әдебиеттен бөліп қарау керек», -деген пікір білдірген [10]. Қазіргі уақытта фэнтези мен фантастикаға сараптау жасағанда бұл көзқарасқа әдеби ортада ешкім сілтеме жасамайды және оған қайтып оралмайды.

Біздің ойымызша, мұндай пікір қайшылықтарының туындауының себебі фэнтези ұғымының нақты анықтамасының болмауы және соның нәтижесінде балалар фэнтезиінің де түсінігінің айқын нақтыланбауында жатыр. Сондықтан фэнтези жанрын зерттегенде оның басқа жанрлардан ерекшелігіне жете мән беру керек. Л.В. Овчинникова көркем формаларды дифференцияциялау, яғни нақты ара жігін ажырата білу қазіргі замандағы әдебиеттанудың ең негізгі міндеттерінің қатарына кіреді деп есептейді. Нақты туындыларды сараптай отырып біз элементтердің контаминациясын байқаймыз..., өтпелі және шегаралық жанрлық түрлердің өте үлкен көлемін көреміз [11].

Фэнтези жанрында жазылған көркем шығармалар ең алдымен балалар және жасөспірімдер аудиториясына арналғанын аңдаймыз. Оның ішінде соңғы екі ғасырда, фэнтези жанры дербес әдеби жанрға айналған ХХ-ХХІ ғасырларда жазылған көркем шығармалар балалар әдебиетінің дербес фэнтези жанрының негізін қалаған. Дей тұрғанмен, осы күнге дейін балалар фэнтези жанрындағы туындыларды әдеби ертегі немесе балалар фантастикасымен ара жігін ажыратпай қарастырады. Мысал ретінде жоғарыда атап көрсетілген Т. Рымжановтың шығармаларының барлығы ертегі, ертегі-хикаят, ертегі-повесть деп жарық көргенін келтіруге болады. И. Нұрғалиевтің кітабының жариялануында жанры көрсетілмейді, З. Наурызбай мен Л. Калаустың шығармасы повесть түрінде жарияланған. Тек Р. Сауытбай өзінің әзірге жарық көрген бес кітабының біріншісін ғана фэнтези деп атаған. Екіншісі «Шоко әлем. Тылсым Эллипсаһар» (2020), үшіншісі «Шоко әлем. Ғажайып тас» (2022), төртіншісі «Шоко әлем. Алоэна құпиясы» (2022) және бесіншісі «Шоко әлем. Сұйық тәж» фэнтезилері (2023) шығармаларының жанры көрсетілмеген болса да фэнтезиге жататыны анық. Оның себебі: әдеби ертегі жанры мен балалар фантастикасы жанрының түсініктерінің айқын берілмегендігі. Оның үстіне фэнтезидің әдебиеттің дербес жанры екендігінің толық дәлелденбегендігі аталған мәселені күрделендіре түседі. Әдебиеттің аталған үш жанры да фольклорлық-мифологиялық негізге сүйенетіні белгілі. Кейіпкерлерінің бір әлемнен басқа әлемге көшіп жүре беру мотивтері ұқсас, мифтік персонаж образдары араласып кетеді және басқа ерекшеліктері де бар.

Жалпы фэнтези феноменнің ғылыми тұжырымдамасын Ю.М. Лотман анықтаған. Фэнтези шығармалары кез-келген дәуірде өміршең келеді, себебі әрқашанда дәстүрлі, классикалық әдебиет пен фольклордың арасынан өз «кетігін» таба алады. Өз кезегінде бұқаралық әдебиет өзінің негізгі қызметтерінің бірі – ойын-сауық қызметін дамыту үшін мифологияның сипаттарын қолдануы мүмкін.

Соңғы жылдары фэнтези әдебиетінің бұқаралық-коммерциялық түрі қалыптасып келеді. Мұндай тенденция адамдардың, оның ішінде өскелең ұрпақтың санасына кинофильмдер, мультфильмдер, анимациялық фильмдер арқылы таралған ертегі кейіпкерлерінің сіңісуінен байқалуда. Көптеген зерттеушілердің пікірлеріне қарасақ, фольклор мотивтеріне оралу заманауи әдебиетке ғана тән құбылыс емес, талантсыз беллетристикаға да тән <...> ертегі формасында жазылған туындыны кез-келген адам жеңіл қабылдай алады [11, с. 87]. Осыған байланысты әдебиеттанушы ортада, өкінішке орай, әлі күнге дейін фэнтези жанры, фантастика жанры тәрізді төменгі дәрежедегі, екінші, тіпті үшінші сұрыпты әдебиетке жатады, ешқандай ғылыми зерттеуді, зерделеуді қажет етпейтін «мүсәпір» жанр деген көзқарас та орныққан.

Фэнтезилік баяндауға мифологиялық мотивтерді, неомифтер мен қазақтың ұлттық рухани құндылықтарын, діни, мәдени, тұрмыстық дәстүрлерін енгізу арқылы ұрпақты ұлт мәдениеті мен тарихына ұйыстыру мәселесі шешілуде.

Ресейлік Д. Емец көпсериялы фэнтези жанрында жазатын қаламгерлердің арасында жалғыз өзі бұқаралық танымалдыққа жеткен жазушы болып есептеледі. Ол кісінің 2002-2012 жылдар аралығында сериялы түрде жарияланған «Таня Гроттер» туралы романдары бастапқыда Дж.Роулингтің [12] «Гарри Поттер» (1997-2007) кітаптарынан алынған, тіпті көшірілген идея төңірегінде жазылғанымен, кейінгі шығармаларында Д. Емец өзіндік, дербес туынды жазуға қол жеткізді. Өз туындыларына негіз етіп славян фольклоры мен мифологиясын ала білді. Бұдан басқа орыс балалар фэнтезиі жанрында жазылған көптеген кеңестік және қазіргі дәуірдегі әдебиеттер жеткілікті: В. Крапивин «В глубине Великого Кристалла» (1988-1991), Д. Емец «Мефодий Буслаев» (2004 жылдан бері шығып келеді), Т. Леванов «Сквозняки» (2005 жылдан бері шығып келеді), Н. Щерба «Часодеи» (2011-2014), Е. Гаглоевтің «Зерцалия» кітаптар сериясы (2013-2015), және басқа шығармалар. Аталған шығармалардың кейбіреуі сериялы болғандықтан әлі аяқталмаған, бірқатары балалар фантастикасымен астасып жатыр, енді біреулерінің фольклорлық және архетиптік сипаты жоқ. Балалар фэнтезиі Англияда пайда болғандықтан Ф. Пулман мен К. Льюистің романдық циклдарын міндетті түрде атап кету керек. Сериялы фэнтези шығармалары ретінде сонымен қатар, славян фэнтезиіне жататын Л. Дворецкаяның «Князья леса» сериясын, М. Семенованың «Волкодав» романдар сериясын атап көрсетуге болады. Бірақ бұлар балалар фэнтезиіне жатпайды, ересектерге арналған шығармалар.

Фэнтези шығармалары қазақ әдебиетінде өткен ХХ ғасырдың 80-жылдарында ең алғаш рет Тауық Рымжановтың ертегі-хикаяттар түрінде жазылған «Зәйтүнқарлығаштың ерлігі» (1984) туындысынан бастау алады. Кейінірек Т. Рымжановтың «Өлместің жұлдызы» ертегі-повесі (1994), «Алтын ара» ертегі-повесіне «Зәйтүнқарлығаш» ертегісімен бірге енген «Ерден батыр» ертегісі (1995), «Гүл Ағашы» ертегі-хикаяты (1999), «Күн перзенттері» ертегі-хикаяттары (2010), И. Нұрғалиевтің орыс тілінде шыққан «Дастан и Арман. Начало и первое задание» (2017), Р. Сауытбайдың «Шоко әлем» фэнтезиі (2019, 2021), «Шоко әлем. Тылсым Эллипсаһар» (2020), «Шоко әлем. Ғажайып тас» фэнтезиі (2022), «Шоко әлем. Алоэна құпиясы» (2022) және «Шоко әлем. Сұйық тәж» фэнтезилері (2023), З.Наурызбай мен Л.Калаустың «Бату мен достарының Алтын тостағанды іздегені» повесі (2022), «Бату мен достарының Барсакелмес еліне саяхаты» повесі (2022), «Бату мен достарының жұлдыздар елі Айдалаға саяхаты» повесі (2022), З. Төреханованың «Әмина Тұранның көшпелілер еліне саяхаты» роман-фэнтезиі, Б. Болатханованың «Мейірбан жанарлар елінде» ертегі-фэнтезиі, Ә. Жүсіпованың «Өрмекші айтқан ертегі» ертегі-әңгімесі, Б. Өмірзақтың «Айдаһар жүрек» фэнтези-романы, Р.Ақпардың «Ақшақар арманы» фэнтези-ертегісі, Қ.Мұбарактың «Құбыжық» кара фэнтези-әңгімесі, Н. Кенжеғұлованың «Ғарыштың аманат баласы», Н. Мұратәлиевтің «Жасыл көлдің құпия тұрғыны», Б. Ыбырайымның «Аспандағы саяхат» фэнтези ертегісі, А. Түлембаеваның «Дамока және оның достары», З. Төреханның «Күйекөбелектер шаһары» фэнтези-әңгімелері, Ж. Есқуаттың «Оралу» фэнтези-әңгімелері, А. Сырмановтың «Сарманның алты таңба кітабы»

фэнтези-романы, Н. Нұржанұлының «Кітап патшалығы» фэнтези-әңгімесі, Ж. Зинелова мен Ш. Қанязовтың «Кербез мүйіз» фэнтези-әңгімесі, А. Құрманбаеваның «Наушаһар хроникалары. Қаңтар жылуы» фэнтези-повесть шығармалары қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының даму өрісін кеңейте түсті. Қазіргі таңда қазақ әдебиетінде фэнтези жанрында жазылған шығармаларға сұраныс артып келеді. Осыған орай қарамастан зерттеу барысында фэнтези жанрына жатқызылуы мүмкін сипаты, белгілері бар шығармалардың моделін анықтауға мүмкіндік бар деген пікірдеміз.

Қазақ фэнтезиінің бастауы саналатын Тауық Рымжанов шығармалары Кеңес Одағы кезінде жазылғандықтан фэнтези жанры әлі де дербес әдеби жанр дәрежесіне жетпей тұрған, әдеби ертегі мен фантастика жанрларынан еншісі бөлініп шықпай тұрған кезде ертегі, ертегі-хикаяттар түрінде жарық көрді. Дегенмен Т. Рымжанов шығармаларында фэнтезидің барлық белгілері бар деп толық айта аламыз.

Фэнтези жанр ретінде Батыс Еуропа, соның ішінде ағылшын мәдениеті мен әдебиетінде ХХ ғасырдың алғашқы отыз жылдығында ғылыми-техникалық прогресс жетістіктеріне негізделген ғылыми фантастика жанрына қарсы теңдестіруші дербес бағыт болып қалыптаса бастады. Фэнтези жанрының бағын ашып, бүкіл әлемге танымал еткен алғашқы шығарма Дж.Р.Р. Толкиннің ХХ ғасырдың 50-жылдарының соңында жарияланған «Сақиналар әміршісі» трилогиясы фэнтези жанрында жазылған туындылардың қуатты толқынын тудырды. Бүгінгі таңда шетелдік фэнтезидің классикасына Дж.Р.Р. Толкин, Р. Говард, К. Льюис, М. Муркока, У. Ле Гуин, А. Нортон, М. Стюарт, Р. Желязны романдарын жатқызуға болады.

Ең басында фэнтези жанрында жазылған шығармалардың қайнар көзі, негізі кельт-скандинавия эпикалық дәстүрі мен рыцарьлық романдар болды. Қазақстанға фэнтези жанрында жазылған шығармалар ХХ ғасырдың соңында шетелдік кітаптар орыс тіліне аударылған, дайын күйінде жете бастады. Ол аудармалардың өзіндік ерекшеліктері, канондары қалыптасқан, тіпті АҚШ-та шыққан фэнтези-сюжеттердің терминдері мен ұғымдарының дайын ағылшын-орыс сөздігі де жетті.

Батыс Еуропада фэнтезидің әдеби дәстүрі, негізі батырлар эпостарынан бастау алып рыцарьлық романдар мен әдеби ертегілер арқылы ХХ ғасырдың басындағы «мифологиялық» романдармен сабақтасып жатыр. Ал қазақ тілінде жазылған Тауық Рымжановтың және басқа авторлардың фэнтези шығармаларының негізінде «Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, қырғауыл жүні қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен...» -деген өрнекті сөзбен басталып, тыңдаушысын кейіпкерімен бірге аспанға ұшырып, жер астына түсіріп, неше түрлі құпияға толы әлемді шарлататын ертегілер мен аңыздардан, эпостық және батырлар жырларынан бастау алған [1, б. 3-270].

ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің «алтын ғасырында» фантастика жанрының, оның ішінде ғылыми фантастика жанрының өркендеу дәуірі болды. Қазақтың фантаст жазушыларының бір шоғыры қалыптасты. Олардың қатарында А. Машанов, М. Сәрсекеев, А.-Х. Мархабаев [13], К. Сыздықов,

Т. Сұлтанбеков, Ш. Әлімбаев, Т. Сүлейменов, Б. Ырысбеков, Т. Шахановтарды атауға болады. Қазақ әдебиетіндегі фантастика жанры да кейіннен фэнтези жанрының қалыптасуына өзіндік әсерін тигізді деуге негіз бар. Қазақ әдебиетінде жекелеген фантастикалық туындылар болғанымен ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қысқа уақыт аралығында жанрлық тұрақты дәстүрі қалыптасты деп айту қиын. Себебі әлем әдебиетінде белгілі бір жанрдың тұрақты дәстүрі қалыптасуы үшін бірнеше ондаған жылдар, тіпті бірнеше ғасыр уақыт керек екені белгілі.

Әлемдік әдебиеттегі, соның ішінде өзіндік көрнекті орны бар орыс әдебиетіндегі фэнтези жанрының шығуы мен қалыптасуына әсерін тигізген алғышарттар ретінде ғылыми фантастика, әдеби ертегі жанрларын атауға болады. Орыс классикалық әдебиетінде (біздің қазақ әдебиетінде де) фантастика жанрының тұрақты дәстүрі қалыптаса қоймады. Авторлар фантастикалық әдеби жанрына тұрақсыз түрде оралып отырды. Орыс әдебиетіндегі фантастика мен мистикаға деген қызығушылық ХVIII ғасырда туындай бастады. Бұл ғасырда бір жағынан готикалық романдар жазыла бастаса, екінші жағынан «фольклорлық» балладалар мен ертегілер пайда болды. В.Вацуро готикалық романда басты рөлді фантастикалық элемент емес, пейзаж бен уақыт тізбегінің бұзылуы ойнайды деп атап көрсетеді [14].

Орыс әдебиетіндегі фантастика жанрының қалыптасуына готикалық романдан бұрын фольклорға деген қызығушылық көбірек әсерін тигізді. Е. Неелов фантастиканың қалыптасуына орыс фольклорының әсерін атап өткен. Орыс әдебиетіндегі фантастика жанрының қалыптасуы мен дамуы ХVII-ХVIII ғасырлар тоғысында байқалады. Ол құбылыстың себебі фольклорлық ертегінің әртүрлі баяндау құрылымдарымен өзара белсенді ықпалдасуында жатыр [15]. ХІХ ғасырдың басында Н. Карамзин, Н. Львов, А. Радищев, М. Херасков және басқа жазушылар орыс халық әндері мен ертегі сюжеттеріне негізделген ертегі-батырлық поэмалар жазды. Е. Неелов фантастиканың екі түрін бөліп қарастыруды ұсынды: жалпы-әдеби және жанрлық-шартты. Жалпы-әдеби фантастика мәтінге «автордың қалауы» бойынша фантастикалық элементтерді енгізуге байланысты. Ал жанрлық-шартты фантастика өзінің көркемдік әлемі ретінде фантастикалық элементтерді ең басынан негіз етіп алады. Бастапқыда фантастика негізінен жанрлық-шартты болып келеді. Себебі ертегі дәстүріне сүйенеді. Жалпы әдеби фантастика ең басында фольклор түріндегі ертегі әлемінен туындағанымен, көзді ашып-жұмғанша ертегіден алшақтап кетеді. Фантастикалық және шынайы оқиғаларын қабаттастыра өрбітудің әдеби тәсілдерін жасап алады, сол арқылы оқиғалар өрби келе халық ертегісіне мүлдем қарама-қайшы, тіпті абсолютті түрде қарағар, «жасырынған», айқын емес фантастикасын ұсынады [15, с. 3-120].

Фэнтези ХХ ғасырдың алғашқы отыз жылдығында жаратылыстың, дүниенің ақыл-ой тұрғысынан танылуына қарама-қарсы құбылыс ретінде пайда болды. Сондықтан фэнтези жанры өткен ғасырдың басындағы миф, ертегі, мифке негізделген мистикалық тұжырымдамаларға сүйенеді. Ең бастысы фэнтези фантастикаға қарама-қарсы жанр ретінде қалыптасты. Т. Чернышева

«О старой сказке и новейшей фантастике» деген мақаласында жаңа дүниетанымдық мотивтерді сипаттаған. Жаңа дүниетанымдық мотивтер қазіргі заман фантастикасына сиқырлы ертегінің, христиандық және дінге дейінгі мифтердің, Орта ғасырлардағы поэтикалық сенімдердің суреттерін, мотивтерін, оқиғаларын енгізді. Мұндай мотивтер бұрынғы уақыттың фантастикасының суреттері мен мотивтеріне жаңа дем беріп, оларды қайта тірілткендей болады [16]. Бұл мақалада зерттеуші ғылыми фантастика туралы айтқанымен негізгі әңгіме фэнтези туралы болып отыр.

С. Лем ғылыми фантастика өзінің негізгі мәселесі етіп «барлық нәрсені кара түсте көрсетуді таңдап алды... Сондықтан да ақырзаман, атом бомбасының жарылуы, технологиялардың дамуы нәтижесінде пайда болған эпидемиялар, жердің қатуы немесе керісінше ауа-райының жаһандық жылынуы, кристаллдану, өрт, топан су басу, әлемнің роботтануы және басқа теріс құбылыстар қазіргі заман SF (өз эсселерінде С. Лем «ғылыми фантастиканы» Science Fantastic сөз тіркесін SF әріптерімен қысқартып белгілеген) үшін ештеңе емес. Себебі бұл құбылыстар фантастикалық шығармалардың кеңінен таралуы нәтижесінде құнсызданып, эсхатологиялық қорқыныш жағымды дірілге айналды», - дейді [17]. Сонымен ғылыми фантастика мифологияның «құнсыздануын» шапшаңдатады. Фэнтези керісінше, мифті ойын түрінде жаңғырту арқылы біздің өміріміздегі мифтердің азаюына ықпалын тигізеді. Мифология мен мифологиялық ойындар ойнау фэнтези жанрының бастапқы шығу кезінде қалыптасқан бұлжымас қағидаларының бірі болып табылады.

Фэнтези шығармаларын ғылыми-фантастикалық әдебиеттерден айыра білу үшін В. Переверзев келесі критерийлерді бөліп көрсетуді ұсынады:

- автор ертегіге тән фантастикалық суреттер жүйесін және техникалық жағынан жүзеге асуы мүмкін емес элементтерді қолданады;
- сюжеттің шарттылығы жағдайындағы көзге көрінетін мотивтердің болмауы;
- кездейсоқтық элементінің үстемдігіне жол бермеу шартымен барлық элементтердің өзара ішкі тәуелділігінің болуы [18].

В. Переверзев ұсынған фэнтези мен ғылыми фантастиканың ара жігін ажыратуға қолданылатын барлық критерийлер осы екі жанрдың әртүрлі генезисінен келіп шығып тұрғанын атап көрсетуіміз керек. Фэнтезидің ертегі мен тарихи байланысы, сонымен бірге фэнтезидің миф және эпоспен ішінара байланысы фэнтези жанрының көркемдік ерекшеліктерін айқындайды.

Фэнтезидің ертегілік табиғатын осы жанрда шығармаларын жазған авторлар да сезетін сияқты. Ник Перумов мақалаларының бірінде: «Фэнтези – бұл ертегі. Бұл жанрдың фантастикадан айырмашылығы – ақылгөйсү мен ерекше жаратылыс иесі болуға талпыну жоқ. Ал дәстүрлі ертегіден айырмашылығы – кейіпкерлері жағымсыз және жақсы кейіпкерлер болып бөлінбейді», – деп жазады [9].

Белгілі жанртанушы ғалым Н. Лейдерманның анықтауына сәйкес жанр мазмұн жоспарынан, құрылым жоспарынан және қабылдау жоспарынан тұрады. «Жанрдың үш жоспарының арасында өзара субординация, үйлестік

болуы тиіс: мазмұн жоспары құрылымға байланысты фактор болады, қабылдау жоспары болса құрылымға байланысты күтілетін нәтиже болады, жанрлық құрылым болса эстетикалық эффектiге жол ашатын құпия код ... оқырманның эстетикалық қабылдауын басқаратын талпыныстар мен белгiлердiң жүйесi», – деп жазады [19].

Еуропа әдебиетiндегi фэнтези шығармалары тек қана Дж.Р.Р. Толкиннiң iзiмен туындаған толкиендiк үрдiске байланып қалмағандығын атап өтуiмiз қажет. Еуропалықтар өздерiнiң архетиптiк негiздерiне үнiлiп, фэнтези туғызуда. Орыстар мен поляктар славяндық мифтерге сүйенсе, солтүстiк еуропалықтар ежелгi кельт, скандинав, герман мифологиясын негiзге алып мифологиялық фэнтези жанрын дамыту үстiнде. Осы үрдiске байланысты қазiргi қазақ фэнтези жанрының белсендi өкiлдерiнiң бiрi Ильмаз Нұрғалиевтiң «Мен әлемге ұлттық фольклорымыздың бай қатпарын айқара танытқым келедi» дегенiнде үлкен мән жатса керек.

Фэнтези жанрында жазылған шығармаларда адамның ақылы жетпейтiн қиялдағы әлем сюжеттегi оқиға желiсiне, суреттеудiң тамырлы өзегiне негiз болады. Әлем әдебиетiндегi фэнтези жанрына тән, нышан-белгi, сипат осы әлемде, яғни шынайы өмiрде кездеспейтiн шындықты, басқа әлемдi сөз етiп, оқиға желiсiне айналдыруы фэнтези шығармасының өзегi болып табылады. Қазақ әдебиетiнде өзiнiң ұлттық болмысын, ерекшелiгiн, рухани-мәдени құндылықтар сипатын жоғалтпай дербес, мызғымас көркемдiк әлемiн суреттеген қаламгерлер қатарында ең алдымен қазақ балалар әдебиетiндегi фэнтези жанрында тыңнан түрен салған жазушы Тауық Рымжановты, одан кейiнгi Тауфих Шеғиров-Сәукетаевты, Тимур Ермашевты, Ильмаз Нұрғалиевты, Бекен Ыбырайымды, Айгүл Түлембаеваны, Рүстем Сауытбайды, Зира Наурызбай мен Лиля Калаус, Алпамыс Сырманов, Зәуре Төреханованы атауға болады. Бұлардың арасында Ильмаз Нұрғалиев, Зира Наурызбай мен Лиля Калаус, Тимур Ермашев шығармаларын орыс тiлiнде жазғанымен, олар отандық әдебиет өкiлдерi болып есептеледi. Фэнтези жанрында жазатын жазушылардың басты көркемдiк мақсат-мұраты – өскелең ұрпақ тәрбиесiне мән бере отырып, шынайы өмiрде болуы мүмкiн емес құбылыстар, тылсым күштердi суреттеу арқылы өзiнiң дидактикалық мақсатына жарата бiлуi деп бiлемiз.

Жоғарыда қарастырылған зерттеулердегi ой-тұжырымдарды, көзқарастырды түйiндесек, фэнтезидiң әдебиетте қалыптасып, орнығуына ХХ ғасырдың ортасында классикалық фэнтезидiң қазiргi болмысын қалыптастыруда ағылшын жазушылары «Сақина әмiршiсi» романының авторы Джон Рональд Руэл Толкин, «Нарний Хроникасы» авторы Клайв Стейплз, «Конан жабайы» циклының авторы Роберт Говард көбiрек әсер еттi.

Батыс Еуропа фэнтезиiнде негiзгi өзек – орта ғасырлық, кельт, скандинавия сағалары мен рыцарьлық романдар болса, орыс фэнтезиiндегi өзек – ағылшын фэнтезиi, ал қазақ жазушыларының сүйенгенi – ежелгi сақ, ғұн, түркi мифологиясы, қазақ эпикалық әдебиетi болды. Олардың Батыс пен орыс фэнтезиiнен өзгешелiгi – әлемге ортақ коммерциялық үлгiдегi шаблондардан



бас тартып, ұлттық, қазақы дүниетаным үрдісінде, постмодернистік сипатпен ұштастырып шығармалар тудыруында.

Фэнтезидің алғашқы қалыптасу кезеңінде оны мифтен, ертегіден немесе ғылыми фантастикадан көп ажырата қойған жоқ. Тек кейіннен ғана оны төл жанр ретінде ғана қарастыра бастады. Дегенмен де фэнтезиді жанр ретінде қарастыру сынға қалып жатады. Себебі ол әртүрлі жанрлық қоспаларға: жылнама, хроника, поэма, романдар, тәмсіл (притча), комедиялық элементтерге ие. Сонымен бірге өнердің барлық түрлерін: әдебиет, бейнелеу, графика, кино, музыканы қамтиды.

## **1.2 Фэнтезидің мифологиялық негізі және неомифологизмнің ықпалы**

«Неомифологизм» терминін зерттеуші Е.М. Мелетинский өткен ғасырдағы әдебиет пен мәдениеттегі ремифологизация процесін ашу үшін қолданған. Оның тұжырымдамасы бойынша ХХ ғасырдағы неомифологизмнің негізгі категориясы мифологиялық сипаттамалардың жаңаша нұсқауларының жаңа уақыттың бөліктеріне кіргізу болып табылады. Е.М. Мелетинскийдің зерттеуіне сәйкес неомифологизмді анықтау екі жолмен жүзеге асырылуда. Бірінші жолы – неомифологизмнің ХІХ ғасырдың соңындағы мифологизмге байланысы арқылы анықталады. Ол көзқарасқа сәйкес, неомифологизм мифтен құрылымы, жаңа мәні тұрғысынан әдебиетте және шынайы өмірде де оқшауланып, өз еншісін алып, бөлініп кетті. Екінші жолы – неомифтің көнеден келе жатқан мифтерге тән белгілері бойынша байланысы: атап айтсақ, шындық пен қиялдың, көрсетуші мен көрсетілушінің сәйкесуі; уақыттың құбылмалылығы мен өтіп кетсе де қайта оралуы, кейіпкердің дербестігі, ешкімге ұқсамайтын қасиетінің болуы [20].

Осыған ұқсас пікірді З.Г. Минц «О некоторых «неомифологических» текстах в творчестве русских символистов» деген мақаласында: «көне, архаикалық ой-сана «неомифологиялық» мәтіндерде әлеуметтік романның, повестің және т.б. мәселелері мен құрылымымен астасып жатады» - деп есептейді [21].

Неомифологизм феноменімен Е.В. Галанин, Е.М. Мелетинский, Я.В. Погребная [22], В.П. Руднев, Л.В. Ярошенко сияқты зерттеушілер айналысқан. Бұл ғалымдар аталмыш категорияны түсіндіруде неомифологизмді мәтіннің көркемдік кеңістігіне ежелгі мифтік мотивтер мен сюжеттерді кіріктірудің құралы ретінде және көркемдік тілде мифологиялық характерге қосуды көздеді. Сондықтан да жазушылар мен ақындар өздерінің төл мифтік әлемдерімен образдарын жасаудың мүмкіншіліктерін пайдалана отырып, ерекше туындылар туғызды.

Фэнтези жанрында жазылған әдеби шығармаларға екі бірдей құбылыс тән: 1) демифологизация және 2) ремифологизация. Демифологизация – мифологиялық сюжеттерді түсіндіру, тарқату десек, ремифологизация – керісінше, «бұрынырақта мифологиямен тікелей байланысын жоғалтқан мәдениеттердегі мифологиялық ой-сананы қайта тірілту, жандандыру, ояту» деп түсіндіріледі [23]. Сонымен қатар фэнтези жанрындағы туындыларда ХХ

ғасырдан бастап бүгінгі күнге дейін жазушылардың өздерінің мифтік шығармашылығы үлкен рөл атқарады. Жазушылардың мифтік шығармашылығының негізінде архетиптер, мифологиялық символдар мен неомифологизмдер жатыр. Осы жағдайлар әдебиеттегі фэнтези жанрын терең зерттеуге жол ашатын неомифологизм және оның қағидалары тәрізді құбылысты зерделеуді қажет етеді.

Дей тұрғанмен бүгінгі таңда зерттеушілер ғылым «неомифологизм» терминін әдебиетке жеткілікті деңгейде ыңғайландыра алған жоқ деп есептейді. Себебі қазіргі уақыттағы кең таралған сөздіктерде аталған ұғымның дефинициясы, яғни анықтамасы берілмеген. Мысалы Е.М. Мелетинскийдің мифологиялық сөздігінде, А.И. Немировскийдің «Мифы и легенды древнего Востока» сөздігінде, Е.А. Грушко мен Ю.М. Медведевтің әлемдік мифология сөздігінде және басқа сөздіктерде бұл ұғым кездеспейді.

В. Рудневтің редакциялауымен жарияланған «Словарь культуры XX века: ключевые понятия и тексты» сөздігінде неомифологиялық ой-санаға анықтама беріледі. Символизмнен бастап постмодернизмге дейінгі XX ғасырдың мәдени ділінің ең басты бағыттарының бірі [24]. Бұл орайда бастысы интермәтіндік сипатқа ие болады, бірақ миф ретінде басты орынға мифологиялық мәтін емес, «тарихи аңыздар, тұрмыстық мифология, өткен жылдар мен ғасырлардың тарихи-мәдени шындығы, өткен кезеңдердің әйгілі немесе белгісіз көркем мәтіндері» шығуы мүмкін [22, с. 10]. Оның үстіне өз бойында мифологиялық ойлаудың жалпы заңдылықтарын сақтай білген, бірақ автордың қандай-да бір бұрыннан бар мәтінге ыңғайлауына көнбейтін дербес, айрықша мифологиясын құруға мүмкіндігі бар. Мұндай белгілерді В. Крапивин, Т. Крюкова және С. Лукьяненконың шығармашылықтығынан байқауға болады. Қазақ әдебитіндегі фэнтези жанрында Т. Рымжанов, Р. Сауытбай, К. Оразбекұлы, Т. Ермашов, З. Төреханова, А. Түлембаева, А. Сырманов, З. Наурызбай мен Л. Калаус туындыларынан осы белгіні байқауға болады.

Брокгауз бен Ефронның энциклопедиялық сөздігі неомифологизмге сипаттама береді. Неомифологизм – бұл мифологизмді (мифпен астасуын) XX ғасыр өнерінің көркем ойлауына барынша сәйкестенетін формада қарастыратын тұжырымдама. Аталған тұжырымдамаға сәйкес, бүкіл XX ғасыр бір-бірімен асқан шеберлікпен астасып жатқан, бір-бірін бейнелейтін мәдени-эстетикалық мифтердің күрделі жүйесінен құралады [25].

Басқаша айтсақ, неомифологизация – бұл көркем шығармашылықта мифті саналы түрде дәстүрлі емес бағытта қолдану талпынысы. Нәтижесінде ол дербес шығармашылық формасын қабылдайды. Неомифологизм терминін алғаш рет қолданысқа немістің композиторы және жазушысы Р. Вагнер енгізді деп есептеледі. Р. Вагнер бұл ұғымның анықтамасын бермесе де, алғашқы болып неомифологизация құбылысын өз шығармашылығында қолданған. «Нибелунг сақинасы» деп аталатын опера циклінде (1848-1874 жылдары жазылған «Рейн алтыны», «Валькирия», «Зигфрид», «Құдайлар өлімі» операларынан тұрады) осы құбылысты алғаш рет қолданды. Аталған тетралогияның шығуына себеп болған өңделген Скандинавия мифологиясы мен

Ортағасырлық «Нибелунгтар туралы өлең» поэмасы. Р. Вагнер өз туындысымен жұмыс істеп жатқанда құнды тұжырым жасаған. Мифтің жалпылама бұқаралық сипаты бар. Сол арқылы халық өнердің жасампазы бола алады [26]. Міне, сондықтан Р. Вагнер өз туындысын жазу барысында алдымен тылсым мағынадағы мәтінін жазып алды да, содан кейін ғана операсының музыкалық бөлігін жазды. Зерттеуімізде ең негізгі дефиницияларының біріне анықтама бере аламыз.

Неомифологизациялау қағидасы – мифологиялық сюжеттерге, образдар мен символдарға айрықша көзқараспен қарайтын, ХХ ғасырға тән көркем ойлаудың формасы. Бұл сюжеттер қайта жаңғырмайды, қайта тіріледі, қайтадан жасалады. Сөйтіп бізге қазіргі заман шындығымен салыстыруға мүмкіндік ашатын жаңа мифтерді дүниеге әкеледі. Яғни, неомифологизм көне мәдени дәстүр үлгілеріне сүйенеді және соларға қарай қазіргі заман адамын бағыттайды деген тұжырым жасай аламыз. Мысалы, Т. Маннның «Доктор Фаустус» романында ХVІ ғасырда өмір сүрген, өз жанын Шайтанға сатып жіберген «қара кітап» білімінің иесі доктор Фауст жайлы эпсаналар, аңыздар мен көркем шығармалар миф ретінде қолданылды, романға арқау болды. З.Төреханованың «Әмина Тұранның көшпелілер еліне саяхат» роман-фэнтезиінде Сығанақтың дана әкімінің ұлы Шәмсінің ғылым-білім жисам, қадір-құрметімді арттырсам деп сапар шегіп, ғалым-ақсақал, фарабтық Ғазиз бабадан ілім алып жүріп, бір күні ұстазы қайтыс болғанда, жер қойнына тапсырмақ болып, үй іргесінен бейіт қазбақ болған сәтте тар үңгірге тап болады. Үңгірдің іші кітапхана еді. Соның ішінен «Көшпелілер әлемінің жұмбақ мақұлықтары» деп аталатын ескі қолжазбаны тауып алады, жынның иесі болуды армандайды. Кітаптың ішінен шыққан қағазда ұстазының жазып кеткен дұғасын оқып, ең құдіретті жынды шақырады. Ғажайып айнаның ішіне кіріп кетсе, оның ішінде сандық болады, сандықтың түбінде жылан жатады, ал ол жылан қарғыс атқан үйдің иесі екен, сөйтіп асатаяқтың жынына айналады.

Жоғарыда қарастырылған мәселелерге сүйене отырып, әдебиеттанудағы неомифологизм бір жағынан, жазушының көркем туындысының мифопоэтикалық терминдерін сараптауға негізделеді деген ой түйеміз. Мифопоэтикалық терминдерге мифтің көне мағынасына негізделген интермәтіндік образдар мен мотивтердің мағынасын ашу, айқындау жатады. Екінші жағынан, «суреткердің метапоэтикасын актуализациялау» жатады [22, с. 12]. Суреткердің метапоэтикасы дегеніміз – автордың өз мәтіндерімен немесе басқа авторлардың мәтіндерімен пікірталасқа түсетін мәтіндерге негізделген поэтика. Бұл жағдайда метапоэтика «метабаяндаудағы «миф», «мифология», «мифологиялық» категорияларының семантикалық көлемін анықтауға» бағытталған [22, с. 13].

Туындының интермәтіндік талдауына келетін болсақ, қандай-да бір нақты әдеби туындыдағы неомифтің көне (архаикалық) формасы оның көркем сипатындағы неомифологизмнің көрсеткіштерінің бірі болып есептеледі. Неомифологизм зерттеушілері көбінде көркем туындылардағы фольклорлық образдар мен сюжеттік символдарды архетиптердің көмегімен қайта

қарастырылған мифтермен астастыруға тырысады. Мифологияны көп жағдайда магиялық жоралғыларға немесе тіпті діни жоралғыларға теңестіруге тырысады. Сондықтан осы мәселенің басын ашып алу үшін «мифология» мен «фольклор» ұғымдарына анықтама бере кетуді жөн деп таптық.

Мифология – бұл халықтың ұжымдық ой-санасының тарихи тұрғыдан ең алғашында қалыптасқан формасы, діни, тәжірибелік, ғылыми, көркемдік ақыл-ой элементтерінің әлі бір-бірінен ажырай қоймаған кезіндегі дүниенің біртұтас суреті [24, с. 368].

Қазақ әдебиеттану ғылымында өзінің өшпес ізін қалдырған Қондыбай Серікбол «Арғықазақ мифологиясы» деп аталатын төрт кітаптан тұратын іргелі еңбегінің 1 кітабында: «Қазіргімізді, өздеріміздің кім екенімізді (яғни, мұсылмандығымызды) естен шығармай, өткен заманның ұмыт болған қабаттарының бетін аршып алуға, естен шыққан Рухты, Киені, Ділді, Танымды еске түсіруге мүмкіндік беретін әдіс те – осы мифология. Әрине, ол тарих, археология, лингвистика, әдебиет пен фольклортану, жаратылыстану, дін сияқты т.б. салалардың өзара тоғысқан нүктесіне орналасқанда ғана нәтиже бере алады. Мифология, миф – ойдан шығарылған қиял емес, ол – өткен заманның адамының шындығын бойына сақтап қалған ата-баба сарқыты», - деп баға береді [27].

Жоғарыда келтірілген анықтамаларға сүйене отырып, фольклордың мифологиядан кейін қалыптасқанын, бірақ өз бастауын сол мифологиядан алатынын байқаймыз. Олардың арасындағы ең басты айырмашылық: миф – бұл адамдар сенген дүние, әлем туралы білім, ал фольклор болса – адам өз-өзіне шексіз сенуін қажет етпейтін дүниенің, әлемнің көркем бейнеленуі, өнері.

Мифтің неомифке трансформациялану мәселесі О.М. Фрейденберг, Е.М. Мелетинский, П.А. Гринцер еңбектерінде жақсы зерттелген. Бұл зерттеулердің ортақ тұжырымы – миф фольклор арқылы сөз өнеріне айналады, сонымен бірге әртүрлі фольклорлық жанрлар мен формалар таза миф пен әдебиеттің арасындағы жалғастырушы көпірдің қызметін атқарады. Егер мифтің халықтық эпосқа қарай тартқан жолын саралайтын болсақ, онда оның мазмұны ғана емес, құрылымдық сипатының да өзгергендігін байқаймыз.

Осыдан келіп келесі тұжырым жасауға мүмкіндік ашылады: миф – қасиетті білім, ал эпос – ерлік, батырлық туралы жыр немесе әңгіме бола тұрып өзінің шыншылдығын сақтайды, дегенмен қасиеттілігін жоғалтады.

Хикая – халықтың ауыз әдебиетінің жанры: кейіпкердің «тылсым күштермен» жолығуы туралы баяндауы [25, с. 52]. Хикаяның өзіндік ерекшелігіне байланысты ол ертегі және аңызға жанасады, бірақ екеуінен айырмашылығы – баяндалатын оқиғалары шындыққа жақын. Хикаяда кейіпкер немесе әңгімелеуші көбінесе өзінің басынан немесе таныстарының басынан өткен оқиғаларды баяндайды. Неомифологизмнің заманауи түсіндірілуінде хикаялардағы дәстүрлі кейіпкерлерге мүлдем жаңа кейіпкерлер қосылады.

Материалистік идеялардың билік құруы әртүрлі халықтардың мәдениеті мен тұрмысы жайлы көптеген мифологиялық түсініктердің шеттетілуіне немесе мүлдем жойылуына алып келді. Неомифологизм біртіндеп фольклорлық

мәтінге ауысады, сол уақытта ғажайыптан құралатын сөздің құдіретіне сену әлсірейді немесе мүлдемге жоғалады. Миф ертегілер мен аңыздардан біртіндеп өлең және лирикалық поэзияға трансформацияланады, айналады. Бұл жайлы Я.В. Солдаткина: «Жаңа ұлттық мифтің қалыптасуы болашақ авторлық неомифтің ажырамас бөлігіне айналатын ұлттық дүниетаным мен ұлттық ғарышты баяндауға талпыныстармен байланысты», - деп есептейді [28].

Фольклор мен неомифтегі көркем образы қарапайым адамдарға барынша жақын, символикалық мәні бар белгілермен ауыстырылады. Бұл мифологиялық образ біртіндеп фольклорлық көркем метафораға айналады. Міне, сондықтан фольклордың поэтикалық тілінде әртүрлі символдар жетіп артылады. Қазақ фольклорындағы ертегілер мен мифтердегі жиі кездесетін мотивтер (жер астына түсу, аспанға ұшу, Бәйтеректің түбінде кездесу, үңгірге тап болу, адамның сиқыр әсерінен жан-жануар, құсқа айналуы, Самұрықтың көмекке келуі, қылды тұтатқанда аттың көмекке келуі, қанатын түтеткенде құмырсқаның көмекке келуі т.б.) мен кейіпкерлер мысалы, Керкұла атты Кендебай, Күн астындағы Күнекей қыз, Мақта қыз, Жалмауыз кемпір, Жезтырнақ, Қаңбақ шал, Тазша бала және басқалары жатады. Бұлардың барлығы көптеген халықтардың дәстүрлеріне негізделген, тіпті кейбір образдар мен кейіпкерлер, оқиғалар мен мотивтер бір-біріне ұқсас болып келеді. Бұлар неомифтерде де кездеседі. Бұл айтылғандардың барлығының жиынтығы жоралғылық-мифологиялық теориядан айқын көрінісін табады. Осыдан келесі тұжырым жасай аламыз: неомифология мифтің фольклорлық жанрлардағы трансформациясын жаңғыртады, халықтың ой-санасына ұмыт болған мұрасының қайта оралуына жол ашады.

Н. Фрайдың ғылыми еңбектерінде әлемдік әдебиеттің бір «орталықтан» дамуының циклдік сызбасы басты идеяға айналған. Әртүрлі әдеби құбылыстарды біртұтас жүйе ретінде түсінудің әмбебап элементі ретінде архетип қолданылады. Зерттеуші бір жағынан миф пен жоралғылардың абсолютті бірлігі туралы айтса, екінші жағынан миф пен архетиптің біртұтастығы туралы ой қозғайды. Н. Фрайдың зерттеуінде жоралғы – баяндаудың негізі, миф – баяндаудың өзі, ал архетип болса – баяндаудың мәні ретінде қарастырылады.

Архетипті мифпен астастыру, оның мифологиялық бағытын анықтау М. Элиаде, Л.В. Дербенева, А.Ф. Косарева, С.Б. Борисованың еңбектерінде кездеседі. Христиандық архетиптің қазіргі заманғы зерттеушісі Т.Н. Козина «миф» пен «архетип» ұғымдарының маңызына тоқталған. Аталған зерттеу еңбектерінің авторлары «миф» пен «архетип» ұғымдарының ара жігін айқындап ашпайды. Сондықтан біздің заманымызға дейін мифологиялық мектептің мұрасы ретінде сақталған архетип теориясының кемшіліктерінің бірі – осы мәселе болып табылады [29].

Ежелгі замандарда да, қазіргі таңда да мифтер, оның мотивтері мен образдары бейнелеу өнері мен көркем әдебиет туындыларының қайнар көзі болып қала береді. Бүгінгі таңда ғалымдар мифтің заманауи тұжырымдамасы келесі екі категориядан тұрады деген келісімге келген:

1. Архаикалық (көне), алғашқы қауымдық, бастапқы миф сюжеті жоқ, үнемі қайтадан жаңғыртылып отырылатын, циклдік механизм (тетік) болып табылады [22, с. 16].

2. Мифологиялық ойлаудың жекелеген құрылымдарын туындатып отыратын жүйе түріндегі миф, бұл жекелеген құрылымдар бастапқы, алғашқы архаикалық (көне) мифтен бастау алатын біртұтас көркем құрылымның элементтері болып табылады [22, с. 17].

Яғни, миф шегаралық қызмет атқарып тұр. Бір жағынан миф жоралғы тәрізді туындыдағы оқиғалардың біртіндеп, тізбектеліп өзгеруін көрсетеді екінші жағынан – басы мен соңы жоқ тұйық циклдік жүйе ретінде көрінеді және үзіліссіз баяндауды қайта жаңғыртады. Архаикалық (көне) мифтің осындай қосарлы қасиеті оған қазіргі заманғы фольклористикаға бейімделіп, өз кетігін табуға мүмкіндік береді.

Осы мәселе бойынша С. Қондыбай «Арғықазақ мифологиясы» атты еңбегінде: «Миф – нақты бір тарихи уақытта, нақты бір географиялық кеңістікте (жертарапта), нақты бір саяси, әлеуметтік, мәдени, шаруашылық жағдайында тірлік етіп жатқан адамзат қоғамының (социумның) өзі өмір сүріп отырған орта (уақыт пен кеңістік) туралы, ғалам туралы, оның қалай пайда болғандығы, адамға ықпал ететін ішкі-сыртқы күштер туралы, өз қоғамының ғаламдағы орны, дәрежесі туралы түсініктердің жиынтығы, дәлірек айтқанда – «түсіндім» деген стеротипі», -деген анықтама береді [27, б. 24-25].

Архаикалық (көне) мифті арғымиф (прамиф) ретінде қарастырып көрейік. Арғымиф өте көне, ежелгі замандарда қалыптасқандықтан, қазіргі уақытқа келіп жеткен фольклорлық дәстүрлерде таза архаикалық (көне) мифтердің ізі де сақталмаған. Олар бірнеше құрамдас бөліктерге шашырап кеткен, жаңа кейіпкерлермен толыққан, мазмұндарына жаңа метафоралар енгендіктен оларды неомифпен сәйкестендіреді.

Мифологиялық архетип – бұл – тек өзекті идея ғана емес, өмірде анық, айқын көрінетін және сезілетін сананың образы [30]. Көптеген зерттеушілер адамның санасында берік жатталып қалған белгілі бір идеяларға арқау болған теңіз, жер, аспан образдарын мысалға келтіреді. Яғни, миф шығармашылығының үрдісі деп архетиптерді образдарға айналдыру, модификациялауды атауға болады, басқаша айтсақ, «бейсана ішкі жан дүниесінде болып жатқан оқиғаларды сыртқы қоршаған әлем объектілері тілінде еріксіз түрде баяндауды» айтуға болады [30, с. 97].

Барлық келтірілген тұжырымдарға сүйене отырып, архетип пен мифті теңестіруге болмайтынын ұқтық. Дегенмен белгілі бір әдеби мәтіндердегі олардың ортақ белгілерін анықтай аламыз.

Архетиптің көптеген зерттеушілері құпия мәтіндерге айналып, трансформацияланып кететін өте көп мөлшердегі образдық нұсқаларына жолығады. В.Я. Пропптың морфологиялық тәсіліне ұқсатып жасалған – алдымен шынайы мәтіндерден құпияланған мәтіндерге (мәтіннің мағыналық объектісі), одан кейін архетипке көшу жолы тек мифологиялық, фольклорлық прототиптерді анықтау деңгейінде ғана мүмкін болады [31]. Осыдан келіп

архетип әдеби (фольклорлық) мәтінде басқа белгілеріне қарама-қарсы қойылған, ұқсас елестетулерді туындататын, ортақ белгілерімен біріктірілген ұқсас образдарды қалыптастырады. Яғни көркем туындыдағы барлық кейіпкерлер оның бірлігіне айналған архетиптік парадигма пайда болады. Оның құрамындағы архетиптер «жаңа шығармашылық жүйелердің поэтикасы мен эстетикасында өз анықтамасын табатын және ашылатын» жүйеге айналады [32].

Осы жерден К.Г. Юнг еңбектеріне қайта оралайық. Ол өз еңбектерінің бірінде архетип туралы «ол барлық заманауи символдардың ғана емес, адамзаттың өткен дәуірлерінің осыған ұқсас барлық өнімдерінің» себебі деп жазған еді [33]. Мұнан басқа архетипке келесі сипаттар тән: «архетиптің дифференциалды болмауы, өлшемге сыймауы мифологиялық кейіпкердің арғытұлғалығына, оның өзгермелілігі мен айқынсыздығына сәйкес» келеді [22, с. 48] деп жазады өзінің оқу құралында Я.В. Погребная. Яғни, жоғарыда қарастырылған миф пен архетип түсініктеріне осы көзқарас тұрғысынан көз жіберсек, олар неомифологиялық туынды кеңістігінде бір-біріне сәйкеседі.

Айта кететін бір мәселе, архетипті адамның ой-санасының қатпарларынан майдан қыл суырғандай суырып алып, оны көркем неомифке бейімдеу архаикалық (көне) ойлау тәсілін қайта қалпына келтірудің таптырмас әдісі болып табылады. К.Г. Юнг архетиптер тілінде өз туындысын сөйлете алатын жаратушы - суреткер жазушы туралы ерекше айта отырып, ол жеке бір дербес болмыс иесімен бірге өмір сүреді, тағдыр-талайынан бірге өтеді, жеке кейіпкердің тағдырын адамзат тағдыры деңгейіне дейін көтереді деген қорытындыға келеді [30, с. 59].

Түрік-моңғол мифологиясын зерттеуші Ағеділ Тойшанұлы мифология мәтінінің түпкі мақсатын айқындап көрсетеді. Шынтуайтында, мифология мәтінінің түпкі мақсаты – бүкіл әлемнің мінсіз кескінін жасау, рәміздеу, суреттеу. Бұнда тұңғыштық сипат айрықша мәнге ие. Күнделікті көзімізге көрініп тұрған барша өмір-тіршілік атаулының маңдайалды тұмса-үлгісі мифтік ерекше уақытта жаралған, пайда болған деп дәріптеледі де, қазіргі қарапайым тірлік сол ілкі озық үлгіні қайталау, еліктеу деп түсіндіріледі [34]. Ғалым: «Жалпы, байырғы тайпаларда миф пен салт синкретті, бірін-бірі толықтырып тұратын құбылыс», - деп жазады [34, б. 74].

Түркі өркениетінің әлемдік мәдениетке ықпалын зерттеген ғалым Ерболат Баят: «Дүние жаратылысты үшке бөлу түркі-моңғолдардың шамандық мифологиясына тән. Ол: аспан (тэнгер), кеңістік (огторгуй), жер (газар). Ежелгі шамандық мифологиялық түсінік бойынша жоғарғы әлем – Тәңірлер әлемі, ортаңғы әлем – Адамзат әлемі, төменгі әлем – Аруақтар, яғни өлілер әлемі болып бөлінген», – деп атап көрсетеді [35]. Сол арқылы түркі-моңғол мифологиясындағы «киіз туырлықты», көшпенділерге тән ортақ мифологиялық дүниетанымды көрсетеді.

Әдебиеттанушы ғалым Ш. Ыбыраев «Қазақтың мифтік әңгімелері» деген кітаптың алғысөзінде мифтік ойлау жүйесінің ерекшеліктеріне тоқтала келіп, маңызды тұжырым жасаған. Мифтік ойлау жүйесінің басты ерекшелігі адам

қоршаған ортаның ішінен өзін бөліп ала алмағандықтан, яғни ойлау дәрежесінде объект пен субъект, зат пен таңба, құбылыс пен оның атауы, жалқы мен жалпы, сөз бен белгі, мезгілдік және мекендік ұғымдар анық жіктелмегендіктен адам нақтылы категориялармен, заттар мен құбылыстардың негізінен сыртқы көріністерінен туындайтын сезімдік ұғымдармен ғана топшылаулар жасайды [36].

«Қазақтың мифтік кейіпкерлері» жинағын құрастырған ғалым С. Итеғұлова мифтің ерекшеліктеріне тоқталған. Миф – қоршаған ортаға қатысты қалыптасқан қоғамдық сананың жемісі. Мифтің бүгінгі күнге жеткен нұсқаларынан діни сенімнің, әлеуметтік оқиғалардың, ұрпақтарына айтылатын өсиет пен тәлім-тәрбиенің ізін байқауға болады. Ал мифтік кейіпкерлердің бойында кездесетін қайрат, жүйріктік, қырағылық немесе озбырлық, қаскүнемдік, аярлық арқылы адамзаттың көркем ойлау жүйесі ғана емес, өнеге-өсиеті де көрініс алады деп жазады [37].

Заманауи мәдениетте қалыптасқан неомиф болса қиял, елес әлемінің дербестігін бекітеді, дегенмен шынайы өмірдің жалғыз нұсқасы бола алмайды. Бірақ оған белгілі бір деңгейде әсерін тигізеді. Егер заманауи мифте «өтіп кеткен архаикалық (ілкі заман) идеялары мен <...> архаикалық мифтерді жаңғыртып қана қоймай, солардың ізімен жаңа мифтерді жасау» [38] жүзеге асса, неомифте бұлардың екі «бастауы» да бірігіп, астасып жатады, бір-бірімен тығыз байланыста және ықпалдастықта болады.

XX ғасырдың неомифологиялық туындысының ажырамас құрамдас бөлігі болып табылатын неомифологизмнің қалыптасуы мен пайда болуының бірнеше жолдары бар. Неомифологизмнің пайда болуының бір ғана басым бағытын таңдаған кезде неомифологиялық мазмұнның бүкіл өне-бойына да өзгеріс дендеп енеді. Бірінші тәсіл бойынша басымдық дәстүрлі мифке беріледі. Бұл баламалы ететін қағиданың өзекті болуына алып келеді. Атап айтсақ, ситуативті аналогиялар (баламалар) немесе мифологиялық реминисценциялар (ілкі замандардың ықпалын жаңғырту) арқылы дәстүрлі мифті жаңа мазмұнмен астастыруға болады [22, с. 17].

Түркі мифологиясы мен түрік фольклорын зерттеу бағытындағы еңбектер көбінесе энциклопедиялық және онтологиялық сипатта жазылған. Мысалы, Л.М. Фахриева және Л.Х. Давлетшина деген зерттеушілер «К вопросу классификации мифологических персонажей турецкого фольклора» деген мақалада түрік мифологиясы мен фольклорының ежелгі түркі мифологиясы және фольклорымен тығыз байланыста екендігіне назар аударады [39].

Түрік мифологиясын зерттегенде бауырлас түркі халықтарының барлығына ортақ мифологиялық кейіпкерлерді, құбылыстар мен оқиғаларды атап көрсетеді: «Тәңір», «Күнтәңірі», «Айтәңірі», «Жертәңірі», «Тәңірі хан», «Су Анасы», «Періште», «Жер Анасы», «Ұмай ана», «Алаш хан», «Бөрі Ана» («Құрт Ана»), жер үсті билеушісі «Өлген», жер асты билеушісі «Ерлік» және басқа мифологиялық кейіпкерлер түрік, қазақ, өзбек, қырғыз, әзірбайжан, татар, башқұрт, хакас, саха (якут) және басқа түркі халықтарына ортақ екендігі анықталған. Түрік мифологиясын зерттеген, ғылыми мұрасын қалдырған



ғалымдардың арасынан Д. Қаракұрт, Ф. Баят, Ресейлік ғалым И. Стеблеваны атап кетуге болады. Бұл ғалымдар ежелгі түркі мифологиясынан бөлінген, дербес түрік мифологиясына ғана тән кейіпкерлерді сипаттаған: айрықша қасиетке ие кейіпкерлер «Çor (Cin)», «Abası (Şeytan)», «Körmös (Hayâlet)», «İye», «Ruh» («рух»), жан-жануарлар «Bozkurt», «Alageyik» және «Bürküt», өсімдіктер «Ulu kaуın» и «Bayterek», ойдан шығарылған немесе ертегілік кейіпкерлер «Albis (Cadı)», «Yelbeğen (Dev)», «Teregöz», сиқырлы ерекше қасиеті бар заттар «Koruz», «Ok», «Otağ», «AkDağ», «KanIrmağı», қасиетті ұғымдар «Kut», «Yom», «Agrağ» бар. Аталған мифологиялық ұғымдардың кейбірі қазақ мифологиясына да тән екенін атап өтуіміз керек: Рух, Бәйтерек, Бүркіт, Құт және басқалары.

Түрік мифологиясының кейіпкерлеріне, оқиғаларына, ұғымдары мен сюжеттеріне сүйеніп дүниеге келген, түрік әдебиетіндегі ХХ ғасырдың басында қарқынды дамыған фэнтези жанры келесі екі негізгі қайнар көзден бастау алады: османдық/түрік романға дейінгі туындылардан (Гиритли Али Азиз Эфенди) және роман жанрындағы туындылардан (Хюсейн Рахми Гюрпынар, Пеями Сафа, Ахмет Митхат Эфенди, Шехбендерзаде Филибели Ахмет Хильми) тұрады М.М. Репенкованың пікірінше, аталған жазушылардың шығармалары әдебиеттануда әлі жеткілікті деңгейде зерттеле қоймаған [40].

Түрік-осман әдебиетіндегі фэнтези жанрында сиқырлар, құбыжықтар, мифологиялық кейіпкерлер сипатталған, түрік халық фольклорының негізінде сиқырлы фантастика жанрында жазылған Гиритли Али Азиз Эфенди «Кұдайдан түскен фантазиялар/Кұдайдың мейірімінің белгілері/Кұдайдан түскен аяттар» (Muhayyelât-i ledünn-ilâhi-Giridi Ali Aziz efendi, 1796/97), Ахмет Митхат Эфенди «Биші қыз» (Çengi, 1822), Шехбендерзаде Филибели Ахмет Хильми «Арман тұңғиықтары» (A'mak-ı Hayâl, 1910), Хюсейн Рахми Гюрпынар «Зұлым рух/демон» (Gulyabani, 1913), Пеями Сафа «Мадемуазель Норальи креслосы» (Matmazel Noraliya'nın Koltuğu, 1949) қатарлы жазушылардың туындыларын түрік әдебиетіндегі фэнтези элементтері бар алғашқы қарлығаштарға жатқызуға болады.

ХХ-ғасырдың басындағы түрік әдебиетіндегі фэнтези жанрында алғашқы туындыларын жариялаған жазушы Б. Мюстеджаплыоглу болды. Аталған жазушының «Перг аңыздары» (Perg Efsaneleri): «Перг аңыздары 1: Қорқақ пен құбыжық» (Perg Efsaneleri 1: Korkak ve Canavar, 2002), «Перг аңыздары 2: Мердеранның құпиясы» (Perg Efsaneleri 2: Merderan'ın Sırrı, 2002), «Перг аңыздары 3: Батпақты ел» (Perg Efsaneleri 3: Bataklık Ülke, 2003), «Перг аңыздары 4: Кұдайлар әліпбиі» (Perg Efsaneleri: Tanrıların Alfabesi, 2005). Автордың фэнтези романдарының екінші цикліне «Шамандар елі» (Şamanlar Diyarı, 2012), «Алғашқы ашушылар уақыты» (Kaşifler Zamanı. Şamanlar Diyarı 2. Kitap, 2013), «Бостандық үшін» (Özgürlük Uğruna. Şamanlar Diyarı 3. Kitap, 2014) жатады.

Фэнтези жанрында шығарма жазған тағы бір белгілі жазушы Окур Учар болды. «Арамзалар үштігі» (Habis Üçlemesi) романдар циклінің ішінен ол тек біріншісін, «Арамзалар үштігі 1. Батыл. Бүлікші» (Habis Üçlemesi 1 Derzulya:

Asi, 2005) ғана жариялап үлгерді. Алып Арас деген жазушы да төрт бөліктен тұратын «Сиқырлы аңыздар сериясы» (Büyülü Efsaneler Serisi) фэнтезилік романдар циклінің біріншісін «Сиқырлы аңыздар сериясы 1. Кітап: Эльфтің қаны» (Büyülü Efsaneler Serisi 1. Kitap: Elf Kanı, 2005) атаумен жариялап үлгерді.

«Қылыш пен сиқыр» фэнтези жанрында Гектуг Джанбабтың «Солтүстік құрлықтардың аңыздары: озанның әні» (Kuzey Kıtalar Efsaneleri: Ozanın Şarkısı, 2007) туындысы жарық көрген.

Түрік әдебиетінде, әсіресе, «қалалық» фэнтези жанры кеңінен танылған. Түрік «қалалық» фэнтези жанрының өкілдеріне Садык Йемни «Құпияны ашушы» (Çözücü, 2003) және «Әулие» (Yatır, 2005), Гюндюз Огют «Өзеннің екі жағасы» (Nehrin iki Yakası, 2003), Сайгын Эрсин «Зюльфикардың билігі» (Zülfikâr Hükmü, 2005) және «Сауысқанның дауылы» (Erbain Fırtınası, 2006), Ахмет Азиз Чон-гарлы «Жылан жартасы» (Yıllankayası, 2006), Сибель Атасой «Күйдіріп күлуші қызыл ай» (Sırtkan Kırmızı Ay, 2006), Гюльшан Эликбанк «Өтірікшілер мен ғашықтар» (Yalancılar ve sevgililer, 2015), Фонда Озлем Шеран «Өлім сағаты» (Ecel, 2014), Догу Юджель «Жаралмағандар» (Varolmayanlar, 2011), Гюльтен Дайыоглу «Ымырт құстары» (Alacakaranlık Kuşları, 2005), Айше Шаса «Бабуин романы» (Şebek Romanı, 2004), Мехмет Йашин «Жер аудару сағаттары» (Sınırdışı Saatler, 2003), Мурат Уйуркулак «Тол: Кек алу романы» (Tol: Bir İntikam Romanı, 2002) және «Хар: Қиямет романы» (Har: Bir Kıyamet Romanı, 2005), Левент Мете «Сиқыршылар» (Büyücüler, 2003) және «Рикидің миында» (Rika'nın Beyninde, 2005), Осман Коджа «Субан Король» (Kral Suban, 2004), Сезгин Каймаз «Бекініс-зындан» (Zindankale, 2004), Й. Хакан Эрдем «Дувдувани кітабы» (Kitabı Duvdovani, 2004) және «Уақыт құлады» (Zaman Çöktü, 2006), Мине Согют «Севимнің бес пәтері» (Beş Sevim Apartmanı, 2004) және «Қызыл уақыт» (Kırmızı Zaman, 2006), Бурак Эльдем «Сені тұмарлар қорғайды» (Seni Nilsimler Korur, 2004), Оркур Учар «Қызыл уағызшы: Дерзулия» (Kızıl Vaiz: Derzulya, 2007), Ферат Юнлю «Ж.Т.Ұ.: Жарамсыздардан тазарту ұйымы» (М.А.Т.: Münasebetsizleri Ayıklama Teşkilatı, 2006), Жан Армаган Этхемоглу «Соңғы ертегі» (Son Masal, 2004), Зафер Сәнмез «Жасырын ел: Гердеккайа 1» (Saklı Ülke: Gerdekkaya 1, 2002) және «Жас Құдайлар: Гердеккайа 2» (Genç Tanrılar: Gerdekkaya 2), Бахаеттин Кабахасаноглу «Кеше өте жаман нәрсе болды» (Dün Çok Kötü bir Şey Oldu, 2007) жатады [40, с. 692].

Белгілі ғалым М.М. Бахтин неомифті оқу қағидасын төмендегідей қорытып шығарған: «...әрбір құбылыс бастапқы жаратылыс стихиясына батырылған» [41]. Неомиф пен архаикалық (ілкідегі) мифті біріктіру тәсілін жазушының миф жасаушы, «жаратушы» ретіндегі дербес шығармашылық бағыты деп бөліп қарауға болады. Мұндай жағдайда автор бейсана аясына бұрылып кетеді де, оқырманымен архетиптер тілінде сөйлеседі. Осы тұрғыдан келгенде, неомиф мифологиялық ойлаудың заңдылықтарына бағынғанымен, жаңа мазмұнды дүниеге әкеледі.

Бірінші тәсіл дәстүрлі мифті жаңаша оқуға мүмкіндік береді, ал екінші тәсіл дәстүрлі мифтің негізінде жаңа, дербес неомифтің қалыптасуына жол ашады. Оларды біріктірсе, мәтіннің неомифологиялық мазмұнын дүниеге әкеледі. Себебі екеуі де дәстүрлі миф пен оның жаңа мәнін салыстыруға және астастыруға бағытталған.

Неомиф туралы негізгі еңбектердің қатарына А.Ф. Лосевтің «Диалектика мифа» (Миф диалектикасы), Р. Барттың «Мифология» еңбектері жатады. А.Ф. Лосев «Диалектика мифа» (Миф диалектикасы) еңбегінде: «Өзінен өзі мифтік образда жоқ, сонымен бірге өзінен-өзі әсем болатын затта жоқ. Мифтік образ өзінің жасалуымен, немесе басқалардың таным өлшемімен, бейнелеу өлшемімен мифтік болып табылды. Заттың өзімен емес, заттардың бейнелеу тәсілімен мифтік» - деген тұжырым айтады [42].

Көркем шығарманы туғызу процесінде арнайы және саналы түрде қолданылған мифологиялық сюжеттер, мифтер, образдар неомифологиялық тенденциялар, басқаша сөзбен айтқанда неомифологизммен байланысады. «Неомифологизм» ұғымын қарастырғанда «нео» жаңа деген мағына берсе, «неомифологизм» жаңа мифология болып шығады. Қазіргі фэнтезиде жазушылар көркемдік дәстүрді жалғастыра отырып, жаңа мифология тудырып, неомифологиялық образдарды жасады. Атап айтар болсақ, Зира Наурызбай мен Л. Калаустың повестеріндегі неомифологиялық образдарға – Аспара, Жылан Бапы хан, Ақ жылан, Жезтырнақ, Самұрық құс, Қара аю Шахрух, Өге ата, Жек, Қорқыт, Тегеурін, Сарыгүйек, Алтын шашты жылан әйел, Эхидна, Қодар, Ұлы шыңырау патшайым, Мұзбалақ, Қор Жұтпа Көклен ана, Күнбек, Қарға апа, Дархан, Шолпан, Сақи, Шаршы, Қарынбос, Сыңараяқ, Әзілмайтын, Шибұт, Үлпілдек, Бармақ ата, Құндыз аю. Р. Сауытбайдың «Шоко әлемі» фэнтези сериясындағы неомифологиялық образдарға Шоко тұрғындары, шокиліктер, түздейімдектер, З. Төреханованың «Әмина Тұранның көшпелілер еліне саяхат» фэнтези хикаятындағы неомифологиялық образдарға – Әмина Тұран, Сандықтас құпия үңгірінің сақтаушысы әрі қорғаушылары апалы-сіңілі Айдахар кемпір (Халида әже) мен Қарға кемпір (Хафиза), Қарға кемпірдің қыздары – Ақлима, Ақтамақ, Ақша күміс, Марал Бүдүн тайпаның Бұғы көсемі, Шааралқы дәу, Зерелті-Жаалты дәу, Шойынқұлақ дәу, Шойынқара дәу, Тұрғынбай бақсы, Қамбар ата, Б. Болатханованың «Мейірбан жанарлар әлемінде» фэнтези әңгімесіндегі неомифологиялық образдарға – Дәу көз (Жанархан), мейірімді жанарлар елінің тұрғындары, А. Құрманбаеваның «Наушаһар хроникалары. Қаңтар жылуы» фэнтези-повесіндегі Наурыз ханшайым, Қар патшайым, Қар патшайымның көмекшісі Боран, Жанна Есқуаттың «Оралу» фэнтези-әңгімесіндегі көгілдір сәулелі жігіт.

Қорыта айтсақ, неомифологизм – неомиф семантикасын ашатын сипаттардың қосындысы. Неомиф – классикалық мифке балама ретінде жасалған авторлық миф, бүгінге өмірге қаратылған мифологиялық ойлау проекциясының нәтижесі.

### 1.3 Қазақ фэнтези жанрының теориялық аспектілері, миф, ертегі, фантастика жанрларымен үндестігі және айырмашылықтары

Қазіргі заман әдебиеттану ғылымында аталған әдеби феноменге қатысты екі түрлі басты көзқарас қалыптасқан. Бірінші көзқарасқа сәйкес фэнтези фантастика жанрының бір тармағы ретінде қарастырылады. Екінші көзқарасқа сай фэнтези ертегінің бір түрі деген тұжырым жасалады. Көзқарастардың бұлай жіктелуі, ортақ дефинициясының болмауы, біздің ойымызша, фэнтези жанрына тән типологиялық синкретизмнің болуында жатыр. Яғни фэнтези – синкретті жанр. Фэнтезидің синкреттілігіне байланысты бұл құбылысты түсіну шегаралары өте кеңіп, шектен тыс созылып кеткен. Сондықтан қазақ фэнтезиінің теориялық аспектілерін ашу үшін әлемдік фэнтези жанрының әртүрлі негізгі деген көзқарастарын бірнеше топтарға жіктеп, оларға талдау жасауды жөн көрдік.

Көзқарастардың бірінші тобына фэнтезиді фантастика жанрының бір тармағы немесе бағыты деген тұжырым жатады. Атап айтсақ, В.Л. Гопман: «фэнтези (ағылшынша – fantasy) – фантастикалық әдебиеттің бір түрі немесе иррационалдық сипаттағы сюжеттерге жол беретін таңғажайып оқиғаларға негізделген әдебиеттің түрі. Мұндай сюжеттердің ғылыми фантастикадан айырмашылығы – рационалды түсіндіруге келмейтін фактілер мен құбылыстарға жол ашып, логикалық тізбектілікке бағынбайтын қасиеті бар» деген көзқарас білдіреді [43].

Дәл осы көзқарасты В. Каплан да қолдайды. Ол өзінің «Заглянем за стенку» мақаласында аталған мәселе жайлы пікір қалдырған. Жалпылама айтсақ, фэнтези (фантазия) – бұл дүниенің ғылыми тұрғыдан суреттелуіне мүлдем сәйкес келмейтін фантастикалық элементі бар туынды [44].

И.Г. Минералова деген ғалым: «Фэнтези реалды, фантастикалық және ирреалды мистикалық құбылыстардың шегаралары шайылған, көрінбейтін, байқалмайтын біртұтас әдебиет», - деген теорияны ұсынады [45].

«Классификация жанра фэнтези» кітабының авторы И. Колдун да И.Г. Минераловамен ортақ көзқараста. Фэнтези – біздің әлемге ұқсайтын әлемдерді сипаттау, бірақ ол әлемдерде магиялық құбылыстар жайлап, Қараңғылық пен Жарықтың арасындағы шегаралар анықталған. Бұл әлемдер Жердің баяғы өткен бағзы замандарында немесе алыс қиялдағы болашағында немесе қазіргі заманға балама Жерге байланысы жоқ параллель әлемдерден түзіледі» [46].

В.Л. Гончаров фэнтезиге басқалардан өзгеше анықтама береді. Фэнтези әдебиетінің ғылыми фантастикалық әдебиеттен айырмашылығы – ол дүниені объективті идеализм тұрғысынан сипаттайды [47].

Жоғарыда келтірілген барлық анықтамалар фэнтези жанрының өте айқын емес, жалпылама сипатын береді, бұл жанрдың ерекшеліктерін біршама ашады, бірақ нақтыламайды, айқындамайды. Қарастырылған анықтамалардан екі ұшты көзқарасты байқаймыз. Яғни, фэнтези – бұл рационалды тұрғыдан түсіндіруге келмейтін оқиғалар орын алатын кез-келген мистикалық шығарма деген қате тұжырым жасауға болады. Мұндай көзқарасты ұстансақ, онда фэнтезиге өзінің

қатаң заңдылықтары қалыптасқан ғылыми фантастикадан басқа кез-келген фантастикалық туындыларды жатқыза беруге болады. Бұл – әрине, дұрыс емес.

Фэнтезидің жанрлық дефиницияларының екінші тобына бұл жанрды әдеби ертегіге жатқызатын зерттеушілер кіреді. Қазіргі уақытта заманауи әдебиеттануда аталған дефиниция үстемдік етуде.

Мысалы, Н. Перумов «Я люблю гномов, а они любят пиво» деп аталатын мақаласында фэнтезиді ертегі жанрына жатқызады. Фэнтези – бұл ертегі. Бұл жанр ғылыми фантастика жанрынан қарағанда ақыл үйрету мен мессияндық өркөкіректіктен алыстау. Дәстүрлі ертегіден айырмашылығы – кейіпкерлері жағымды және жағымсыз болып жіктелмейді [9].

Т.Л. Степновская фэнтезидің шығу тегін зерттей отырып: «Фэнтези көркем әдебиеттің айрықша түрі ретінде жасайды, фэнтези шығармасы ой-сананың кез-келген қияли ойыны нақты өмірдің кез-келген заңдылығын оңай бұзады, таңғажайып және сиқырлы құбылыс оқиғаның негізгі мазмұны мен формасына айналады, сол арқылы миф пен ертегіден келіп шыққан», - деген тұжырым қорытады [48].

Аталған авторды Э.В. Геворкян толығымен қолдайды. Ол фэнтезиді «ойдан шығарылған әлемдердің ертегілік фантазмагориясы» деп атайды [49].

Осыған ұқсас пікірді Т.А. Чернышова да «Природа фантастики» деген еңбегінде фэнтези туралы ойларын қорытып келтіреді. Ол фэнтезиді «нақты өмірдің адетерминирленген (қиялиланған) моделі, ертегілік типті көптеген қырынан баяндау», - деп атайды [50].

Фэнтези жанрының атасы деп есептелетін Дж.Р.Р. Толкин де өзінің «Сақиналар әміршісі» трилогиясын «сиқырлы ертегі» деп атаған. Себебі 1950 жылдары фэнтези классигі өз туындыларын жазған кезеңдерде «фэнтези» термині әлі әдебиеттану ғылымына енгізіле қоймаған еді.

Қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының алғашқы қарлығашы болған шығармаларды дүниеге әкелген Тауық Рымжановта 1984 жылдан бері жарық көрген туындыларын «ертегі-хикаят», «ертегі-повесть», тіпті «ертегі» деген айдарлармен жариялағанын айта кетуіміз керек. Себебі ХХ ғасырдың 80-жылдары кеңестік әдебиеттің құрамдас бөлігі болған қазақ әдебиетінде де, әдебиеттану ғылымында да әлі «фэнтези» термині ғылыми айналымға, қолданысқа енгізіле қоймаған кез еді. Тіпті фэнтезиді кеңестік цензура әлі мойындамаған, Батыстың теріс ағымдағы әдебиеті деп бағалаған кезең болатын.

Егер де фэнтези жанрын сиқырлы ертегі жанрымен теңестіретін болсақ, онда бірқатар қиыншылықтар туындайды. Атап айтсақ, біріншіден, фэнтезиді – сиқырлы ертегі десек, фэнтезидің өзіне ғана тән жанрлық көпқырлылығын ашып көрсете алмаймыз. Екіншіден, мұндай тұжырым басқа да көптеген әдеби дау-пікірталастарға жол ашады. Мысалы Н.Н. Мамаева деген зерттеуші «Сақиналар әміршісін» «...фэнтези емес, бұл – ағылшынның әдеби ертегісі» деп есептейді [51].

Аталған зерттеушімен әдеби сыншы В.А. Губайловский үзілді-кесілді келіспейді: «Фэнтези ретінде жалғыз кітапты мойындау керек. Ол – «Сақиналар

әміршісі»!), - деп жазады [52]. Сондықтан фэнтезиді сиқырлы ертегіге теңестіруге болмайды. Олай түсінсек, фэнтезидің жалғыз қырынан қарап, басқа қырларын аша алмаймыз. Өйткені фэнтези – көпқырлы синкретті метажанр деген көзқарасымызда ұстанамыз. Мысалы, жапон жазушысы Коэхару Готогениң «Жындарды жоятын пышақ» атты шығарманы алайық. Онда негізгі кейіпкер Тандзиро Камадо жеткіншек бала, ол отын тасып, ата-анасына көмектесіп жүрген бала, оның әке-шешесін, ата-апасын Мудзан деген жын келіп өлтіріп, кішкентай қарындасын жынға айналдырып кетеді. Ары қарай Тандзиро сол жынмен шайқасып, басынан әртүрлі оқиғалар өтеді. Міне, осы шығарманы алатын болсақ, біріншіден, ол фэнтези жанрындағы шығарма ретінде шығарылды, екіншіден, фэнтези жанрында анимация түрінде берілді, үшіншіден, фэнтези жанрындағы мультфильм түрінде шықты, төртіншіден, фэнтези жанрындағы компьютерлік ойын түрінде шықты, бесіншіден, манга түрінде шықты (жапон комиксі). Мысалы, мангада жаңағы шығармадағы оқиға сурет түрінде беріледі. Яғни сөздері аз болады, бірақ осы шығармадағы оқиға кейіпкерлерінің қимылдары пышақ ұстап жынға қарсы шыққаны немесе сол жынмен шайқасып жатқаны, осы оқиғаны басынан аяғына дейін қысқаша суретпен көрсетеді. «Жындарды жоятын пышақ» атты анимациялық фильм біздің еліміздеде жас жеткіншек балалар арасында танымал. Оның анимациялық фильмін де көреді, компьютерлік ойынын да ойнайды және алтыншы жанр ретінде айтып кететін мәселе – фэнтези мүсіндері де сатылады.

Біздің пікірімізше, ертегі мен фэнтези шығармаларының басты айырмашылығы – ертегі оқиғалары әрқашанда өткен шақты баяндаса, фэнтези оқиғалары өткен шақта да, қазіргі уақытта да, тіпті болашақта да өрби береді.

Фэнтези анықтамаларының үшінші тобы фэнтезиді мифке алып барып тірейді. Атап айтсақ, А. Сапковский: «Фэнтези жанрында жазылған барлық шығармалардың арғы жағында Артур король және Дөңгелек үстел серілері жайлы аңыздар жатыр», – деп есептейді [53].

Осыған ұқсас ойды И.В. Эйдемиллер мен А.Ю. Лебедев айтады. Фэнтези әлемі – бұл автордың заманауи санасы мен ерік-жігерінің нәтижесінде електен өткізілген және қайта тірілтілген ежелгі мифтер, аңыздар мен әпсаналар [54].

Фэнтезиді мифпен байланыстырып түсіндіру, зерттеу осы жанрдың ерекшеліктерін ашуға барынша жақындата түседі. М.И. Мещерякова монографиясында фэнтезидің негізінде мифтер немесе автордың неомифтері жатады деп есептейді. Мифтердің өңделген канондық жүйесі немесе автордың өз қиялынан шыққан мифопоэтикалық тұжырымдамасы жатады. Бұл тұжырымдаманың аса маңызды белгісі – қосымша әлемді жасау (әлем мен адамның біртұтас суретін салу), мұндағы адам макрокосм жүйесіндегі микрокосм болып табылады [55].

Сонымен бірге фэнтези жанрында жазылған шығармалардың алдыңғы соқпағын мифологиялық негізі бар шытырман оқиғалы (серілік) романдар салғанын естен шығармауымыз керек.

Мифтің қақ ортасында әлемдік зұлымдықпен күресуге күш беретін сиқырлы затқа немесе иррационалды, таңғажайып қасиетке ие мәдени кейіпкер

немесе бірнеше кейіпкерлер тұрады. Ертегі кейіпкерінен фэнтези кейіпкерінің айырмашылығы – ол ерлік істерге өзін немесе отбасын құтқару үшін емес, бүкіл әлемді құтқарып қалу үшін саналы түрде барады. Хаос пен Ғарыштың арасындағы табиғи тепе-теңдікті орнату үшін ерлік істер мен басын қауіп-қатерге тігеді [55, с. 216].

Егер де фэнтезидің негізінде, арғы тегінде миф жатыр деген көзқараспен қарасақ, онда бұл тұжырым әдеби көркем шығармаларда да өз дәлелін табады. Мысалы, С. Лукьяненконың «Мальчик и тьма» повесіндегі басты кейіпкер жалғыз өзі Шын көзі бар, «көкірек көзі ояу» адам. Дәл осы қасиеті оған зұлымдықпен күресуге мүмкіндік ашады. Тағы бір мысал, Ф. Пулманның трилогиясындағы басты кейіпкер қыздың жалғыз өзінің қолында алитеометр, яғни шындықты айтып бере алатын компасы бар. Сол сиқырлы құралдың көмегімен бас кейіпкер дұшпандарымен күресіп, досын құтқара алады. Қазақ әдебиетіндегі фэнтези шығармаларынан мысал келтіретін болсақ, Тауық Рымжановтың «Зәйтүнқарлығаштың ерлігі» және «Ерден батыр» ертегі-хикаят айдарымен тараған фэнтези шығармаларында басты кейіпкерлер Зәйтүнқарлығаш пен оның сүйіктісі Ерден батыр Ырғыз тауындағы Табиғат патшаға барып, табиғаттың тылсым күштері мен өз күштерінің үйлесімін табу арқылы айрықша қасиетке ие болып, жолдарында кездескен жауларын жеңіп шығуға мүмкіндік алады. З.Төреханованың «Әмина Тұранның көшпелілер еліне саяхат» роман-фэнтезиінде Әмина Тұран асатаяқ жыны сыйлаған сиқырлы дүрбі, сиқырлы аю терісі көмегімен кесе-шаһардың тұрғындарын үңгірде өмір сүретін Шойынқұлақ дәумен шайқасып, қиындықтан құтқарады.

Фэнтези жанрын төртінші қырынан да қарауға болады. Мұндай көзқарас жақтастарының саны аз, дегенмен олар фэнтези жанрының шығу төркінін өткен ғасырдың 90-жылдары пайда болған қорқынышты компьютерлік ойындардан іздейді. Мысалы, поляктың фантаст-жазушысы С.С. Лем жаңағы қорқынышты компьютерлік ойындар «survival horror – ағылшын тілінен тікелей аудармасы – тірі қалу қорқынышы» әдеби қорқыныш жанрының пайда болуына жол ашты деп есептейді. Ол «Фантастика и футурология» деген кітабында осы мәселеге ден қойған. Бұл жанрдағы ойындар көп жағдайда үшінші жақтан баяндалатын экшн түріндегі қорқынышты фильмдерге ұқсайтын магиясы мен басқа да сиқырлы элементтері бар, оқырманын немесе көрерменін қорқыту пен үрейлендіруге бағытталған. Фэнтези жанрына сай романдардың да құрылымы осы қағидаларға негізделген [56]. Сонымен қатар аталған жазушы мистика мен қорқынышты жоқ фэнтези жанрындағы әдебиет оқырманы үшін қызығушылық тудырмайды деп есептейді. Себебі мистика мен қорқынышты жоқ жерде оқырман қызығушылықты эмоцияларға бөлене алмайды.

Бірақ С.С. Лем «қорқыныштар» әдебиетіндегі кейіпкерлер «қосалқы, бөгде» әлемде емес, кәдімгі, күнделікті, нақты өмірде түсініксіз, қорқынышты күштердің кіріп кетуінен әртүрлі шытырман оқиғаларға ұшырайтынын естен шығарып алған. Мистика, қорқынышқа толы туындылардың оқиғалары шартты түрде нақты өмірде орын алатындықтан оқырманын қызықтырып, өзіне тартады. Ал фэнтези жанрындағы оқиғалар күнделікті, үйреншікті өмірде емес,

В.Л. Гопманның атағанындай «қосалқы, бөгде» әлемде, фэнтези әлемінде жүзеге асады.

Фэнтезидің әртүрлі жанрлық анықтамаларын, ерекшеліктері мен типологиясын талдау негізінде келесі тұжырым жасауға болады: фэнтезидің атап көрсетілген тұжырымдамаларының әрқайсысы аталған жаңа жанрлық құрылымның дербес қырларын (генетикалық немесе субстанциялық) сипаттайды, ашып көрсетеді. Атап айтсақ С.В. Шамякина деген ғалым фэнтезидің келесі «генезистік» формуласын қорытып шығарады. Миф – ертегі – Орта ғасырлық батырлар эпосы – серілік (рыцарьлық) романдар – романтизм + готикалық романдар = әдеби ертегі + шытырман оқиғалы роман – неоромантизм + ғылыми фантастика = фэнтези [57].

Зерттеу барысында фэнтези жанрының анықтамасын қорытып шығармас бұрын жалпы «жанр», соның ішінде «әдеби жанр» ұғымын тиянақтап алғанымыз жөн. Қазіргі таңда «әдеби жанр» түсінігіне ортақ, біркелкі дефиниция немесе анықтама беру мүмкін болмай тұр. Себебі белгілі әдебиеттанушы ғалым Л.Г. Кихней әдеби жанрлардың типологиясын зерттеген. Жанрлық типология әртүрлі критерийлер бойынша жасалады: формалдық, мазмұндық, функционалдық және тағы басқа критерийлер. Сондықтан әдеби жанр ұғымына да әркім әртүрлі анықтама бере береді [58]. Аталған ғалымнан бөлек жанр ұғымын жан-жақты зерттеген келесі әдебиеттанушылардың еңбектеріне шолу жасадық: Шкловский В.Б. [59], Поспелов Г.Н. [60], Лейдерман Л.Н. [61], Бахтин М.М., Пропп В.Я. [62], Поляков М.Я. [63], Лихачев Д.С. [64].

Қазақ әдебиеттану ғылымында әдеби жанрлардың жалпы теориясына қатысты пікір айтқан ғалымдардың бірі – З. Қабдолов. Ол жанрды даму үстіндегі ұғым, нақты тарихи түр деп анықтайды [65]. З. Қабдоловтың пікірінше, әдебиет теориясында пішін (форма) бар да, түр (вид) бар. Дәлірек айтқанда, әдебиеттің тектері (эпос, лирика, драма) бар да, түрлері (роман, поэма, трагедия, т.б.) бар. Тек те, түр де жанр деген ұғыммен, яғни жанр және жанрлық түрмен мәндес [65, б. 308].

Академик С. Қасқабасов «Қазақтың халық прозасы» еңбегінде: «Қазақ фольклортану ғылымында да халық ауыз әдебиетінің құрамында прозалық жанрлар бар екені, олар іштей жіктелетіні айтылып келді. < ... > Демек, басқа халықтардың прозасы сияқты, қазақ ауыз әдебиеті де прозалық үлгіге бай. Сондықтан қазақ фольклорының прозалық жанрлары жеке бір жүйе құрайды деп айтуға және оны «халық прозасы» деп атауға әбден болады. Оның құрамында ертегіден басқа біршама прозалық жанрлардың үлгісі бар», - деп түйеді [1, б. 3-268].

Фэнтези – бел ортасында қайта өңделген мифологиялық архетиптер және авторлық миф орналастырылған туындының біртұтас көркем шынайылығына (нақтылығына) негізделген ертегі мен мифтердің астасуынан, осы жанрлардан фантастикалық элементтерді жинақтаған, көркем әдебиеттің дербес жанры.

Осы дефиницияны басшылыққа ала отырып фэнтезидің ғылыми фантастика мен ертегіден айырмашылығын ажырата аламыз. Алдымен



«фэнтези – фантастика» тізбегін қарастырайық. Ол үшін әдеби фантастика жанрына анықтама беріп алайық.

Фантастика – тар мағынасында көркем әдебиет, кино және сурет өнерінің жанрына жататын мимесистің (өнердің шынайы өмірге еліктеуі, ұқсатылуы) бір түрі; оның эстетикалық доминантасы ретінде шынайы өмірдің шартты шегаралары мен ережелерін бұзатын фантастикалық категория орнығады. Фантастиканың негізгі белгісіне туындыдағы фантастикалық шарттылықтардың болуы жатады [66].

Дегенмен фантастика түсінігі «фэнтези – фантастика» тізбегі шеңберінде ғана қарастыру үшін өте кең ұғым. Сондықтан жоғарыда келтірілген фантастикалық әдебиеттің дефинициясы негізінде ғылыми фантастиканың анықтамасын шығарып алуымыз қажет (ҒФ).

Ғылыми фантастика (ҒФ) – (ағылшынның science fiction) қазіргі ғылымның қалыптасу кезеңінде (XVII-XVIII ғасырлар) пайда болып, XX ғасырда толық қалыптасқан фантастиканың бір тармағы болып табылатын көркем әдебиеттің жанры. Ғылым мен техника саласындағы фантастикалық шарттылықтарға сүйене отырып ғылыми фантастика ғылыми және техникалық прогресстің болашағын, беталыстарын, адамның табиғат құпияларына дендеп енуін тартымды, көркем мәнерде баяндайды. Бұл жанрдың негізгі суреттеу тақырыптарына ғылыми жаңалықтар, өнертабыстар, ғарыштық зерттеулер және уақыт көлемінде саяхаттау мәселелері арқау болады. Ғылыми фантастикадағы құбылыстар мен әрекеттер көбінде болашақта жүзеге асады [67].

Жоғарыда келтірілген анықтамалар мен фэнтезидің жанрлық ерекшеліктеріне сүйене отырып, оның жалпы фантастикадан және соның ішіндегі ғылыми фантастикадан айырмашылығын анықтап көрсетуге болады:

1. Фэнтези серілік (рыцарьлық) роман қағидасына сәйкес құрылуы мүмкін, бірақ одан айырмашылығы – өткен тарихтың ешқандай да нақты оқиғаларына сүйенбейді (орта ғасырлардың антуражы, бейнесі құрылуы мүмкін, бірақ бұл міндетті емес). Фэнтези жанрындағы әдебиетке фантастикалық шығармаларда көрсетілетін алыс болашақты суреттеу тән емес, бұл жанр өзінің дербес «нақты әлемін» құруға талпынады, соған негізделген. Дегенмен жекелеген фантастикалық туындыларда оқиғалар өткен шақта да (мысалы Р. Брэдберидің кейбір романдары), осы шақта да (ағайынды А. және Б.Стругацкийлердің «Понедельник начинается в субботу») жүзеге аса береді. Фэнтезиде шынайы өмірге ұқсамайтын, бірақ өзіндік заңдылықтарымен дамиды дербес «қосалқы» әлемі жасалады. Фэнтезидің тарихпен туыстығы, астастығы оны оқырман үшін тартымды және көлемді ете түседі.

Фантастика тамырын негізінен ғылымға бойлатқан. Фантастиканың бұл ерекшелігі, әсіресе, ғылыми фантастикадан байқалады (ғылыми фэнтези немесе ғылыми ертегіні көзге елестету мүмкін емес). Фантастика ғылым тәрізді кез-келген құбылысты ғылыми заңдылықтар тұрғысынан түсіндіруге тырысады. Міне, сондықтан фантаст жазушылар өз туындыларында көбінде ғажайып техникалық қарулар мен құрылғыларды (лазер, атомарлық қылыш, бластер және тағы басқасы), ғарыштық көліктерді (шаттлдар, крейсерлер, ақылды

зымырандар және тағы басқасы) бейнелейді. Сонымен қатар фантастиканың тағы бір маңызды қызметі – болжаушылық қызмет екені белгілі. Сондықтан фантастика көбінде болашақ уақыттарды болжауға, бөгде өркениеттермен қарым-қатынасқа түсудің салдарын, экологиялық апаттардың орын алу ықтималдығын және басқа мүмкін құбылыстарды баяндауға бағытталады.

2. Фэнтези де фантастика секілді жалған өмірді бейнелейді, бірақ оны ғылым тұрғысынан түсіндіруге тырыспайды. «Қосалқы әлемнің» біздің шынайы өмірімізге қатысты орналасқан жері көрсетілмейді, айқындалмайды: бұл бізге параллель әлем немесе жалпы ғалам болуы мүмкін [68]. Физиканың, биологияның «басқа» заңдарының арқасында фэнтезилік өмірде ерекше жаратылыс иелері пайда болуы мүмкін: тролльдер, айдаһарлар, аждаһалар, пегастар, жартылай қасқыр-жартылай адамдар, мыстандар, шайтандар, перілер, диюлар және тағы басқалары. Фэнтезилік «қосалқы әлемнің» біздің шынайы өмірімізден түпкілікті айырмашылығы – ол әлемде әртүрлі «құдайлардың», бақсы-құшнаштардың, сиқыр мен магияның, мифтік мақұлықтардың (гномдар, ергежейлілер, эльфтар, диюлар, перілер, шайтандар, айдаһарлар) және басқа көне заман мифтері мен ертегілеріндегі, аңыздары мен фольклорындағы кейіпкерлерге ұқсайтын фантастикалық мақұлықтардың өмір сүруі.

Егер фантастикада магия қолданылса, ол былай түсіндіріледі: кейбір жаратылған кейіпкерлердің радиация, генетикалық негізіне және басқа себептеріне байланысты таңғажайып, айрықша қасиеттері болады. Содан соң осы кейіпкерлердің өздерінің ерекше қасиеттері мен қабілеттерін қолдануына мүмкіндік ашатын ережелер мен заңдылықтар енгізіледі. Осыдан келіп мынандай тұжырым жасауға болады: фантастика көбінде архетиптерге емес, ақыл-парасатқа негізделген пайымдарға бағытталып, мифологиямен және мифологиялық ойлау жүйесімен күрес жүргізеді.

3. Фэнтези авторлары өздері құрастыратын мифологиямен сабақтастыра отырып көбінде архетиптерге бойлайды. Фэнтезиді жаратушылар ұмытылған аңыздарды ойдан шығарылған, жалған емес, шынайы екендігіне оқырманын сендіре отырып, «қайтадан тірілтеді». Және бұл тұжырымға қарсы шығу қиын, себебі фэнтези арқылы оқырман әлемдік фольклор мен әдебиет, мифология мен аңыздар әлеміне терең бойлауға мүмкіндік алады. Ол үшін оқырман шындық пен елес, нақты өмір мен қиял астасып жатқан фэнтези әлемінің мифологиясы мен магиясына сүңгуі керек.

Т.А. Чернышева фантастиканы зерттей келе: «Фантастика – рационализмнің ұрпағы, бұл рационализм сюжеттің детективті қағидаға құрылуынан байқалады», - деп есептейді [50, с. 51-52]. Аталған зерттеуші фантастикалық туындының кейіпкері көбінесе эволюцияға ұшыраған, үнемі жетілу үстіндегі адам болатынына назар аударады.

4. Фэнтези жанрының ең басты белгісі – авторлық фантазияның толық еркіндігі. Осыдан келіп фэнтезист-жазушы өз туындысының сюжетін табан астынан, адам танымайтындай етіп, түбегейлі өзгерте алады деген тұжырым жасауға болады. Т.А. Чернышева фэнтезиге өз анықтамасын берген. Фэнтези қандай-да бір өмірде мүлдем болуы мүмкін емес дүниені бейнелейді [50, с. 35].

Фэнтезидің бұл белгісі оның ғылыми фантастикамен арадағы шегарасын нақты бекітуге мүмкіндік береді. Себебі ғылыми фантастика болашақта орын алуы мүмкін өзгерістер мен ғылыми жаңалықтарды, галактикада өмір сүруі мүмкін әлемдер мен өркениеттерді бейнелейді [50, с. 36]. Фантаст-жазушы фантастика жанрының заңдылықтарына сәйкес өзі суреттеп отырған құбылыстар мен әрекеттерге ғылыми негіздеме бере алуы керек, әлемнің барлық ғылыми және жалған «ғылыми» суретін түсіндіріп беруге қабілетті болуы тиіс.

Фантастика жанрына тән ерекшеліктерді көркем шығармамен дәлелдесек, Ж. Сахиевтің «Айдағы жасырынбақ» фантастикалық әңгімесінде Айға сапар оқиғасы суреттеледі. Фантастикалық әңгімеде кемемен айға ұшу, ғарыш айлағына келгенде көліктің күтіп тұруы, ғарыштағы «Ғалымдар үйіне» көкесі, Сартай, Мерген үшеуінің келуі, Ай термометрі 200 градус суықты көрсетуі, айдағы таңның атуы, күннің көтерілуі ұзаққа созылуы, көкесі бастаған ғалымдар тобы Айда зерттеу жұмысын жасауы, Ай бетін дірілдете баяу жылжып бара жатқан зауытты көруі, олардың Ай топырағынан оттегі және басқа Ай фазасына қажетті технологиялық заттарды өндіруге арналуы, термометрдің түтікшесіндегі қызыл түсті сынап төмен жылжуы, шыны дулығыны киюі, жердегі тәрізді айда жасырынбақ ойнауы, Айдағы көлеңкеге жасырынуы, қою көлеңке әсерінен балалардың бірін-бірі көре алмауы, әкесі оның себебін айтып беруі, көлеңкенің қоюлығы Айдағы атмосфераның жоқтығынан екендігін түсіндіруі тәрізді ғылыми-танымдық сипаттағы оқиғалар бейнеленген. Әкесі Мерген мен Сартайға ғылыми зерттеулері жөнінде айтады. Күн жүйесі алғаш ғарыш шаң-тозаңынан пайда болған, айдың да атмосферасы болған, мәдени дамудың шегіне жеткен кезде Айдың саналы тіршілік иелері атмосфераны ластап, оның ыдырауына әкелген, озондық ойықтың ұлғаюынан Күн радиациясының электр магниттік ағымы, қысқа толқынды диапазондағы рентгендік және ультракүлгін сәулелер ғаламшар бетіндегі тіршілікті жойып жіберген, сондықтан да Ай беті жалаңаштанып, шектен тыс қызып, өзен-көлдер, теңіз-мұхиттар уланып басқа ғаламшарға ұшып кеткен, Ай беті қазаншұңқырларға толған, Ай өз осінен айналуын баяулатқан деп ғылыми зерттеулерінің бағытын балаларға түсіндіріп береді. Фантастикалық шығармаларға тән ғажайып оқиғалар орын алған, әңгімеде ғылыми болжамдар, ғылымға тән жаңалықтар өрнектелген.

Зерттеуіміздің келесі сатысында «фэнтези – сиқырлы ертегі» тізбегін саралап көрейік. Ол үшін ең алдымен «ертегі» ұғымына анықтама беру қажет.

А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» деп аталатын зерттеу еңбегінде ертегіге нақты анықтамасын берген. Ертегі – қиял мен қисынын келтіріп, қызықты ету мақсатпен шығарылған әңгімелер. Ертегінің ішіндегі уақиғалар, уақиға мен нәрселердің көбі дүниеде жоқ, қиялдағы уақиға мен нәрселер болады. Сондықтан әдебиет тарихшылары ертегілерді адамның жоққа нанған шағындағы сөзі деп есептейді [69].

Қазақ ауыз әдебиетіндегі классикалық қиял-ғажайып ертегі жанрына жататын «Ер Төстік» ертегісі: «Содан кер биенің төстігін жеген кемпірі жүкті

болады. Өмірге ұл бала келеді. Ерназар мен кемпірі оған Ер Төстік деп ат қояды. Ер Төстік өзгеше бала болып, бір айда бір жастағы баладай, екі айда екі жастағы баладай, үш айда үш жастағы баладай, бір жылда он бестегі жасөспірімдей, екі жасында алысқан кісілерін алып ұратын азамат болады», - деп басталады [70].

Ертегі – негізінен басты доминанталық функциясы эстетикалық қызмет атқаратын халықтың ауызша прозасының бір түрі <...> ауызша айтылатын әңгіменің ойдан, қиялдан шығарылуы және адамды тәрбиелеу мен көңілін көтеруге бағытталуы оны ертегілер қатарына жатқызуға мүмкіндік береді [71]:

1. Фэнтезидің сиқырлы ертегіден бірінші айырмашылығы, фэнтезиді жазушы мен оқырманы «қосалқы әлемді» шынайы өмір, шынайы әлем деп қабылдайды. Фэнтезиде ғажайып құбылыстар кәдімгі табиғи құбылыстар тәрізді жүйелі түрде орын алады және ол қалыпты жағдай болып есептеледі. Ал ертегілерде олай емес. Сонымен қатар фэнтезидің кейіпкерлері ретінде автор ертегілік немесе мифтік кейіпкерлерді тұлғалық қасиет береді де, ала береді. Бұл жайлы әйгілі фантаст жазушы К.Булычев пікірін білдіріп кеткен. Ертегіде кез-келген батыр немесе ханшайым ертегі заңдылықтарына сәйкес әрекет етеді. Олар шынайы, нақты адамдар емес және біз оны айқын түсінеміз. Олар ертегінің құрамдас бөліктері ғана [72, 73].

2. Фольклорлық ертегі ең басынан бастап халықтың ауызекі шығармашылығына жатты және қиялға негізделіп жасалды. Яғни, ертегінің авторы (айтушысы) мен оқушысы (тыңдаушысы) ешқашан ол ертегіге сенбеген, иланбаған. Фэнтезилік мәтіндердің негізінде жазбаша көркемсөз жатыр, сондықтан фэнтезидің ритмомелодикасы, сарыны ауызша айтылатын ертегідегідей айқын байқала бермейді.

3. Фэнтезидің негізгі сюжет құрушы тіні жақсылық пен жамандықтың күресіне құрылады. Фэнтези үшін жақсылық пен жамандықтың күресі міндетті болып табылады, ертегідей этикалық жағынан құрылған шығарма [73, с. 41]. Фольклорлық ертегіде жақсылық міндетті түрде жамандықты жеңеді, басты кейіпкер ештеңе жоғалтпастан жеңіске жетеді, себебі басқадай болуы мүмкін емес. Фэнтезиде жақсылық пен жамандықтың бағасы бірдей, кейіпкерлері жеңіске жету үшін өте үлкен құрбандыққа баруы да мүмкін (Мысалы, Т. Крюкованың «Волшебница с острова гроз» кітабының басты кейіпкері әлемді құтқару үшін өзінің сүйіктісін мәңгілікке тастап кетуге мәжбүр болады; дәл осындай жағдай Ф. Пулманның «Янтарный телескоп» кітабында қайталаынады. Қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрында жазылған туындылардан Т. Рымжановтың «Гүл ағашы» ертегі-хикаятында басты кейіпкер Қарабекті өзіне ғашық болып, көп жақсылық істеп, көмектескен пері қызы Шәки-Жамал жақсылықтың жеңісі, адамзаттың болашағы үшін мәңгілікке қоштасып, тастап кетеді. Мұндай белгі фэнтезидің кез-келген түріне тән. Фэнтези экзистенция (адам өмірінің айрықшалығы) деңгейінде ертегілік шарттылықты жоғалтатын әлемді құрастырады [74].

4. Ертегіде әрбір ізгі іске марапат дайын тұрады, әрбір жағымсыз әрекетке жазасы қолданылады. Әрбір сұрақ, жауап, әрекеттің өз ақысы бар. Ертегінің

заңдылығы осы және оған ертегі толығымен бағынады (мысалы, фантастика бұл заңдылықты мойындамайды).

Фэнтези болса бұл заңдылықты асқан дәлдікпен теріске шығарады. Мысал ретінде тағы да сол Т. Крюкованың кітаптарын, С. Лукьяненконың «Мальчик и тьма» повесі, Д. Емецтің «Таня Гроттер и Болтливый сфинкс» циклінің соңғы кітабы да осы тұжырымды растайды. Қазақ әдебиетіндегі Т. Рымжановтың, Р. Сауытбайдың және басқа бірқатар авторлардың фэнтези жанрында жазылған туындыларында да осындай заңдылық сақталады. Көбінде кейіпкерлердің атқаратын парызы олардың жеке бастарының мүддесінен жоғары тұрады.

5. Л.В. Овчинникова «Русская литературная сказка XX века. История, классификация, поэтика» деп аталатын оқу құралында нағыз ертегінің фэнтезиден (оны кейбіреулер қателесіп жана ертегілер немесе XX ғасырдың ертегілері деп атап жүр) айырмашылығы < ... > эклектикаға (әртүрлі бір-біріне қарама-қайшы көзқарастардың бір арнада тоғысуына) жол бермейді деп жазады [11, с. 88].

Фэнтезидің жанрлық ерекшеліктерін саралауды қорытындылай келе, келесі мәселені атап өткен жөн. Фэнтези туындысының өне-бойының негізі қандай-да бір авантюра немесе интригаға құрылады. М.М. Бахтин осы мәселе жайлы зерттеулерінде маңызды қорытынды жасаған. Авантюралық «кездейсоқ уақыт» иррационалдық күштердің адам өміріне килігуінің айрықша уақыты болып табылады: әртүрлі «құдайлардың», бақсы-құшнаштардың, жалмауыздардың, роман жауыздарының адам өміріне араласуы < ... > авантюралық уақыттың кез-келген мезетінде бір ғана күшпен басқарылады. Ол күштің атауы – кездейсоқтық [75]. Аталған сипаттаманы фэнтези жанрында жазылған көптеген туындыларға қатысты айтуға болады.

Қазақ фэнтези жанрының теориялық аспектілерін қарастырған кезде оның әдеби ғана емес, философиялық, логикалық, мәдени, бұқаралық, психологиялық, педагогикалық маңызы бар кең ауқымды метажанр екендігін естен шығармауымыз қажет.

Фэнтези жанрының философиялық қырларын саралау үшін және оның заманауи мәдениеттің бір феномені екендігін көрсету мақсатында ең алдымен аталған жанрдың тарих өлшемінде бір ғана ғасыр ғұмыр сүріп келе жатқан «жас» жанр екендігін ерекше атап өтуіміз керек. Алдымен фантастикалық әдебиет шеңберінде кеңінен танылған соң, XX ғасырдың соңына қарай фэнтези толыққанды, динамикалық тұрғыдан қарқынды дамушы дербес жанрға және мәдени құбылысқа айналды. Әртүрлі фэнтези-өнімдердің бұқаралық сипат алуына байланысты фэнтези адам өмірінің әртүрлі салаларына дендеп еніп, жеке тұлғаның мәдениетін қалыптастырушы айрықша кеңістікке айналып үлгерді. Фэнтези әртүрлі фантастикалық идеяларды, мәдени символдар мен архетиптерді қалыптастыра отырып, заманауи мәдениеттің жалпы бейнесі мен ерекшеліктерін көрсететін индикатор ғана емес, қоғамның дамуына мақсатты түрде ықпал ететін факторға айналды. Фэнтези мәдени феномен ретінде тұтынушының бұқаралық ой-санасына фантастикалық идеалдарды,

нормаларды (магияның нақты күш екендігі, жақсылық пен жамандықтың дихотомиясы, бірге жүретіндігі), «тартымды жолдаулар» мен кең таратылатын символдар мен белгілер арқылы айрықша дүниетанымдық контент қалыптастырады және таратып, насихаттайды деген тұжырым жасауға болады.

Фэнтези индустриясы мақсатты аудиторияны, бұқараны кеңінен қамти отырып, халықтың ой-санасына белсенді түрде және үзіліссіз ықпалын жүргізеді, сол арқылы өркениетті адамның әлеуметтік өмірін ұйымдастыратын, мақсатты түрде жүзеге асатын құбылыстарды тарататын тетік ретінде қолданылады. Фэнтези белгілі бір мағынада шынайы өмірді бейнелейді, ұқсатып суреттейді. Фэнтезилік өнім өзі қазіргі заманның символдарының біріне айналады: ол «мүмкін емес дүниенің мүмкін» екендігін адамның көз алдына келтіріп, елестеді, шынайы өмірмен онтологиялық жағынан байланысы жоқ виртуалды кеңістікті конструкциялау, жасау идеясына жақындата түседі. Постмодернистік дәуір ағымымен және компьютерлік өмірмен бірге дамыған фэнтези жаһандық сипатқа ие болды. Сондықтан фэнтези жанрын зерттеушілердің алдына оның әдіснамалық кеңістігін кеңейту мәселесі қойылады. Басқаша айтсақ, бүгінгі таңда фэнтези академиялық қызығушылық тудырып отыр. Фэнтези құбылысының құрылымдық жағынан күрделілігі, оның үстіне бұл жанрдың постмодерн мәдениетімен тығыз байланысы оны философиялық-мәдениеттану тұрғысынан ой елегінен өткізуді қажет етеді. Біздің ойымызша, фэнтези феноменін заманауи дүниетанымдық тұжырымдамалар тұрғысынан зерделеу қажет.

Фэнтези тілін, әдеби көркемдік жақтарын зерттеуді тағы да шетелдік ғалымдар жүргізгені белгілі. Атап айтсақ Е.М. Неелов пен Е.Н. Ковтунның [76, 77] монографияларында фэнтези фантастиканы зерделеу тұрғысынан қарастырылады. А.Д. Гусарова, А.М. Приходько, К.М. Королев, И.Д. Винтерленің [78] диссертациялық зерттеу еңбектері әлемдік және орыс фэнтезиінің жанрлық ерекшеліктерін зерттеуге негізделген. О.К. Кулакованың еңбегі әдеби фэнтезиді интертекстуалдық тұрғысынан зерттеуге бағытталған.

Фэнтези жанрының философиялық қырларын зерттеген ғалымдардың арасынан бұқаралық мәдениеттегі фэнтезилік образдың ерекшелігін анықтауға арналған Д.А. Толстикovskyның диссертациясын атап өтуге болады. Н.В. Помогалова фэнтезиді адамның әлеуметтік ортаға бейімделуінің құралы ретінде зерттеген. М.А. Марков өз еңбегінде магия феноменін зерттей отырып, жанама түрде фэнтези мәселесін қаузаған [79].

Пәнаралық және мәдениеттану сипатындағы ғылыми ізденістердің арасынан фэнтезиді фантастикалық құбылыстың логикасы тұрғысынан қарастырған А.В. Мартыненконың зерттеулерін, фэнтезиді фантастикалық құбылыстың бір феномені ретінде талдаған А.Н. Михайловтың еңбектерін, мәдени мифті фэнтези классигі У.К. Ле Гуиннің шығармашылығы негізінде зерттеген А.В. Ломакованың еңбектерін атап кетуге болады. Постмодернизм философиясы тұрғысынан фэнтезиді мәдени феномен ретінде В.О. Пигулевский «Ирония и вымысел: от романтизма к постмодернизму» деп аталатын монографиясында қарастырған. Сонымен қатар аталған мәселені

бірқатар ғылыми мақала авторлары (Т.А. Савицкая, Г.А. Могилевская, Р.Г. Костина және басқалары) зерделеген [80-83].

Кейбір жағдайларда фэнтези жанрының мәнін айқындау бағытында теориялық зерттеулерді фэнтезилік немесе ғылыми-фантастикалық шығармалар авторларының өздері айналыса береді. Осы бағыттағы басты ғылыми зерттеулерге Дж.Р.Р. Толкиннің ғылыми мақалаларын (ағылшын жазушысы, ақыны, Оксфорд университетінің профессоры), М. Муркоканың (ағылшын фантаст-жазушысы) теориялық зерттеулерін, Р. Желязнының публицистикалық очерктерін (американдық фантаст-жазушы), С. Лемнің (поляктың жазушы, фантаст, философ, футурологы) іргелі еңбектерін, А. Сапковскийдің (поляктың фантаст-жазушысы және публицисті) мақалаларын, У.К. Ле Гуиннің (американдық «жұмсақ» гуманитарлық ғылыми фантастиканың белді өкілі) сыни эсселерін жатқызуға болады [84].

Шетелдік әдебиет әлеміндегі дискурстың фэнтезиді зерттеу саласындағы неғұрлым елеулі теоретиктеріне фантастиканың сыныптамасын жасаумен айналысып жүрген ғалымдар Дж. Клют пен К. Кребер жатады [85, 86]. Фантастиканың табиғатын ой елегінен өткізуге Д. Уоллхейм мен В.Ирвиннің еңбектері арналған [87, 88]. Білімі кәсіби дәрігер Ф. Уэртхэм фэнтезидің адамның ақыл-ойына ықпалын зерттеуге мән берген; К. Бриггс пен Л. Линаск еуропалық мифологиялық жүйенің Дж.Р.Р. Толкиннің шығармашылығына ықпалын зерттеген; өткен ғасырдың соңында К.П. Смит британиялық фэнтези әдебиетті талдаудың әдеби-тарихи тәсілін әзірлеп, қолданысқа енгізді; фэнтези туралы фантастикалық әдебиет тұрғысынан С. Мэнлав ой қорытты [89].

Дегенмен мәдениеттің даму деңгейінде қазіргі қазақ ғылымында фэнтезидің философиялық-мәдениеттану тұрғысынан зерттелуі әлі де кемшін тартып жатқанын атап өтуіміз қажет.

Фэнтези шығармаларының педагогикалық аспектілерінің маңызын да ескерген жөн. Жас ұрпақтың дүниетанымын қалыптастырудағы мифологиялық және фэнтези шығармалардың маңызын зерттей келе, А.А. Грицанов жеке тұлғаның дүниетанымының қалыптасуының келесі ерекшеліктерін атап өтеді. Дүниетаным жүйесінің генезисі жеке тұлғаның жас ерекшеліктеріне байланысты қалыптасады. Адамның дүниетанымы ерте жастан тұлғаның субъективті бейсаналық, аңғал, бей-берекетсіз өмірдегі әлеуметтік қатынастарының негізінде қалыптасады. Бұл дүниетанымда сезімдер, тілектер, қажеттіліктер, мүдделер, жігер, қайрат, мотивтер, бейсана талпыныстар ажырамастай қосылған [90].

Фэнтези шығармаларының балалар психологиясына әсері және педагогикалық мәселелері АҚШ-дағы Техас университеті психология факультетінің ғалымдары Жаклин Д. Вулли, Элизабет А. Бургер және Артур Б. Маркманның жүргізген зерттеулерінде жаңаша қарастырылған [91]. Олар «Кішкентай балалардың жаңа фантастикалық кейіпкерлерге сенуіне ықпал ететін факторлар» деп аталатын зерттеу мақаласында жүргізген тәжірибелерінің нәтижелерін баяндайды. Мектеп жасына дейінгі кішкентай балалардың жаңа фантастикалық кейіпкер – «Кэмпиттік бақсыға» сенуіне әсер

ететін факторларды зерттеген. Тәжірибе нәтижелері Кэмпиттік бақсы кейіпкері тікелей келген мектеп жасына дейінгі ересектеу (5-6 жастағы) балалардың ол кейіпкерді көрмеген, бірақ тәрбиешілерінің әңгімелеп беруі арқылы білген балалардан қарағанда жаңа фантастикалық кейіпкерге деген сенімі жоғары болған. Сонымен қатар Кэмпиттік бақсыны көзімен көрген мектеп жасына дейінгі балалардың ересектеулерінің (5-6 жастағы) жаңа кейіпкерге сенімі олардан кішілеу жастағы (3-4 жастағы) балалармен салыстырғанда жоғарылау болған. Ал Кэмпиттік бақсы кейіпкері мүлдем көрінбеген, бірақ тәрбиешілердің әңгімелеуі бойынша естіген балалардың арасында фантазиялық ойлау қабілеті жоғары балалар фантазиялық ойлау қабілеті төмендеу балалармен салыстырғанда жаңа фантастикалық кейіпкерге көбірек сенген. Зерттеушілер осыған ұқсас, бірақ ересектерге бейімделіп құрылған тәжірибені сол балалардың ата-аналарының арасында да жүргізген. Мұндай зерттеулер кішкентай балалардың дүниетанымының табиғатын, тұлға ретінде қалыптасуы мен дамуының психологиясын түсіну үшін өте маңызды деп есептейміз.

Фэнтезидің балалар психологиясы мен педагогикасына әсері шетелдік зерттеулердің арасынан Натали Кэррик пен Ребекка Ричмондтың мақаласында жақсы зерттелген деуге болады. «Балаларға фантастикалық оқиғаларды айтып беру туралы ата-аналардың әсерлі әңгімелері» деген мақалада аталған авторлар балалардың ата-аналары мен балалардың оларға ауызша айтып берген фантастикалық оқиғалары қандай эмоционалды әсерлер мен сезімдер сыйлағанын зерттеген [92].

Әдебиеттанушы С. Тайманова, А.Ө. Байдаулетова, А.Т. Сақтағановалар «Балалар әдебиетінің жаңашыл жазушысы – Тауық Рымжанов» атты ғылыми мақалаларында: «Көркем мәтінді оқу арқылы оқырманның дүниетанымын кеңейтуі, эстетикалық-рухани азық алуы, өзін-өзі тәрбиелеуі назардан тыс қалмауы керектігін ескерген жөн», - деп фэнтези шығармаларының жалпы көркем әдеби шығармалардағыдай педагогикалық маңызын атап өтеді [93].

Қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрында жазылған көркем шығармалардың жазылуы, жариялануы, танылуы қарқынды, тартымды жүргеніне қарамастан әдебиеттану ғылымы, философиялық, мәдениеттану, әлеуметтану, педагогикалық, психологиялық маңызы тұрғысынан зерттеу кенжелеп қалып отырғандығын мойындауымыз керек. Белгілі әдебиеттанушы Әбіл-Серік Әбілқасымұлы Әліәкбар фэнтезиге бет бұру – қазіргі қазақ әдебиетінде енді-енді кең тарала бастаған құбылыс деп есептейді. Тіпті, реалист жазушы деп саналатын М. Мағауиннің өзі – «Қыпшақ аруы» хикаятында осы жанрдың кейбір қағидаттарын басшылыққа алып, постмодернистік туынды жазып отыр деген пікір білдіреді. Қазақ әдебиеті Батыстағыдай жынысқа қалай бөлінбесе, алаш фэнтезиі тап солай, ешқашан қазақ және орыс тілді деп еш алаланбайды. Оны көзі қарақты жан қазір шығып жатқан орысша туындылардың бабатүркілік сипатын танып-білу арқылы көз жеткізеді, - деп атап көрсетеді [3].

Қазақ фэнтезиінің негізін қалаған Тауық Рымжанов болды. Оның шығармаларында тылсым (магия) мен тылсым еместік бір-бірімен аяусыз күреседі. Кезінде Алаш фэнтезиі ересектер әдебиетінде ғылыми фантастикамен



араласып бой көтергенімен кең қолданыс таба алмады. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі бұл жанрдың ара-кідік ұшырасуы қаламгерлеріміздің шет ел фэнтези классиктері: Дж.Р.Р. Толкин, Мэри Стюарт, Урсула Ле Гуин, Роджер Желязны, Майкл Муркока, Андрэ Нортон және басқаларымен орыс тілінде танысуынан деп білгеніміз жөн. Өткен ғасырдың 80-ші жылдары кеңестік әдебиетте фэнтезидің алғашқы үлгілері: Н. Ютановтың «Оборотень», Е. Хаецкийдің «Меч и радуга», С. Логиновтың алғашқы әңгімелері мен Орталық Азияда Тауық Рымжанов туындыларында бой көрсетті [3].

Әбіл-Серік Әбілқасымұлы Әліәкбар өзімен қатар осы фэнтези жанрын қазақ әдебиеттану ғылымында алғаш рет талқылауға бел буған Әбу-Асқар Мекешұлы мен Еркінгүл Солтанаеваны атап өтеді. Автор көпшілік оқырманға фэнтези жанрының шығу төркіні, ғылыми негіздері, шетелдік зерттеушілері жайлы айта келіп, қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының негізін қалаушы Тауық Рымжанов екендігін ерекше қадап айтады. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрында жазылған шығармаларды қазақ және орыс тілді деп бөлмей, Алаш фэнтезиі деп атауды ұсынады. Себебі қазақ тілінде және орыс тілінде фэнтези туындыларын жазған жазушылардың өзі суреттейтін оқиғаларының тіні ежелгі түркі, арғықазақ мифологиясында, фольклоры мен аңыз, ертегілерінде жатқанын атап өтеді. Сұхбат авторы Т. Шеғиров-Сәукетаевтың қазақ тілінде жазылған «Келешек туралы» роман-фэнтезиіне, орыс тілінде жарық көріп, бізде ғана емес, Ресейге де кеңінен тарап кеткен И. Нургалиевтің «Дастан мен Арман», А. Қапановтың «Воздушное кочевье», «Перекрестье», З. Наурызбай мен Л. Калаустың «В поисках золотой чаши», Т. Ермашовтың «Воскрешающий легенды» фэнтези туындыларына шолу жасайды.

Аталған шығармалардың барлығына жуығының ұрпақты отансүйгіштікке, патриоттыққа тәрбиелеу, педагогикалық қызметі зор деп айтуға толық негіз бар. Сонымен қатар аталған фэнтези туындыларының көмегімен авторлар ұмытыла бастаған түркі, арғықазақ, қазақ мифологиясы мен фольклорының, ертегілері мен аңыздарының, эпсаналары мен батырлар жырының, эпостық мұралардың қайта «тірілуі» мен ұрпақ санасына орнығуына даңғыл жол салады. Өскелең ұрпақтың бабалар мұрасының кәусар бұлағынан ұлттық тәрбие мен дәстүрлердің мөлдір үлгілерін өнеге етіп алуына даңғыл жол ашатын, баланың қиялы мен адамгершілік қасиеттерін арттыратын фэнтези шығармалары кеңінен насихатталып, әдеби шығармалар түрінде ғана емес, көркем фильмдер, анимациялық фильмдер, компьютерлік ойындар түрінде ұлттық нақышта, көбінесе қазақ тілінде кеңінен таратылса дұрыс болар еді.

Фэнтезидің ғылымның әртүрлі салаларындағы маңызын теориялық тұрғыдан зерттеген ғалымдар мен зерттеушілердің арасында филологияның әдебиеттану бағытынан қарағанда философияның мәдениеттану саласындағы зерттеу еңбектерінің саны айтарлықтай көп. Бұл жағдай фэнтезидің ғылымның әртүрлі салаларының зерттеушілерін қызықтыратын, синкретті метажанр екендігін дәлелдей түседі.

## **Бірінші бөлім бойынша тұжырымдар**

Жалпы алғанда, әлем және қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының қалыптасуы мен даму сатыларына тоқтала келіп, шолу жасаудың нәтижесінде келесі негізгі тұжырымдарды шығаруға болады:

– алғашында фэнтези жанр ретінде Батыс Еуропа, соның ішінде ағылшын мәдениеті мен әдебиетінде ХХ ғасырдың алғашқы отыз жылдығында ғылыми-техникалық прогресс жетістіктеріне негізделген ғылыми фантастика жанрына қарсы теңдестіруші дербес бағыт болып қалыптаса бастағандығы туралы қорытынды жасағанмызбен, фэнтезидің тамыры тереңде, мифтер, ертегілер мен халық фольклорында жатыр;

– замануи фэнтезидің негізі, осы жанрды әлемдік деңгейде жарқ еткізіп, әдебиеттің дербес жанрына айналуына, тіпті қазіргі уақыттағы бизнес пен технологиялардың дамыған уақытында әдебиеттен бөлек, көркем фильм, мультфильм, анимация, ойын-сауық, компьютерлік ойындар, ойыншық бизнесі және басқа салаларды біріктіретін метажанрға айналуына себепші болған ең алдымен Дж.Р.Р. Толкиннің ХХ ғасырдың 50-жылдарының соңында жарияланған «Сақиналар әміршісі» трилогиясы болды деген тұжырым жасауға болады;

– әлемдік және қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанры – әлі де дербес әдеби жанр ретінде қалыптасу, жетілу, даму, кемелдену үрдістерін бастан кешіріп жатқан динамикалық жанр;

– қазақ фэнтези жанрының пайда болып, қарқынды дамуына қажетті барлық әдіснамалық, әдеби негіз толығымен қалыптасқан, бұрыннан бар. Оған қазақтың мифтік дүниетанымының қалыптасуы, даму эволюциясы, фольклорлық мұрасы, ертегілері мен батырлық эпостық жырлары, аңыздары мен кейінгі жазба әдебиетінің «алтын ғасырында» жасампаздықпен құрылған зор әдеби қоры жатады;

– фэнтези – ғылыми фантастика және әдеби ертегі жанрларына жатпайтын, дербес әдеби жанр. Сонымен қатар фэнтезидің мифологиядан бастау алғанымен, одан да өз отауын тігіп, бөлек шығып кеткен әдеби жанр;

– фэнтези – әдебиеттің дербес жанры ғана емес, тарих, философия, ұлттық құндылықтар, көркем фильмдер, анимациялық фильмдер, ойын-сауық индустриясын біріктіретін синкретті метажанр;

– мифология – қоғамның ой-санасының тарихи тұрғыдан ең басында қалыптасқан формасы, діни, тәжірибелік, ғылыми, көркемдік ақыл-ой элементтерінің әлі ешқайсысының өз еншісін алып, бір-бірінен ажырай қоймаған кезіндегі дүниенің біртұтас суреттелуі;

– неомифке қатысты қазіргі уақытта екі түрлі көзқарас қалыптасып, орныққан: бірінші, басымдық дәстүрлі мифке беріледі. Неомиф – дәстүрлі мифті қайта тірілтіп, бағзы замандардан бері ұмытыла бастаған мифологиялық құбылыстарды, оқиғаларды қазіргі заман оқырманының көз алдына алып келеді. Екінші, жазушының жеке ой-санасы шешуші орынға шығып, архетиптер мен авторлық мифологиялық ойлау қабілетінің нәтижесінде мифтің жаңа дербес нұсқасы қалыптасады;

– фэнтэзи (ағылшын тілінен *fantasy* – «фантазия») – ежелгі мифологиялық және ертегілік сюжеттер мен мотивтерге жаңаша өң-реңк көркемдік бояу беріп, авторлық жаңа миф берген, неомифологиялық әдебиет жанры.

## 2 ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ФЭНТЕЗИ ЖАНРЫНЫҢ ЖІКТЕЛІСІ ЖӘНЕ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

### 2.1 Қазақ әдебиетіндегі фэнтези түрлері және даму кезеңдері

Әлемдік әдебиеттану ғылымында фэнтезидің бірнеше жіктемесі ұсынылып жүр. Қаһармандық фэнтези, «қара» фэнтези, мистикалық-философиялық фэнтези (Е. Ковтун), қаһармандық-эпикалық фэнтези, фольклорлық-ертегілік фэнтези (Р. Шифар), эпикалық, қаһармандық, философиялық, ертегі, «қара», детектив, юморлық, магиялық фэнтези (С. Шамякина) деп іштей бірнеше түрлерге жіктейді.

Фэнтези жанрында жазылған шығармалардың жіктемесін ұсынғанда да фэнтезидің эпостармен, ертегілермен және рыцарьлық романдармен байланысы байқалады:

1. Эпикалық фэнтези – оқиғаларды хроникалық бағытта баяндайды және эпикалық жанрдағы шығармаларға ұқсайды. Мұндай шығармаларда автор өзін анық байқатпайды. Әңгімелеу біржақты емес, эпикалық дәстүрге негізделген, моральдық-этикалық бағалаулар имплицитті, жасырын түрде сюжет құру барысында беріледі. Эпикалық фэнтезиде уақыт абстрактілі болып келеді. Кеңістік бүге-шігесіне дейін кеңінен сипатталады. Қазақ тілінде жазылған фэнтези шығармаларында оқиғалар ойдан шығарылған әлемнің маңында ғана емес, негізгі кейіпкерлердің маңында шым-шытырық оқиғалар түрінде өрбиді (Р.Сауытбайдың «Шоко әлем» фэнтези сериялы романы, З.Төреханованың «Әмина Тұранның көшпелілер еліне саяхаты» роман-фэнтезиі, К. Оразбекұлының «Тұран баһадүрлері немесе Ер, Би, Нардың ерлік жорықтары» фэнтези-повесі). Эпикалық фэнтезидің классикалық үлгісі – Дж.Р.Р. Толкиннің «Сақиналар әміршісі» трилогиясы.

2. Шытырман оқиғалы фэнтези – авантюрист кейіпкер жайлы баяндауға құрылған фэнтези. Хронотоп рыцарьлық романдардан алынады. Қазақ фэнтезиінде мұндай мысалға З. Наурызбай мен Л. Калаустың «Бату мен достарының алтын тостағанды іздегені» фэнтезиін келтіруге болады. Көбінде фэнтезидің бұл түрі эпикалық фэнтезимен де қабысып, байланысып жатады.

3. Ертегілік фэнтези ертегіге тән сипатта жазылады және ертегінің барлық қызметтерін атқара береді. Фэнтезидің бұл түріне тікелей сөйлеу, уақытты белгілеу және кеңістіктің біртіндеп кеңеюі тән. Қазақ фэнтезиінде ертегі-хикаяттар түріндегі фэнтези шығармаларына Т. Рымжановтың «Зәйтүнқарлығаш», «Ерден батыр», «Гүл ағашы», «Өлместің жұлдызы» шығармаларын жатады. Орыс әдебиетінде ертегілік фэнтези шығармаларының қатарында Д. Емецтің «Таня Гроттер», «Мефодий Буслаев» шығармалар циклдерін атауға болады.

Бұл жіктемені таңдалған әдеби материалдар негізінде одан әрі келесідей тереңдетуге болады:

1. Стипункт-фэнтези – бұл ғылыми фантастикаға неғұрлым жақын түрі. Мұндай шығармалардың айрықша ерекшеліктеріне ортақ әлемде сиқыр мен машиналардың қатар өмір сүруі жатады. Сондықтан баяндау әлемнің осы екі

құрамдас бөлігінен тәуелді болып шығады. Мұндай шығармаларға орыс әдебиетіндегі Н. Перумовтың «Техномагия», С. Лукьяненко мен Н. Перумовтың «Не время для драконов», С. Логиновтың «Имперские ведьмы» шығармалары жатады.

2. Әзіл-сықақ фэнтезиі – қазіргі уақытта кеңінен тарап келе жатқан түрі. Автор баяндап отырған оқиғаларын әзіл тұрғысынан қайтадан ой елегінен өткізеді. Түптеп келгенде, әзіл-сықақ фэнтезиінде эпикалық оқиғалар әжуаланады. Мұндай шығармаларда комизм күлкілі диалогтар мен оқиғалардың көмегімен ғана емес, заманауи мәдениетті автор тарапынан құбылту арқылы жасалады (мысалы көпшілікке танымал әндерді, фильмдерді, жарнамалық роликтерді мысалға келтіру арқылы әзіл айтылады). Қазіргі орыс әдебиетінде әзіл-сықақ фэнтези шығармаларын О. Панкеева, О. Громыко, А. Белянин жазып жүр.

3. Әйелдер фэнтезиі – әйелдер романы мен фэнтези шығармаларының тоғысқан жерінде жасалады. Сонымен қатар мұндай шығармаларға әзіл-сықақ және шытырман фэнтези шығармалардың сипаттамалары ұқсайды. Әйелдер фэнтезиі бағытында жазылған шығармалар қатарына: О. Громыконың «Профессия: ведьма», К.Измайлованың «Случай из практики», Н. Резанованың «Кругом одни принцессы», Н.Игнатованың «Охотник за смертью» жатқызуға болады.

4. Психологиялық фэнтези – шығарма желісі кейіпкерлердің басынан өткен оқиғаларды баяндаудан емес, олардың психикасының трансформациясын, өзгеруін баяндауға негізделеді. Психологиялық фэнтези мәтіндерінің үлгісін орыс әдебиетінде М. және С. Дяченколардың кітаптарынан кездестіруге болады. Қазақ әдебиетінде психологиялық фэнтези шығармасына жататын Тұрысбек Сәукетаевтың (Тауфих Шеғиридің) «Өлгендер қайтып келеді» (Мен – жындымын-2) атауымен шыққан романын жатқызуға болады. Трагикомедия сарынында жазылған бұл шығармада басты кейіпкер Тауфихтың басынан өткен шым-шытырық оқиғалардан психологиясындағы, ой-санасындағы өзгерістер баяндалады. Басқа нағыз фэнтези жанрына жататын шығармалар әзірге кездеспейді, дегенмен кейбір фэнтези шығармаларында кейіпкерлердің психологиялық толғаныстары баяндалады.

Трагикомедиялық сарында жазылған шығарманың оқиғалары Қазақстан тәуелсіздік алған жылдарда өтеді. Бас кейіпкер Тауфихтың бастан кешкендері мен санасында шарпысқан ойлары, түрлі көңіл күйі мен психологиясы арқылы бағаланатын бүгінгі қоғамның қалтарыс-бұлтарысы роман сюжетін оқырман үшін тартымды еткен. Сериялы бұл романның алғашқысында фэнтези элементтері көп кездесе қоймағанымен, өзінің көркемдік тосын сипатымен ерекшеленеді. Шындық пен қиял, өң мен түс, әжуа мен мұң, мистика араласып, оқырманды сан қилы шарпысқан сезімге бөлейді. Аталған романның логикалық жалғасы болып табылатын «Өлгендер қайтып келеді» (Мен - жындымын-2) атауымен шыққан роман нағыз фэнтези жанрына жатады деуге толық негіз бар. Басты кейіпкер Тауфих жындыханаға түсіп, қудалау көріп, барынан айырылып, әбден психологиялық тұрғыдан шаршаған соң өзін-өзі атып өлтіріп, өлілердің

Барзақ әлеміне аттанады. Дегенмен, өлді деген аты болмаса, мына жарық дүниеден қол үзбей, барлығын көріп, бақылап отыру қабілетінен айырылмайды. Қазіргі өмірде болып жатқан барлық оқиғаларды пассивті түрде болса да өз көзімен көріп-біліп, бағамдап отыра алады, тірілер әлемінде қалған бұрынғы жарын, достарын, таныстарын көріп, олардың өзі туралы айтқандарын, сезімдерін байқай алады. Фэнтезиге тән тірілер әлемі мен өлілер әлемінде, адамзат әлемі мен шайтандар арасындағы байланысқа негізделген оқиғалар желісі ширатылып, баяндалады. Басты кейіпкер өзінің бала кезінде қайтыс болған ата-әжелерімен, туған-туыстарымен де кездесіп, балалық шағын да есіне түсіреді. Дей тұрғанмен басты кейіпкер Тауфих қазіргі қоғамда, өмірде болып жатқан оқиғалар мен құбылыстардан да қол үзбейді. Басты кейіпкердің көзімен ел өмірінде болып жатқан оқиғаларға баға беріледі. Осы тұрғыдан келгенде Тұрысбек Сәукетаевтың «Өлгендер қайтып келеді» (Мен – жындымын-2) романын толыққанды психологиялық фэнтези туындысына жатқызуға негіз бар. Тіпті жарияланған кезде бұл кітап «роман-фэнтези» деген айдармен жарық көрген еді.

5. «Қара» фэнтези – оқиғалар қорқынышты, жантүршігерлік сипатта өрбиді. Кейіпкерлері жауыз, қорқынышты әрекеттер жасайды. Мұндай фэнтези шығармаларына мысал ретінде Стивен Дональдсонның «Томас Ковенант» шығармалар циклі, Кларк Эштон Смиттің «Зотик» шығармаларын атауға болады.

Жоғарыда келтірілген жіктемесінен бөлек фэнтези шығармаларын оқиғалар өрбитін орны (ғарыш, әлем, картадағы мемлекет немесе қала) бойынша, оқырмандардың жас мөлшеріне қарай (балалар, жасөспірімдер, ересектер фэнтезиі), кейіпкердің түріне байланысты (авантюрист, рыцарь, бақсы-құшнаш, мыстан, жалмауыз, жат ғаламшардан келген қонақ) жіктеуге болады. Фэнтезиді әдебиеттің дербес жанры ретінде біртұтас талдау үшін жоғарыда келтірілген жіктемені толығымен қолдану қажет. Себебі олардың ешқайсысы жеке-жеке толыққанды жанр болып табылмайды. Олардың арасында өзара тоғысатын, ұқсас бағыттары да бар.

Тауыпқ Рымжановтың шығармаларын фэнтези түрлеріне қарай жеке-жеке алып талдасақ, көбінесе ертегілік сипаттағы фэнтези болғанымен, шығармалар тізбегін біріктіре алып қарасақ, қаһармандық элементтері бар эпикалық фэнтезиге де жатқызуға болады. Т. Рымжановтың алғаш рет 1984 жылы жарияланған «Зәйтүнқарлығаштың ерлігі» ертегі-повесі қазақ ауыз әдебиетіндегі халық ертегілеріндей, «Гүл жайнаған Жаһұт деген қала болыпты. Ол тоғыз жолдың торабындағы зәулім ғимараттарға толы, етегін кең жайған сәулетті қала екен...», - деп басталады [94]. Әрине бұл жерде ежелгі қазақ ауыз әдебиетіндегі ертегілердегідей «Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні келтеде...» деген қарапайым бастау емес, кейінгі әдеби ертегілерге тән көркем әдеби сипаттап бастау қолданылады. Жаһұт елінің билеушісі Таңасар патшаның заманында Т. Рымжановтың қиялынан шыққан қала гүлдеп, өркендеп, өсіп, тоқсан махаллаға бөлініпті. Әр махаллада ғұламалар, ақындар, кілем тоқушылар, жібек түтушілер, теміршілер және басқа кәсіп иелері мекендепті. Тоқсан махалланы

тоқсан әкім басқарып, олардың барлығын бас уәзір Мұхит басқарыпты. Таңасар патша мен Мұхит уәзірдің тұсында Жаһұттың өнер-ғылымы бүкіл әлемге әйгілі болыпты. Сонау Афин, Сирия, Галий сияқты мемлекеттерден өнер-ғылым аңсап сусаған шетелдік патшазадалар мен бекзадалар Жаһұтқа келіп үлкен ғұламалармен сұхбаттасып тұрыпты [94, б. 4]. Таңасар патшаның жалғыз мұрагері Ерден мен Жаһұт патшалығының бас батыры, әскер басы Әукебай батырдың шаңырағында Зәйтүнқарлығаш деген жалғыз қызы қатар өсіпті. Оқиға желісі осы екі негізгі кейіпкерге құрылған. Сұртырнақ, Балықкөз, Бассүйек деген жауларының жұмсаумен Жаһұт патшалығына шабуыл жасаған диюлар жаралаған Ерденнің сүйегін таудай ақ иық бүркіт іліп алып, аспанға көтеріліп, белгісіз жаққа алып ұшып кетеді. Міне, осы жерден сүйгенін іздеуге алыс та қатерлі сапарға аттанған Зәйтүнқарлығаштың қиялға толы, белгісіз, тылсым әлемдердегі шым-шытырық оқиғалары басталады. Қаһармандығымен қатар Жаһұт патшалығының ғұламасы Алыпаспанның берген біліміне, қайтыс болып, келместің кемесіне мініп кеткен әжесінің сиқырлы инесін сипау арқылы ақылын алуы, сенімді серіктері болған Сұржебе, Қылаңкөк атты сәйгүліктерінің ерекше қасиеті, тылсым күшке ие болған Зәйтүнқарлығаштың диюлар, жалмауыздар жеріндегі басынан өткізген оқиғалары фэнтезиге тән ғажайып, сиқыр, тылсым сюжеттерге, адам, пері, дию, жауыздар түріндегі кейіпкерлердің күресіне құрылған. Зәйтүнқарлығаштың ғұламаның ақылымен Таңасар патшаның тағының астындағы құпия есік арқылы жер асты жолымен Отау сарайының астында орналасқан жастай шәйіт кеткен адамдар әлеміне баруы, фэнтезиге тән тірілер әлемі мен өлілер әлемінің арасында саяхаттай беруі, «қарыстай болат кілтпен» сол әлемге жол ашуы, одан әрі жалғасатын оқиғалар тізбегі классикалық фэнтезиге тән мәнерде өрбиді. Жер астындағы дүниені аралап, Ырғыз тауындағы Табиғат патшамен кездесіп, Зәйтүнқарлығаштың басқаларда жоқ күш пен қасиетке ие болуы арқылы ұйқыда жатқан сүйіктісі Ерденді табуы да ертегілік фэнтези жанрына тән сюжеттерден құралады. Ең соңында ерлік пен қиыншылықтарға толы оқиғалар желісі Зәйтүнқарлығаштың тылсым күштер мен өз жеке басының қасиеттері арқасында сүйіктісі Ерден патшазаданы құтқарып, аман-есен Жаһұт еліне оралуы, Таңасар патшаның тағына жары Ерденмен бірге отыруымен аяқталуы ертегілерге тән фэнтези жанрының айқын белгісі екендігінде дау жоқ.

1995 жылы Алматыда «Балауса» баспасынан шыққан «Алтын ара» ертегі-повесінің екінші бөлімі алты тараудан құралған «Ерден батыр» ертегісі деп аталады және алдыңғы үш тараудан тұратын «Зәйтүнқарлығаш» ертегісінің логикалық жалғасы. Осы дәйекке қарап, Т. Рымжановтың шығармаларына ертегілік фэнтези, қаһармандық және эпикалық фэнтези сипаты тән, фэнтезидің аталған үштігінің тоғысқан жерінде тұр деген тұжырым жасай аламыз.

Т. Рымжановтың «Ерден батыр» ертегі-фэнтезиі де тағы бір басты кейіпкер Ерденнің ерлікке толы шытырман оқиғаларына құрылған. Шатан атты сиқырдың бірде адам кейпіне, бірде құрбақа кейпіне еніп, Ла диюдың бірде зұлым күштер мен енді бірде адамзат баласына қызмет етуі фэнтезиге тән жақсылық пен жамандықтың жекелеген кейіпкерлер үшін шегарасының

болмауымен сипатталады. Сонымен қатар Т. Рымжанов шығармаларының тағы бір фэнтезиге тән ерекшелігі – басты кейіпкерлер Зәйтүнқарлығаш пен Ерден батырдан бөлек кейіпкерлер санының көп болуын атап өткен ләзім. «Зәйтүнқарлығаштағы» Ерденнің әкесі Танасар патша, Зәйтүнқарлығаштың әкесі Әукебай батыр, Мұхит уәзір, Алыпаспан ғұлама, Кенжеахмет бай, Жүніс, Орақбай шебер, тылсым қасиеті бар Табиғат патша, Ағдем ғұлама, Тотыбек, Қалампыр тәрізді ізгілік жасаушы кейіпкерлермен қатар, олармен жауласатын Сұртырнақ, Балықкөз, Бассүйек, Тартаң дию, Зуан патша, Шахат сиқыр, Көкжал, Қаражал, Түймебас тәрізді зұлымдық иелері де бар. Оқиға басында жағымсыз, соңынан жағымды Жортуыл тәрізді іс-әрекеті қайшылыққа толы кейіпкер де кездеседі. «Ерден батырдағы» Ерден мен Зәйтүнқарлығаштан басқа кейіпкерлердің көбі «Зәйтүнқарлығаш» ертегісінен қайталаанады, дегенмен жаңа кейіпкерлер де пайда болады. Мысалы, Мұхит уәзірдің ұрпағы Ғұмырзада, Атымтай, Жанұзақ күйші, Өтебай батыр, Арқар-Дырау, Үкілі-Бұғы тәрізді ізгі, адал кейіпкерлемен қатар Шатан сиқыр, Сейітомар, Нияр патша, бірде жауыз, бірде ізгі Ла дию, Сағымқыз сияқты кейіпкерлердің саны көп.

Т. Рымжановтың «Өлместің жұлдызы» ертегі-повесі фэнтези жанрында жазылған. Баяухан деген патшаның Өлмес атты ұлының ерліктері баяндалады. «Өлместің жұлдызы» – «Ай астындағы Айбарша сұлу», «Қыран қарауылшы» сықылды халық ертегілерінің сарынымен жазылған шығарма. Бұл фэнтези ертегісінің негізгі тақырыбы – әділеттілік пен әділетсіздіктің, парасаттылық пен парықсыздықтың, ақ пен қараның арасындағы күрес. Шығарма тыңнан қосылған Абыз ғұлама, Гүлбарша патшайым, Алшын патша, бас уәзір Зорман, Балталы батыр, Әбу Хизмет шебер, Мұтфан шайыр, Ат-Тайыр күйші, Қара дию тәрізді кейіпкерлердің характерлерін ашумен өріледі [95]. Т. Рымжановтың бұл шығармасын да қаһармандық ертегі фэнтезиіне жатқызуға болады.

1999 жылы Астанада шыққан «Гүл Ағашы» ертегі-хикаяты айдарымен жазылған фэнтезидің алға қойған мақсаты – шайтан, пері және адамзат арасындағы шиеленіскен тартыс үстінде оқырманға олардың тәрбиелік мәні мен ролін ашып беру. Перілер тарапынан жағымды да, жағымсыз да қылықтар байқалып отырса, шайтандарды тек жағымсыз әрекеттер төңірегінен көруге болады. Шығарманың басты кейіпкері – адамзат ұрпағы, жас жігіт Қарабек болса ең басында ат басындай алтын үшін шайтандарға алданып қалып, ақырында пері қызы Шәки-Жамалдың, жылан патшасы Мәлік-Ғафилдің көмегімен шайтандарды жеңіп шығып, мұратына жетеді. Алдымен пері қызына ғашық болған Қарабек соңында адамзат қызы Меруертке үйленіп, алтыннан ғылым, білім сарайын тұрғызып, бақытына жетеді. Өз халқының мұң-мұқтажын көрмей, «Алтын!», «Алтын!» деп өмір сүрген Зарлыхан патшаның ішкі шайтанын алып тастап, оны ел-жұртының қамын жейтін адал патшаға айналдырады, халқы да бақытқа кенеледі. Ертегі хикаят айдарымен шықса да фэнтези жанрында жарияланған туынды ақ пен қараның, жақсылық пен жамандықтың, әділеттілік пен әділетсіздіктің күресінде ақ жеңіп, қара жеңіліп, ертегі үлгісінде тәмәмдалады. Мұнда да кейіпкерлерінің саны көп, адамзат, перілер әлемі, шайтандар әлемі арасындағы шегараларының болмауы, өлілер



әлемі мен тірілер әлеміне бірдей саяхаттап жүре беруі тәрізді және басқа фэнтезиге тән белгілер анық байқалады [96]. Фэнтезиге тән сипаттар мен белгілер Т. Рымжановтың «Күн перзенттері» [97] және басқа ірілі-ұсақты шығармаларында айқын байқалып отырады.

Әлемдік фэнтези тәрізді қазақ фэнтезиінің, соның ішінде балалар фэнтезиінде өзіндік даму жолы, кезеңдері бар. Фольклордан бастау алған фэнтезидің арнасы ұлғайып, іштей түрленіп жетіліп келеді. Қазақ балалар фэнтезиінің даму бағыттарына қарай шартты түрде үш кезеңге бөлуге болады.

Т. Рымжанов шығармашылығын 1984 жылдан алғаш рет жарияланған «Зәйтүнқарлығаштың ерлігі» ертегі-повесінен бастап, 2010 жылы жарияланған «Күн перзенттері» ертегі-хикаяттарымен аяқталған қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының пайда болып, қалыптасуының I-кезеңі деген тұжырым жасауға болады. Қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының қалыптасуының I-кезеңі өткен XX ғасырдың 80-90 жылдары деген түйінге келеміз. Яғни, Қазақстан тәуелсіздігін алғанға дейінгі, Кеңес Одағының соңғы 10 жылдығы. Себебі, шығармаларының басым бөлігі кейінірек жарияланғанымен, Т. Рымжановтың фэнтези жанрында белсенді шығармашылығы сол тұсқа сәйкес келді.

Қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанры дамуының II-кезеңі еліміз тәуелсіздігін алған алғашқы онжылдығы, яғни 1990-2000 жылдар аралығы деген пайымға келдік. Себебі осы кезеңде әлемдік фэнтези әдебиетінің озық туындылары ағылшын тілінен орыс тіліне аударылып, елімізге кеңінен тарала бастады. Сол шетелдік авторлардың танымал туындыларының, фэнтези фильмдері мен анимациялық туындыларының әсерімен қазақ әдебиетіндегі қазақ және орыс тіліндегі фэнтези элементтері бар жекелеген шығармалар дүниеге келе бастады.

Қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанры дамуының III-кезеңі 2000 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін жалғасып келеді. Бұл кезеңде қазақ әдебиеті фэнтезиінің шарықтау шегіне жетіп, кейінгі толқын жазушылардың фэнтези шығармалары кеңінен таралып, танымал бола бастады. Фэнтези жазып жүрген жазушылардың бірі – Р. Сауытбай. Р. Сауытбайдың «Шоко әлем» фэнтези сериясы 2019 жылдан бастап 2023 жылға дейін жалғасып келеді. 2019 жылы алғаш рет Алматыда жарияланып, 2021 жылы қайта басылған «Шоко әлем» фэнтези сериясын эпикалық элементтері бар шытырман оқиғалы жасөспірімдер фэнтезиіне жатқызуға толық негіз бар. Басты кейіпкерлер апалы-інілі жасөспірімдер Элия мен Райл табиғат аясында демалуға барып, әкелерін іздеп жүріп, әжелері айтқан үңгірге тап болады. Қалай екені белгісіз, үңгірдің іші оларға таңғажайып Шоко әлеміне жол ашады. Шоко әлемінің ең қызығы, бұл жерде үйлер, әртүрлі бұйымдар шоколадтан жасалған. Шоко әлемінің тұрғындары, шокилер тұздейімдіктермен бір-біріне ежелден бері бітіспес жау еді. Жан-жағының бәрін тұздамақшы болған тұздейімдіктер үстемдік құрмақ болып, шокилерден сиқырлы шоколад дәндерін ұрлап әкетеді. Онымен қоймай, Элия мен Райлдың әкелерін де ұстап алады. Екі жас батырға әкелерін құтқару үшін шокилерге көмектесіп, бірге әрекеттер жасауға тура келеді. Бірақ олар мақсаттарына жету үшін сиқырға толы елдер мен кедергілерден өтуі тиіс

болады. Бұл – өте қиын және қауіпке толы жол. Өйткені олар бір-біріне дұшпан болып кетуі де ғажап емес еді [98]. Шококент қаласының тұрғындары шокилерге әжелерінің айтқан ертегісіндегі табиғат аясында тығылмақ ойнап, әкелерін іздеп жүріп, үңгір арқылы келген басты кейіпкерлер Элия мен Райл таңғажайып Шоко әлемге тап болады. Фэнтезиге тән адамзат әлемінен ерекше жаратылыс иелері әлеміне тап болған жасөспірімдер шокилермен достасып, сиқырлы шоколадтың дәндерін ұрлап әкеткен және әкелерін ұстап алған түздейімдіктермен арада өрбитін шытырман оқиғаларға ұшырайды. Бұл шығармада фэнтезиге тән кейіпкерлердің көптігі, олардың характерлері мен көпқырлылығы байқалады. Басты кейіпкерлерден бөлек шокилер Шоқай, Арц, Шоко әлемнің билеушісі Шокохан, Бастуар уәзір, аспанда жүзетін кеменің Дойын атты капитаны, ғұлама Нуа ұстаз, оның немересі Рауза, ұстаз берген сиқырлы, қасиетті кітап, Елдес, қара күш пен қара сиқыр иесі Митр Дожан, Ақғам қарға, Теруес періште, Испал, Ғанун еліндегі Сірет Аштап патша, қасиетті Қайн кітабы, Пекуәмір жұлдыз құтқарушысы, Баяуөлгей еліндегі баяу сөйлейтін Баяуран, түздейімдіктердің патшасы Удай Қаруас, оның бас уәзірі Борбор, оның досы Хермес, қояншық Қоянкір немесе Коки, жасыл дәу айдаһар, алып жүректі динозаврлар әлемі, Туар-дд, Архилік Арай апа, кішкентай қыз Шери, Мармур балықшы. Қасиетті кітап пен білімдерінің көмегімен түздейімдіктерді алапат шайқаста жеңген басты кейіпкерлер әкелерін де құтқарып, шокилердің шоколад дәнін де қайтарып, көздеген мұраттарына жетеді. «Шококентте бәрі бұрынғы қалпына келіп, ол жақта мәз-мейрам болып жатты. Тұрғындары бірін-бірі құттықтап, екі батырды мадақтап жатты. Тәтті өмір қайтадан басталды. Шоколад әлемі тәтті сәттерге толуда», - деп аяқталады бұл таңғажайып оқиға [98, б. 265].

Р. Сауытбайдың «Шоко әлем» фэнтези сериясының екінші кітабы «Шоко әлем. Тылсым эллипсаһар» деп аталады, Алматы қаласында 2020 жылы жарық көрген. Бұл туындыда алдыңғы кітаптың басты кейіпкерлері Элия мен Райлдың басынан кешкен шытырман оқиғалары баяндалады. Олар бір күні әжелері айтып берген үңгір арқылы қайтадан Шоко әлеміне түседі. Ол жерде ғажайып нәрселерді үйрететін «Эллипсаһар» мектебіне шақырылады. Бірақ бәрі біз ойлағандай оңай болмайды. Өйткені қара ниеттілер қара сиқыр үйреніп, өз жоспарларын құруда. Олар қоян Кокидің жер бетінен әкелген сиқырлы тастан хабардар [99]. Элия мен Райл Нуа ұстаздың өздеріне жазған, Коко шоки арқылы жолдаған хатын алып, ұшатын табақшалары туралы мәлімет естіп, қайтадан ғажайыптың күшімен Шоко әлеміне аттанады. Ол хатта «Эллипсаһар» аркуа мектебінің директоры Нуа Дегдар: «Сәлем, Элия мен Райл. Тез арада бізге келулерің қажет. Шокохан және ақсақалдармен ақылдаса отырып, сендерді аркуа мектебінде оқытуды жөн көрдік. Мына жаққа келгенде бәрін түсіндіремін. Сендер керексіңдер», - деп жазады [99, б. 15]. Кокимен бірге Шоко әлемге келген Элия мен Райл кілембусқа (ұшатын кілем) отырып, Нуа ұстазға жолығып, Шоко әлемін аралайды. Нуа Дегдардың шақыртуымен оқуға келген Элия мен Райл «Ең маңыздысы – Эллипсаһарда тылсымға толы кітап қорымен ерекшеленетін ежелгі кітапхана бар. Бұл кітаптарға қолы жете алмай

жүргендер көп» екенін біледі [99, б. 67]. Мұнда алдыңғы кітаптағы кейіпкерлерден бөлек адамзат әлеміндегі Сары қыз, Аблажан әпке, отбасындағы кенжелері Байман, Шоко әлеміндегі Эллипсаһар аркуа мектебінің профессорлары Тиеса Марман, Меди Сина, Сайман мырза, Алтын Бүбі ханым, кілембус сататын Ғайда мырза, Бажой, Ашхн, Слаймхал есімді Эллипсаһар оқушылары, тұздейімдіктер жерінде қаһарлы Истискал Қарһ және басқа жаңа кейіпкерлер пайда болады. Эллипсаһар аркуа мектебіне келген Элия мен Райлға Нуа Дегдар: «Аркуа. Бұл мектепке келу себептерің – аркуа үйрену. Аркуа дегеніміз не? Аркуа – жаратылыстың тілі...<...>... Шайқас пен қорғаныс, емдеу мен денсаулық, жануарлар мен өсімдіктер, тамақ әзірлеу, кілембус, тағы сол сияқты көптеген аркуалардың негізгі түрлерін үйренетін боласындар», - деп түсіндіреді [99, б. 81]. Эллипсаһар аркуа мектебінен терең білім мен тылсым жаратылыс заңдылықтарын оқып келген Элия мен Райл еліне оралған соң, «Екеуі жүріп бара жатып жолдағы ағаштың жанынан өтеді. Райл қолымен жапырақтарды ұстап көреді. Жасыл әдемі жапырақтары өзгеше екен...<...>... – Біздің жақта әр нәрсе – аркуа ғой, ғажап! Маған енді бәрі басқаша көрінеді», - деді [99, б. 346].

Р. Сауытбайдың «Шоко әлем» фэнтези сериясының жалғасы «Шоко әлем. Ғажайып тас» деген атаумен Алматы қаласынан 2022 жылы басылып шықты. Бұл кітапта да басты кейіпкерлер Элия мен Райлдың басынан кешкен шытырман оқиғалары суреттеледі. Аркуандар мен олардың жаулары қарсұндардың арасында нағыз шайқас басталады. Қара күш иесі Истискал одан әрі күшейіп, мақсатына жетуді көздейді. Оның бұл ойын бұрыннан бері сезіп жүрген Нуа Дегдар ғажайып тастың күшін зерттеп жатыр. Райл мен Элия бұл жерде өз достары Шоко әлемі тұрғындарынан көмектерін аямайды. Бірақ олардың дұшпандары әлдеқайда күшті болып шығады. Шоко әлемінде ендігі жерде нағыз кескілескен шайқастар кезеңі басталады. Алдыңғы сериялардағы кейіпкерлерге Сесле Икей, Бабасал, Турл шаман-мырза, Онжав Ен ханым, Қохқане бикеш, Слоймарна Зу, Түлблей Хох, Ортри Эдма ханым және басқалары қосылады. Ғажайып тас - «Мәндітас әлсін-әлсін сәуле шашып тұр. Ішіндегі мағыналар күшке айналып жатқан болар. Нуа ұстаз таңғалып, тастан көз алмай тұр. Ол өмірінде мұндай күшті бірінші рет көріп отыр. Демек, кітаптағы аңыз – аңыз емес, шындық. Қасиетті кісінің жазып кеткені рас болып шықты. Мағына, амалдар күшке айналады. Сондай-ақ мұның жолы бар екен. Бұл аркуа түрі бізге нәсіп болды. Мың да бір шүкір. Аркуандардың бірлігі, ғажайып тастың көмегімен Райл мен Элия қарсұндарды жеңіп, тәтті Шоко әлемі артта қалды. Екеуіне Жерге кіру бұрынғыдан әлдеқайда қиын болды. Сыйлықтар тым көп. Біраздан соң олар Қаражардың иісін сезе бастады. Тағы кішкене арпалыстан соң Қаражардың етегінен шықты. Кештің кезі екен. Шоки сенгісіз... күн домалақ. Теректердің жапырақтары кәдімгі ағаштікі сияқты жайқалып тұр. Ай да домалақ екен. Балалар таңғажайып әлемге шыққанын байқады [100].

Р. Сауытбайдың «Шоко әлем» фэнтези сериясының тағы екі кітабы жарық көрді. Олар - «Шоко әлем. Алоэна құпиясы» (2022) және «Шоко әлем. Сұйық тәж» фэнтезилері (2023).

«Шоко әлем» фэнтези сериясының авторы Р. Сауытбайдың айтуынша, бұл фэнтези сериалының әлі де жалғасы бар, аяқталмаған шытырман оқиғалы, жасөспірімдерге арналған эпикалық фэнтези элементтері айқын байқалатын шығарма. Әлемдік классикалық фэнтезиге тән оқиғалардың бастауы, күрт шиыршықтанып, шиеленісуі, ғажайып құбылыстың немесе заттың көмегімен адамзат әлемінен басқа, автордың ойлап тапқан қиял әлеміне көшуі, өмірде болмайтын, ойдан шығарылған кейіпкерлер мен мақұлықтардың саны мен түрлерінің көп болуы, оқиғаның шарықтау шегіне жетуі, ақ пен қараның, жақсылық пен жамандықтың, әділеттілік пен әділетсіздіктің мәңгілік күресі, ізгілік жасаушы кейіпкерлерінің жеңісімен қатар трагедиялық құрбандыққа шалынуы, кейіпкерлердің бір әлемнен бөгде әлемдерге тылсым күштің немесе сиқырлы заттың көмегімен саяхаттап жүруі, өлілер әлемі мен тірілер әлемінің арасындағы кей кездерде шегаралардың бұзылуы тәрізді құбылыстар Р. Сауытбай фэнтезиіне тән.

Соңғы жылдары қазақ әдебиетіндегі танымалдығы мен сұранысы күрт ұлғайған фэнтези шығармаларының арасында тағы бір шоқтығы биік фэнтези сериясы – З. Наурызбай мен Л. Калаустың «Бату мен достарының Алтын тостағанды іздегені» (Алматы, 2022), «Бату мен достарының Барсакелмес еліне саяхаты» (Алматы, 2022), «Бату мен достарының жұлдыздар елі Айдалаға саяхаты» (Алматы, 2022) кітаптарынан тұрады.

З. Наурызбай мен Л. Калаустың «Бату мен достарының Алтын тостағанды іздегені» повесі фэнтези жанрында жазылған, жасөспірімдерге арналған сериялы кітаптардың қатарына кіреді. Кітапта қызғылықты оқиғалар мектептегі сабақтарынан шаршап, тентек сыныптастарынан жәбір көріп жүрген Бату деген баланың өмірінің бір сәтте өзгеруінен басталады. Күнделіктің мұқабасындағы суреттен шыққан Сақ патшазадасы Аспара баланы адам аяғы жетпес жерге сапарға ертіп әкетеді. Сол сапардан кейін-ақ Батудың әр күні шытырман оқиғаларға толы болады. Жылан патшасы Бапы ханның еліне барғанында Бату небір қызық жағдайларға тап болады. Қандай қауіпті сапар болса да, Батудың қасында айнымас, сенімді серіктері болады. Ал, жолбасшылары – туған елінің тарихы мен көне мәдениеті, аңыздары мен шежірелері болды [101]. «Есімім – Аспара. Ал қайдан келгенімді түсіндіру қиындау. Сенің күнделігіңнің мұқабасынан десе де болады, сендердің дүниелеріңмен шектес тылсым дүниеден десе де болады», - деп [101, б. 16] басталатын шытырман оқиға Батуды ұлттық айшық пен дәстүрге өрілген тылсым, қиял әлеміне елітіп әкетеді. «Түсінемісің, біздің іздейтініміз қазына емес. Алтын тостаған – дүниедегі ең құнды, ең бағалы тостаған және алтын болғанынан да емес... Оны алдымен табу керек!», - деген [101, б. 24] жерден бастап Бату мен оның достарының Алтын тостағанды іздеу жолындағы шытырман оқиғалар желісі басталады. Фэнтези повесінде басты кейіпкер Бату мен Саша және достары, Руслан (Скорпион), Қайрат тәрізді сыныптастары, Сақ

патшазадасы Аспарадан бөлек ежелгі халық аңыздарының өкілдері Тарғылтай аңшының ұлдары Липоксай, Арпоксай мен Колаксай, домбырашы қыз Дана, Мыстан кемпір, Жезтырнақ, Тәңір-ана, Ұмай ана-Баян, Қозы, жылан патшасы Бапы хан, Қадиша, Тұмар, Шахрух, Скоробогат шал және басқалары сипатталады.

Аспара күрсінді: «Мен о дүниеде өмір сүрем ғой. Өмір сүрем деуге келмес... Мекен етемін. Ал біздің дүниелеріміздің арасындағы Есік күнде ашыла бермейді. Сенің дүниендегі адамдар мынандай тамаша бұйымдарды жасағаны қандай жақсы!», - деген [101, б. 56] жерінде фэнтезиге тән адамзат, тірілер әлемі мен өтіп кеткен заман өкілдері – өлілер әлемі арасындағы шегараның болмауы айқын байқалады. Бату мен оның достары тірілер әлемінен ежелде өмірден өтіп кеткен өлілер әлеміне, одан кері тірілер әлеміне өтіп жүре береді. Тіпті Бату Жер астындағы жыландар патшасы Бапы ханға да қонаққа барады. Жылан патшасы Бапы хан Батуға: «Нағыз ер жауынгердің бойында қолдың бес саусағындай бес қаруы болуы шарт. Бұл – жақсылығына тартқан сыйым», – деп Батуға найза мен шоқпар, қылыш пен қанжар, садақ пен жебе беріп, дулыға мен кіреуке кигізіп, қалқан іліп, ерекше күш сыйлайды [101, б. 76].

3. Наурызбай мен Л. Калаустың фэнтезиінде өскелең ұрпақты ұлттық дәстүр мен тәрбиеге баулуға бағытталған тұстары да ерекше. Мысалы, қазақтың ұлттық музыка аспабы домбыраның күйші Таласбек Әсемқұловтың зерттеулеріне сүйене отырып пернелерінің дәстүрлі атаулары келтіріледі: Оғыз перне, Бас перне, Тылсым перне, Еңірелі перне, Қашаған перне, Жетім перне, Жуас перне, Көсем перне, Мұңлық перне, Даңғыл перне, тағы да Қашаған перне, Жетім перне, Емірелі перне, Шешен перне, Үйсіз перне (шала шағырмақ), Шағырмақ перне, Құсар перне, тағы бір Қашаған перне, Кет-Бұқаның пернесі, Шыңырау перне, Кәдесіз перне, Табалдырық перне, Тысқары перне [101, б. 131].

Ол оралған Самұрық еді. – Самұрық? – деп басын жерден жұлып алды Бату. Бетін жас жуып кетіпті. – Иә, Бәйтеректің басына ұя салған, Аспара іздеген Самұрық. Мезгілі жеткенде анасынан тумақ болған балалардың жандары соның аумақты ұясында жетілетін. Сөйтіп, соңыра олар дана, сазгер, ақын, батыр болып дүниеге келетін. Жарты аспанды алып, үш күн, үш түн тынымсыз жалаңдаған от түнде қып-қызыл шоқ болып, ал жетер төңірекке түгел көрініп тұрды. Самұрық күндіз-түні қызыл өрттың үстінен ұшумен болды. Бірақ байғұс құс ес кірмеген балапандардың бәрін қайдан әкете алсын? Содан қайтіп Самұрықты ешкім көрген емес [101, б. 135]. Бұл жерде фэнтезиге тән ежелгі қазақ аңыздары мен мифологиялық сарынды байқаймыз.

3. Наурызбай мен Л. Калаустың «Бату мен достарының Барсакелмес еліне саяхаты» кітабы алдыңғы фэнтезидің жалғасы. Бұл кітапта балалар Алтын тостағанды іздеп, сиқырлы, ғажайыпқа толы Барсакелмес еліне саяхат жасайды. Бұл сапар қиындықтар мен қызыққа толы болады. Барлық оқиға жерасты әлемінде өрбиді. Қазақ және әлем мифологиясы мен тарихына саяхат десе де болады. Бату мен оның достары Барсакелмеске көне заманнан келе жатқан

мифология, аңыз, тарих кейіпкерлерімен бірге саяхаттайды. Балалар Алтын тостағанды іздеу жолында қиын да қызықты шытырман оқиғаларға тап келеді [102]. Мұнда да басты кейіпкер Бату мен достарының ізгілік пен ерлікке толы шытырман оқиғалары ұлттық мұра құндылықтарымен байланыстырыла отырып баяндалады. Оқиғалар барысында Бату мен оның сенімді достарынан басқа Санжар Жеңісұлы, Зигфрид, Вольфганг, Кислицындер, Қаратай, Тастүлек, Бөлтірік, Түймебас, құбыжық өзен айғырлары, Қозы Көрпеш-Баян Сұлудағы Қодар, Эхидна, Жексенбай, мешіндер және басқа кейіпкерлер мен құбыжықтар кезігеді.

Барсакелмес еліне саяхатқа аттанған Бату мен достары күллі түркі жұртына ортақ аңыз адам Қорқыт атаның өзімен кездесіп, қобызының әуенін тыңдап, шынайы рухани күш алады. Фэнтезиге тән суреттеу мұнда да кездеседі. Сәулелер жарқырап, қозғала бастады. Жұлдыздар барған сайын тез айнала бастады. Сәулелер бірігіп кетті де, қазан үлкейіп кеткендей көрінді. Мынау ғажайып көріністен бас айналып қалған адамдар одан көз ала алмай қалды. Серіппе уақытты кері, сонау бастауына қарай айналдырып жібергендей... Жел, жарық, жылу, түстер мен дыбыстар қайта тірілді [102, б. 282]. Бату мен достарының тарих пен аңызға баулитын бұл шытырман оқиғасы да басты кейіпкерлердің мұратына жетуімен, жақсылықтың жамандықты жеңуімен аяқталады. Дегенмен, З. Наурызбай мен Л. Калаустың фэнтези оқиғаларының Т. Рымжанов пен Р. Сауытбай фэнтезилерінен айырмашылығы – олар да шытырман оқиғалы жасөспірімдерге арналған эпикалық элементтері бар фэнтези болғанымен, кейіпкерлер жекелеген жыландар, балықтар, құбыжықтар мен мешіндерге кезіккен кезеңдерде болмаса, көбінесе адамзат арасында, өткен аңыз бен тарих қойнауында қалған ұлттық және әлемдік мәдениет, әдебиет мұраларымен жіті танысып отырады. Осы тұрғыдан келгенде, З. Наурызбай мен Л. Калаустың фэнтезиін жасөспірімдерге арналған ғылыми-танымдық фэнтезиге де жатқызуға әбден болады.

З. Наурызбай мен Л. Калаустың үшінші кітабы «Бату мен достарының жұлдыздар елі Айдалаға саяхаты» алдыңғы екі кітаптың сериялық жалғасы десек те болады. Кітап қазақ мифологиясы мен тарихы, дәстүрі жайлы танымды арттырып, қызық оқиғалармен өрілген. Авторлардың шеберлігінің арқасында оқырман Бату мен достарымен бірге саяхаттап, оқиғалардың куәгеріндей немесе сол жайлы фильм көріп отырғандай әсерге бөленеді. Алдыңғы кітапта балалар жерастына саяхат жасаса, бұл үшінші кітапта олар аспан көгіне саяхат жасайды. Бұл – нағыз достық, сенім туралы кітап. Кітаптың ерекшелігі – балаларға ғана емес, ересектерге де қызықты болуында. Бұл кітапта да алдыңғы сериялардағы кейіпкерлермен оқырман қайта жүздеседі [103].

Қазақ әдебиетіндегі «қара» фэнтезиге тоқталатын болсақ, Тұрысбек Сәукетаевтың «Жұлдыз» журналының 2021 жылғы шілде айының жетінші санында жарық көрген «Өлгендер қайтып келеді (Мен – жындымын 2)» әжуә аралас мұңлы роман-фэнтезиі мен Оралхан Бөкейдің «Қар қызы» повесін жатқызуға толық негіз бар. Бұдан бөлек, қарымды қаламгер Мақсат Рамазанұлының «Ажалмен бетпе-бет», «Бассыз бөрі», «Ертегіші қыз»

әңгімелері мен талантты жазушы Бақытбек Қадырдың «Жасыл шатырлар» әңгімесінен де «қара» фэнтезилік сипаттарды байқай аламыз. «Жұлдыз» журналының 2021 жылғы №7 санына жарияланған Тұрысбек Сәукетаевтің «Өлгендер қайтып келеді» романынан мысал келтірсек: Өне-әне, көріп тұрмын, сіздің екі көзіңіз стаканның аузындай дөңгеленіп, шекеңізден бір-ақ шықты; басыңызды үсті-үстіне шайқап-шайқап жібердіңіз: «О, тоба, жындыға не дауа, сөзін қарашы!», - дедіңіз. Мейлі ғой, дей беріңіз. Өйткені сіз өліп көрген жоқсыз, сондықтан сіз білмейсіз. Ал, мен өліп көрдім. Өлгенде қандай, осыдан екі-ақ секунд бұрын тіл тартпай тырапай астым. Полиция лейтенантының жамбасында салақталған тапаншаны білдірмей суырып алдым да, самайына тіреп тұрып, әкемнің ішпей келген күні ылғи ұйықтарда ұзақ-ұзақ күбірлейтін дұғасы қалай тіліме орала кеткенін білмеймін, «Лә-илаһа-ил-аллаһ, Мұхаммәд расул Аллаһ» деп шүріппені басып қалдым [104].

Қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрында жазылған шығармалардың көпшілігін ертегі фэнтезиіне жатқызуға болады. Мұндай фэнтези туындыларының шығарма желісі көбіне ертегіге ұқсайды. Мәселен, Толымбек Әбдірайым, Нұрдәулет Ақыш, Әлібек Байбол, Әдина Жүсіп, Мәдина Омарова, Разия Ақпар ертегілері мен әңгімелері, драмалық шығармалары осы жанрға тән. Мәселен, Разия Ақпар шығармасынан:

Бір кезде ақшақар жерге жаймен құлап түсті. Ол таза ауа жұтып, әнін айтып, қуанып жатып көзі жаныңдағы ақшақарға түсіп кетті. Үсті кір, көңілсіз туысын көріп, сұрайды:

– Сәлем! Мен жаңа ғана аспаннан түскен ақшақармын! Сен жерде қашаннан бері жатырсың?

– Жерге түскенің – сенің ойыңша үлкен қуаныш. Бірақ бұл өтірік. Менің жерге түскеніме 1 айдай болды. Басында сендей қуанған едім, қазір болсам өкініп отырмын.

– Неге?

– Жердегі адамдар зауыттар мен фабрикалар салды. Одан шыққан лас дүниелер ауаға тараған. Көрмейсің бе, қап-қарамын. Мені кім ақшақар дейді? Сен жерге жатқан соң, адамдар аяғымен басып өтеді. Балалар келіп бір-біріне лақтырады. Меніңше, осы жердің бетінде сен бір апта болсын тірі қалмайсың. Қалсаң да көктем жеткенде еріп кетеміз [105].

Әзіл-сықақ фэнтезиі. Қазақ әдебиетінде юморлық фэнтезидің сипаты бар. Мысалы, Толымбек Әбдірайымның «Кітап мұңы» әңгімесінде юморлық нышандар басым. Бала шығарманы оқи отырып, кітаптың қадірін түсінеді. Мәселен, «Жұлдыз» әдеби-көпшілік журналының 2021 жылдың №8 санында жарияланған жазушы Толымбек Әбдірайымның «Кітап мұңы» әңгімесінен үзінді келтіруге болады. Кіші бесін. Сынып іші тым-тырыс. Қос әліппе кездесіп қалды. Бірі – мұнтаздай таза, әдемі киінген, өзі жас. Екіншісі – бетіне шимай-шимай, әжім түскен, жүдеу. Белі бүкірейіп, қартайған [106].

Реалистік немесе альтернативті фэнтези. Оқиғалар шындыққа жанасып өрбиді. Бірақ сиқыр мен қиялдың қоспасы болады. Фэнтезидің мұндай түріне Асқар Алтайдың («Кентавр»), Қалмақан Әбдіқадыровтың («Мақташы қыз»),

«Амантай» ертегі-әңгімелері), Толымбек Әбдірайымның («Айжанардың арманы», «Жақсылыққа – жақсылық», «Кітап мұңы» ертегі-әңгімелері), Марғұлан Ақанның «Бұлттағы ауыл» әңгімесі мен жас жазушы Нұрбек Нұржанұлының «Кітап патшалығы» әңгімесі жатады. Мысалға: Сәл өтпей қызыл, жасыл, көк, сары шарлар жоғары көтеріле берді. Әуелеп үйлердің төбесінен де асып барады [107].

Қазақ әдебиетінде орыс тілінде жазылғанымен, қазақ әдеби мұрасына кіретін Ержан Есімхановтың «Война» атты фэнтези романы, орыс тіліндегі «Дастан мен Арман» фэнтези жанрында жазылған шығарма авторы Ильмаз Нұрғалиевты атауға болады. Бұлардан басқа Адам Қанаевтың «Воздушное кочевье» роман фэнтезиінде Аңсар деген аңшы жігіт пен оның сүйген жары, айдай сұлу Нұрияның асыл махаббаты оқиғаларға арқау болады. Белгілі қаламгер Тимур Ермашевтың «Воскрешающий легенды» фэнтезилік шығармасында екі дос тылсым жағдайда болған апаттан кейін қазақ тарихындағы белгілі «Орбұлақ шайқасының» жауынгерлеріне айналып кетеді.

Фэнтези жанрында жазылған және әлі де жазылып, жарияланып жатқан шығармаларды, сараптай келе, аталған жанрдың қазақ әдебиетіндегі жіктелісін келесі 1-кесте түрінде ұсынуды жөн көрдік.

Кесте 1 – Қазақ әдебиетіндегі фэнтези шығармаларының жіктелісі

Фэнтези түрлері	Қазақ әдебиетіндегі фэнтези шығармалары мен авторлары	Ескерту
1	2	3
<b>Фэнтези шығармаларының жанрлық белгілеріне байланысты жіктелуі</b>		
Эпикалық фэнтези	Жасөспірімдер мен балаларға арналған Р.Сауытбайдың «Шоко элем» фэнтезилер сериясы және т.б.	Қаһармандық және батырлық фэнтези элементтері кездеседі
Қаһармандық және батырлық фэнтези	З.Наурызбай мен Л.Калаустың «Бату мен достарының Алтын тостағанды іздегені» фэнтезиі, Т. Ермашевтың «Воскрешающий легенды», И.Нұрғалиевтың «Дастан и Арман: начало и первое задание» фэнтезиі, Б. Болатханованың «Мейірбан жанарлар елінде» ертегі-фэнтезиі және т.б.	Эпикалық, шытырман оқиғалы, «қара» және балалар фэнтези элементтері кездеседі.
Діни фэнтези	-	Діни фэнтези шығармалары қазақ әдебиетінде әзірше жарияланған жоқ
Шытырман оқиғалы фэнтези	Жасөспірімдер мен балаларға арналған Р.Сауытбайдың «Шоко элем» фэнтезилер сериясы. З.Наурызбай мен Л.Калаустың «Бату мен достарының Алтын тостағанды іздегені» фэнтезиі. А.Түлембаеваның «Дамока және оның достары» фэнтезиі.	Көбінде фэнтезидің бұл түрі эпикалық фэнтезимен де қабысып, байланысып жатады.
Ертегілік фэнтези	Т.Рымжановтың «Зәйтүнқарлығаш», «Ерден батыр», «Гүл ағашы», «Өлместің жұлдызы» шығармалары, Ә.Жүсіпова ның «Өрмекші айтқан ертегі» ертегі-	Эпикалық, қаһармандық және батырлық, «қара» және балалар фэнтези элементтері кездеседі.



1-кестенің жалғасы

1	2	3
	<p>әңгімесі, Б.Өмірзақтың «Айдаһар жү рек» фэнтези-романы, Р.Ақпардың «Ақ шақар арманы» фэнтези-ертегісі және т.б.</p>	
<p>Стимпанк-фэнтези</p>	<p>Д.Мамырбаеваның «Роботтар отбасы» фэнтези-фантастикалық әңгімесі және т.б.</p>	<p>Ғылыми фантастика элементтері мен балалар фэнтезиінің элементтері кездеседі.</p>
<p>Әзіл-сықақ фэнтезиі</p>	<p>Толымбек Әбдірайымның «Кітап мұңы» әңгімесінде юморлық нышандар басым. Қазақ әдебиетінде таза әзіл-сықақ фэнтезиіне жатпаса да трагикомедиялық сарында жазылған Т.Сәукетаевтың «Мен - жындымын» және оның жалғасы ретінде «Өлгендер қайтып келеді» (Мен - жындымын-2) мұңлы фэнтези-романын атауға болады</p>	<p>Әзіл-сықақ фэнтезиінде эпикалық оқиғалар әжуа ланады, ал Т.Сәукетаев та қазіргі біздің елдегі қалыптасқан жағдайлар баяндалады, бірақ психологиялық фэнтезиге де жатқызуға әбден болады</p>
<p>Әйелдер фэнтезиі</p>	<p>-</p>	<p>Әйелдер фэнтезиі шығармалары қазақ әдебиетінде әзірше жарияланған жоқ.</p>
<p>Психологиялық фэнтези</p>	<p>Біздің қазақ әдебиетінде психологиялық фэнтези шығармасына жататын Тұрысбек Сәукетаевтың (Тауфих Шеғиридің) «Өлгендер қайтып келеді» (Мен - жындымын-2) атауымен шыққан романын атап көрсетуге жарайды.</p>	<p>Әзіл-сықақ фэнтезиінде кездесетін элементтер байқалуы және трагикомедиялық сарында жазылуы мүмкін.</p>
<p>«Қара» фэнтези</p>	<p>Тұрысбек Сәукетаевтың «Өлгендер қайтып келеді (Мен – жындымын 2)» әжуа аралас мұңлы роман-фэнтезиі мен Оралхан Бөкейдің «Қар қызы» повесін жатқызуға толық негіз бар. Мақсат Рамазанұлының «Ажалмен бетпе-бет», «Бассыз бөрі», «Ертегіші қыз» әңгімелері мен талантты жазушы Бақытбек Қадырдың «Жасыл шатырлар» әңгімесінен де қара фэнтезилік сипаттарды байқай аламыз. Қ.Мұбарактың «Құбыжық» қара фэнтези-әңгімесін және т.б. жатқызуға болады.</p>	<p>Фэнтезидің бұл түрінде кез-келген бағыттағы фэнтези оқиғалары арқау болуы мүмкін.</p>
<p>Реалистік немесе альтернативті фэнтези</p>	<p>Асқар Алтайдың («Кентавр»), Қалмақан Әбдіқадырдың («Мақташы қыз», «Амантай» ертегі-әңгімелері), Толымбек Әбдірайымның («Айжанардың арманы», «Жақсылыққа – жақсылық», «Кітап мұңы» ертегі-әңгімелері), Марғұлан Ақанның «Бұлттағы ауыл» әңгімесі мен жас жазушы Нұрбек Нұржанұлының «Кітап патшалығы» әңгімесі жатады.</p>	<p>Фэнтезидің бұл түрі шынайы өмірдің оқиғаларымен сабақтаса өрбиді және мұнда жасөспірімдер мен балаларға арналған ертегі, шытырман оқиғалы фэнтези элементтері де кездеседі</p>

1-кестенің жалғасы

1	2	3
Поэзиялық фэнтези	Т.Таймасұлының «Мақтаншақ қарға», «Қарлығаш пен сауысқан» өлеңдерін жатқызғанымызбен оларды мысалға да жатқызуға болады. Демек, бұл мәселе әлі де зерттеуді қажет етеді.	Ғылыми тұрғыдан басы ашылмаған, әлі де зерттеуді қажет ететін мәселе.
<b>Фэнтези шығармаларының оқиғалар өрбитін орнына байланысты жіктелуі</b>		
Ғарыштық фэнтези	Н.Кенжеғұлова «Ғарыштың аманат баласы» фэнтези-фантастика әңгімесі және т.б.	Фэнтезидің бұл түрі көбінесе фантастика мен шытырман оқиғалы фэнтези элементтерін біріктіреді.
Әлем фэнтезиі	Т.Рымжановтың «Зәйтүнқарлығаш», «Ерден батыр», «Гүл ағашы», «Өлместің жұлдызы» туындылары.	Фэнтезидің бұл түрі көбінесе эпикалық және шытырман оқиғалы фэнтези элементтерін біріктіреді
Картадағы мемлекет немесе қала фэнтезиі	-	Фэнтезидің бұл түрі көбінесе эпикалық, шытырман оқиғалы, қорқынышты, құпия, «қара» фэнтези элементтерін біріктіреді.
«Жер асты» фэнтезиі	Т.Рымжановтың «Зәйтүнқарлығаш», «Ерден батыр», «Гүл ағашы», «Өлместің жұлдызы» ертегі-хикаяттарында басты кейіпкер мен басқа да кейіпкерлер жер бетінде, жер астында да «көшіп», түсіп, шығып жүре береді және т.б.	Фэнтезидің бұл түрі көбінесе эпикалық, ертегілік, шытырман оқиғалы, қорқынышты, құпия, «қара» фэнтези элементтерін біріктіреді.
«Мұхит, теңіз, су асты» фэнтезиі	Н.Мұратәлиевтің «Жасыл көлдің құпия тұрғыны» шығармасы.	Фэнтезидің бұл түрі көбінесе ертегілік, шытырман оқиғалы, қорқынышты, құпия, «қара» фэнтези элементтерін біріктіреді.
<b>Фэнтези шығармаларының оқырмандардың жас мөлшеріне қарай жіктелуі</b>		
Балалар фэнтезиі	Б.Ыбырайымның «Аспандағы саяхат»	Ертегі, шытырман.
	фэнтези ертегісі, А.Түлембаеваның «Дамока және оның достары», З.Төреханның «Күйекөбелектер шаһары» фэнтези-әңгімелері, Ж.Есқуаттың «Оралу» фэнтези-әңгімелері қатарындағы шығармасы және т.б.	оқиғалар элементтері көбірек кездеседі, қарапайым, балаларға түсінікті тілмен жазылады
Жасөспірімдер фэнтезиі	Т.Рымжановтың «Зәйтүнқарлығаш», «Ерден батыр», «Гүл ағашы», «Өлместің жұлдызы» ертегі-хикаяттары; Р.Сауытбайдың «Шоко әлем» фэнтезилер сериясы, А.Сырмановтың «Сарманның алты таңба кітабы» фэнтези-романы, Н.Нұржанұлының «Кітап патшалығы» фэнтези-әңгімесі, Ж.Зинелова мен	Ертегі, шытырман оқиғалар, фантастика, ғылыми-танымдық элементтері көбірек кездеседі

## 1-кестенің жалғасы

1	2	3
	Ш.Қанязовтың «Кербез мүйіз» фэнтези-әңгімесі, А.Құрманаяваның «Наушаһар хроникалары. Қаңтар жылуы» фэнтези-повесі және т.б.	
Ересектер фэнтезиі	Т.Сәукетаевтың «Мен – жындымын» және оның жалғасы ретінде «Өлгендер қайтып келеді» (Мен – жындымын-2) фэнтези-романын, «Келешек туралы» роман-фэнтезиін және басқа көптеген шығармаларды атауға болады	Эпикалық, тарихи, қазіргі заман оқиғаларын сипаттау, шытырман оқиғалар, «қара фэнтези» элементтері байқалуы мүмкін.
Ескерту – Автор әзірлеген		

Қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының қалыптасу, даму кезеңдері мен жіктелісін зерттеуді тұжырымдай келе, жалпы алғанда қазақ фэнтезиі шартты түрде төрт кезеңге бөлінген даму сатыларынан өткендігін анықтадық. Сонымен қатар қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанры әлі де өз дамуын жалғастырып келе жатқан, әлі де шығармалары жазылу үстіндегі, болашағынан зор үміт күттіретін динамикалық жанр екендігі туралы ой түйе болады. Фэнтези шығармаларының жіктелісін анықтаудың арқасында әлемдік фэнтези жанрына жататын негізгі түрлері жақсы дамып келе жатқанымен, кейбір түрлері мүлдем қалыптаспағанын байқадық. Мысалы, эпикалық фэнтезидің бір түріне жататын діни фэнтези, әдебиеттің соңғы жылдарда қалыптасқан айрықша тармағы – әйелдер фэнтезиі бағытында жазылған шығармалар жоқ десе де болады.

### 2.2 Қазақ әдебиетіндегі фэнтезиге тән сюжет және характер

Қазақ әдебиетіндегі фэнтези шығармаларына тән сюжет пен характер мәселесін зерттегенде алдымен осы ұғымдардың ғылыми негіздеріне тоқтала кеткен жөн.

«Сюжет», «сюжет құрылысы» деген категориялар әлемдік және отандық әдебиеттану ғылымында біршама зерттелген ұғымдар екені белгілі. Сюжет – бұл оқиғаның көркем мәтіндегі, дәйектілігі көркем мәтінде бейнеленген оқиғалар және оқиғалар тізбегі, бұрылыстар мен кедергілерден өтуге әрекет, кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасы, айқын әрекет жүретін көркем шындық арқылы өтіп жатқан іс-шараларды білдіреді деген көптеген және әртүрлі анықтамалар берілген. Оқиғалардың арасындағы байланыс характерге тәуелділігіне қатысты сюжеттер екі негізгі типпен ерекшеленеді: хроникалы және шоғырлы (концентрацияланған) [108]. Хроникалы және шоғырлы сюжеттердің оқиғадағы кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне байланысты бір-бірінен айырмашылығы бар. Негізі, сюжет типтерінің критерийлері – оқиғалар арасындағы характер байланысы. Хроникалы және шоғырлы сюжеттердің арасындағы тағы бір негізгі айырмашылық – бұл уақыт факторы. Хроникалы сюжет уақыттың ағысын жаңғыртады. Ал шоғырлы сюжетте уақыт ешқандай физикалық мәнге ие болмай, психологиялық уақытпен алмастырылады.

Шоғырлы сюжетте қақтығыс, шиеленіс аса маңызды болғандықтан, детективте, элеуметтік және психологиялық романдар мен драмаларда, триллерлерде көбірек қолданылады. Осы жайлы Э.М. Форстер «Аспекты романа» еңбегінде сюжеттің екі түріне де қарапайым да айқын мысал келтірген. Патша қайтыс болды, сосын патшайым өлді – бұл хроникалы сюжет. Патша қайтыс болды, сосын патшайым қайғыдан өлді – бұл шоғырлы сюжеттің мысалы [109].

Сюжеттің жоғарыда келтірілген екі типінен бөлек тізбекті сюжеттер, қайырмалы хронологиялық сюжеттер деген түрлері де белгілі. Тізбекті сюжеттердің жиі кездесетін элементтеріне өткен шаққа саяхат пен болашаққа сапар жатады. Қайырмалы хронологиялық сюжеттерде қақтығыс шығарманың басында беріледі де, сюжеттің дамуы барысында оқиғалардың мотиві мен түсіндірмелері қадағаланады. Оқиғалардың арасында себеп-салдарлы байланыс бар сюжеттер шоғырлы деп аталады. Шоғырлы сюжеттер оқиғалардың бірлігіне құрылады. Шоғырлы сюжеттің көмегімен бір шиеленісті жағдаят жіті зерттеледі. Қазақ әдебиетіндегі фэнтези шығармаларына көбінесе осы шоғырлы сюжеттер арқау болып келеді. Ал хроникалы сюжеттерде оқиғаларда ортақ шиеленіс байқалмайды, олар бір-бірімен байланысты емес оқиғалар мен фактілерден құралады. Хроникалы сюжеттерде жазушы көп жағдайда уақытқа тәуелді кейіпкерлердің ішкі әлемін бейнелеуге тырысады. Психологиялық көзқарас тұрғысынан әдебиеттегі немесе көркем фильм түсірудегі қандай-да бір сюжетті таңдау адамның жағдайын және оның психологиялық, психофизикалық типін көрсетеді. Сонымен қатар, адамның жүйке жүйесіндегі ерекше емес бөлімінде бағаланатын және алынған генетикалық бағдарламалардың генетикалық көрінісі ретінде, кез-келген көркем шығармаларда қайталанатын сюжеттерді қарау қызықты болып келеді [108].

Фэнтезидің сюжет құрушы негізгі айрықша белгілеріне мыналар жатады:

– әлемнің шартты-Ортағасырлық кеңістіктегі және уақыттағы суреттелуі, яғни социумның квазифеодалдық ұйымдастырылуы [110] (әсіресе Т. Рымжановтың шығармаларында бұл анық байқалады);

– суреттелетін әлемдегі табиғи немесе жасанды қандай-да бір алапат ғажайып күштің болуы (иррационалдық элементтің болуы);

– осы ғажайып күшті жақсылық немесе жамандық жолында қолдану;

– көркемдік жағынан қайта ойластырылған мифологиялық және фольклорлық кейіпкерлер мен жиынтық образдардың болуы;

– абсолютті Жақсылық пен абсолютті Жамандықтың күресіндегі сюжеттік шиеленістің жаһандануы;

– іс-әрекеттер мен эмоциялардың романтизациялануы.

Ең алдымен публиканың көңілін аулауға және өмір шындығын айқын емес трансформациялауға бағытталған (элеуметтік-мәдени кеңістікті қоғамдық тұтыну ережелеріне бейімдеуді мақсат тұтқан) бұқаралақ әдебиет кеңістігінде фэнтезидің кеңінен танылуы мен таралуы бірінші кезекте, ғажайыптарға шөлі қанбайтын оқырмандар ортасындағы «магия мен таңғажайыптар» жайлы мәтіндерге деген тұрақты сұраныстың болуына байланысты деген тұжырымға келеміз. Бұқаралық әдебиеттің дербес бағыты ретінде фэнтези ғылыми

фантастикаға емес, «тұрмыстық» әдебиетке оппозиция деген тұжырым жасауға әбден болады. «Тұрмыстық» әдебиеттің мысалына Кеңестік дәуірдегі «өндірістік» романдар немесе әлемдік әдебиеттегі А. Хэйли мен Д. Гришемнің туындыларын жатқызамыз. Фэнтези мен ғылыми фантастика бірлесіп бұқаралық әдебиет кеңістігіндегі жалпы фантастиканың бір-бір тармағын құрайды. Ал осы фантастика бағытының ішінде бұл екеуінің арасында тақырыптық оппозициялар құрылымы қалыптасады (шартты-ретроспективті/шартты прогрессистік). Себебі, жалпы фантастиканың өзі қоғам дамуының қазіргі деңгейі үшін мүмкін емес/қол жетпейтін оқиғалар туралы әдебиет екені белгілі. Осыдан келіп фэнтезите тән тағы бір анықтамаға қол жеткіземіз: Фэнтези – романтизацияланған шартты-Ортағасырлық менталитетке (ділге) ретроспективті бойлай отырып, оқырманды ғажайып/иррационалды құбылыстарға жаппай баулуға мүмкіндік ашатын бұқаралық әдебиеттің тақырыптық бағыты, дербес тармағы.

Заманауи қазақ фэнтези шығармалары Т. Рымжановтан бастап бері қарай түркі, арғықазақ, қазақ метасюжетінің әртүрлі әдеби интерпретацияларына негізделген. «Түркі, арғықазақ, қазақ метасюжеті» дегенді келесі пайымдарға қарап түсінеміз:

- ежелгі түркі тарихына, мифологиясы мен фольклорына деген қызығушылығы басым жалпытүркілік мәдени-идеологиялық контексті ұғамыз;
- көне түркі, арғықазақ мәдениеті мен заманауи қазақ мәдениетінің арақатынасын жаңғыртуға, орнықтыруға деген талпыныстар;
- ежелгі түркі, арғықазақ, қазіргі қазақ мәдениетінің басқа мәдени дәстүрлерден ерекшелігін, дербестігін, тіпті қажет болса, қайшылығын айқындауға талпыну.

Қазақ фэнтези шығармаларындағы сюжет құрылысы осы жанрдағы ең алғашқы шығармалар жазған Т. Рымжановтың туындыларында ежелгі қазақ ертегілеріне тән «қаһармандық, батырлық» (Зәйтүнқарлығаш, Ерден батыр, Қарабек қаһармандар) сюжеттерден Р. Сауытбай, З. Наурызбай мен Л. Калаус, Т. Ермашев, И. Нұрғалиев, және басқа жазушылардың Батыс фэнтези классикасының ықпалымен заманауи кейіпкерлер мен тарихи кейіпкерлерді тоғыстыра отырып бейнелеу сюжеттеріне ауыса бастағанын байқаймыз.

Қазақ әдебиетіндегі фэнтези шығармаларындағы кейіпкерлердің әдеби характеріне келетін болсақ, әдебиеттегі характер – көркем шығармадағы адамның немесе кейіпкердің әдеби туындыдағы образы екені белгілі. Характерді автор оқиғаның өткен жері мен уақытын сипаттау үшін, сонымен бірге өзінің ойлары мен сезімдерін жеткізу үшін қолданады. Ұшталған характер арқылы автор шығарма кейіпкеріне көзқарасын толықтыру жолымен прототиптен алынған жалпы және жеке сипаттарын тоғыстырады. Әлеуметтік ғылымдардан айырмашылығы – әдеби характер ойдан шығарылған дүние болып табылады. Сонымен қатар, таңдалған мінез-құлық типін идеологиялық тұрғыдан түсіндірудің құралы. Характердің мәні – оқырманға сюжет барысында образды ашу үшін суреттеу, сөзбен жеткізу. Көркем әдебиеттегі характер жалпы, қайталанатын және жеке, қайталанбайтын құбылыстардың

органикалық бірлігін көрсетеді. Ол құбылыстар объективті (адам өмірінің әлеуметтік-психологиялық шындығы) және субъективті (автор тарапынан прототипті ой елегінен өткізу және бағалау) болып жіктеледі. Әдеби кейіпкердің характері туралы пайым кейіпкердің сыртқы және ішкі ымы, оның сыртқы кейпі, автордың және басқалардың оған берген бағасы, оның шығарма сюжетінің дамуындағы орны мен ролі арқылы жасалады. Адам мен қоғам арасындағы, адам мен табиғат арасындағы қайшылықтар, оның «жалған дүниедегі тағдыры», адам характерлерінің ішкі қайшылықтары көркем шығарманың шиеленістері мен қақтығыстарына ұласады.

Қазіргі әдебиеттану ғылымында характер мен сюжеттің келесі байланысы жиі қолданылады: фактілер емес, кейіпкерлердің характерлеріне қарай фактілер орын алады. Соған байланысты шығарма авторы оқиғалардың қандай-да бір тізбегін таңдап алады. Автор үшін тек қана характерлер қасиетті және бастапқы дүние болып табылады [111].

Қазақ әдебиетіндегі фэнтези шығармаларындағы сюжет мәселесін қарастыратын болсақ, көбіне фэнтези әдебиетіндегі сюжет негізгі екі тұғырға құрылған: арғықазақ, қазақ мифологиясы мен аңыз-ертегілері (Т. Рымжанов, И. Нұрғалиев, Т. Ермашев, З. Наурызбай мен Л. Калаус, тағы басқалары) және Батыс фэнтези классикасының сюжеттік үлгілері (Р. Сауытбай, Т. Сәукетаев және басқалары). Әрине, қазақ фэнтези шығармаларында авторлық неомиф негізінде құрылған және заманауи өмір ағымдарына негізделген сюжеттік желістер де байқалады. Дегенмен, көбінесе жоғарыда аталған негізгі екі сюжеттік тұғырда тұр.

Қазақ фэнтези жанрындағы көптеген шығармаларда ежелгі сақ, ғұн, түркі дәуіріндегі мифологиялық наным-түсініктердің сілемі көркемдік қабаттарды құрайды. Қазақ мифологиясында жын-пері, шайтан, диюлар мен адамдар арасындағы әртүрлі күрес-тартыстар, сонымен қатар Көлтаусар, Желаяк, Саққұлақ, Таусоғарлардың әркетімен фэнтези сюжеттері ширеңгеп өрбіп отырады. Қазіргі фэнтезиде тератологиялық кейіпкерлер түрлі түрленіске ие. Олар оқиға қақтығысын тудыруда, сюжет конфликтісін ұлғайтуда көркемдік қызмет атқарады. Көркем шығармадан дерек келтірер болсақ, Р. Сауытбайдың «Шоко әлемі. Сұйық тәж» фэнтезиіндегі әжім басқан бетінде көздері жоқ, көздері саусақтарының ұшында орналасқан, он саусағында он көз бар Вайхн мыстан, «Шоко Әлем. Алоэна құпиясы» фэнтезиіндегі ескі сағыз үйде тұратын, өте сезімтал, алып сары жыланға айнала алатын Гагри шаман кемпір, «Шоко Әлем. Тылсым Элипсаһар» кітабында кезінде жақсы дәулер болған, бір-бірін ашуланғанда албасты дейтін, содан албасты келіп бастарын алып кеткен Тор дәулері, бастары бөлек дәулер, З. Наурызбай мен Л. Калаустың «Бату мен достарының Алтын тостағанды іздегені» фэнтези-повесіндегі сап-сары көздері шырақтай жанған, аузындағы қайқы қылыштай сорайған азулары, имек тұмсығы, тоз-тоз шоқпыты мен ұйысқан аппақ сабалақ шашты Мыстан кемпір, Зәуре Төреханның «Әмина Тұранның көшпенділер еліне саяхат» фэнтези-повесіндегі көгілдір айнакөлдін түпсіз тұңғиығында, Көк сарайда өмір сүретін өлмес Айдахар кемпір, Зардамшима көрші ғаламшардан келген, қызылтәнді

халықтың басшысы, зұлым Шойынқара дәу, зардахиш дәулері өте күрделі, қарама-қайшы, өркөкірек, бұғауға көнбейтін, дегенмен сан қырлы мақұлықтар қасиетіне ие екі басты Темір-Қара дәу, А. Құрманбаеваның «Наушаһар хроникалары, Қаңтар жылуы» фэнтези-повесіндегі әр басқан қадамынан адам жаны түршігетін, бірақ балалармен достасып кететін Алып дәу, Ж. Зинелованың «Кербез мүйіз» фэнтези әңгімесіндегі Айыркөз дәу, Т. Рымжановтың «Өлместің жұлдызы» фэнтези-повесіндегі қара құйын болып соққан, денесі қап-қара түк басқан, екі қолы тізесіне түскен ұзын, жұп-жуан аяқтары қысқа, басы қазандай, ақшиған көздері, ақшиған тістері жарқ-жүркі еткен, жаны қара шыбын Қара дию, құйрығы бар, шайтан тұқымдас пенде, жаны оң жақ бетіндегі түймедей қанталаған меңге жасырылған Зорман айдаһар, жер астының қожасы, үсті мүк басқан Ала шайтан – қазіргі қазақ фэнтезиіндегі тың ізденістердегі кейіпкерлер. Т. Рымжановтың «Өлместің жұлдызы» фэнтези хикаятында ертегідегі Көлтаусар әрекеті, Саққұлаққа тән қасиет Өлмес ханзадаға берілген, З. Төреханованың «Әмина Тұранның көшпелілер еліне саяхат» фэнтези-повесінде Таусоғар бейнесі Қарға кемпірдің үшінші қызы Ақтамақ арқылы көрінеді, «Гүл ағашы» фэнтези-повесінде Желаяқтың бейнесі Қарабек қимыл-әрекетінде байқалады.

Қазақ фэнтезиінің басында тұрған Таулық Рымжановтың «Гүл ағашы» ертегі-хикаясындағы (1994) басты кейіпкер Қарабек адамзат, перілер мен шайтандар еліндегі әртүрлі көркемдік кеңістіктерде шытырман оқиғаларды өткере отырып, өзінің туып-өскен отаны, адамзат мекені Зарлыхан патшалығына жеңіспен оралып, халқына гүл ағашының нұр бейнесін көрсетеді. Адамзат патшасы Зарлыханның ішкі әлеміндегі шайтанды құрту арқылы Қарабек оны көңілсіз, зарлы қалпынан жадыраңқы, қолы ашық, жомарт патшаға айналуына көмектеседі.

1984 жылы жарияланған Т. Рымжановтың «Зәйтүнқарлығаштың ерлігі» ертегі-повесі қазақ ауыз әдебиетіндегі халық ертегілеріндей, “Гүл жайнаған Жаһұт деген қала болыпты. Ол тоғыз жолдың торабындағы зәулім ғимараттарға толы, етегін кең жайған сәулетті қала екен...” – деп басталады [94, б. 4].

Ежелгі сақ, ғұн, кейінгі түркі дәуірлеріндегі мифтік таным-түсініктер де қазақ фэнтези жанрында бой көрсетіп отырады. Ежелгі осы мифологиялық таным соңғы кездері «Бату мен достарының Алтын тостағанды іздегені», «Бату мен достарының Барсақалмес еліне саяхаты», «Бату мен достарының Жұлдыздар елі. Айдалаға саяхат» атты үш кітаптан тұратын Зира Наурызбай мен Лиля Калаустың фэнтези шығармаларында айқын бой көрсеткен. Осы үш шығармада да мифологиялық кейіпкер Жезтырнақ, зооморфтық кейіпкер Самұрық, ертегілік кейіпкер Жылан Бапы хан, оның қыздары мен ұлдары және тарихи кейіпкер Томирис патшайымның жалғыз ұлы Аспара шығарманың негізгі кейіпкерлері Бату, Аспара, Дана, Саша, Қайрат, Зигфрид, күйші Қадишалар аралас қарым-қатынаста жүреді.

З. Наурызбай мен Л. Калаустың «Бату мен достарының Алтын тостағанды іздегені» повесінде басты кейіпкер Бату мен аңыздық кейіпкер сақ патшасы Аспараның арасында достық қарым-қатынас орнап, олар небір

таңғажайып оқиғалардың куәсі болады. Шығарма дәстүрлі фэнтези жанрының сюжетінде өрістейтін оқиғалар сияқты бастау алады. Мектептегі сабақтарынан шаршап, тентек сыныптастарынан жәбір көрген Бату деген баланың өмірінің бір сәтте өзгеруінен басталады. Күнделіктің мұқабасындағы суреттен шыққан Сақ патшазадасы Аспара баланы адам аяғы жетпес жерге сапарға ертіп әкетеді. Сол сапардан кейін-ақ Батудың әр күні шытырман оқиғаларға толы болады. Жылан патшасы Бапы ханның еліне барғанында Бату небір қызық жағдайларға душар болады. Қандай қызықты сапар болса да, Батудың қасында айнымас, сенімді серіктері болады. Ал жолбасшылары - туған елінің тарихы мен көне мәдениеті, аңыздары мен шежірелері болды [101, б. 3].

Шығарма сюжетінің өріс алуының негізгі триллері – Алтын тостағанды іздеу мотиві. Бұл көне мотивте ғажайып мифологиялық түсінік, сакралды астар жатыр.

3. Наурызбай мен Л. Калаустың «Бату мен Алтын тостағанды іздегені» повесінде ежелгі скиф, сақ тайпаларының көне мифтерінің сілемі жатыр. Сақтардың арғы ата-бабасы Тарғытайдың үш ұлы болған. Олардың аттары – Липоксай, Арпоксай және Қалақсай болған. Олар – үш скиф халқының бабалары.

Тарғытай патшалық құрған кезде скиф жеріне Көктен алтын заттар (Тәңірдің сәлемдемесі): сақа, мойынтұрық, айбалта және тостаған түседі. Бұл заттарды үлкен ағалары Липоксай бірінші болып көреді. Ол әлгі заттардың қасына барып жерден көтерейін десе, алтын лап ете түседі. Ол шегініп, енді ортаншы ұл Арпоксай жақындайды. Алтын тағы да от құшағына оранады. Лапылдап жанған алтынның ыстығы екі үлкен ағасын тоқтатып, тек үшінші кенже ұл Қалақсайдың кезегі келгенде, жалын өзінен-өзі өшіп, барлық затқа Қалақсай ие болыпты. Ол заттарды өз үйіне апарады. Сол себептен ағалары патшалықты және соған қоса үлкендік жолын інілеріне беруге келіседі. Ал Қалақсай – повестегі Аспараның арғы атасы [112].

Бұл жерде бағалы зат – Алтын тостаған. Наурыз қарсаңында адамдар тостағаннан су ішетін болған. Әр адам Тостағанды ұстап тұрып, бір жыл ішінде өмірінде болған маңызды жайттарды айтуы керек болған. Егерде адам жазатайым жалған айтса, мақтанса, Тостаған жоғары көтеріліп, өтірікші одан су іше алмайды екен. Наурыз қарсаңында патшазада төрт алтын затты алып кетіп, аспан астында бір түн таңға дейін күзету керек.

Повесте неомифологиялық кейіпкер Аспара Батуға осы жұмбақтың сырын айтады:

Жаһанда жайнап тұрған бір бәйтерек

Заты бар бұтақ сайын жанға керек:

Балта, шөміш, түрен мен мойынтұрық

Төртеуін таңдап алдым ерекше елеп.

Осы жолдардағы заттар ежелгі мифологиялық түсініктерге толы. Тостаған немесе шөміш – аспандағы Жетіқарақшы, Балта – Үшарқар, Түрен мен Мойынтұрық – Үркер шоқ жұлдыздары. Көктемде осы жұлдыздар төбеден ғайып болып, жерге түседі. Сол уақытта жаңа жыл басталады. Аспаннан түскен



алтын заттар сол түні көктегі ағайындарымен табысып, қуат алып, адамдарға беретін болған.

Зира Наурызбай мен Лиля Калаус шығармаларында ежелгі мифке жаңаша өң, реңін беріп, өздерінің төл мифологиясын, авторлық мифологиясын, яғни жаңа мифология, неомифология тудырады. Шығармадағы Аспара және басқа кейіпкерлер неомифологиялық образдар.

Шығармадағы басты кейіпкерлер Бату, Дана, Саша, Қайрат, Зигфрид, Қадиша бірін-бірі толықтырып тұратын бейнелер. Балалар әртүрлі қиын жағдайға тап болып, бір-біріне көмек қолын созады. Олар шығармада досқа беріктігін және адамгершілік қасиеттерін жан-жақты танытады. Зира Наурызбай мен Лиля Калаус балаларды жан-жақты ашу үшін әр баланы бір аң мен құс бейнесінде сипаттайды. Бату мен достары мифологиялық кейіпкерлер бейнесінде танылады. Сол кейіпкерлерге тән басты қасиеттерді оқиға желісінде көрсетеді.

Мысалға Бату – Қозы, Күн Қошқар, Қаратай – Қайрат - Күн Күйме, Саша –Тастүлек, Күн Қыран, Зига – Көк бөрі, Дана – Түймебас, Қадиша – Акқу, Күн Нарқобыз.

Зира Наурызбай мен Лиля Калаустың «Бату мен достарының Алтын тостағанды іздегені», «Бату мен достарының Барсакелмес еліне саяхаты», «Бату мен достарының жұлдыздар елі Айдалаға саяхаты» атты үшінші кітабында Бату мен достары қазақтың жұлдыздар мифологиясы әлеміне енеді. Оқиғаның бір бөлігі Рудный қаласындағы кең байыту зауыты мен Торғай геомифінде өтеді. Повестегі Айдана, Күнбек, Темірқазық, Арбозат пен Көкбозат, Жетіқарақшы, Қарға ана, Дархан, Шолпан, Қыран Қарақшы, Сақи, Шаршы, Қарынбай, Сиқар аяқ, Қылмайын, Ишбұт, Үлпілдек, Бармақ ата, Шахрух, Құндыз аю, Самрұқ, Жезтырнақ, Қорқыт, Ұмай ана сияқты кейіпкерлер ежелгі мифологиялық түсініктен туындаған. Шығармада олар неомифологиялық өң-шырай сипат иеленген. Сонымен, бірге оқиға желісінің көбі «Ер Төстік» ертегісінің оқиға желісімен үндес келіп отырады. Повестің басты кейіпкері Батудың өміріндегі келеңсіз күтпеген шытырман оқиғалардың басым көпшілігі Ер Төстіктің өміріне қатты ұқсас.

Екі шығарманың сюжетінің негізі өзегі – бір затты немесе адамды іздеуден басталады. Ер Төстік хабарсыз кеткен сегіз ағасын іздеуге шығады. Бату Аспарамен өрге Алтын Тостағанды іздеуге шығады. Екі сюжетте де басты кейіпкерлер жер астына түсіп, жылан Бапы хан ордасына келеді. «Ер Төстік» ертегісінде бұл көрініс былай суреттеледі: «Біраз жер жүрген соң Шалқұйрық айтқандай, жылан Бапы ханның ордасы көрінеді. Төстік Шалқұйрықты анадай жерге қалдырып, сәлем беріп үйге кіреді. Екі босағадан екі қара шұбар жылан ысылдап тұра келді. Төстік одан сескенбейді. Төр алдына бара бергенде екі сұр жылан ысылдап келіп, Төстіктің жеңінен кіріп, қойнынан шығады, қойнынан кіріп қолтығынан шығады. Төстік олардан да сескенбейді, төрге шығып отыра берді. Бір мезгілде төсектегі екі сары жыланның бірі үлкен кісі болады да, бірі соның бәйбішесі болады.

Жақсы келдің, Ер Төстік! Жер астындағы елде сені ренжітпейді, - дейді. Сұр жыланның бірі жігіт, бірі әдемі қыз болып кетеді. Оларда: - Жер үстінің Ер Төстігі, жер астына жақсы келдіңіз. Жер астының алыптары, өнерпаздары сенің шылауыңда болады, – дейді. Босағадағы екі қара шұбар жылан екі құл болып кетеді [70, б. 3-260].

Енді Зира Наурызбай мен Лиля Калаустың шығармасындағы басты кейіпкерлер Батудың жер асты әлемінің патшасы Бапы ханмен жолығу көрінісіне тоқталайық. «Бату Дананы іздеп, жер асты әлеміндегі Бапы ханның алдына барады. Сол сәтте екі қоңыр жылан Батудың киімінен балағынан кіріп, жағасынан шығады. Айбат шеге ысылдаған қоңыр жыландар Батудың балағынан тақау жорғалап, жетіп келеді. Ол ендігі жәй дірілдемей, қалтырауға айналған. Жыландар бастарын көтерген жоқ. Олар одан қорқыныштырақ нәрсе істеді, зып беріп Батудың шалбарына қойып кетті. Аяқтарын қыса оратылған қос қойыс баяудың әсері айтып жеткізгісіз сұмдық еді. Бату енді қалтырауды қойып, қатайып қатты да қалды, жыландардың барған сайын жоғары өрмелегенін сезініп, тіпті тынысы тарылып қалды. Міне, әлгілердің бастары қылтырып, қойынынан бір-ақ шықты.

Бұл көрініс көптеген жерден кейіпкердің ішін жарып, әлдебір бөгде планеталық құбыжық шыға келетін «қорқынышты фильмдердің» кадрларын еске түрген еді. Алайда, бұл экранда емес, өңінде, Батудың өз басында болып жатқан жайт қой!

Жыландар қойынға қайта сүңгіп кетті де, иір-қиыр жолын жалғастырды. Қолтықтан жеңге өтіп, тұзақ құсап, екі білезігіне оратылды да, қолдарымен жоғары өрмеледі. Әзір өзіне жаманшылық істей қоймаған соң, Бату жайлап демін басты. Бірақ, осы кезде шатыр күзетшілері жемпірдің жағасынан жарым-жартылай шығынқырады да, байғұс құрбанның иықтарына тіреле, бастарын оның бетімен тұспа-тұс қып, қайқитып көтеріп алды.

Батудың жүрегі орнына түскені сонша, өзін сыртынан көргісі келіп кетті. Үш басты «әлде төрт қалды» бала кейпінде сондай күлкілі көрініс тудырып тұрған болар, сірә жыландар кенет сусып төмен түсті де, шатырды айнала өскен шөпке кіріп, жоқ болып кетті. Бату жеңілдей күрсінді» [101, б. 73].

Шығармадағы «Ер Төстік» ертегісімен ұқсас тағы бір ситуация Шалқұйрық тұлпардың жер асты патшалығындағы көл түбінен қасиетті қазанды алып шығу көрінісі. Шығармадағы Қайрат есімді кейіпкер Барсакелмес елінде тұлпар Қаратай болды. Қайраттың Қарамандыдағы экспедицияға келген басты мақсаты Қаракөк атты тұлпарын қайтарып алу болатын. Ол жасының кішілігіне қарамай жігері мен табандылығын көрсетті. Қайрат Қорқыт жұмсаған қасиетті қазанды Кер Жұтпанның ішінен табады. Қаратаймен «Ер Төстік» ертегіндегі Шалқұйрық ат бейнесі бір-біріне өте ұқсас. Оған дәлел Қайрат қоржынды алмақ болып Кер Жұтпанның ішіне түскен сәті!

«Қайрат бір шетке отырып, олжасын құммен тазалай бастады.

– Сол қазанды несін арқалап жүрсің? - деді Бату. Соның кесірінен суға батып кете жаздадың ғой! Көбік қызарғанда бітті деп ойладым.

Қадиша:

– Қызыл көбік? - деп қызығып кетті.

– Қайрат суға сүңгіп кеткенде алдымен ақ көбік шықты, артынша көбік қызыл болып кетті.

– Мен Кер Жұтпадан қазанды жұлып алғанда ақ көбік шықты. Саңылауы атқылады дейсің, - деп түсіндірді Қайрат. - Ал қызыл көбік дегенді түсінбедім. Ондайды көрген жоқпыз» [101, б. 260-261].

«Ер Төстік» ертегісінде Шалқұйырық тұлпар жерасты патшалығындағы көлдің түбінен қасиетті қазанды алып шықпақ болады. Шалқұйырық қазанды тапқанда, ол қуанып кетті. Содан ақ көбік шыққан. Ал ол қазанды шығара алмай, өліп кетеді-ау дегенде қызыл көбік шықты. Қорқыт Қаратайға қасиетті қазанды тауып, өзін өлімнен құтқарғаны үшін жаңа қасиет дарыды. Ол ендігі уақытта жүрген жерінде, кез-келген уақытта бұлақ аршып, жаңбыр шақырып, өзеннің арнасын толтырып, суды тазартып жүре алады.

Повесте қазақтың ұлттық дүниетанымдылығын сакралды, қасиетті орындар көрсетіледі. Соның ең қасиеттісі – Ұмай ана ғибадатханасы. Шығармада Ұмай ана ғибадатханасы орналасқан үңгірде Жезтырнақ мекен етеді. Бұл үңгірде Бату мен Аспара Жезтырнақпен айқаса түседі. Ерте заманда бозбала жауынгерлердің әкебеушісі Ұмай ана мен аруақтардың алдынан жеке-жеке өтуі тиіс болған. Егер жауынгер ұрыс даласында ерлерше абыройдан айырылмай қаза тапса, Ұмай ана бағзыда өткен батырлардың жандары сияқты, оның да жанын жеңіл қабыл еткен. Аспара мен жолдастары осы үңгірге ұстазы Сүйірмен бірге келіп, жауынгер қатарына өткен. Осы жерде Бату мен достары Скоробогаттармен шайқасқа дайындалады. Шығармада сонымен қатар қазақтың көне салт-дәстүрлерінен шілдеhana, жауынгершілік көне рәсім – «Жауынгер қатарына өту» рәсімі жасалады. Көне шамандардың бақсылардың рәсімі – «Айналайын» және мифологиялық көне рәсім «Жұту және құсу» көрсетіледі. Жыландардың патшасы Бапы хан Батуды екі мәрте жұтып, қайта құсады. Осы рәсім «Ер Төстік» ертегісінде де кездеседі.

Т.Рымжанов шығармаларының кез-келгенінің сюжеті мен кейіпкерлерінің характерлері әлемдік классикалық фэнтези туындыларына тән сипаттар мен қасиеттерге ие. «Зәйтүнқарлығаштың ерлігі» ертегі-повесінің сюжеті ежелгі қазақ ертегілерінің желісіне негізделген, басты кейіпкер – Зәйтүнқарлығаш деген қаһарман қыздың өз сүйіктісі Ерденді құтқару жолындағы ерлікке толы шытырман оқиғаларына құрылған, жасөспірімдерге арналған ертегілік фэнтезиге жатады. Т. Рымжанов оқиғалар желісін Жаһұт патшалығы деген авторлық ойдан шығарылған мемлекеттің билеушісі Таңасар патшаның жалғыз ұлы, тақ мұрагері Ерденді «қара» күштердің пәрменімен алып қыранның іліп әкетіп, көз жетпес тылсым жаққа ұшып кетуінен бастайды. Таңасар патша әскерінің қолбасшысы, патшаның досы Әукебай батырдың қызы Зәйтүнқарлығаштың сүйіктісі Ерденді құтқару жолындағы алыс та қауіпті, шытырман оқиғаларға толы сапарға аттануы – шығарма сюжетінің ширыға түсуіне жол ашады. Зәйтүнқарлығаштың характерін ашу үшін автор Ерденді алып қыран құс іліп әкетіп, оқиғалар шиеленісі басталған кезде: - Бұл күндері Зәйтүнқарлығаш өз бөлмесіне кіріп жатып алды. Асқа тәбеті жоқ. Айналып-

толғанғандардың мерейі (өз анасы қайтыс болған) жас жүрегіне беріш боп қатқан өкініш қайғысын жібіте алмады. Сайысқұмар құрбыларына да қарағысы келмеді. Патша сарайындағы үш күнгі ұйқыдан оянған әкесі оралғанда ғана: - Бәріне мен кінәлімін. Ерденді ерегестірмей күресе салуым керек еді, - деп булыға жылады [94, б. 18] деп сипаттау арқылы, Зәйтүнқарлығаштың характеріндегі намысшыл, өзіне жауапкершілік ала алатын, батылдық қасиеттерді аша білген.

Т. Рымжановтың «Алтын ара» ертегі-повесіне «Зәйтүнқарлығашпен» оның жалғасы ретінде бірге енген «Ерден батыр» ертегісі де фэнтезиге тән сюжетке құрылған. Егер де «Ерден батыр» фэнтезийін жеке алып қарастырсақ, ондағы оқиғалар желісі шоғырлы сюжетке құрылған. Себебі бұл шығарманың басынан аяғына дейін оқиғалар бірлігіне құрылған сюжетті байқауға болады. Оқиғалар желісі былай басталады. Содан бері екі ғасырдай уақыт өтті... Бірақ уақыт бірде жомарт, аса мерейлі: Зәйтүнқарлығаш пен Ерден екі ғасыр бойы әкелерінен қалған алтын тақты теңселтпей тұғырларында отыра берді [94, б. 120]. «Зәйтүнқарлығаш» ертегісінің логикалық жалғасы болғандықтан бұрынғы және жаңа жаулар Жаһұт еліне дұшпандығы мен шабуылын тоқтатпады. Иә, уақыт замана диірменін зырылдауықша шыр көбелек айналдырумен болды. Ұлы шайқас тоқталмады! [94, б. 121]. Бұл жолы бітіспес жауларға қарсы ұлы жорыққа Ерден батыр аттанады. Фэнтези сюжеті ендігі жерде Ерденнің сиқыр мен шытырман оқиғаларға толы, қауіпті де беймәлім әлемдерге, елдер мен жерлерге аттануына құрылады. Адам кейпіндегі кейіпкерлермен қатар Ерден Ла дию тәрізді құбыжықпен, дұшпандарының кесірінен Арқар-Дырау тәрізді адамзат патшалығынан айырылған, Жер бетінен Жер астына кетуге мәжбүр болған Арқар-Дыраудың жұртымен кездеседі. Ақыры Ерден батыр осындай күрделі де жұмбақ кейіпкерлермен ортақ тіл табысып, солардың көмегімен қауіпті сапарында жеңіске жетіп, арман-мұраты орындалады. Сюжет желісінде біз фэнтезиге тән сиқыр, жұмбақ құбылыстарды жиі байқаймыз. Солардың бірі және шешушісі – Зәйтүнқарлығаштың махаббат сезімін сүйіктісі Ерденге көмекке жіберуі. Түсінде Ерденнің қауіпті, қиын жағдайларға ұшырағанын көре білген Зәйтүнқарлығаш ақыры алтын ара кейпіндегі махаббатын Ерденге көмекке жібереді. - Бар, бара ғой, - деді ол алтын араға. – Ерденіңе бара ғой, махаббатым! Көмектес Ерденіңе! [94, б. 184]. Нияр патша мен Шатан тәрізді жартылай адам, жартылай шайтан, басқа да жауларымен алысып, қиналып жүрген Ерден батырға оқиғалар желісі ширатылған тұсында алтын ара түріндегі Зәйтүнқарлығаштың махаббаты көмекке келіп жетеді, жаңа күш, жаңа шабыт, ақыл мен сенім сыйлайды. Сонымен бірге алтын ара Ерден батырға серік болған Қылаңкөк аты сәйгүлікке айналып, қайтадан алтын араға айналып жүре беруі де фэнтезиге тән құбылыс. Фэнтезиге тән сюжет Ерден батырдың жауларын жеңуімен, Зәйтүнқарлығаш екеуі достарының, жақтастарының, сиқырлы, тылсым қасиеттерінің көмегімен елдерін қорғап қалып, мұраттарына жетуімен аяқталады.

«Алтын ара» ертегі-повесіне енген «Зәйтүнқарлығаш» және «Ерден батыр» фэнтезилерінің сюжеттерін біріктіре қарастырсақ, олар хроникалы

сюжетке жатады деуге негіз бар. Себебі бастапқы ертегідегі Ерден батыр мен Зәйтүнқарлығаштың әкелері Жаһұт патшалығының билеушісі Таңасар патша мен оның досы, әскербасы Әукебай батырдың заманынан басталған шытырман оқиғалар хроникалы түрде екі ғасырдан астам уақыт бойы Зәйтүнқарлығаш пен Ерден батырдың тұсында жалғасады. Фэнтези сюжетінде уақытқа бағынып, келмеске кететін кейіпкерлермен қатар уақытқа бағынбай, өлім дәмін татпаған кейіпкерлер, адамзат, пері, дию, шайтан, құбыжықтар түрінде бірге өмір сүре береді.

Т. Рымжановтың «Өлместің жұлдызы» ертегі-повесть айдарымен шыққан фэнтези шығармасы төрт бөлімнен тұрады. Бұл шығарманың сюжеті де алдыңғы шығармалардағыдай «Ертеде байлығымен де, білгірлігімен де елден асқан Баяухан атты хан болыпты», - деп басталады [95, б. 4]. Жоғарыда атап өткеніміздей, «Өлместің жұлдызы» – «Қыран қарауылшы», «Ай астындағы Айбарша сұлу» тәрізді халық ертегілерінің сюжетіне ұқсас оқиғаларға құрылған туынды. Мұнда да шығарма сюжеті Баяухан патшаның ұстазы Абыз ақсақалдың ақылымен басталады: - Ай астындағы Алшын патшаға қалай жетерінді білмеймін. Алыс! Тым алыс, хан ием!... – Алланың рақымы түссе, екеумізді Алшын патшаға Өлмесжан кезіктіре ме деген ойда отырмын... Мүмкін, Алшын патшаны біз көреспіз де. Ал Өлместің оған жетері хақ! Өне бір жұлдыз солай деп жымыңдап тұрған сияқты [95, б. 8]. Өлмес – біз қарастырып отырған фэнтези шығарманың басты кейіпкері, Баяуханның жалғыз ұлы, тақ мұрагері. Шығарма сюжеті осы басты кейіпкер Өлместің ерлік пен ғажайыпқа толы оқиғаларының маңында өрбиді. Өлместің болашақ сәйгүлігі Қара кер тайдың көзінен Ай астындағы Алшын патша сарайының алтын күмбезі көрінгенде Абыз ғұлама Баяуханға бұл тайдың төрт жылдан соң он бір жастағы Өлместің он бесінде Алшын патша еліне жеткізер сенімді серігі боларын дәл болжап айтады. Өсіп, жарап шыққан Оттұяқ жайлы естіген Зорман бастаған дұшпандар Қара диюды сәйгүлікті ұрлап әкелуге жұмсайды. Зорманның бұйрығымен дұшпандар Баяуханның сенімді серіктері - алдымен Балталы батырды, сонан соң Әбу-Хизмет шеберді, атақты шайыр Мұтфанды, Ат-Тайыр күйшіні ұрлап әкетеді. Тылсым, жауыз күштердің кесірінен Баяухан еліне орасан зор зұлмат келді. Күннің ыстығынан бұлақтар тартылып, жайылым дала курап қалды, өрістен қайтқан қой-ешкі, табын-табын сиырлар теріс қарап мөңірейтін болды, үлек-үлек түйелер теріс батып бара жатқан Күнге қарап боздайтын болды, даланы дүбірлеткен жылқылар кісінеуден қалды, ит үруден қалды. Мұның барлығының себебі – Күннің туған жағына, шығысқа қарай кері жылжуы еді. Сөйтіп, әлемге әйгілі Баяухан елінің Күні Батыстан туып, Шығысқа бататын болды [95, б, 21]. Бұл жерде автор Құранда келтірілген ақырзаман белгілерінің бірі – Күннің Батыстан туып, Шығысқа батуын меңзеп тұр десек, артық айтпаймыз. Шығарманың осы тұсында діни фэнтези элементтерін де байқаймыз.

Мұқым Баяухан елінде жалғыз жануар Оттұяқ тұлпар ғана марғау тіршілікке түскен Орда даласын сілкінткендей кісінеп, темір үйді солқылдатып,

сиқыр арбауына берілмеді. Сұрықсыз күндер өте берді. Баяухан елінің халқы адам баласының басына бермеген жалқаулыққа түсті [95, б. 21].

Шығарма сюжеті Өлместің ер жетіп, Оттұяқ тұлпарын ерттеп мініп, қауіп пен қатерге, сиқыр мен ғажайыптарға толы жұмбақ әлемге аттануымен ширай түседі. Сиқырланған Өлі қалаға келіп, небір шытырман оқиғаларға кезігеді. Диюлармен, басқа да қара күш иелерімен алысып жүріп, ақылы мен күші, тылсым қасиеттерінің арқасында ақыры жеңіске жетеді. Сүйіктісі Айбаршаның өтінішімен және жол сілтеуімен Өлмес Өлі қала – Нұрстанның бас уәзірі Хақзардың сүйіктісі Гүлбаршаны сиқырлы ұйқыдан оятып, дұшпандардың зынданынан босатады, сүйіктісіне қосады. Онысымен тоқтамай, бірде шайтан, бірде айдаһар кейпіне енетін Зорман деген зұлымның құрсауынан біртіндеп Балталы батырды, сонан соң Әбу-Хизмет шеберді, атақты шайыр Мұтфанды, Ат-Тайыр күйшіні құтқарып алып, әкесі Баяухан еліне аман-есен оралады. Ай астындағы Алшын патшаның қыздары Гүлбарша патшайымды құтқарып, оның айдай сұлу сіңлісі Айбаршаны мұратына жеткізеді. Арманы орындалған Баяухан ұлан-асыр той жасайды.

«Тойдың әбден қызған шағында, Абыз қарияның өзі айтпақшы, бір күні қара басып көзінің ілініп кеткені... Өлместің жұлдызы бүкіл әлем аспанын тіліп түсердей жарқ етіп, аға жөнелген. Ол есін жиғанда Орда жазығының күндізгіден де нұрланып жарқырап тұрғанын көрді... Енді байқады, Күн дегені алтын мұнарасы жарқ-жұрқ еткен, жауһар күмбезі күн нұрындай сәуле шашып тұрған ғажайып алтын сарай екен. Дәл сол сарай! Иә, Оттұяқ тұлпардың көзіндегі баяғы ғажайып сарай еді!

– Алшын патшаның сарайы! – деп дауыстап жіберді қарауыл төбенің үстінде отырған Абыз қария есін жиғанда. – Өлмесімнің жұлдызы осы екен ғой!... Баяухан! Хан ием! Бақытың жанды! Аспандағы Алшын патша еліңе, жеріңе нұрын төге келді!», - деген үзіндісі аталған шығарманың сюжетіне арқау болып тұр [95, б. 200-201].

Т. Рымжановтың «Өлместің жұлдызы» фэнтезиінің сюжеті шоғырлы сюжетке құрылған. Себебі аталған шығармада Баяухан патшаның мұрагері Өлместің небір шытырман оқиғалардың қиындықтарынан тайсалмай өтіп, Ай астындағы Алшын патшаның қызы Айбаршаны алып, еліне жақсылықтың нұрын төгуімен аяқталатын сюжеттің көмегімен бір шиеленісті жағдаят жіті зерттелген.

Т. Рымжановтың «Гүл ағашы» фэнтезиінің сюжеті де автордың алдыңғы шығармаларына ұқсас болып келеді және қазақ ертегілері сарынында жазылған. Бұл фэнтези шығармасының алға қойған мақсаты – шайтан, пері және адамзат арасындағы шиеленіскен күрес үстінде оқырманды шытырман оқиғалармен қызықтыра отырып, олардың тәрбиелік рөлін ашып көрсету. Шығармада басты кейіпкер, адамзат ұрпағы Қарабек ең басында ат басындай алтынға бола шайтандардан алданып қалып, шайтандар мен перілер еліне қауіпті де шытырман оқиғаларға толы сапар жасап, ақыры, пері қызы Шәки-Жамалдың, жылан патшасы Мәлік-Ғафилдің көмегімен шайтандарды жеңіп шығады [96, б. 3]. Пері қызына ғашық болған Қарабек шығарма сюжетінің өрбуі барысында

адамзат қызы – Меруертке үйленіп, ғылым, білім сарайын тұрғызып бақытқа кенеледі. Алтын-байлықтың мұңын ойлап, халқының мұң-мұқтажын ескермей өмір сүрген Зарлыхан патшаның ішкі шайтанын алып тастап, оны ел-жұртының қамын жейтін адал патшаға айналдырады. Сөйтіп, халқын мұратына жеткізеді. Аталған фэнтези шығармасында Ақ пен Қараның, Жақсылық пен Жамандықтың, Ғарыш пен Хаостың мәңгілік күресінде ақ, әділеттілік пен ізгілік жеңіске жетіп, фэнтезиге тән сюжет өріледі.

Т. Рымжанов фэнтези шығармаларының кейбір кейіпкерлерінің іс-әрекеттері, мінез-құлықтары өзгермелі (қайшылықты). Атап айтсақ, «Гүл ағашы» повесінде Қарабек басында аңқау, аңғалдығымен Бөспе шайтанның азғыруына ерсе, кейіннен ақыл кіріп, жақсылық жасайды. Оқиға басында зұлымдық жасаушы кей кейіпкерлердің мінез-құлқы, іс-әрекеті түбегейлі өзгереді. Атап айтар болсақ, Жортуыл бекзада, Дордон кемпір, Сейітомар батыр, Ла дию, перінің қызы Сағымқыз («Зәйтүнқарлығаш» және «Ерден батыр» шығармаларында), Қара дию («Өлместің жұлдызы» фэнтезиінде), Зарлыхан («Гүл ағашы» шығармасында) тәрізді кейіпкерлер жақсылық жасаушы кейіпкерлерге айналады.

Фэнтезиге тән сюжет ерекшеліктері айқын көрінетін шығармалардың бірі – Р. Сауытбайдың «Шоко әлем» фэнтезиі. «Шоко әлем» фэнтези шығармалар сериясы 2019-2023 жылдар аралығында жарияланған әзірге бес кітаптан тұрады және әлі де жалғасын табады деген болжам бар. 2019 жылы алғаш рет жарияланып, 2021 жылы қайта басылған «Шоко әлем» фэнтезиінің бірінші кітабы басты кейіпкерлер Элия мен Райл есімді бір отбасының екі баласының басынан өткен ғажайып шытырман оқиғаларын баяндайды. Элия мен Райл табиғат аясындағы демалыста әкелерін іздеп жүріп, әжелері айтқан үңгірге тап болады. Қалай екені белгісіз, үңгірдің іші оларға таңғажайып Шоко әлеміне жол ашады деп басталатын қызықты оқиға бірден оқырманын таңғажайып фэнтези әлеміне елітіп әкетеді [98, б. 4]. Шоккокент тұрғындары өздерін «шокилер» деп атайды. Кейбір шокилердің түстері қараторы болып келеді. Олар осы түспен мақтанып, өздерін біз «нағыз шокиміз» дейді... Бұл тәтті елде шоколадтың түр-түрі болады: қоңыр, қара, ақ, қызыл, жасыл, көк, сары, тіпті алтын шоколад та болады. Мысалы, қаладағы ғимараттар, көбінесе қоңыр немесе ақ шоколад кірпіштен жасалады [98, б. 8].

Бұл шоколад әлемінде барлық заттар, бұйымдар шоколадтан жасалады. Үйлер шоколад кірпіштерден салынғандықтан, оның кішкентай тұрғындары шоколад қабырғаларын кеміріп, үйлер құлауға айналатын. Міне, осы ғажайып әлемге Элия мен Райл таңғажайып үңгір арқылы ойламаған жерден кіріп, небір шытырман оқиғаларға қатысып, куәсі болады. Шоко әлемінің тұрғындары автордың ойынан құрастырылған тағы бір ғажайып жаратылыс иелері – тұздейімдектердің ежелгі жауы болатын. Шартараптың бәрін тұздамақшы болған тұздейімдіктер өз үстемдіктерін жүргізбекші болып, шокилерден сиқырлы шоколад дәндерін ұрлап әкетеді. Онымен қоймай, Элия мен Райлдың әкелерін де тұтқындап, өздерімен бірге алып кетеді. Әжелері айтқан ғажайып үңгір арқылы Шоко әлемге түскен екі жасөспірімге әкелерін құтқару жолында

шокилермен бірігіп әрекет етуге тура келеді. Мақсаттарына жету жолында екі жас батырға шокилермен бірігіп сиқырға, ғажайыптарға толы елдерден өту қажет болады. Шоко әлем билеушісі Шокохан, бас уәзірі Бастуар мырза, Шокоару, Шоқай, Дойын капитан, ғұлама Нуа қария, Рауза, тақиялы періште Теруес, Пекуәмір, Тұздейімнің патшасы Удай Қаруас, Қоянкір немесе Коки, тағы басқа автордың ойынан шыққан ғажайып кейіпкерлерімен ерікті немесе еріксіз түрде өзара қарым-қатынасқа түсе отырып Элия мен Райлдың басынан өткен шытырман оқиғалары фэнтезиге тән сюжетпен өріледі. Алдымен таңғажайып үңгір арқылы белгісіз әлемге түсу, ондағы оқиғаларға араласу, авторлық неомиф элементтері, сюжеттің шарықтау шегіне жетуі және басты кейіпкерлердің жеңісі, әкелерін құтқарып, мұратына жетуі классикалық заманауи фэнтезидің айқын сипатын беріп тұр. Шығармада автор ел, жер, су аттарын көп жағдайда шынайы өмірдегі атауларға ұқсастырып алған. Мысалы, Шококент – Шымкент, Әрікетка – Арктика, Баяуөлгей – Баянөлгей, Тарбағатау – Тарбағатай, Шаркент - Жаркент тәрізді өзгертілген атаулармен қатар шынайы өмірде бар атаулар - Амантоғай, Қаражар, Шаршыкөл, Арқалық атауларын да ел, жер, су аттарына қолдана береді. Бұл балалардың өз елінің тарихына, жеріне деген қызығушылығын ояту мақсатында жасалған деген тұжырымға келеміз. Сонымен қатар оқырманның қиялын ояту мақсатында автор саналы түрде ойдан шығарылған атаулар - Ғанун елі, Қағаз елі, Тұздейім, Сүт көлі және басқаларын кеңінен қолданады.

Р. Сауытбайдың 2020 жылы шыққан «Шоко әлем. Тылсым Эллипсаһар» деп аталатын екінші кітабында алдыңғы кітаптың басты кейіпкерлері Элия мен Райлдың «Эллипсаһар» аркуа мектебінің директоры, өздерінің ескі танысы Нуа Дегдардың шақыртуымен сиқыршылар мектебіне оқуға аттануы баяндалады. Ұшатын кілеммен Шококент қаласына, басқа да ғажайып жерлерге саяхаттаған қос батыр талай шытырман оқиғаларға араласады. Аркуа мектебінің директоры Нуа Дегдар Элия мен Райлға: Бұл мектепке келу себептерің – аркуа үйрену. Аркуа дегеніміз не? Аркуа – жаратылыстың тілі. Қысқаша анықтамасын беретін болсақ, ол – белгілі бір дұғалар арқылы материяға әсер ету. Бұл да Құдайдың заңы. Тек сана иесі ғана аркуа жасауға қабілетті. Өйткені бұл – өте терең ілім, әрі өнер [99, б. 80]. Шығарма сюжеті осыдан бастап басты кейіпкерлердің Эллипсаһар аркуа мектебінде оқуы, ежелгі кітапханадан қызықты білімдер мен дағдыларды игеруі, аркуананы меңгеруі, қауіпті Тарбағатау деген жерге барып, ергежейлілерді көндіріп, дәулердің бастарын денелеріне қосып, басқа да шытырман оқиғаларға толы жағдайларды бастарынан өткеруімен жалғасын табады. Бұл фэнтези де ең соңында классикалық сарынмен, басты кейіпкерлердің мұраттарына жетуімен аяқталады.

2022 жылы жарық көрген «Шоко әлем. Ғажайып тас» атты үшінші кітабы арқылы Р.Сауытбайдың фэнтези шығармаларының сюжеті үш кітапты біріктіре қарастырсақ, хроникалы сюжетке негізделгенін, ал әрбір кітап сюжетін жеке-жеке қарастырсақ, шоғырлы сюжетке жататынын байқаймыз. Алдыңғы, екінші кітапта бітпей қалған оқиғалар осы үшінші кітапта жалғасын табады. Аркуандар мен қарсундардың арасында нағыз шайқас басталады. Қара күш иесі



Истискал одан әрі күшейіп мақсатына жетпекші. Мұны бұрыннан бері сезіп жүрген Нуа Дегдар ғажайып тастың күшін зерттеп жатыр. Райл мен Элия бұл жолда көмегін аямайды. Бірақ дұшпандары әлдеқайда күшті болып шығады [99, б. 3]. Бұл фэнтези шығармасының да сюжеті жайбарақат адамзат өмірінен басталады. Элия мен Райл күнделікті тіршіліктерімен өздерінің туған жерінде оқуларын жалғастырып, демалып жатады. «Арқалықта әдеттегі таңғажайып таңдардың бірі атты. Негізі әр таң ерекше ғой», -деп басталатын екінші бөлімінде тағы да фэнтезилік сюжет орын алады [100, б. 16]. Тағы да оқиғалар желісі кейіпкерлердің Амантоғай ауылындағы Жүрсилә әжелеріне қонаққа барудан ширай бастайды. Екі батырдың әжелеріне ұшатын тәрелкемен Эллипсаһар аркуана мектебінің директоры Нуа Дегдардан сары қағазға жазылған хат келеді. Ол хатта Нуа ұстаз Элия мен Райлдың аркуана мектебінде оқуларын жалғастыруы керек екенін айтып, шақырту жібереді. Әжелерінен Нуа ұстаздың хабарын естіген Элия мен Райл қуаныштары қойындарына сыймай, жолға мұқият дайындалып, тағы да сол баяғы жұмбақ үңгірге кіріп, Шоко әлеміне тап болады. Ары қарай сапарларын аркуана жемісі - «кілембусқа» отырып, Шококентке, Эллипсаһар мектебіне жалғастырады. Бірақ бейбіт өмір сүріп жатқан Шоко әлемге, оның тұрғындары – шокилерге қара күш иесі Истискал Қарһ бастаған түздейімдіктер тағы да жауласты. Истискал Қарһ: Қара сиқыр жасау үшін қара энергия қажет. Бұл энергияны алу жолдарын осы мектепте үйренесіңдер. Керекті деңгейге жеткенде күллі әлем сендерді танитын болады. Дүниенің төрт бұрышына біздің сөзіміз жүретін болады. Мына 3 миллиард тұрғыны бар планета соңында бізге бағынады [100, б. 69]. Осы сөздерімен ол болашақ қара сиқыр иелері – қарсундарды дайындауға кірісіп кетті. Тіпті қарсундарды оқытуға, зұлымдық мектебінде дайындауға түздейімдіктердің билеушісі Қаруас Удайдың өзі атсалысатын болды.

Ал басты кейіпкерлер Элия мен Райл осы аралықта Нуа ұстаздың жұмсауымен Жер бетіне қайта оралып, өздерінің ескі таныстары Құдрет ағайдан ғажайып тас – Мәндітасты алып қайтады. Мәндітас әлсін-әлсін сәуле шашып тұр. Ішіндегі мағыналар күшке айналып жатқан болар. Нуа ұстаз таңғалып, тастан көз алмай тұр. Ол өмірінде мұндай күшті бірінші рет көріп отыр [100, б. 183]. Элия мен Райл әкелген осы бір ғажайып тасты аркуандар мен қарсундардың соңғы шайқасы болатын стадионға жасырған Нуа Дегдар өз шәкірттерінің Мәндітастан ақ энергия алып тұруын қамтамасыз ете біледі. Соның арқасында ақырында Истискал Қарһды өзі ауыр жараланса да Элияның жеңуімен оқиға сюжеті түйінделеді. Аркуандар – Ақ энергия иелері қарсундарды – Қара энергия иелерін жеңуімен үшінші кітап та аяқталады.

Р. Сауытбай шығармалары кейіпкерлерінің характерлері мәселесіне келсек, мұнда да классикалық фэнтези шығармаларындағыдай жағымды, жағымсыз және құбылмалы характердегі кейіпкерлер болып жіктеледі. Сонымен қатар Р. Сауытбай кітаптарында фэнтезиге тән кейіпкерлер саны мен характерлерінің әртүрлілігі, оқиғалар шиеленісі, бір әлемнен екінші әлемге кейіпкерлердің көшіп жүре беруі, авторлық неомифтер молынан кездеседі.

Р. Сауытбайдың «Шоко әлем», «Шоко әлем. Тылсым Эллипсаһар», «Шоко әлем. Ғажайып тас», «Шоко әлем. Алоэна құпиясы», «Шоко әлем. Сұйық тәж» фэнтези шығармалары шоғырлы сюжет желісіне құрылған.

3. Наурызбай мен Л. Калаустың 2022 жылы жарық көрген үш кітаптан тұратын «Бату мен достарының Алтын тостағанды іздегені», «Бату мен достарының Барсакелмес еліне саяхаты» және «Бату мен достарының жұлдыздар елі Айдалаға саяхаты» көпсериялы фэнтезиі де сюжеті мен кейіпкерлерінің характерлері тұрғысынан заманауи фэнтезиге тән сарында жазылған. Сонымен қатар бұл кітаптардың ерекшелігі – қазіргі қазақ балаларын туған елі мен жерінің тарихына, дәстүрлері мен ұлттық құндылықтарына баулуға бағытталған, ғылыми-танымдық сипаттағы туындылар.

«Бату мен достарының Алтын тостағанды іздегені» деген атаумен жарияланған алғашқы кітапта оқиға сюжеті Бату есімді баланың мектептегі сабақтан шаршап, тентек сыныптастарынан жәбір көріп жүрген кезінде өмірінің бір таңғажайып құбылыстың нәтижесінде күрт өзгеруінен басталады. Мектеп күнделігінің мұқабасындағы суреттен шыққан Сақ патшазадасы Аспара басты кейіпкерді адам аяғы жетпес жерге сапарға ертіп әкетеді. Сол сапардан соң Батудың әр өткен күні шытырман хикаяттарға толы болады. Жылан патшасы Бапы ханның еліне, басқа да таңғажайып жерлерге сапар шеккен Батудың басынан небір ғажап, сиқырлы, тіпті танымдық оқиғалар желісі өтеді. Сол сапарларда басты кейіпкердің жанында үнемі сенімді серіктері жүреді. Қауіпті де таңғаларлық сапарларда балаларға жолбасшы – туған елінің тарихы мен көне мәдениеті, шежірелері мен аңыздары қолғабыс болады [101, б. 3]. Фэнтези сюжеті осы жанрда жазылған көпшілік шығармалардағыдай «Көктемнің жаймашуақ күні болатын. Бату мен Саша мектептен қайтып келе жатқан», - деп басталады [100, б. 5]. Сабақтан «екілік» алып, одан қалса Руслан (Скорпион) және Қайрат атты тентек сыныптастарынан жәбір көріп жүрген Батудың өмірі бір сәтте өзгереді.

«Бату күнделігін жапты да, Алтын адамға қарап күрсінді: - Сенің әжең күнде «Табалдырықты баспа, босағаны керме!», - деп құлақ етінді жеген шығар?!». Кенет суреттегі адамның күн қағып тотыққан жүзі жымың ете қалды: - Иә, әжелердің бәрі солай дейді!» [101, б. 15]. Тылсым дүниеден келген Сақ патшазадасы Аспара Батумен тілдесіп, оны жұмбақ пен сиқырға, тарих пен шежіре-аңыздарға толы тұңғыық дүниеге ертіп әкетеді. Ол тылсым, шектес дүниеге саяхат жасағанда Аспараға серік болған Бату мен достары Мыстан кемпір, Жезтырнақ, Ұмай-ана – Баян, оның сүйіктісі – Қозы Көрпеш, Жер асты елі – жылан патшасы Бапы хан, Қара адам, Шахрух, Қожайын, Күйші, бірде жер бетінде, бірде шектес тылсым әлемде жүре беретін Скоробогат-Шал деген кейіпкерлермен кездеседі. Өз әлеміндегі Дана, Саша, Скорпион, Қайрат, Қадиша деген құрбыларының, сәби қарындасы Тұмар кейбірі характерлері жағынан жағымды болса, кейбірі сюжетті өрбіту барысында зұлым кейіпкерден ізгілік жасаушы кейіпкерге айналады. Шығарманың сюжетін өрбіту барысында авторлар қазақ ұлттық құндылықтарын, соның ішінде домбыраның қасиеті мен өскелең ұрпақ үшін ғылыми-танымдық жағын көркемдік шеберлікпен

насихаттауға айрықша мән берген. Бірінші кітап аяқталғанша Бату мен оның достары қаншама сынақтардан, шайқастан, қауіпті сапарлардан өтсе де, іздеген Алтын тостағанды таппайды.

2022 жылы алғашқы кітаптың жалғасы ретінде жарияланған «Бату мен достарының Барсакелмес еліне саяхаты» фэнтезиінде авторлар басты кейіпкер Бату мен оның достарының тағы бір таңғажайып, қиял мен тарихқа толы оқиғасын баяндаған. Табиғат аясына серуендеуге шыққан Бату мен Саша Дананы ертіп, Сашаның атасының саяжайына барады. Оларға Қайрат пен Қадиша да қосылады. Сашаның атасының саяжайынан ескі магнитофон тауып алған балалар Қорқыттың «Қасқыр», «Аққу» күйлерін тыңдап, ерекше әсер алады. Саша бірдеңе сұрағалы енді аузын аша бергені сол еді, күй үзіліп кетіп, бөлме ішінде бәсең, қырылдаған дауыс шықты:

Айналайын алты ерен,  
Алтауы да мәрт өрен.  
Дос болса да, табар қазанды,  
Болса да жолы жар терең.

Сәл тоқтап барып: «Алтауының жолы Барсакелмеске түсіп тұр...» – деп қосып қойды [102, б. 20].

Бұл шығармада алдыңғы кітаптың басты кейіпкерлерінен бөлек көптеген жаңа кейіпкерлер сюжетті өрбіту барысында қосылып отырады. Олардың кейбіреуі қазақ ертегілірі мен мифтерінің дәстүрлі кейіпкерлері болса (Ұмай ана – Баян сұлу, Қозы Көрпеш, Қорқыт ата, Тастүлек, Қаратай, Самұрық құс, Жылан патшасы Бапы хан, Мыстан кемпір, Жезтырнақ), басқалары авторлардың ойынан шығарылған неомиф кейіпкерлері (Түймебас, Бөлтірік, Зигфрид, турист Жексенбай, Жарқыраған Қошқар, Тас тұяқ Тұлпар, Өжет Арлан, Көреген Мұзбалақ, Аппақ қардай Аққу, Данышпан Оқ Жылан, Өзен айғырлары, Шыңырау патшайым, Мешіндер, тағы басқалары). Арал теңізіндегі Барсакелмес аралына сапар барысында батырлар Жыланшық өзенімен жүзіп, шыңырауға құлап, Кер Жұтпаның ішіне түсіп, небір таңғажайып оқиғаларға ұшырайды. Сол қауіпті де қызықты саяхат кезінде кейіпкерлер қазақтың ұлттық құндылықтарынан бөлек әлемдік мәдениет пен әдебиет мұраларымен жіті танысады. Сонымен қатар авторлар фэнтези сюжетін дамыту барысында оқырман балаларға арнап квест тапсырмалар да беріп отырады. Бұл – оқырман балалардың шығарма мағынасын тереңірек түсінуге, білімі мен ғылыми танымының өсуіне, дүниетанымының кеңеюіне орасан зор әсерін тигізетіні даусыз. Барсакелмес еліне саяхаттан Бату мен оның достары іздеген Алтын тостағанды таппай келеді. - Алтын тостағанды сол күйі таба алмадық, - деді Саша жанында отырған Батуға күрсіне қарап [102, б. 339]. Себебі авторлар фэнтезидің келесі, үшінші бөлігіне жол ашып, оқырманын қызықтыра түсу мақсатын қойған болулары керек.

3. Наурызбай мен Л. Калаустың 2022 жылы алдыңғы екі кітаппен қатар шыққан үшінші кітабы «Бату мен достарының жұлдыздар елі Айдалаға саяхаты» деп аталады. Көпсериялы фэнтезидің бұл бөлігінде қазақ мифологиясы мен тарихы, дәстүрі жайлы оқырманның танымын арттырып,

қызықты оқиғалармен қуанту жалғасын табады. Екінші кітапта Бату мен оның достары жерасты әлеміне саяхаттаса, бұл жолы олармен бірге оқырман аспан әлеміне барады. Бұрынғы кітаптардан таныс кейіпкерлермен қайта жүздесіп, балалар нағыз достық, сенім туралы ұғымдарын нығайта түседі [103, б. 3]. Шығарма сюжеті Аспараның сиқырлы күймесіне мінген алты достың аспан әлеміне саяхатынан басталады. Олар ежелгі Грек мифологиясынан бастау алған Шолпан, Фаэтон, Гелиос, қазақ танымындағы Темірқазық, Ақбозат пен Көкбозат, Жетіқарақшы жұлдыздарын аспан көгінен тамашалайды. Сақ патшазадасы Аспараның ағасы Дархан: « - Ұйықтап қалып, Алтын тостағанға ие бола алмай қалдым» деп, ендігі жерде өзінің жары Шолпанның тазша баласы болып өтетінін мойындайды [103, б. 28]. Алтын тостағанды іздеу сапарларын жалғастырған достар әлі де талай шытырман оқиғалардың бел ортасынан табылады. Авторлар шығарма сюжетін ширата түсу үшін жетінші тарауда әрбір кейіпкердің характерлерін ашу үшін олардың қарым-қатынастарын сипаттайды. Бірде Зига, Дана, Қадиша үштігінің, енді бірде Аспара мен Қайрат арасындағы характер тартыстарын оқиға сюжетін шиеленістіре түсу үшін шебер қолданады.

3. Наурызбай мен Л. Калаус бұл кітабында Сақ патшазадасы Аспараның анасы Көклен ананың образы арқылы қазақ аналарына тән Ана характерін аша білген. Ақыл мен қайраттарының, белгілі бір деңгейде қиял-ғажайып күштердің арқасында Шахрухпен, Айдахармен, Аюмен, басқа да құбыжықтармен шайқасып, небір қиыншылықтар мен кедергілерден өтіп, жеңіске жеткен Бату мен оның достары ақыры Алтын тостағанды табады, аңсаған мұраттарына жетеді. «Бәрі күліп жіберді, ал Көклен ана: - Алтын тостағаннан не күтіп едіңдер? Ол адамдарды шынын айтуға итермелейді. Бірақ ол адамдарды біріктіретін, жақсырақ қылатын шындық болады. Сендер Алтын тостағанды іздеп жүргенде достасып кеттіңдер, өздеріңнің шынайы болмыстарыңды көрсеттіңдер. Енді Алтын тостағанның сендерге бере алары тек – алғыс пен бата», - деді [103, б. 292]. Көклен ананың бұл монологу 3. Наурызбай мен Л. Калаустың «Бату мен достарының Алтын тостағанды іздегені», «Бату мен достарының Барсакелмес еліне саяхаты» және «Бату мен достарының жұлдыздар елі Айдалаға саяхаты» көпсериялы фэнтезиінің түп мағынасын ашып тұрғандай. Шығарма соңында басты кейіпкер Батудың: « - Эврика! Қайратпен Зиганы табатын жоспарым бар!» дегеніне қарағанда авторлардың көпсериялы фэнтезиінің де жалғасы бар сықылды. Қарастырылған авторлардың «Бату мен достарының Алтын тостағанды іздегені», «Бату мен достарының Барсакелмес еліне саяхаты» және «Бату мен достарының жұлдыздар елі Айдалаға саяхаты» көпсериялы фэнтезилерін біріктіре алсақ, хроникалы сюжетке құрылған, дербес түрде алсақ, шоғырлы сюжетті шығармаларға жатқызуға әбден болады.

2017 жылы И. Нұрғалиевтің орыс тілінде жарияланған «Дастан и Арман. Начало и первое задание» фэнтезиі қазақ балалар әдебиетінің көрнекті шығармаларының қатарына жатады. Автор VII-ғасырдағы ежелгі Түрік империясының тарихын негізге ала отырып, басты кейіпкер Дастанның өзінің атастырылған қалыңдығы Арманайды іздеу жолындағы қауіпті де шытырман

оқиғаларын фэнтези элементтерін кеңінен қолданып, ежелгі Түрік дәуіріндегі ұлтымыздың тарихымен сабақтастыра баяндайды. Қалыңдығының әкесі Қадыр мемлекет билеушісіне қарсы келе алмай, өзінің мәртебесін өсіру мақсатында ескі досы – Дастанның әкесі Абзалға берген сертінен таяды және оны досына ашық айта алмайды [113]. Ақыл мен қайратының арқасында Дастан ежелгі түркі бабаларының батырлық дәстүрімен дұшпандарын жеңіп, Парсы еліне барып, Зарина патшайымның белдігін алып, еліне қайтып келіп, Қадырдың тапсырмасын орындап, сүйген қалыңдығына қосылып, мұратына жетеді. Оқиға сюжетінен ежелге түркілердің, арғықазақ, қазақ мифологиясы мен тарихының, батырлар жыры мен аңыздарының, тіпті әкесінен ерте айырылған Шыңғысхан тарихының сарынын байқаймыз. И. Нұрғалиевтің бұл шығармасын сюжеті жағынан тізбекті сюжетті туындыға жатқызуға болады. Себебі автор өз кейіпкері мен оқырмандарын өткен шаққа, VII-ғасырдағы ежелгі Түрік дәуіріне саяхатқа жетелейді. Дегенмен, И. Нұрғалиевтің «Дастан и Арман. Начало и первое задание» фэнтезиінен шоғырлы сюжеттің де, қайырмалы хронологиялық сюжеттің де сарындары байқалады.

Т. Ермашевтің орыс тіліндегі «Воскрешающий легенды» фэнтези-повесінің сюжеті XVII-ғасырдағы Қазақ хандығының тарихындағы Жоңғар шапқыншылығына қарсы өткен елеулі шайқастардың бірі – Орбұлақ шайқасына келтірілген [114]. Мақсат пен Жәкетай атты қазіргі заман балаларының сол бір тарихи кезеңге апатқа ұшырап, сонан соң ғажайып құбылыстың көмегімен түсіп, сол сұрапыл кезеңдердің куәсі және тікелей қатысушысы болады. Барлық сынақтар мен қиыншылықтарды жеңе білген екі батыр фэнтезиге тән мәремен өз заманына, еліне, жеріне аман-есен оралуымен оқиға аяқталады.

Жалпы И. Нұрғалиевтің «Дастан и Арман. Начало и первое задание» және Т. Ермашевтің «Воскрешающий легенды» фэнтези шығармаларының сюжетін негізінен өткен шаққа жетелейтін тізбекті сюжетке құрылған туындылар деп атауға негіз бар. Бірақ шоғырлы сюжет пен қайырмалы хронологиялық сюжеттің де белгілерін байқауға болады. Сондықтан аталған шығармаларды күрделі сюжетті туындылар деп атауға болады.

Диссертациялық зерттеу жұмысымыздың көлемі қазіргі қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрында жазылған ірілі-ұсақты барлық шығармалардың сюжеттер желісі мен кейіпкерлерінің характерлерін жеке-жеке талдауға мүмкіндік бермегендіктен, неғұрлым танымал, кең тараған фэнтези шығармаларының сюжеттік желісін келесі 2-кесте түрінде жіктеп көрсетуді жөн көрдік.

## Кесте 2 – Қазақ фэнтези шығармалары сюжеттік желісіне қарай жіктелуі

Сюжет түрлері	Қазақ әдебиетіндегі фэнтези шығармалары
Хроникалы сюжеттер	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Т.Рымжановтың «Зәйтүнқарлығаш» және «Ерден батыр» фэнтезилері біріктіріліп қаралғанда;</li> <li>2. Р.Сауытбайдың «Шоко әлем», «Шоко әлем. Тылсым Эллипсаһар», «Шоко әлем. Ғажайып тас», «Шоко әлем. Алоэна құпиясы» және «Шоко әлем. Сұйық тәж» фэнтезилері біріктіріліп қаралғанда;</li> <li>3. З.Наурызбай мен Л.Калаустың «Бату мен достарының Алтын тостағанды іздегені», «Бату мен достарының Барсакелмес еліне саяхаты» және «Бату мен достарының жұлдыздар елі Айдалаға саяхаты» фэнтезилері біріктіріліп қаралғанда;</li> <li>4. Т.Сәукетаевтың «Мен - жындымын» және оның жалғасы ретінде «Өлгендер қайтып келеді» (Мен - жындымын-2) мұңлы фэнтези-романы біріктіріліп қаралғанда.</li> </ol>
Шоғырлы сюжеттер	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Т.Рымжановтың «Зәйтүнқарлығаш» және «Ерден батыр» ертегі-фэнтезилері жеке-жеке қаралғанда, «Өлместің жұлдызы», «Гүл ағашы» ертегі-фэнтезилері;</li> <li>2. Р.Сауытбайдың «Шоко әлем», «Шоко әлем. Тылсым Эллипсаһар», «Шоко әлем. Ғажайып тас», «Шоко әлем. Алоэна құпиясы» және «Шоко әлем. Сұйық тәж» фэнтезилері жеке-жеке қаралғанда;</li> <li>3. З.Наурызбай мен Л.Калаустың «Бату мен достарының Алтын тостағанды іздегені», «Бату мен достарының Барсакелмес еліне</li> <li>4. Т.Сәукетаевтың «Мен - жындымын» және оның жалғасы ретінде «Өлгендер қайтып келеді» (Мен - жындымын-2) мұңлы фэнтези-романы жеке-жеке қаралғанда.</li> </ol>
Тізбекті сюжеттер	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. И.Нұрғалиевтің орыс тіліндегі «Дастан и Арман. Начало и первое задание» фэнтезиі;</li> <li>2. Т.Ермашевтің орыс тіліндегі «Воскрешающий легенды» фэнтези-повесі.</li> </ol>
Қайырмалы хронологиялық сюжеттер	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. И.Нұрғалиевтің орыс тіліндегі «Дастан и Арман. Начало и первое задание» фэнтезиінде аталған сюжет желісін байқауға болады.</li> </ol>
Ескерту – Автор әзірлеген	

Қазақ әдебиетіндегі фэнтезиге тән сюжет және характер мәселесін зерттеуді қорытындылай келе, қазіргі қазақ әдебиетіндегі фэнтези шығармаларының көпшілігі және неғұрлым танымалдары көпсериялы фэнтези болғандықтан, көбінесе олар хроникалы сюжетке құрылғанымен, сол серияларға кіретін жеке кітаптарды дербес түрде қарастырсақ, шоғырлы сюжет желісімен құрылған туындылар деуге толық негіз бар. Дегенмен, жекелеген шығармалардың сюжеті күрделі, өз бойына бір ауқымда шоғырлы сюжеттің, тізбекті сюжеттің, тіпті қайырмалы хронологиялық сюжеттің белгілерін сіңірген туындыларға жатқызуға болады.

### 2.3 Қазақ әдебиетіндегі фэнтези кейіпкерлерінің ерекшеліктері

Қазақ әдебиетіндегі фэнтези кейіпкерлерінің ерекшеліктерін әлем әдебиетіндегі фэнтезидің классикалық жауһарларындағы кейіпкерлер типологиясынан дербес түрде қарау ғылыми тұрғыдан негізсіз болады. Себебі,

қазақ фэнтезиі кейіпкерлерінің арғы негізі ұлттық ауыз әдебиетінің, фольклоры мен мифологиясының, аңыздары мен ертегілерінің түп тамырына бойлап жатса да, классикалық және заманауи әлемдік фэнтези сюжеттеріне, оқиғаларына, характерлеріне және кейіпкерлеріне ұқсастықтары да бар екеніне алдыңғы бөлімдердегі зерттеулерімізде көз жеткізгенбіз. Сондықтан осы бөлімде қазақ әдебиетіндегі фэнтези кейіпкерлерінің ерекшеліктерін ашу үшін оларды әлемдік деңгейде мойындалған фэнтези туындылары кейіпкерлерінің типологиясымен сабақтастыра отырып зерттеуді жөн көрдік.

Әлем әдебиетінде соңғы жылдарда фэнтези жанрындағы әлеуметтік-мәдени процестерді бейнелеуді тереңірек зерттеу тенденциялары байқалады. Себебі заманауи фэнтези шығармаларында балалар мен жасөспірімдердің, жалпы оқырмандардың «Бөтен» кейіпкерлерге толерантты көзқарасын қалыптастыру мақсаты қойылғаны көрінеді. Атап айтсақ, Дж. Роулингтің жазған сиқыршы бала Гарри Поттер жайлы соңғы жылдары айрықша танымалдығымен көзге түскен шығармаларында адамзатқа жатпайтын, автордың қиялдан шығарылған «Бөтен» кейіпкерлерлеріне қалыпты көзқарас қалыптастыру ұмтылысы айқын көрінеді. Ал шетелдік фэнтезиде және отандық осы жанрдағы шығармаларда адамзатқа жатпайтын кейіпкерлердің көп қолданылуы мультимәдениеттің дамуының салдары деуге болады. Белгілі зерттеуші Л. Фишман осы мәселе жайлы: «Дәл фэнтези жанрындағы туындылар үшін көптеген нәсілдердің болуы тән, яғни көптеген мәдениеттердің сипатталуы байқалады. Сондықтан дәл осы фактор мультимәдени қатынастардың дамуы мәселесін туындатады. Осы тұрғыдан келгенде, мультимәдениет – фэнтези туындысына қажетті негіз болып табылады», -деген қорытындыға келеді [115].

Фэнтези шығармаларындағы кейіпкерлердің ерекшеліктерін қарастырған кезде адамзатқа жатпайтын «Бөтен» кейіпкерлер әлемінде адами қасиеттерді сақтау мәселесі ретінде дәл осы «мультимәдениет жобасын» зерделеуді де ұмытпауымыз керек. Осы бөлімде қазақ фэнтезиі кейіпкерлерінің жіктемесін әлем әдебиетіндегі классикалық кейіпкерлер трансформациясын, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ескере отырып жасадық.

Заманауи әдебиеттануда кейіпкерлерді түрлері бойынша жіктеу, олардың характерлері бойынша типологиясын жасау психологиялық және әлеуметтік белгілеріне қарап, этикалық белгілері бойынша кейіпкерлер мен антикейіпкерлердің портреттерін жасаудан қарағанда өзгеше болуы тиіс деген пікір басым. Бұл мәселенің аса маңызды аспектісі ретінде автор мен кейіпкер арасындағы ара қатынастарды зерттеуді айтуға болады.

Әдебиеттанушы И.В. Силантьев М. Бахтиннің әдеби кейіпкерге берген бағасына сүйене отырып: «Әдеби кейіпкер – құндылықтар мәнінің жиынтығы. Бұл құндылықтар әдеби кейіпкерді жалпылап, оны сол дәуірдің эстетикалық талаптарына жауап бере алатын, құндылықтары жағынан әбден кемелденген қаһарман дәрежесіне дейін көтереді. Кейіпкердің құндылықтар мәні оның қайраткер ретіндегі фабулалық маңызы бар әрекеттері мен жағдайларында

калыптасады. Яғни, кейіпкердің сюжеттік маңызы бар қадамдары мен оқиғалары барысында анықталады», - деген тұжырым жасайды [116].

«Характер» категориясына анықтама бере отырып М. Бахтин келесі тұжырым жасайды: Кейіпкердің тұтастығын белгілі бір тұлға ретінде қалыптастыру мәселесін шешуге бағытталған кейіпкер мен автордың арасындағы қарым-қатынастар формасы. Бұл міндет негізгі болып табылады: кейіпкер ең басынан бастап тұтас тұлға болып қалыптастырылған, оқиғаның ең басынан бастап автордың белсенділігі кейіпкердің маңызды шектік мүмкіндіктері көлемінде өрбиді; барлығы кейіпкер сипаттамасының мезеті ретінде қабылданады, характер құру қызметін атқарады, барлық оқиға желісі «ол кім?» деген сұраққа жауап табуға бағытталады және қызмет етеді [41, с. 151]. Л. Гинзбург «әдеби кейіпкер толығымен ретроспективті түрде танылады» деп нақтылай түседі [117]. Сонымен қатар толық қалыптастырылған кейіпкер автордың жазып бітірген, оқырманның оқып тауысқан кезінде жаңадан дүние есігін ашқандай болады [117, с. 16]. Шығарма мәтінінің ең басында кейіпкерге мінездеме беріледі. Л. Гинзбург бұл туралы архаикалық, көне әдебиеттер мен фольклорда басты кейіпкердің ерекшеліктері «аталған туындының сыртында анықталып қойылған, жанрдың шарттарына сәйкес оның тұрақты рөлдеріне байланысты алдын-ала белгілі. Басты кейіпкерді оқырман тануы үшін оның есімін атап, өзіне тиесілі орнына қойса, жеткілікті», - деп жазады [117, с. 18].

Б. Томашевский де келесі тұжырым жасайды: қарапайым фабулярлы формаларда фабулярлы дамуға қажетті әрекеттерді белгілеу үшін кейіпкерге («оқшауланған кейіпкер») ешқандай мінездеме бермей-ақ, оның есімін атаса немесе берсе жеткілікті [118]. Күрделі мәтінді шығармаларда кейіпкердің әрекеттерінің психологиялық мотивировкасын беру қажет. Фэнтези кейіпкерлері бұқаралық әдебиеттің басқа да жанрларындағыдай, көбінесе қарапайым фабулярлы формалардың «оқшауланған кейіпкерлеріне» жақынырақ. Фэнтези кейіпкерлерінің әрекеттері олардың есімдерімен немесе мәртебесімен айқындалады. Мысалы, жауынгер кейіпкер көп жағдайда сатқындыққа қабілетті емес, ал сиқырлы күшке ие кейіпкер ақыл-парасатқа ие болып келеді.

Сонымен фэнтези кейіпкерлері типтік сипаттарға ие, яғни олардың бойынан бір ғана сипат байқалады (рыцарьларда – батылдық, авантюристерде – қулық, т.с.с.) [119]. Сондықтан, фэнтези кейіпкерлерінің фольклор кейіпкерлерінің типизациясына жақындығы, қарапайымдығы олардың мінездік тұрғыдан зерттелуін қажет етпейді деген қорытындыға келеміз. Бұл тұрғыда А. Фаустов деген зерттеуші: «Фэнтези шығармаларында көбінде характерге кейіпкер қарама-қарсы қойылады. Кейіпкер бірінші кезекте әрекет етуші тұлға, әрекет ету субъектісі ретінде өзін қоршаған, өзіне тән, субъектінің әрекеттерін ынталандырушы қасиеттер жүйесіне қарсы әрекет етеді».-деп жазған [120]. Яғни, характерді «әдеби кейіпкердің мәтін ішіндегі өзін-өзі дамытуының ішкі логикасы» деп түсінуге болады [120, с. 286].



Фэнтэзи жанрының кейіпкерлері формулалық сипатқа ие. Бұқаралық, көпшілік әдебиеттің формулалық табиғатының теоретигі Дж. Кавелти: «Формулалық кейіпкерлерді жасаудың өнері бізбен айрықша қасиетке ие адамдардың арасындағы қатынастарды баяндалатын тарихтан басты кейіпкердің жеңісі мен ғажайып құтқарылуына таңдануға кедергісін келтіретін оқиғаларды алып тастау арқылы құруға негізделеді. Бұл үшін бірнеше тәсілдер жасалған. Ғажайып оқиға желісімен оқырманды еліте отырып, жазушы характерлерді күрделі түрде бейнелеуден бас тартады. Одан әрі жазушы оқырман аудиторияның өмірге және қоғамға деген қалыптасқан көзқарастарын сипаттайтын стереотипті кейіпкерлерін пайдалана отырып, эскапистік мақсатты толығырақ жүзеге асыруға қол жеткізеді», - деген пікір білдірген [121].

Дж. Кавелтидің тұжырымдарын дамыта отырып, В. Березин келесі ой түйеді: Бұқаралық әдебиет кейіпкері әрқашанда типті, яғни қарапайым. Бірақ ол тек бұқаралық мәдениет шеңберінде ғана типті, қарапайым. Ол, оның сыртқы кейпі мен ішкі жан-дүниесі – баяндау формуласының компоненттері (құрамдас бөліктері) болып табылады» [122]. Негізінде мұндай шығармалардағы кез-келген тарих келесі метаморфозаны баяндауға құрылады: «қатардағы адамнан, сол бұқаралық мәдениетті тұтынушы кәдімгі адамнан кейіпкер идеалды жаратылыс иесіне айналады [122].

Мысал ретінде бірнеше фэнтэзи шығармаларын атап көрсетуге болады. Шетел фэнтэзи әдебиетінен Д. Ланцовтың «Механический дракон» романындағы басты кейіпкердің трансформациясын қарастырайық. ХХІ ғасырдың адамы Дален шартты Ортағасырлық әлемге тап болып, өлі айдаһардың болмысын жұтып қояды. Жаңа магиялық қабілеттерден бөлек бұл кейіпкер құбылмалылық қасиетке ие болады (адамнан айдаһарға айналу қасиеті). Сонымен бірге оның сыртқы кейпі де өзгеріске ұшырайды: командор типті айтарлықтай өзгерді. Бірқатар өзгерістерге түсе отырып, екі болмыстың қосылуы біршама ғажайып салдарға алып келді. Мысалы, өткен өмірден қалған ескі негізгі форма өзгеріске ұшырады. Дененің көлемі сақталғанмен, бұлшық еттері орасан күшейді және кеуіп қалды. Және көздері де адамның көзіне ұқсамай кетті [123]. Трансформацияға ұшырай отырып, басты кейіпкер адам болып қалғысы келетіндігін атап өту керек: өкінішке орай, мен енді адам емеспін. Менің жаратылысым қатты өзгерді. Өйткені айдаһардың ықпалы ғажайып қуатты болды. Бірақ мен толығымен айдаһарға да айналған жоқпын... Менің ішімде бұл екі болмыс бір-бірін толықтырып, қабысып кетті [123, с. 101].

«Зәйтүнқарлығаш» шығармасында да басты кейіпкер – Зәйтүнқарлығаштың нәзік жасөспірім қыздан Алыпаспан ғұламаның болжамы бойынша ғайыптан ғаламат күш пен ерекше қасиетке ие болуы байқалады. Жолбарыс тура атылды. Бірі үстінен, бірі қарсы алдынан төнген қауіптен сескенген арыстан лып етіп артына шығып кетті оның. Осы сәт Зәйтүнқарлығаш бір қолы арыстанның құлағында, бір қолымен жолбарысты артқы аяғынан алды да, басынан екі айналдырып атып жіберді. Ауада тулақтай қалбаңдап бара жатқан жолбарыстың соңынан қарап тұрған Зәйтүнқарлығаштың жүрегі қуанғаннан лүп ете түсті. «Арыстанға жайдақ

мініп, жолбарысты аяғынан алып лақтырған шақта Сұртырнақпен белдесуіңе болады», - деген Алыпаспан ғұламаның сөзі есіне түсті [94, б. 59]. Міне, осы фэнтези туындысына тән басты кейіпкердің ғайыптан ерекше қасиеттер мен ғаламат күшке ие болуы автордың ойлап тапқан Ортағасырлық Жаһұт патшалығының бас батыры Әукебайдың қызы болса да, қатардағы адамзат қызының күрт өзгеріске түсуі, идеалды кейіпкерге айналуы анық байқалады. Ал осы повестің екінші бөліміндегі «Ерден батыр» фэнтезиі алдыңғы Зәйтүнқарлығаш фэнтези-ертегісінің жалғасы болып табылады. Бірінші бөлімде сүйіктісі Ерденді құтқарып келген Зәйтүнқарлығаш Ерден батырмен бірге екі ғасыр өткеннен кейін де Табиғат патшаның құзырына о дүниелік болып кеткен әкелерінің орнына патшалық құрады. Мұндағы басты кейіпкер – Ерден батыр да ғайыптан ерекше қасиеттерге ие болады. Сол ерекше қасиеттердің бірі былайша баяндалады: Ерден Ағдемнің жер астындағы тіршілік храмынан тіріліп шыққалы тамақ ішпейді. Ал Табиғат патша Зәйтүнқарлығаш жиырма беске келгенде оның асқа деген тәбетін тоқтатқан... Қазір құлқын, жұтқын, тәбет, ындын сықылды сөздер олардың тіршілігі үшін соншама мәнді сөздер емес еді [94, б. 120]. Биік ақыл-парасат, ғаламат күш тәрізді басқа қасиеттерін айтпағанда, бұл екі басты кейіпкердің тамақ ішуге деген тәбеттерінің болмауы – шығармадағы басқа адамзат баласы мен әртүрлі кейіпкерлерден оларды ерекшелендіріп тұратын фэнтезиге тән белгі екені анық. Жаһұт елінің Алтын тағына әкелерінің орнына бірге отырған екі бас кейіпкер үшін тамақ ішпеу қасиетінің болуы – олардың нәпсіні жеңе білгендігінің белгісі ретінде көрінеді. Ал ел билеушісінің өз нәпсісін тия алуы – ең ұлы қасиеттердің бірі екені әлімсақтан белгілі.

Қазіргі уақытта қазақ фэнтезиінің сериялы кітаптарын қарқынды түрде шығарып жатқан және танымалдығы өте жоғары Р. Сауытбайдың «Шоко әлем» шығармаларындағы басты кейіпкерлер қарапайым отбасынан шыққан Элия мен Райл атты екі жасөспірім сиқырлы күшке ие болмаса да, өздерінің білімге, жаңалыққа құштарлығымен, ұлттық тәрбиеге қанықтығымен және еңбекқорлығымен Аркуа сиқыр мектебінен алған білімдерін пайдаланып, таңғажайып Шоко әлеміне сапар шегеді. Сол қауіп пен ғажайып оқиғаларға толы сапарларында олар әкелерін құтқарып қана қоймай, Шоко әлемі тұрғындары – шокилерге де көп көмегін тигізеді. Аталған фэнтези сериясының бірінші кітабында автор өз кейіпкері Бастуар ақсақалдың аузымен оларға келесі мінездеме береді: бұл екі жас бала қарапайым отбасынан болғанымен, мінез-құлықтары ханшайым мен ханзаданыкі сияқты. Элия кішкентайынан жауапкершілігі жоғары қыз боп өскен. Өзі өте мейірімді, әрі адалдыққа қатты мән береді. Ол шешім қабылдағанда бәрін таңертеңнен ойлап, негіз тапқан соң, сол ойын іске асырады. Ал Райл болса, аса сезімтал жан, шешімді тез қабылдайды. Бірақ соңғы кездерде логикаға қатты мән беріп жүр, әлсіздерге көмектесуге әрдайым дайын. Біреу «көмек керек, жүр» десе шын жүректен қолынан келгенін істейді. Әкесі мен анасы оларға ерекше тәлім-тәрбие беріп өсірген екен [98, б. 46].

Р. Сауытбайдың «Шоко әлем» фэнтези сериясының төртінші кітабы – «Шоко әлем. Алоэна құпиясы» фэнтезиінің соңында қауіпті де ғажайып сапарлардан жеңіспен оралған Райл емделу бөлмесінде төсекте жатып: «Ең үлкен күш сонда екен. Мәндітастағы күшті дұрыс пайдалану үшін тән жағынан болсын, рухани жағынан болсын... яғни аркуа болсын, кемелденуге ұмтылу керек. Қоршаған ортаға тек пайдаланатын ресурс ретінде емес, достықпен, махаббатпен қарауымыз керек. Сол кезде айналадағылардың бәрі сенің жағыңа шыға бастайды. Қаншалықты жақсы қарасаң соншалықты күшке ие боласың. Керемет күшке. Сол кезде әлем бізге өз сырын аша бастайды. Ол – нағыз аркуа», - деген ой түйеді [124].

Алдыңғы кітапта Алоэна еліне қауіпті сапарға барып, ғажайып білім алып қайтқан Райл Эллипсаһар атты Нуа Дегдар бастаған аркуандар мектебіне қайтып келген соң аркуандықтардың алдында: «Иә, мәселе жүректі таза ұстауда. Өткен жолы, шайқаста барыстың жеңіп кетуі де осы себептен. Тасқа таза жүрекпен жақындасаң әлдеқайда көп күш шығады. Мәндітасқа... Жүректі таза ұстау дегеніміз – түрлі қара ниет, өтірік, қызғаныш, агрессия, менмендікті жолатпау екен. Тек позитив сезімдермен толтыру қажет. Сол кезде керемет нәтиже болады. Ал мұндай дәрежеге жету үшін қоршаған ортамызға мұқият болуымыз керек», - деген тұжырым жасайды [125].

Фэнтези шығармаларында кейіпкерлердің характерлері оның жасаған әрекеттерімен анықталады. Бұл жайлы белгілі зерттеуші А.Ф. Бритиков: «Фантастика мен фэнтезиде кейіпкерлердің характерлері оның ішкі жан-дүниесінің қасиеттерімен емес, көбінде басынан өткізген шытырман оқиғалармен және соған байланысты жасаған әрекеттерімен анықталады», - деп жазады [126].

Қазақ фэнтези шығармаларын зерттеп қарасақ, басты кейіпкер көбінде слайдердің рөлін атқарады. Слайдер – басқа кеңістікке, ортаға түскенде таңғажайып қасиеттер иесіне айналатын нақты, шынайы өмірден келген бөтен адам. Оған мысалдарды көптеп келтіруге болады: Т.Рымжановтың Зәйтүнқарлығашы мен Ерден батыры, Өлмесі мен Қарабегі, Р. Сауытбайдың Элия мен Райлы, З. Наурызбай мен Л. Калаустың Батуы мен достары, Н. Мұраталиевтің Еркіні мен достары, Т. Ермашевтың Жекасы мен Мақсаты, И. Нұрғалиевтың Дастаны мен Арманы, тағы басқа шығармалардағы кейіпкерлер. Отандық фэнтезиге тән кейіпкерлердің типтік түрінің жүріп өтетін жолдарын қарастырсақ, келесі метаморфозалардың тізбегін байқауға болады: реалды (нақты, шынайы) өмірдегі қарапайым адам таңғажайып жағдайда бөгде әлемге тап болып, сол жақта суперқабілетке ие болады. Сонымен қатар қазақ фэнтези шығармаларына тән тағы бір белгі – кейіпкер адам өзінің өмірлік ұстанымы мен мұраттарын көбінде өзі таңдайды. Дегенмен оның таңдауына әсер ететін сыртқы факторлар (кездейсоқ оқиға, тылсым күш, қиыншылық немесе ғажайып) да болуы мүмкін.

Әдебиеттанушылар мен фэнтези зерттеушілері тарапынан осы жанр кейіпкерлерінің типологиясын жасау талпыныстары болған. Бірақ кейіпкерлер типологиясын сараптау барысында көбінде басты кейіпкерлердің ғана

жіктемесін жасауға мүмкіндік бар. Қосалқы, екінші, үшінші пландағы кейіпкерлер зерттеушілердің назарынан тыс қалып жатады. Себебі, фэнтезидің әдеби жанр ретіндегі ерекшеліктерінің бірі – кейіпкерлер санының өте көп болуы. Сонымен бірге олардың адамзат және адамзат емес, ізгі және жауыз, автордың ойдан шығарған неомифтерінен туындаған әртүрлі нәсілдерінің болуы фэнтези кейіпкерлерін бір ізге түсіріп, жіктеуді қиындыққа ұшыратады. Ең бастысы – фэнтези динамикалы түрде дамып, жазылып жатқан жанр болғандықтан, жылдан-жылға жаңа кейіпкерлердің пайда болуы, ойдан шығарылған әлемдер тұрғындарының көбеюі байқалады.

Әдебиеттану теоретигі А. Гусарова фэнтези сюжеттің негізінде кейіпкердің образында бейнеленетін инициация жоралғысы жатады деп есептейді. Мистикалық инициация контекстінде фэнтезидің басты кейіпкерінің образында тізбектеліп, қарқынды түрде қайталанатын үш константа ерекшеленеді: әлемді/адамды құтқару, жоғарғы құдаймен бірлесу, жүретін жолының тік болуы [127]. А. Гусарова фэнтезидің бас кейіпкерінің метаморфозасы оның қарсыласының (антогонистің) образына байланысты екендігін атап өтеді: Жауы неғұрлым жауыз болса, басты кейіпкер де соғұрлым ғажайып метаморфозаға (өзгеріске) ұшырайды [127, с. 3-250].

Д. Батурин фэнтези кейіпкерлерінің үш типін жіктеп көрсетуді жөн деп санайды: әулие ретіндегі кейіпкер (қаһарман), құдай ретіндегі кейіпкер (қаһарман), император немесе тиран ретіндегі кейіпкер (қаһарман) [128]. Аталған зерттеушінің пікірінше, «әулие ретіндегі кейіпкер» христиандық немесе жалпы діни парадигма шеңберінде өмір сүреді, «құдай ретіндегі кейіпкер» жақсылық пен жамандықты моральдық-этикалық тұрғыдан бағалаудан өзін жоғары қояды, ал «император немесе тиран ретіндегі кейіпкер» әлемді құтқару үшін кез-келген құрбандыққа баруға дайын. Зерттеуші кейіпкерлердің мұндай типтері бүкіл әлем фэнтезиіне ортақ деп есептейді.

Фэнтези шығармаларының басты кейіпкерлерінің Ресейлік фэнтези мәтіндеріне сүйене отырып құрылған типологиясын Е. Чепурдың диссертациясынан байқауға болады. Бұл зерттеушінің көзқарасына сәйкес, фэнтези кейіпкерінің тұрақты (константалық) сипатына «айрықша (көбінде магиялық) қабілеттерге ие болуы, үнемі өмірдің мәнін іздеуі және жамандыққа қарсы тұруы» жатады [129].

Е. Чепур Ресейлік фэнтезиге тән алты негізгі модустарды бөліп көрсетеді: тағдырды шешуші, жаратушы, іздеуші, құдайды іздеуші, жауынгер және сақтаушы. Бұл зерттеуші тұлғаның өмірде өз орнын таба алмауы, билік пен жауапкершілік мәселелері ең алдымен тағдырды шешушімен байланысты; өнер, әлемді шығармашылықпен қайта құру, еркіндік мәселелері ең алдымен жаратушымен байланысты; Ақиқаттың болу мәселесін авторлар ең алдымен ізденушімен байланыстырады; дін, сенім, шіркеу мәселелерін ең алдымен құдайды іздеушімен байланыстырады; кейіпкердің жауынгер модусымен ұлттық сананың өсуі және ғылыми-техникалық прогресс мәселелері байланыстырылады; өмірдің мәні мен шынайы құндылықтарды жоғалту мәселелері сақтаушы кейіпкермен байланыстырылады деген тұжырымға келеді

[129, с. 7]. Е. Чепурдың кеңінен қолданылған дәлелдеу негіздері көбінесе орыс фэнтезиіне тән болып келеді. Зерттеуші қосалқы кейіпкерлерді, оның ішінде анти-кейіпкерді мүлдем қарастырмайды. Біздің пікірімізше, жалпы фэнтези жанрындағы кейіпкерлердің типологиясын құру үшін тек басты кейіпкерлермен шектелу жеткіліксіз. Басты кейіпкерге қарсы кейіпкерлерін де, оның жақтастарын да барынша толығырақ қарастырса, фэнтези кейіпкерлерінің типологиясын құруға сәтті қадамдар жасалады.

Фэнтези кейіпкерлерінің ертегі кейіпкерлеріндей функционалды екені туралы тұжырымға келдік. Кейіпкер – антикейіпкер қосағы ғана тұрақты болып қалып, қалған кейіпкерлердің барлығы бір-бірін алмастыра алатынын байқадық (басты кейіпкерге эльф, сиқыршы, достары, сүйіктісі көмектесе отырып, олардың барлығы ғажайып көмекші рөлін атқаратыны айқын).

Фэнтези кейіпкерлерінің тұрақты нұсқаларын жеке-дара бөліп көрсетуді ұсынамыз. Оларды қаһарман деп атаса да болады. Олар жалпы фэнтези жанрына ортақ сипатқа ие архетиптер болып есептелуі тиіс. Және олардың әрқайсысына қандай сюжеттік желілер тиісті екенін ескере отырып саралау керек деп есептейміз. Фэнтези кейіпкерлерінің аталған тұрақты нұсқалары К. Юнгтің архетиптеріне ішінара сәйкеседі. Дегенмен олар көбінесе психоаналитикалық архетиптер емес, әдебиеттану мағынасындағы архетиптер болады. А.Фаустовтың пікірінше, архетип қазіргі уақытта Юнгтік бағытталған зерттеулер шеңберінен тыс қарастырылатын болса – әмбебап образ немесе сюжеттік элемент, болмаса әртүрлі жаратылған және әртүрлі көлемдегі олардың үйлесуі болып табылады [130].

Бұқаралық әдебиет жанрларына кейіпкерлердің типтерге бөлінуі мен түп тамыры ертегілік архетипке кететін белгілі бір «жиынтық» образға жинақтау тән. Сонымен қатар кезінде К. Юнгтің жазып кеткеніндей, үнемі трикстер мен ақылды ақсақал тәрізді кейіпкерлер кездесіп отырады [130, с. 31].

Бір атап кететін жайт, белгілі психоаналитиктің терминімен айтатын болсақ, анималар, яғни ер адамның санасында әйел адамның идеалды образ кейіпкері түрінде бейнеленуі эпикалық және шытырман оқиғалы фэнтезиде көбінде кездеспейді, ал махаббат оқиғалары қосалқы, екінші планға сырғытылады. Ал әйелдер фэнтезиінде анимус (яғни идеалды ер кейіпкер, ханзада) үнемі кездесіп отырады. Мұндай романдар көбінде ғашықтардың қосылуымен аяқталады.

Фэнтези туындыларында жиі кездесетін кейіпкерлердің типтерін қарастырайық. Протагонистердің, яғни фэнтезидің басты кейіпкерлерінің арасында келесі негізгі типтері жиі кездеседі:

1. Еріксіз кейіпкер – қалыптасқан жағдайлар оны дүниеге келгеннен бастап жүрмеген жолымен жүруге мәжбүрлейді. Мысалы, әлемдік фэнтези әдебиетінде оларға Дж.Р.Р. Толкиннің «Сақиналар әміршісі» трилогиясындағы хоббит Фродо жатады. Ол өз еркімен жаһандық квест – Шексіз билік сақинасын жою міндетін мойнына алады. Кейіпкерлердің мұндай типінің тағы бір айқын өкілі Л. Спрэг де Камптың «Еріксіз Король» кітабының кейіпкері Джорианды жатқызуға болады. Орыс тіліндегі фэнтези туындыларынан мұндай кейіпкерлер

ретінде А. Беляниннің «Меч без имени» фэнтезиіндегі лорд Скиминок, М. және С. Дяченколардың «Vita Nostra» фэнтезиіндегі Саша Самохина, А. Пеховтың «Хроники Сиалы» романындағы көлеңке Гарриетті атауға болады. Натаэль Зиканың 2023 жылы шыққан «Запасная дочь» фэнтезиінде отбасылық құпия интригалары орын алады. Даниэль Бланш графинья де Марит деген басты кейіпкер еріксіз өзінің әпкесі Альбертинаның сиқырына қарсы отбасылық магияның көмегімен күреседі. Алисия Эванстың 2022 жылы шыққан «Похищенная невеста для Его Наглейшества» әзіл-сықақ фэнтезиінде сиқырлы қасиетке ие он екінші ханшайым Жизель мен айдаһар болып туылған құпия полиция бастығы Эйден Арренский басты кейіпкерлер.

Отандық фэнтези шығармаларында да «еріксіз» басты кейіпкерлер жеткілікті. Тіпті қазақ фэнтезиінде кейіпкерлердің көпшілігі осы типке жататыны байқалады. Мысалы, Р. Сауытбайдың «Шоко әлем» фэнтезиінің басты кейіпкерлері, ел қатарлы мектепте оқып жүрген оқушы балалар Элия мен Райл табиғат аясында демалыста әкелерін іздеп жүріп, әжелері айтқан үңгірге тап болады. Қалай екені белгісіз, үңгірдің іші оларға таңғажайып Шоко әлеміне жол ашады.

Соңғы жылдары шетелдік және отандық фэнтези шығармаларында еріксіз кейіпкердің тағы бір түрі көптеп қолданыла бастады. Бұл – басында әлжуаз адам болып, қалыптасқан жағдайлар мен өмір қалтарыстарының ықпалынан қаһарманға айналатын кейіпкер. Мұндай кейіпкерлер Марина және Сергей Дяченколардың туындыларында жиі кездеседі. Мысалы, 1996 жылы шыққан «Ритуал» фэнтезиіндегі Арм-Анн атты айдаһар ханшаны жұтып қоюға батылы жетпей, қиналып жүреді де романның соңында оны теңіз құбыжығынан құтқарып қалады. Осы әрекеті арқылы ол айдаһар өзінің шыққан тегінің барлық заңдылықтарын бұзып, су монстры Юккидің қолынан өледі деген болжамды болдырмай тастап, қаһарманға айналады. Романның соңы өз мәресіне жетпей қалса да, өзінің бейшаралығы туралы ойлап, қиналып жүрген жаратылыс иесінің қаһармандық әрекеті баяндалған оқиғаны қыздырып, қызғылықты ете түседі.

Қазақ әдебиетіндегі фэнтези кейіпкерлерінің арасынан мұндай еріксіз кейіпкерлерге З. Наурызбай мен Л. Калаустың «Бату мен достарының Алтын тостағанды іздегені» повесіндегі басты кейіпкер Батуды жатқызуға болады. «Мектептегі сабақтан шаршап, тентек сыныптастарынан жәбір көріп жүрген Батудың өмірі бір сәтте өзгереді. Күнделіктің мұқабасынан шыққан сақ патшазадасы Аспара баланы адам аяғы жетпес жерге сапарға ертіп әкетеді», - деп басталатын шығармада әлжуаз Бату күтпеген жерден ерліктерге қабілетті басты кейіпкерге айналады.

А. Әділбектің «Сері жайлы әфсана» фэнтезиінде перілерге қолға түсіп, пері қызына үйленіп, тоқсан күндік межелі күні біткен соң туған елі үшін соғысқа араласып, Қобыланды батырдай ғаламат күш иесі атанған Сері бозбала да квазиэпикалық қаһарман белгілері бар еріксіз кейіпкерлер қатарынан деуге болады [131].

2. Квазиэпикалық кейіпкер – өз борышын жанқиярлықпен өтей білетін ержүрек жауынгер кейіпкер. Біз бұл жерде «квазиэпикалық» кейіпкер деген атау ұсынамыз. Себебі, фэнтези қаһармандарын эпикалық қаһармандардан бөліп көрсету қажет деп есептейміз. Әлемдік фэнтезиде, соның ішінде Батыс Еуропа фэнтезиінде квазиэпикалық кейіпкер өте жиі кездеседі, ал Ресей жазушыларының фэнтезиінде сирек кездеседі. Қазақ фэнтезиіндегі квазиэпикалық кейіпкерлерге Т. Рымжановтың «Алтын ара» ертегі-повесіндегі Зәйтүнқарлығашы мен Ерден батырын, З. Төреханованың «Әмина Тұранның көшпелілер еліне саяхаты» фэнтези-романындағы Әмина Тұранды толығымен жатқызуға болады.

Квазиэпикалық кейіпкерлердің классикалық мысалы ретінде Дж.Р.Р. Толкиннің «Сақиналар әміршісі» трилогиясындағы Арагорнды, «Сильмариллион» фэнтезиіндегі Берен, Финрод, Феанорларды атауға болады. Атақты трилогия жарық көргеннен соң көп уақыт өтпей квазиэпикалық кейіпкерлердің орнын авантюрист кейіпкерлер баса бастады. Квазиэпикалық кейіпкер эпостық қаһармандардан аздаған өзгерістермен алынады. Кристина Майердің 2022 және 2023 жылдары бірінен соң бірі шыққан екі сериялы «Нищенка в Королевской Академии магии. Зимняя практика» фэнтезиіндегі Лариана Мэлнсті квазиэпикалық басты кейіпкерге жатқызуға болады.. В. Жирмунскийдің пікірінше, эпикалық қаһарманның дүлей күші мен жауынгерлік ерлігі, таусылмайтын қуаты мен еркіндік сүйгіштігі басым болады [132]. Эпостың дамуының ежелгі кезеңдерінде идеалды сиқыршы-кейіпкерлер басым болғаны белгілі. Сондай кейіпкерлердің өзінде сиқыршылық қасиеттерден қарағанда адами қасиеттер басымырақ болып келетіні байқалады [133]. Идеалдандыру дәрежесін қажетті шегіне жеткізсе, мұндай кейіпкер адам болып қала береді. Мұндай кейіпкердің айрықша қабілеттері (өлмейтіндігі немесе стихия сиқыры) болуы мүмкін, дегенмен бұл қасиеттері оның психологиялық жай-күйіне әсерін тигізбейді.

Ресей фэнтезиінде квазиэпикалық кейіпкерлерге Г.Л. Олдинің «Сумерки мира» романындағы Сигурд Ярроу, Марцел жын, Соллиді жатқызуға болады. Жекелеген фэнтези мәтіндерінде протагонистердің екі типі: еріксіз кейіпкер мен квазиэпикалық кейіпкер бір тұлғаның басында тоғысуы мүмкін. Мысалға С. Антонов пен А. Денисовтың «Пятиборец» шығармасындағы Андрей Брюсовты келтіруге болады. Жас жігіт ескертулерді елемей, Лондондағы қонақ үйдің номерінен шығып кетіп, көше қалтарыстарының бірінен өзінің өлгелі жатқан әкесін тауып алады. Әкесі оны басқа әлемге алып кетеді. Басты кейіпкер Уайтроуз корольдігіне тап болып, Саламандра Орденінің соңғы Рыцарына айналады. Оның дүниеге келуі де, Жауыздық күштерін жеңуі де алдын-ала болжанған болатын. Яғни басты кейіпкер Андрей Брюсов бір жағынан – еріксіз кейіпкер. Себебі, ол ең басында бөгде әлемге қалай түскенін, не істеуі керек екенін түсінбейді және барлығын біртіндеп ұға бастайды. Екінші жағынан ол – эпикалық қаһарман. Себебі, ол дүниеге келген мезеттен бастап Круцифер ұрпақтарымен күресуі керектігі алдын-ала болжанған болатын. «Сенің осы дүниеге келуің баяғыда алдын-ала болжанған болатын. Ол жайлы біз ғана емес,

Қараңғылық ұрпақтары да білген еді. Олар сені Орындаушы деп таниды. Ізгілік әскерлері сені Күткен адам деп атады», - дейді Брюсовқа оның әкесінің елесі [134].

3. Авантюрист кейіпкер – заманауи шетел фэнтезиінде жиі кездесетін кейіпкер. Мұндай кейіпкердің асқан ғажап қабілеттері болмаса да немесе оларды орынды пайдалана алмаса да, сюжетті өзінің маңына шоғырландырады. Оның жасаған әрекеттері жаңа сюжеттік желілерге жол ашады. Бұл кейіпкер көбінде сапар хронотопымен байланысты. Яғни, авантюрист кейіпкердің басынан кешкен оқиғалары бірінен соң бірі пайда болып, жалғаса береді. Мысалы: А. Сапковскийдің «Ведьмак» шығармасы осындай қағидаға құрылған. М. және С. Дяченколардың «Привратник» фэнтезиіндегі Руал Ильмарранен сиқырлы қабілеттері жоқ маг мейірімді, бірақ көбінде шыншыл емес. Ол сапарлатып келе жатып өзінің болашақ тағдырына әсер ететін қылықтар жасайды. Көбінде авантюрист кейіпкер ойдан шығарылған әлемде маргинал қалыпта болуы мүмкін: қашқын офицер, ұры, маг және тағы басқа. Авантюрист алаяқтармен бірге жиі жүреді. Ольга Корктың 2023 жылы шыққан «Личная воровка мага Тьмы» тұрмыстық әзіл-сықақ фэнтезиінде Рианна Сронта, қара сиқыршы Кайл Брендант Фрейзер авантюрист басты кейіпкерлер ретінде бейнеленеді.

Фэнтезидің кейіпкерлер деңгейіндегі «хаосографияға» жүгінуі дәл осы авантюрист кейіпкер арқылы жүзеге асырылады [61, с. 7]. Н. Лейдерманның анықтамасында алаяқ, авантюрист кейіпкерге сипаттама берілген. Алаяқ – хаостың бел баласы, рухани азғындаудың табиғи көрінісі, барлық құндылықтар құнсыздануының айқын бейнесі. Алаяқ өне бойына хаостық сананың табиғи қасиеттерін жиып алған, ол оның тұлғалық бейнесіне айналған, оның психикасының органикалық сипаты мен мінез-құлық стиліне айналған. Оған хаоста өмір сүру рахат сыйлайды, ол хаоспен шабыттанады. Ол хаостық ортада ашылатын барлық мүмкіндіктерді барынша пайдаланады: өтірік айтады, ұрлайды, екіжүзді болады, қулық-сұмдыққа барады [61, с. 7].

Алаяқтың басты кейіпкер болатын мысалы ретінде А. Пеховтың «Хроники Сиалы» циклындағы көлеңке Гарретті келтіруге болады. Басты кейіпкер негізінде ұры, квест көне зираттардан артефактілерді ұрлау қажеттілігіне құрылады. Өзінің ұры кәсібіне қарамастан көлеңке Гаррет оңды кейіпкер болып табылады. Себебі ол бастапқы Ғарышты, яғни әділеттілікті қалпына келтіруге тырысады.

Авантюристерге мінез-құлықтары жағынан трикстерлер жақынырақ. Е. Мелетинский: «Трикстер мәдени кейіпкерден қарағанда әлеуметтік жағынан тұрпайы. Сондықтан да олармен салыстырғанда «тұлғалық жағынан дербестеу». Кейбір жағдайларда өзін шыққан тегі-тайпасына қарсы қоятын маргиналды фигура ретінде теріс кейіпкер болып келеді», - деп жазады [27, с. 41].

Фэнтези шығармаларында көбінесе мейірімді болып бейнеленетін авантюристермен салыстырғанда трикстерлердің характерлері айқын амбивалентті (қосарлы) болып бейнеленеді. Фэнтези оқиғасын баяндау



барысында трикстерлердің алатын орнын да айта кеткен жөн. Мұндай кейіпкерлер фэнтези шығармаларында ешқашан басты кейіпкер бола алмайды. Олар әрқашанда маңызды рөл атқарғанымен, ешқашанда шешуші рөл атқармайды. Трикстердің мысалы ретінде А. Пановтың «Тайный город» цикліндегі Сантьяганы атап көрсетуге болады. Ол Навь үйіне қатысты жақсылық жасаушы, мейірімді болғанымен, қалған үйлерге келгенде зиянкес, тіпті бітіспес дұшпанның рөлін атқарады.

Қазақ фэнтезиінде авантюрист кейіпкердің мысалы ретінде Т. Рымжановтың «Гүл ағашы» ертегі-хикаятындағы Қарабекті келтіруге болады. Себебі ол адамзат ұрпағы бола тұра жастығының кесірінен бастапқыда ат басындай алтынға алданып қалып, ақыры пері қызы Шәки-Жамалдың, жылан патшасы Мәлік-Ғафилдің көмегімен шайтандарды жеңеді. Шытырман оқиғаларға толы қауіпті сапарында ол Бөспе деген шайтанмен де «дос» болып, небір қиыншылықтардан өтеді. Пері қызына ғашық болған Қарабек ең аяғында адамзат қызы – Меруертке үйленіп, алтыннан ғылым, білім сарайын тұрғызып, бақытына жетеді. «Алтын, алтын» деп зарлап қалған Зарлыханның ішкі шайтанын алып тастап, адал патшаға айналдырады, халқын да аңсаған мұратына жеткізеді.

4. Кек алушы кейіпкер – Батыс фэнтезиінде жиі, ал Ресейлік фэнтезиде сирек кездесетін кейіпкер. Мұндай кейіпкердің басты сипаты – кезінде өз отбасын немесе елін аяққа таптап, қырып тастаған жауының түбіне жетіп, өлтіруге талпынысы. Әлемдік фэнтези классикасынан кек алушы қаһарманның мысалы ретінде Дж. Роулингтің кітаптарындағы сиқыршы бала Гарри Поттерді келтіруге болады. Себебі ол өзінің антогонисті, жауы Волан-де-Морттан кек алуға жаралған десе де болады. Мұндай типтегі кейіпкерлердің белгілі дәрежедегі «еріксіздігін» атап өткен жөн. Себебі оқиға желісі оны кек алуға мәжбүрлейтіндей құрылады. Дегенмен, басты кейіпкер кекшіл болуы да, болмауы да мүмкін. Бірақ оқиғалар бағыты оны қаһарман болуға итермелейді. Кейде ол қаһарман болуға талпынбаса да, солай болуға мәжбүр. Мысал ретінде М. Семенованың кітаптарындағы Волкодавты (Бөрібасар) атауға болады. Оқиғаның негізгі желісі Сұр бөрібасарлар тұқымына жататын иттің ең соңғы тірі қалған өкілінің отбасын қырып кеткен жауларынан өшін алу бағытында өрбиді. Ю. Фадееваның «Академия Смерти, или Истинная для демона» фэнтезиінде өзінің магиялық күшін тартып алған жауларымен Астарот әлемінің шынайы билеушісі Дарина Светлова кегін қайтару мақсатында күреске түседі. Соня Марейдің «Ювелирная лавка госпожи Таниты» фэнтезиінде Малкольм Зовир зергердің әпкесі Танита мен Дарен Ингеррам айдаһар басты кейіпкер ағасының өшін алу үшін басын қауіпке тігіп, күрес жолына шығады. Кек алушы басты кейіпкердің тағы бір мысалы М. Аваланждың «Парфюмер для демона или Невеста с секретом» фэнтезиіндегі Катажина Лэверти мен Қара герцог Форас Данталион қаһармандар ретінде сипатталады.

Қазақ фэнтезиінде кек алушы қаһарманның мысалы ретінде Т. Рымжановтың «Өлместің жұлдызы» фэнтезиіндегі басты кейіпкер Өлмес ханзаданы келтіруге болады. Себебі Өлместің әкесі Баяухан еліне келген

зұлаттан, Зорман бастаған сыртқы жаулар Баяухан елінің таңдаулы игі-жақсыларын ұрлап кеткеннен соң, аяғы бұл елдің күні батыстан атып, қайта батысқа бататын болды, малдары аспанға қарап өңірейтін болды. Халық басына орнаған мұндай бақытсыздықпен күресу жолында Өлмес ханзада ерекше қасиеттерге ие болып, сенімді серігі – тұлпарымен алыс та қауіпті сапарға кек алу мақсатында шығады. Ең соңында алдынан тосқауыл болған барша қиыншылықтарды жеңе біліп, Ай астындағы Алшын патшаның алтын сарайының мұнарасын туған еліне жақындатып, кегін алып, халқын мұратына жеткізеді.

3. Төреханованың «Әмина Тұранның көшпелілер еліне саяхат» роман-фэнтезиіндегі кек алушы кейіпкерлер апалы-сіңлілі Айдаһар кемпір мен Қарға кемпір Шойынкұлақ дәудің тұтқына түскен үш қызын құтқару үшін кек алады. Кек алу үшін Шойынкұлақ дәуден қиянат көрген Кесе-шаһарының тұрғындары мен батырларына көмектесіп, дәулерді жеңеді. Кек алушы қаһарман – Әмина Тұран. Дәулермен шайқаста жеңіп, Кесе-шаһар еліне еркіндік әпереді.

5. Зұлым кейіпкер – оқиғаның ең басынан бастап «теріс» кейіпкер басты кейіпкер ретінде сипатталады. Мұндай басты кейіпкерлер фэнтези туындыларында сирек кездеседі. Олар оқиға өрбіген сайын эстетикалық және этикалық трансформацияға (өзгеріске) ұшырайды: зұлымдық бір керемет, тартымды болып көрсетіле бастайды. Шетелдік фэнтезиден мысал ретінде А. Пеховтың «Киндрэт» шығармасын, Е. Бычкова мен Н. Турчанинованың вампирлер туралы қалалық фэнтезилерін келтіруге болады. Батыс фэнтезиінде мұндай кейіпкер ішінара кек алушы кейіпкермен және еріксіз кейіпкермен араластырылып бейнеленеді. Мысалы М. Муркоканың «Повелитель мечей» фэнтезиіндегі вадаг Корум – ежелгі жаратылыс иелерінің соңғы өкілі. Оның барлық туысқандарын мабден (Муркока әлеміндегі адамдардың аналогы) аталатын зұлым тайпалар қырып бітірген. Оның әрекеттерінің негізгі мотиві – кек алу оны кек алушы кейіпкерлерге сәйкестендіреді. Сонымен қатар басты кейіпкер құдайлар ойынына тартыла отырып, еріксіз түрде «мәңгі жауынгерге» айналады. «Корум Қылыштар Билеушілерімен мәңгілік соғысқа кірісуге мәжбүр», яғни жергілікті құдайлармен соғысады [135]. Сонымен бірге Корумды зұлымдардың қатарына да жатқызуға болады. Себебі оның айқын моральдық бағыты жоқ (мысалы ол өзінің достарын өлтіріп тастайды. Ештеңе етпес. Мен өз досымды өлтіріп тастадым, бар-жоғы осы [135, с. 128]).

Б. Болатханованың «Мейірбан жанарлар елінде» фэнтези әңгімесіндегі зұлым-кейіпкер – ханның әйелі. Жерігін басу үшін эззілдің сөзіне еріп Мейірбан жанарлар елінің тұрғындарының көздерін жеп, адамдарды көздерін суқараңғылыққа әкеледі.

Қазақ фэнтезиінде зұлым кейіпкерді басты қаһарман ретінде байқаған жоқпыз. Біз бөліп көрсеткен кейіпкерлер протагонистер, яғни басты кейіпкерлер. Дегенмен осындай жіктеме екінші қатардағы кейіпкерлер үшін де жарамды. Мысалы А. Беляниннің басты еріксіз кейіпкері лорд Скиминоктың жанында Бульдозер есімді квазиэпикалық кейіпкер және алаяқтық сипаты бар Лия атты қыз жүреді. Лия бірде жасөспірім ұл бала болып киінсе, енді бірде

қыз бала болып киініп жүреді. А. Пеховтың «Ловцы удачи» романында негізгі рөлдерде эльф Лас пен орк Ог бейнеленген, ол екеуі де авантюристерге жатады.

Фэнтези туындыларының мәтіндерінде басты кейіпкерден бөлек әр тарапқа таратылған, сыйлаушы мен зиянкестің қызметтерін қатар атқаратын әртүрлі көмекшілердің желісі жиі қолданылады. Басты кейіпкердің жолында жиі кездесетін «көмекші» ретінде көбінесе «дана қария» бейнеленеді. Фэнтези жанрында жиі қолданылатын кейіпкерлердің бұл типі көбінде К. Юнг атап кеткен архетипке сәйкес келеді. К. Юнг осы жайында: «Қария бір жағынан білім, терең ойлау, сұңғылалық, даналық, аңғарымпаздық және интуицияны білдірсе, екінші жағынан даналық қасиеттерді, яғни еркін ерік, көмектесуге талпынуды көрсетеді. Бұл оның рухани сипатын аша түседі», - деп атап көрсеткен [130, с. 303].

Фэнтезидегі «дана қарияның» репрезентациялары әртүрлі болып келеді: ол қария болғанымен өз серіктерінен жасаған жасы жағынан емес, даналығымен үстем. Фэнтези шығармаларының тағы бір шоғырында басқа кейіпкерлердің қатарында эльфтер жүреді. Өйткені дәл осы жаратылыс иелері кәрі (сыртқы кейпі жас болып көрінуі де мүмкін) және дана болып келеді. Фэнтези шығармаларының көбінде қария сиқыршы болып бейнеленеді. Ол көбінде сақалды және темекі шегетін түтікпен жүреді. Мұндай кейіпкерлердің ең танымалдарының қатарында Дж.Р.Р. Толкиннің «Сақиналар әміршісі» трилогиясындағы Гэндальфты атауға болады. Қария сиқыршының сыртқы кейпі бұл шығармада сипатталады. Оның басында биік үшкірленген көк қалпағы, үстінде ұзын сұр сулық киімі және күміс түсті мойынорағышы болды. Оның ұзын ақ сақалы мен қалың қастарына қалпағының шеті түсіп тұратын [136]. Сәл кейінірек оқырманға Гэндальфтың мұрны үшкірленгені, билікті сүйетін мінезі бар екені және темекі шегетін түтікпен жүргенді жақсы көретіні баяндалады. «Сақиналар әміршісінің» Ресейлік жалғасы болып табылатын Ник Перумовтың «Кольцо тьмы» циклінде Гэндальф дана қарияның қызметін атқара береді және хоббит Фолкоға оның түсінде келіп-кетіп жүретін болады. Сонымен қатар аталған дилогияда дана қарияның тағы бір типі – жауынгер қария туралы баяндалады. Бөлмеге аңдап басып бойы ұзын, шашы ағарған адам кірді. Ол жасамыс емес болса да жинақы, бойын тік ұстайды; күнге күйген жүзінде қалың ағарған қастарының астынан жарқын көк көздері көрінеді [137]. Бұл шығармадағы аңшы Рогволд гномдар мен хоббиттер үшін «Сақиналар әміршісіндегі» Гэндальф тәрізді қызмет атқарады.

Дана қариялар Дж.Р.Р. Толкиннің эпопеясын жалғастыратын туындыларға ғана емес, басқа да фэнтези шығармаларына тән. Мысалы Г.Л. Олдидің «Сумерки мира» романында жас жауынгерлерге ақылшы болатын және Хаосты зерттеп, оны кітап түрінде жазып, өскелең ұрпаққа жеткізетін дана қарияның рөлін Даймон атты бос адам сомдайды. Бұл кейіпкерді бейнелеген кезде автор үнемі оның кәрі екенін айтып отырады. Бос адам кәрі болатын. Тіпті сөзбен айтып жеткісіз кәрі еді [138].

Қазақ фэнтезиіндегі «дана қария» кейіпкерлеріне мысал ретінде Т. Рымжановтың «Зәйтүнқарлығашындағы» Алыпаспан ғұлама, Табиғат патша,

«Ерден батырындағы» Ағдем ғұлама, «Гүл ағашындағы» жылан патшасы Мәлік-Ғафил, «Өлместің жұлдызындағы» Абыз жұлдызшыны келтіруге болады. «Өлместің жұлдызы» фэнтезиінде: «Аппақ сақалы белуарына түскен Абыз қабағы қатыңқы еді... – Білем! – деп тоқтатты оны Абыз. – Мақсатың орынды. Ниетің – ақ. Бірақ, хан ием, мен бейбітшілікті қанмен орнатам дегеніңе түсіне алмай отырмын. Қисапсыз әскеріңмен соғысқұмар хандарды бір рет бас көтермейтін етерсің, екі рет бас көтермейтін етерсің. Түбі, қанның арты кекке тірелмей ме?! Кек жүрген жерде бейбітшілік болады дегенді мен бұл жасымда естіген емес едім», - дейтін, ел билеуші ханның өзіне сөзі өтетін дана қария сипатталады [94, б. 6].

Р. Сауытбайдың «Шоко әлем» фэнтези циклінде басты кейіпкерлер Элия мен Райлды Аркуа мектебінде оқытып, рухани ілімге үйрететін Нуа Дегдар дана қария ретінде бейнеленеді. Нуа Дегдар балаларға: - Мен осы жерде дүниеге келгенмін, содан бері осы жерді мекен етіп келемін. Сендердің кім екендіктеріңді білем және қайда бара жатқандарыңды білем - деп өзінің сұңғылалығы мен ерекше қасиет иесі екендігін байқатады [98, б. 75].

3. Наурызбай мен Л. Калаустың «Бату мен достары» фэнтези циклінде күнделіктің мұқабасынан шыққан Сақ патшазадасы Аспара басты кейіпкер Бату мен оның достарының жұмбақ әлемге сапарында жол бастаушы, ақылшы, көмекші болады.

Дана қария түріндегі кейіпкерлер типі протагонистің, яғни басты қаһарманның жанында ең керек сәтте ғайыптан пайда болатынын атап өту керек. Кеңесшілік қызмет әдетте дана қарияның негізгі қызметі болып қала береді. К. Юнг осы жайлы: «Ертегілерде дана қария басты кейіпкердің өз-өзін қайрауы үшін және моральдық күш-жігерін оятуы үшін кім?, неге?, қайдан?, қайда? деген сұрақтарды жиі қояды», - дейді [130, с. 301]. Дана қарияның берген кеңестері бір қарағанда қарапайым болғанымен, басты кейіпкерге өте қажет болып отырады. Дана қарияның мінезі идеалды, жақсы болмауы мүмкін. Оның мінезі қызба, үзілді-кесілді, билікшіл болуы мүмкін. Дегенмен ол бас қаһарманды одан әрі қимылдауға мәжбүрлеп отырады. Көбінде ол адам кейіпкерден жоғары тұрады.

Басты қаһарманға үнемі дер кезінде көмекке келіп отыратын тағы бір кейіпкердің типі – «ғажайып көмекші». Фэнтези кейіпкерлерінің мұндай типінің басты ерекшелігі ол – оның адалдығы болып келеді. Сиқырлы қасиеттерінің болуы қосалқы болып қалады.

Жоғарыда мысалға келтірілген Г.Л. Олдидің «Сумерки мира» романында басты қаһарманның көмекшілері – Зу атты жылан мен қасқырлар ұяластары тәрізді хайуандар. Олардың қызметтері ертегідегі кейіпкерлерге жақын: олар қожайындарын қорғайды және азық табады. Н. Зиканың «Запасная дочь» фэнтезиінде басты кейіпкерге инквизитор қара маг Ренард пен олар өмір сүретін сарайдың рухы Релле көмекке келеді. Ю. Фадееваның «Академия Смерти, или Истинная для демона» фэнтезиінде ханзада айдаһар Даррен Саргат Тан Сэррей және басқа көмекшілер басты кейіпкерге көмекшілер ретінде сипатталады. О. Корктың «Личная воровка мага Тьмы» фэнтезиінде басты

кейіпкерлерге гильдия басшысы Тренс, көршісі Мари, Маргарита атты сөйлейтін кітап көмекшінің рөлін атқарады. А. Эванстың «Похищенная невеста для Его Наглейшества» эзіл-сықақ фэнтезиінде басты кейіпкерлерге көмектесуге үнемі адамға айнала алатын қасқыр Полкан мен Аша фамилияр атты мысық келіп отырады. С. Марейдің «Ювелирная лавка госпожи Таниты» фэнтезиінде басты кейіпкерлерге Тимоша және Варда Завир атты бауырлары, екі алтын түстес түйін Рухтар көмекке келеді. М. Аваланждың «Парфюмер для демона или Невеста с секретом» фэнтезиіндегі басты кейіпкердің құрбысы Леди Трисия Бренлис, Дарси атты фамилияр Мысық көмекші. К. Майердің екі сериялы «Нищенка в Королевской Академии магии. Зимняя практика» фэнтезиінде басты кейіпкерлерге Ферт, қасқыр Линс, ханзада Иган көмектесіп отырады.

Қазақ фэнтези жанрының алғашқы шығармаларын жазған Т. Рымжановтың «Зәйтүнқарлығашы» мен «Ерден батырында» мұндай ғажайып көмекшілерге бірде алтын ара, енді бірде Қылаңкөк тұлпарға айналатын Зәйтүнқарлығаштың Ерденге деген махаббаты жатады. «Гүл Ағашы» фэнтезиінде басты кейіпкер Қарабекке қиын сәттерде пері қызы Шәки-Жамал мен жылан патшасы Мәлік-Ғафил, Күсеп келеді. «Өлместің жұлдызында» басты кейіпкер Өлмес ханзадаға Хақзар, аспандағы Алшын патшаның қызы Гүлбарша, Өлместің ер қанаты – тұлпары Оттұяқ көмектесіп отырады.

Р. Сауытбайдың «Шоко әлем» фэнтези циклінде басты кейіпкерлердің көмекшілері жұмбақ әлем тұрғындары шокилер мен Аркуа мектебінің ұстаздары әрдайым көмекке келіп тұрады. З. Наурызбай мен Л. Калаустың «Бату мен достары» фэнтези циклінде басты кейіпкер Бату мен оның достарына ежелгі қазақ аңыздарының кейіпкерлері Ұмай-Ана, мүйізді екі абжылан және басқа көмекшілер қол ұшын созып, көмектерін аямайды. И. Нұрғалиевтың орыс тіліндегі «Дастан и Арман. Начало и первое задание» фэнтезиінде басты кейіпкерлер Дастан мен Арманға қауіпті сапарларында Бекет ата деген жыршы, Жанкелді, Ораз ақын және басқа кейіпкерлер септігін тигізеді.

Фэнтези туындыларында антогонист, яғни басты қаһарманға қарсы әрекет ететін кейіпкерсіз оқиғаларды өрбіту мүмкін емес. Ол басты кейіпкерге үнемі қарама-қарсы кедергілер жасап, «Бөтен» тұлға ретінде өмір сүреді. Кейде ол тіпті тартымды кейіпкер де болуы мүмкін. Антогонистің рөлі барынша айқын, ол әрқашанда басты қаһарманға жауласады. Сонымен қатар оның формалары өте көп. Олардың арасынан неғұрлым жиі кездесетіндеріне мыналар жатады:

1. «Әлемдік зұлымдықтың» жалпылама образдары – Хаостың тұлғалық қасиетке ие болуы.

Шетелдік фэнтези шығармаларында көбінесе Ғарыштың (Жақсылықтың) оппозициясы Хаос (Жамандық) дербес тұлға ретінде сипатталады. Мысалы Дж.Р.Р. Толкиннің романдарында зұлымдықтың тұлғалық өкілдері ретінде Мелькор мен Саурон түсініксіз жаратушылар ретінде бейнеленген. Сауронның қызметшісі Саруман, Грима, қара күшке бағынатын орктер, теріс күшке бағынатын тролльдер, гоблиндер Хоасқа, яғни жамандыққа қызмет етеді.

Г.Л. Олдидің «Бездна голодных глаз» фэнтези цикліндегі Ашкөздіктің тереңдігі, С. Антонов пен А. Денисовтың «Пятиборец» шығармасындағы Круцифер, Ю. Вознесенскийдің «православтық фэнтезиіндегі» Антихрист-Мессия атты антогонистер зұлым кейіпкерлердің аталған типіне жатады. Олардың барлығын бір қасиет біріктіреді – олар қараңғылықтың, қорқыныштың, қалыптасқан әлемге төнген қауіптің тұлғалық көріністері. Оларға басқа зұлым болмыс иелері бағынады: демондар, вампирлер, клондар және басқа.

Қазақ фэнтезиінде Т. Рымжановтың «Зәйтүнқарлығашы» мен «Ерден батырында» басты қаһармандар Зәйтүнқарлығаш пен Ерден батырға, жалпы адамзат баласына қарсы антогонист зұлым жаулары – Таңасар патшаның Жаһұт патшалығын қиратуды ойлаған жаулары, әртүрлі патшалар. «Гүл ағашында» басты кейіпкер Қарабекке жұмақ кілтін іздеу жолында қарсы әрекет ететін Хаостың, жамандықтың бейнесі – шайтан жұрты. «Өлместің жұлдызы» фэнтези хикаятында басты қаһарман Өлмес ханзадаға қарсы Зорман айдаһар бастаған, шайтандар қостаған зұлымдық күштері кедергілерін келтіреді.

2. Ал фэнтезидегі зұлым антогонистердің екінші типі – «жергілікті зұлымдар», олар фэнтези шығармаларында нақты зұлым кейіпкерлер ретінде бейнеленеді. Т.Рымжановтың «Зәйтүнқарлығашы» мен «Ерден батырында» басты қаһармандар Зәйтүнқарлығаш пен Ерден батырға қарсы кейіпкерлер ретінде Балықкөз, Сұртырнақ, сиқыр Шахат, жалмауыздар, Түймебас, Сейітомар, Соғды, Нияр патша, Шатан сиқыр, оларға қызмет ететін аңқау Ладию, дозақ құдайы Ариман сипатталады. «Гүл ағашында» басты кейіпкер Қарабекке қарсы күресетін шайтандардың Мәжжис патшасы, оның қызметшілері Бөспе шайтан, Болпыл шайтан, Уай шайтан мен Дөйт шайтан, шайтан патшасының бабасы Иланшы, опасыз Сахия тәрізді антогонистер бейнеленген. «Өлместің жұлдызы» фэнтезиінде Зорман айдаһар, Қара дию, Танаухан, Ала шайтан, Жирен шайтан тәрізді автордың ойынан шығарылған нақты зұлымдық иелері соғысады.

Р. Сауытбайдың «Шоко әлем» фэнтези сериясында басты кейіпкерлер Элия мен Райл Шоко әлемінен түздейімдіктерге қарсы шытырман оқиғалы сапарға аттанады, онда түздейімдіктердің патшасы Удай Қаруас, Истискал Қарһ, қарсундармен, Митрлармен күреседі.

3. Наурызбай мен Л. Калаустың «Бату мен достарының Алтын тостағанды іздегені», «Бату мен достарының Барсакелмес еліне саяхаты» және «Бату мен достарының жұлдыздар елі Айдалаға саяхаты» циклінде басты кейіпкер Бату мен оның достарына антогонистер – қара ниетті қазушылар, жезтырнақ, зұлым күш иесі Шахрух, алты қарақшы тәрізді дұшпандар қарсы тұрады.

Батыс фэнтезиінде протагонистке үнемі антогонист қарсы тұрады. Басты қаһарман – протагонист антогонистке қарсы күрес жүргізіп, оның көзін жоюға тырысады. Батыс Еуропа, Америкалық фэнтези туындыларында антогонист кейіпкерлер іріленіп, Әлемдік зұлымдыққа айналуға бейім келеді. Мысалы, Волан-де-Морт қиялдағы Британияға ғана емес, бүкіл әлемге қауіп төндіреді.

Дж. Роулингтің қиялынан шыққан қара маг «жеке басының жеккөрушілігінен» Гарри Поттердің көзін жоюға тырысады. К. Льюистің «Арыстан, Бақсы және сиқырлы шкаф» романында Ақ бақсы, Ф. Пулманның «Темные начала» трилогиясында Мегатрон періште де дәл осындай дұшпандыққа барады.

Орыс фэнтезиінде көбінде басты қаһарманның «жаһандық» жаулары «жергілікті» жауларға айналады: А. Пеховтың «Хроники Сиалы» романындағы билікке талпынатын маг Арцивус, К. Измайлованың «Случай из практики» романындағы адамдар өмірін ойыншыққа айналдыратын маг Наор, А. Беляниннің «Тайный сыск царя Гороха» шығармасындағы Кощей Бессмертныйды мысалға келтіруге болады. Н. Зиканың «Запасная дочь» фэнтезиінде басты кейіпкер Даниэль Бланш графинья де Маритке оның әпкесі Альбертина бастаған графиня Шарлотта, Лайнель Тьер Ориан деген антогонистер жауласады [139]. Ю. Фадееваның «Академия Смерти, или Истинная для демона» деп аталатын үш кітаптан тұратын фэнтезиінде Қарлы айдаһарлар даласының билеушісі айдаһар Брэй Ор Ди Рэй, академияның профессоры, жауыз Найрин Элар, Эйреса билеушісі Эндмар Тан Сэррей бастаған дұшпандары басты кейіпкердің жаулары ретінде бейнеленеді [140-142].

О. Корктың «Личная воровка мага Тьмы» фэнтезиінде Күзетшілер мұнарасының басты күзетшісі Флейм антогонист ретінде басты кейіпкерлерге қарсы әрекет етеді [143]. А. Эванстың «Похищенная невеста для Его Наглейшества» әзіл-сықақ фэнтезиінде қара кітап иесі, қара сиқыршы 167 жастағы Шал антогонист болып сомдалған [144]. С. Марейдің «Ювелирная лавка госпожи Таниты» фэнтезиінде Рейбон Клавиц - басты кейіпкердің дұшпаны [145]. М. Аваланждың «Парфюмер для демона или Невеста с секретом» фэнтезиіндегі басты кейіпкерлердің жаулары – Порция тәтей, Порцияның қызы Джулия Клей, Баронет Грегорий Педер [146]. К. Майердің екі сериялы «Нищенка в Королевской Академии магии. Зимняя практика» фэнтезиінде басты кейіпкерлерге Элия и Крис, Ариус Граф Стеркит атты антогонистер қарсы шығады [147, 148].

Соңғы жылдары орыс тілді фэнтезиде антогонист образынан бас тарту тенденциясы байқалады. Басты кейіпкер өзінің ішкі жан дүниесімен немесе зиянды қылықтарымен күреседі. Мысалға, М. және С. Дяченколардың «Vita Nostra» романындағы басты кейіпкер, жас қыз Саша Самохинаның антогонистері жоқ. Ол өз-өзімен күресіп, өзін трансформациялап, өзгертеді. Осы авторлардың шығармаларындағы басты кейіпкерге антогонисті жоқ тағы бір мысал – «Цифровой» шығармасы. Басты кейіпкер, жасөспірім Арсен Цифровоймен күресіп, ең соңында өледі. Максим атты Цифровой антогонист емес. Себебі онымен Арсеннің арасында тікелей күрес жоқ. Екеуінің арасындағы келісімге сәйкес, серіктестік қатынастар орын алады. Тек келісім шартына сай жасөспірім, басты кейіпкер Арсен уәдені бұзғаны үшін қайтыс болады.

Жоғарыда қарастырылған мәселелерді қорытындылай келе, фэнтези кейіпкерлері көбінде ертегі кейіпкерлеріне толық сәйкес келеді деуге негіз бар.

Дегенмен фэнтезидің бір кейіпкері ертегінің бірнеше кейіпкерінің қызметтерін біріктіруі мүмкін. В. Пропп: «Ертегіде бір кейіпкер екінші кейіпкерді оңай алмастыра береді», -деп жазады [62, с. 96]. Фэнтезиде сюжетті өрбіту барысында бір кейіпкер басқа кейіпкерді алмастыра алмайды. Себебі әртүрлі кейіпкерлердің әрқайсысының өзіндік мінезі, характері бар және олардың әрбіреуіне сюжеттік желілер бекітілген. Осы тұрғыдан келгенде фэнтезидің романдық құрылымға байланысы байқалады. Біз саралаған фэнтези мәтіндері аталған жанрлармен қабысып, байланысып жатыр. Бірақ олардың кейіпкерлерінің қызметін талдау барысында трансформацияға, өзгеріске ұшырайтындығы анық көрінеді.

Сонымен қатар бір атап өтетін жайт, ертегі кейіпкерлері үшін этикалық және эстетикалық бағалаудың қажеті жоқ. Ал фэнтези шығармаларында ізгілік пен зұлымдықты жасаушы кейіпкерлерді қайта бағалау тенденцияларын байқауға болады. Фэнтези авторлары ертегідегідей кейіпкерлерді алдын-ала айқындап, бағалап қоюдан бас тартып, романдағыдай кейіпкерді моральдық релятивизмге, яғни әртүрлі оқиғаны дамыту барысында өзгерістер мен жан күйзелістеріне түсіруге бейім келеді.

Фэнтези шығармаларындағы кейіпкерлер типологиясын зерттеу нәтижесінде олардың жіктемесін әлем әдебиетіндегі танымал туындылар мен қазақ фэнтезиіндегі шығармалар кейіпкерлері негізінде 3-кесте түрінде келтіруді жөн көрдік.

### Кесте 3 – Фэнтези кейіпкерлерінің типологиясы

Кейіпкерлер типтері	Фэнтези туындылары мен кейіпкерлерінің мысалы
1	2
<b>Басты кейіпкерлер (протагонистер немесе қаһармандар)</b>	
Еріксіз кейіпкер	Дж.Р.Р. Толкиннің «Сақиналар әміршісі» трилогиясындағы хоббит Фродо; Н. Зиканың «Запасная дочь» фэнтезиінде Даниэль Бланш графинья де Марит; А.Эванстың «Похищенная невеста для Его Наглейшества» әзіл-сықақ фэнтезиінде сиқырлы қасиетке ие он екінші ханшайым Жизель мен айдаһар болып туылған құпия полиция бастығы Эйден Арренский; Р.Сауытбайдың «Шоко әлем» фэнтези сериясының басты кейіпкерлері Элия мен Райл; З.Наурызбай мен Л.Калаустың «Бату мен достарының Алтын тостағанды іздегені» және оның жалғасы болып табылатын тағы екі кітаптағы басты кейіпкер Бату; А.Әділбектің «Сері жайлы әфсана» фэнтезиіндегі Сері аталған бозбала; тағы басқалар.
Квазиэпикалық кейіпкер	Дж.Р.Р. Толкиннің «Сақиналар әміршісі» трилогиясындағы Арагорн, «Сильмариллион» фэнтезиіндегі Берен, Финрод, Феанор; К.Майердің 2022 және 2023 жылдары бірінен соң бірі шыққан екі сериялы «Нищенка в Королевской Академии магии. Зимняя практика» фэнтезиіндегі Лариана Мэлнс; Т.Рымжановтың «Алтын ара» ертегі-повесіндегі Зәйтүнқарлығаш пен Ерден батыр; тағы басқалар.



### 3-кестенің жалғасы

1	2
Авантюрист кейіпкер	О.Корктың «Личная воровка мага Тьмы» тұрмыстық әзіл-сықақ фэнтезиінде Рианна Сронта, қара сиқыршы Кайл Брендант Фрейзер; Т.Рымжановтың «Гүл ағашы» ертегі-хикаятындағы басты кейіпкер Қарабек; тағы басқалар.
Кек алушы кейіпкер	Дж.Роулингтің кітаптарындағы сиқыршы бала Гарри Поттер; Ю.Фадееваның «Академия Смерти, или Истинная для демона» фэнтезиінде Дарина Светлова; С.Марейдің «Ювелирная лавка госпожи Таниты» фэнтезиінде Танита мен Дарен Ингеррам айдаһар; М.Аваландждың «Парфюмер для демона или Невеста с секретом» фэнтезиіндегі Катажина Лэверти мен Қара герцог Форас Данталион; Т.Рымжановтың «Өлместің жұлдызы» фэнтезиіндегі басты кейіпкер Өлмес ханзада; тағы басқалар.
Зұлым кейіпкер	М.Муркоканың «Повелитель мечей» фэнтезиіндегі вадаг Корум; Б.Болатханованың «Мейірбан жанарлар елінде» фэнтезиіндегі ханның әйелі
<b>«Дана қария» кейіпкері</b>	
«Дана қария»	Дж.Р.Р. Толкиннің «Сақиналар әміршісі» трилогиясындағы Гэндальф; Т.Рымжановтың «Зәйтүнқарлығашындағы» Альпаспан ғұлама, Табиғат патша, «Ерден батырындағы» Ағдем ғұлама, «Гүл ағашындағы» жылан патшасы Мәлік-Ғафил, «Өлместің жұлдызындағы» Абыз жұлдызшы; Р.Сауытбайдың «Шоко әлем» фэнтези циклінде Нуа Дегдар; З.Наурызбай мен Л.Калаустың «Бату мен достары» фэнтези циклінде күнделіктің мұқабасынан шыққан Сақ патшазадасы Аспара; тағы басқалар.
<b>«Көмекші» кейіпкер</b>	
«Көмекші»	Н.Зиканың «Запасная дочь» фэнтезиінде басты кейіпкерге инквизитор қара маг Ренард пен олар өмір сүретін сарайдың рухы Релле; Ю.Фадееваның «Академия Смерти, или Истинная для демона» фэнтезиінде ханзада айдаһар Даррен Саргат Тан Сэррей және басқа көмекшілер; О.Корктың «Личная воровка мага Тьмы» фэнтезиінде басты кейіпкерлерге гильдия басшысы Тренс, көршісі Мари, Маргарита атты сөйлейтін кітап; А.Эванстың «Похищенная невеста для Его Наглейшества» әзіл-сықақ фэнтезиінде адамға айнала алатын қасқыр Полкан мен Аша фамилияр атты мысық; М.Аваландждың «Парфюмер для демона или Невеста с секретом» фэнтезиіндегі басты кейіпкердің кұрбысы Леди Трисия Бренлис, Дарси атты фамилияр Мысық көмекші; К.Майердің «Нищенка в Королевской Академии магии. Зимняя практика» фэнтезиінде Ферт, қасқыр Линс, ханзада Иган; Т.Рымжановтың «Зәйтүнқарлығашы» мен «Ерден батырында» бірде алтын ара, енді бірде Қылаңкөк тұлпарға айналатын Зәйтүнқарлығаштың Ерденге деген махаббаты, «Гүл Ағашы» фэнтезиінде пері қызы Шәки-Жамал мен жылан патшасы Мәлік-Ғафил, Күсеп, «Өлместің жұлдызында» Хақзар, аспандағы Алшын патшаның қызы Гүлбарша, Өлместің ер қанаты – тұлпары Оттұяқ; Р.Сауытбайдың «Шоко әлем» фэнтези циклінде жұмбақ әлем тұрғындары шокилер мен Аркуа мектебінің ұстаздары;

### 3-кестенің жалғасы

1	2
	<p>З.Наурызбай мен Л.Калаустың «Бату мен достары» фэнтези циклінде ежелгі қазақ аңыздарының кейіпкерлері Ұмай-Ана, мүйізді екі абжылан және басқа көмекшілер; И.Нұрғалиевтың орыс тіліндегі «Дастан и Арман. Начало и первое задание» фэнтезиінде Бекет ата деген жыршы, Жанкелді, Ораз ақын және басқа кейіпкерлер</p>
<p>«Антогонистер» - басты қаһарманның жаулары</p>	
<p>«Әлемдік зұлымдықтың» жалпылама образдары</p>	<p>Дж.Р.Р. Толкиннің романдарында зұлымдықтың тұлғалық өкілдері ретінде Мелькор мен Саурон, Саруман, Грима, қара күшке бағынатын орктер, теріс күшке бағынатын тролльдер, гоблиндер; Дж.Роулингтің «Гарри Поттер» эпопеясында Воланде-Морт; Т.Рымжановтың «Зәйтүнқарлығашы» мен «Ерден батырында» Таңасар патшаның Жаһұт патшалығын қиратуды ойлаған жаулары, әртүрлі патшалар, «Гүл ағашында» - шайтан жұрты, «Өлместің жұлдызы» фэнтези хикаятында Зорман айдаһар бастаған, шайтандар қостаған зұлымдық күштері; тағы басқалар.</p>
<p>«Жергілікті зұлымдар»</p>	<p>К.Льюстің «Арыстан, Бақсы және сиқырлы шкаф» фэнтези кітаптары циклындағы Джадис ханшайым, Тельмар мемлекетінің билігін басып алушы жауыз Мираз; А.Пеховтың «Хроники Сиалы» романындағы билікке талпынатын маг Арцивус; К.Измайлованың «Случай из практики» романындағы адамдар өмірін ойыншыққа айналдыратын маг Наор; А. Беляниннің «Тайный сыск царя Гороха» шығармасындағы Кощей Бессмертный; Н.Зиканың «Запасная дочь» фэнтезиінде Альбертина бастаған графиня Шарлотта, Лайнелль Тьер Ориан; Ю.Фадееваның «Академия Смерти, или Истинная для демона» деп аталатын үш кітаптан тұратын фэнтезиінде Қарлы айдаһарлар даласының билеушісі айдаһар Брэй Ор Ди Рэй, академияның профессоры, жауыз Найрин Элар, Эйреса билеушісі Эндмар Тан Сэррей бастаған дұшпандары; О.Корктың «Личная воровка мага Тьмы» фэнтезиінде Күзетшілер мұнарасының басты күзетшісі Флейм; А.Эванстың «Похищенная невеста для Его Наглейшества» әзіл-сықақ фэнтезиінде қара кітап иесі, қара сиқыршы 167 жастағы Шал; С.Марейдің «Ювелирная лавка госпожи Таниты» фэнтезиінде Рейбон Клавиц; М.Аваландждың «Парфюмер для демона или Невеста с секретом» фэнтезиінде Порция тәтей, Порцияның қызы Джулия Клей, Баронет Грегорий Педер; К.Майердің «Нищенка в Королевской Академии магии. Зимняя практика» фэнтезиінде Элия и Крис, Ариус Граф Стеркит; Т.Рымжановтың «Зәйтүнқарлығашы» мен «Ерден батырында» басты қаһармандар Зәйтүнқарлығаш пен Ерден батырға қарсы кейіпкерлер ретінде Балықкөз, Сұртырнақ, сиқыр Шахат, жалмауыздар, Түймебас, Сейітомар, Соғды, Нияр патша, Шатан сиқыр, оларға қызмет ететін аңқау Ла-дию, дозақ құдайы Ариман; «Гүл ағашында» басты кейіпкер Қарабекке қарсы күресетін Мәжжис патша, оның қызметшілері Бөспе шайтан, Болпыл шайтан, Уай шайтан мен Дөйт шайтан, шайтан патшасының бабасы Иланшы, опасыз Сахия; «Өлместің жұлдызы» фэнтезиінде Зорман айдаһар, Қара дию, Танаухан, Ала шайтан, Жирен шайтан; Р.Сауытбайдың бес кітаптан</p>

### 3-кестенің жалғасы

1	2
	тұратын «Шоко әлем» фэнтези сериясында Удай Қаруас, Истикал Қарһ, қарсундар, Митр; З.Наурызбай мен Л.Калаустың «Бату мен достарының Алтын тостағанды іздегені», «Бату мен достарының Барсакелмес еліне саяхаты» және «Бату мен достарының жұлдыздар елі Айдалаға саяхаты» циклінде басты кейіпкер Бату мен оның достарына антогонистер - кара ниетті қазушылар, жезтырнақ, зұлым күш иесі Шахрух, алты қарақшы тәрізді дұшпандар; тағы басқалар.
Басты кейіпкердің антогонисті – жауы жоқ, өз-өзімен күресуі	
«Антогонистері» жоқ фэнтези кейіпкері	М. және С.Дяченколардың «Vita Nostra» романындағы басты кейіпкер, жас қыз Саша Самохинаның антогонистері жоқ; осы авторлардың «Цифровой» шығармасында басты кейіпкер жасөспірім Арсен Цифровоймен күресіп, ең соңында өледі. Бірақ Максим атты Цифровой антогонист емес.
Ескерту – Автор әзірлеген	

Диссертациялық зерттеуіміздің фэнтези кейіпкерлерінің ерекшеліктерін саралауға арналған бөлімін қорытындылай келе, зерттеп отырған жанр кейіпкерлерінің типологиясын, жиі кездесетін түрлерінің жіктемесін алғаш рет ұсындық. Еріксіз кейіпкер, квазиэпикалық кейіпкер, авантюрист кейіпкер, кек алушы кейіпкер, зұлым кейіпкер болып бөлінетін басты кейіпкерлердің бес типінен бөлек фэнтези шығармаларында жиі кездесетін «дана қария», «көмекші», «антогонист» кейіпкер деген типтерін жіктеп көрсеттік. Аталған кейіпкер типтерінің арасынан әлемдік фэнтези, соның ішінде Батыс фэнтезиінен айырмашылығы – қазақ фэнтезиінде басты кейіпкердің зұлым болуы әзірге кездеспейтінін анықтадық. Сонымен қатар фэнтези кейіпкерлерінің ертегі кейіпкерлерінен басты айырмашылығы – олардың авторлық неомиф негізінде пайда болып, шығарманың сюжет желісін ашудағы үлкен маңызын, ертегідегідей емес, фэнтезиде кейіпкерлер айқын тұғырда тұрмайтынын, яғни трансформацияға ұшырап, динамикалық өзгерістерге түсіп, жетіліп, дамып отыратындығы туралы тұжырымға келдік. Сонымен бірге фэнтези кейіпкерлері ертегі кейіпкерлерінің бірнеше қырлары мен сипатын бір мезетте біріктіре беру мүмкіндігін анықтадық.

Соңғы жылдарда шетелдік фэнтези шығармаларында басты қаһарман протагонистке қарсы күресетін антогонист кейіпкердің болмау тенденциясы сирек болса да байқалып қалады. Жекелеген фэнтези шығармаларында басты кейіпкердің нақты антогонист жауының орнына өз-өзімен, өзінің ішкі кемшіліктерімен, зиянды қылықтарымен күресетін кейіпкерлер де сипатталады.

Жалпы алғанда фэнтези шығармаларына кейіпкерлердің типтері мен түрлерінің көптігі, олардың характерлері мен бейнелерінің күрделілігі, динамикалы түрде трансформацияға ұшырауға бейімдігі тән.

## **Екінші бөлім бойынша тұжырымдар**

1. Фэнтези жанрында жазылған әдеби туындыларға екі бірдей құбылыс тән: демифологизация және ремифологизация. Демифологизация – ілкіден келе жатқан мифологиялық сюжеттерді түсіндіру, тарқату десек, ремифологизация – керісінше, «бұрынырақта мифологиямен тікелей байланысын жоғалтқан мәдениеттердегі мифологиялық ой-сананы қайта тірілту, жандандыру, ояту» деп түсіндіріледі.

2. Қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрында жазылған шығармалардың арасында демифологизацияға да, ремифологизацияға да жатқызуға болатындары бар. Атап айтсақ, Т. Рымжановтың, З. Наурызбай мен Л. Калаус, З. Төреханова, А. Сырманов шығармаларын ежелден келе жатқан мифологиялық сюжеттерді, қазақ халқының тарихи жады мен жәдігерлерін түсіндіруге негізделген, демифологизацияға бағытталған шығармалар деуге болады. Сонымен қатар, З. Наурызбай мен Л. Калаустың «Бату мен оның достары» фэнтези циклін қазіргі заман адамдарының, жастарының, жасөспірімдерінің ежелгі мифологиямен тікелей байланысын жоғалтқан ой-санасын қайта тірілтуге, жандандыруға, оятуға бағытталған шығармалар деп бағалауға болады.

3. Р. Сауытбайдың «Шоко әлемі» фэнтези циклін неомиф тудыруға бағытталған, неомифологизм белгілері бар шығармалар деуге негіз бар.

4. Фэнтезидің қазіргі заманғы жаңа мифологияға айналуға мүмкіндігі бар. Себебі, оның құрылымы мен магистралдық сюжеті осыны айқын байқатады.

### 3 БАЛАЛАР ФЭНТЕЗИИНДЕГІ КЕЙШКЕРЛЕР ӘЛЕМІ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ КӨРІНІСІ

#### 3.1 Балалар фэнтезиіндегі ұлттық-отбасылық құндылықтардың бейнеленуі

Қазақ халқында: «Ел боламын десең, бесігінді түзе», - деген мақалдың астары тереңде жатқаны белгілі. Іргелі, шаңырағы биік ел болу үшін ең алдымен кішігірім мемлекет саналатын отбасының берік болуы, сол отбасында бала тәрбиесін бабалардан қалған құндылықтармен ұштастыру, бала бойында ата-анаға деген ерекше құрметті, ықыласты дамыта білу маңызды. «Отбасы» категориясы ғылыми ортада әлеуметтік, философиялық, тарихи, педагогикалық, психологиялық және басқа жақтарынан жан-жақты зерттелгені белгілі.

Әрине, отбасындағы тәрбиені басқа ешқандай орта бере алмайтындықтан және бала әрқашанда өзінің ата-анасына қарап бой түзеп өсетінін білген дана халқымыз отбасылық қарым-қатынасқа аса зор мән берген. Атасы мен әжесінің өсиет-өнегесімен сусындаған, әкесі мен анасының жылулығын сезініп өскен баланың тәрбиелі, өнегелі, көпшіл, әрі мейірімді болып өсетіні баршаға түсінікті.

«Ұлттық-отбасылық құндылықтар» түсінігіне келетін болсақ, С.З. Нишанбаева: Отбасылық құндылықтар – адамдар қауымдастығының некелік - ата-аналық - туыстық байланысқан, бірегей бірлескен іс-әрекетінің негізіне жататын объектілер және олардың мәнінің жағымды және жағымсыз көрсеткіштері, объектілердің адамзаттың өмір-тіршілік саласына, қызығушылығына, сұраныстарына, әлеуметтік қарым-қатынастарына тиістілігі - деп анықтама береді [149]. Құндылық – жақсылық пен жамандықты ажыратудың мәні, адамгершіліктің аса жоғары деңгейі деуге болады.

Көркем шығармалардың балалардың ұлттық-отбасылық құндылықтарды сіңірудегі рөлі ұшан-теңіз. Жалпы бала тәрбиесіндегі ұлттық-отбасылық құндылықтардың, дәстүрдің маңызы тереңде жатыр. Бала тәрбиесінің әр қырларын қарастыра келе әдебиеттанушы, фольклортанушы ғалым К.І. Матыжанов: «Дәстүрлі тәрбие табиғатына тереңдей көз жіберсек, оның күрделі табиғатынан «адамгершілік тәрбие, еңбек тәрбиесі, әскери патриоттық тәрбие, эстетикалық тәрбие, интернационалдық тәрбие, жыныстық тәрбие» деген сияқты қазіргі педагогикадағыдай іштей жіктелу байқалмайды. Халық үшін тәрбие – тұтас дүние. Оның мақсаты – баланы өмірге дайындау, қоғамның білікті мүшесін – азамат тәрбиелеу. Сондықтан тәрбие адамға тән асыл қасиеттер жиынтығын бөлшектемей бала бойына сіңіруі тиіс», - деген ой түйеді [150]. Қазіргі өскелең ұрпақтың бойында ұлттық-отбасылық құндылықтарды қалыптастыру жөнінде де ғалым: «Ғылыми-педагогикалық зерттеу еңбектерде осы уақытқа дейін орынды-орынсыз сыналып, көпшілік жағдайда ескіліктің қалдығы ретінде танылып, лайықты орнын иелене алмай келе жатқан дәстүрлі тәрбиенің ұлттық болмыс-бітімі арнайы зерттеуді қажет ететін күрделі құрылым», - деп пікір білдіреді [150, б. 15-16].

Ұлттың мәдениеті, өнері, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлттық таным, ұғым-түсініктер ұлттық-отбасылық құндылық деген тұтас бір жүйесі құрайтыны белгілі. Ендеше осы құндылықтар көркем шығармада, әсіресе, прозада өзіндік көркемдік орнын, бағытын тапқандығын байқаймыз. Қазақ әдебиеті күн санап жаңа ізденіске толы шығармалармен, ұлттық, отбасылық құндылықтарды бейнелейтін фэнтези шығармалармен де арнасы кемелденіп отыр. Фэнтези шығармалардан ұлттық-отбасылық құндылықты ата-әже, ата-ана тәрбиесінен, бауырлар арасындағы сыйластық, мейірім тәрізді адамдық ұлы сипаттарының суреттелуінен танимыз. Ұлттық-отбасылық құндылықтарды суреттеудегі көркемдік ізденістерді Т. Рымжановтың «Зәйтүнқарлығаш ерлігі», «Ерден батыр», «Гүл ағашы», З. Наурызбай және Л. Калаустың «Бату және оның достарының Алтын тостағанды іздегені», «Бату мен достарының Барсакелмес еліне саяхаты», «Бату мен достарының жұлдыздар елі Айдалаға саяхаты» фэнтези-повестерінен, К. Оразбекұлының «Тұран баһадүрлері немесе Ер, Би, Нардың ерлік жорықтары», Н. Мұратәлиевтің «Жасыл көлдің құпия тұрғындары» фэнтези-хикаяттарынан, З. Төреханованың «Әмина Тұранның көшпелілер еліне саяхаты» роман-фэнтезиінен, «Күйекөбелектер шаһары» фэнтези-әңгімесінен, А. Сырмановтың «Сарман алты таңба кітабы» фэнтези-романынан, Б. Ыбырайымның «Аспандағы саяхат» фэнтези-хикаятынан, Н. Нұржанұлының «Кітап патшалығы» фэнтези-әңгімесінен, Б. Болатханованың «Мейірімді жанарлар әлемінде» фэнтези-әңгімесінен, Р. Ақпардың «Ақшақар арманы» фэнтези-әңгімесінен, Қ. Мұбарактың «Тораңғылы сиқыры» фэнтези-әңгімесінен, А. Түлембаеваның «Дамока және оның достары» фэнтези-хикаятынан, А. Құрманбаеваның «Наушаһар хикаялары» фэнтези-повестерінен көреміз. Өскелең ұрпақ бойында ұлттық-отбасылық құндылықтарды қалыптастыруда фэнтезидің де зор ықпалы бар.

Фэнтези шығармаларында ұлттық-отбасылық құндылықтарды дәріптеу, жас ұрпақ бойына сіңіру мәселелері кеңінен қамтылған. Т. Рымжановтың «Зәйтүнқарлығаш» шығармасын Жаһұт деген Ортағасырлық қаланы сипаттаудан бастап, ол қаланың билеушілері мен тұрғындарын әдеби шеберлікпен бейнелейді. Жаһұттың атына затына сай, сәулетті қала болуы оның басқарылуының тиімді ұйымдастырылуында екендігіне тоқталады. Қала махаллаларға бөлініп, әр махаллада қалаға қажетті кәсіп иелерінің мекендейтіні суреттеледі. Таңасар патшаның тұсында бұл қала көркейіп, қанатын кеңге жайып, кемелденіп, тоқсан махаллаға бөлінеді. Таңасар патшаның Ерден деген ұлы мен патшаның әскербасы Әукебай батырдың Зәйтүнқарлығаш атты қызы қатар өсіпті. Таңасар патша алпысты алқымдап, Әукебай батыр да «белі иіліп, денесі ауыр тарта бастағанда» патшаның жалғыз мұрагері Ерден мен онымен түйдей құрдас Зәйтүнқарлығаш әлі он бес-ақ жаста болады. Патша мен батыр балаларының кәмелеттік жасқа толуын күтіп, «әке талабын, халық үмітін түсінетін» жастарына дейін оларға тектілік, ұрпақ тәрбиесі, сыйластық, елін, жерін сүю сезімдері тәрізді ұлттық-отбасылық құндылықтарды ойлары мен бойларын сіңіруге тырысты. Бұл бағытта билеушілерге бас уәзір Мұхит, Алыпаспан қария, жер астындағы Ағдем ғұлама жәрдемдерін тигізеді.

Ойламаған жерден тап берген Жаһұт жұртының жаулары Сұртырнақ, Балықкөз, Бассүйектер тылсым күш иелерінің көмегімен дәу бүркітті жіберіп, Ерденнің денесін іліп алып, аспанға көтеріліп, белгісіз қияндарға алып кетеді. Осы тұста сүйіктісі, некелескен болашақ жары Ерденге деген махаббатының күшімен Зәйтүнқарлығаш алыс та қатерлі сапарға аттанады. Бұл сапарға аттанарда Алыпаспан ғұлама қайтыс болған әжесі Қалампырмен инені сипау арқылы жүздеседі. Сол мезетте ғайыптан пайда болған, екі жүз жыл жасаған Қалампыр әжесі немересі Алыпаспан ғұламаға қарыстай болат кілт ұсынып тұрып: «Зәйтүнқарлығаш он жетіге толар шақта Жаһұтқа қайтып оралады. Сонда осы кілтті Таңасар патшаға бер. Таңасардың алтын тағының астында жерге түсер есік бар. Сол есік Зәйтүнқарлығашты Ағдем ғұламаға апарды. Зәйтүнқарлығаш Ағдемге жолықпай Сұртырнақ еліне аттанбасын...», – деген ақыл айтады [94, б. 17]. Осы үзіндіден автор тарапынан қазақ ұлтына тән ұрпақтар сабақтастығы тәрізді отбасылық құндылықты дәріптеуін байқаймыз. Зәйтүнқарлығаш екі жыл бойы Алыпаспан ғұлама мен үлкендердің ақылы бойынша Бірғыз тауындағы Табиғат патшаның тәлімін алады, қауіпті сапарға дайындалып, шындалады. Екі жыл өткен соң еліне оралған Зәйтүнқарлығаш туыстарымен, анасымен қуана қауышады. «Анасы Зәйтүнқарлығаштың құлпырған өңіне, сұлу тұлғасына, қылтасына түскен қос бұрымына сүйсіне қарады», - деген суреттеумен автор қазақ отбасындағы ана мен бала арасындағы шексіз махаббатты, сүйіспеншілікті шебер көрсетеді. Ақыры сүйіктісі Ерденді құтқару жолында небір жауыздармен, диюлармен алысып жүріп, мұратына жетеді. Ерденді тылсым дүние құрсауынан құтқарып, аман-есен Жаһұт еліне оралады.

Ал «Ерден батыр» деп аталатын фэнтезиінде екі ғасырдан кейінгі оқиғалар суреттеледі. Таңасар патша, Әукебай батыр, Мұхит уәзір, Жүніс қолбасылары мен басқа да көптеген кейіпкерлер Табиғат патшаның құзырына табыс етілген, яғни о дүниелік болған. Бұл жерде де біз фэнтезиге тән ерекшеліктерді байқаймыз. Себебі, басты қаһармандар Зәйтүнқарлығаш пен Ерден батыр, Ағдем ғұламалар екі ғасыр өтсе де тірі. «Екі ғасыр ішінде жер бетіндегі жын-шайтан, дию-пері, албасты-азғындар, опасыз-сатқындар, қолма-қол кез келген хайуанға айналып жүре беретін сиқырлар әлі азайған жоқ еді», - деп бастайды автор бұл хикаятын [94, б. 121]. Автор ұлттық-отбасылық құндылықтардың арасынан аталған шығармада неке беріктігі мен махаббатқа, сыйластық пен елін, жерін сүю сезімдерін қалыптастыруға баса мән берген. «Зәйтүнқарлығаш өңі жабырқау, тағынан сабырлы тұрып Ерденге бұрылды. – Зәйтүн,- деді оны құшақтаған күйі. – Кірпігіңде жас, жүрегінде мұң бар ғой. Айтшы ашылып», - деген үзіндіден біз екі жұбайдың бір-біріне деген махаббатын, сыйластығын анық байқаймыз [94, б. 125]. Ерден батырдың қауіпті жорықта қиындыққа ұшырағанын сезген Зәйтүнқарлығаш өзінің сүйіктісіне деген ыстық сезімін алтын ара кейпінде көмекке жібереді. «-Бар, бара ғой, - деді ол алтын араға. – Ерденіңе бара ғой, махаббатым! Көмектес Ерденіңе!», - деген үзіндіден біз басты кейіпкерлер арқылы автордың неке беріктігі тәрізді ұлттық-отбасылық құндылықтарды шебер сипаттағанын көреміз [94, б. 184].

Шығарманың соңында Ерден батыр барлық кездескен жауларын жеңіп, Жаһұт елін қорғап қалып, Зәйтүнқарлығаш екеуі халқымен бірге мұраттарына жетеді. Ғажайып сәулелі асыл тасты Ағдем ғұламаға сыйлаған Зәйтүнқарлығаш тіпті үлкен бақытқа кенеліп, сүйіктісі Ерденмен бірге Жаһұт патшалығын ақыл-парасатпен билеуді жалғастыра береді. Жәдігер деген мұрагер ұлдарының да әкесі мен анасына сай ержүрек, ақылды болып өсіп келе жатқанына куә болып, ризашылықпен хикаят тәмәмдалады.

Т. Рымжановтың «Гүл Ағашы» фэнтезиінде басты кейіпкер, жетім қалған Қарабек деген жасөспірім ағасы Төлен мен жеңгесінің қолында өседі. Сәбит деген жылқышының Меруерт атты он беске толып, бой жеткен қызы Қарабекке ғашық болады. Қызының жас жігітке деген сезімін байқаған Сәбит: «ҚЫЗЫМ Қарабекпен бақытты бола ма, болмай ма?» деген алаңдаушылықпен Төлен мен Қарабектің тоғызыншы атасы Сармұрат әулиеден бастап ата тектерін қайта саралап шығады. Байқаса бұлардан жылқыны мыңдап айдаған бай да, мыңдарды бастаған батыр да, көмекейі бүлкілдеген шешен де шығыпты [96, б. 15]. Төрт атасынан бері бұлардың бастарынан бақыт құсы ұшқанын байқаса да Қарабектің текті жердің ұрпағы екені туралы ой түйеді. Қазақ ұлттық-отбасылық құндылықтарының жар таңдаудағы тегіне мән беру, жеті атасын сұрау үрдістері шығарманың осы тұсында байқалады. Басында ат басындай алтынға бола шайтандарға алданып қалған Қарабек ақыр соңында перілер, одан соң шайтандар еліне аса қауіпті сапарға шығып кеткенін өзі де байқамай қалады. Осы шытырман оқиғаларға толы хикаяттың өне бойында басты кейіпкер Қарабек небір жұмбақ жерлерді басып өтіп, пері қызы Шәки-Жамалмен көңіл қосып, жылан патшасы Мәлік-Ғафилдің көмегімен Мәжжис бастаған шайтандарды жеңіп шығып, аман-есен жер бетіне, Зарлыхан патша еліне оралады. Алыс сапардан аман оралып қана қоймай, Қарабек «Алтын! Алтын!» деп зарлап қалған Зарлыхан патшаның ішкі шайтанын алып тастап, патшаның нәпсісін тиып, елін мұратына жеткізеді. Қазақ халқына тән мәрттікпен пері қызын қимаса да, неке беріктігіне сай Қарабек өзінің ғашығы Меруерт сұлуға қосылады. Шығармасының соңын «Гүл Ағашынан найзағайдай жалт-жұлт еткен жұмақ кілті төмен құлдырап келеді. Оны қызыл қанатты екі періште көтеріп келеді», -деп суреттеген автор басты кейіпкердің туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілікпен жан аямай күрес жолына шыққан адамның мұратына жететіні жайлы оймен түйіндейді [96, б. 221].

Т. Рымжановтың 1994 жылы жарық көрген тағы бір фэнтези жанрына сай шығармасы «Өлместің жұлдызы» деп аталады. Бұл шығарма қазақ халқының «Ай астындағы Айбарша сұлу», «Қыран қарауылшы» ертегілерінің желісімен жазылғандықтан мұнда да қазақ халқының ұлттық-отбасылық құндылықтары оқиға сюжетін өрбіту барысында кеңінен қанат жаяды. Әділетті Баяуханның отбасындағы жалғыз тақ мұрагері Өлмес елінің басына түскен нәубеттерден құтқару жолында басын қатерге тіге отырып, көз көрмеген тылсым жерлерге жорыққа аттанады. «Өлместің жұлдызында» фэнтезиге тән дана қария – Абыз жұлдызшы Өлместің әкесі Баяуханға ғана емес, Өлмеске де адаспас жол сілтеп, ақыл-кеңесін беріп отырады. Өлместің қауіпті сапарында оған Хақзар, Ай



астындағы Алшын патшаның қызы Айбарша көмекке келеді. Өлместің бойынан тектілік, өскелең ұрпаққа тән ізгі қасиеттер, ұрпақ сабақтастығы, сыйластық, елін, жерін сүю қасиеттері молынан табылатынын автор шебер суреттей білген. Жауыз күштердің пәрменімен қиратылып, көзден ғайып болған Нұрстан қаласын қайта қалпына келтіру мақсатын осындай қасиеттерінің арқасында орындай біледі басты қаһарман. «Тұлпардың қасиетті көзінен бірдеңе көремін деген үміті ақталмаған Өлмес Абыз қарияның: «Тайды қалай қорғасақ, қос тал ақ қылды да көздің қарашығындай сақтауымыз керек», - деген баяғыдағы аманаты есіне түсіп, қос тал ақ қылға көз сала кеткісі келді», - деген жерінен біз автордың қазақы тәрбиені бойына сіңірген жігіттің тапқырлығын байқаймыз [95, б. 103]. Жастайынан әкесі Баяухан мен Абыз қарияның ұлағатты тәрбиесін көріп өскен Өлмес жауыз күштердің патшасы Зорманмен болатын айқастың алдында: «Иә, - деп ойлады Өлмес. – Абыз атамның: «Адамның бәрі бірдей», - деуі болашаққа деген үміті шығар, адамның бәрі бірдей болса екен деген арманы шығар, ал шындыққа жүгінсек, адам әрқилы. Олардың іс-әрекеттері де, өткір талғамы да мүмкіндіктері де әртүрлі», - деген ой түйе арқылы өзінің ер жеткендігін, санасының толысқандығын байқатады [95, б. 159]. Басқа да фэнтези шығармаларындағыдай оқиға басты қаһарманның жауларын жеңіп, әкесі Баяухан мен Абыз қарияның артқан үміттерін ақтап, елін мұратына жеткізуімен аяқталады. Айбаршаны Өлмеске тұрмысқа беріп, Баяухан еліне ұзатып тұрып Ай астындағы Алшын патша қызына алтын алманың бірін үзіп алып ұсынады. «Осы алманың ұрығын көшіп-қонған жерлеріңе бір-бірден көміп жүр. Ұлан-ғайыр Баяухан елі жасыл желекті алма ағашына толсын! Менің саған жасауым - осы», - деп шығарып салуының өзінен қазақы ұлттық-отбасылық дәстүрдің белгісін байқаймыз [95, б. 204].

Т. Рымжановтың фэнтези-повестерінде қазақ халқының ұлттық-отбасылық құндылықтарын оқиғаны өрбіту барысында шебер бейнелейтінін байқаймыз.

Заманауи қазақ фэнтези шығармаларына келетін болсақ, З. Наурызбай мен Л. Калаустың «Бату мен оның достары» сериясында қазақ халқының өткен тарихына, мәдениетіне, отбасылық құндылықтарына кейіпкерлердің көзімен үңілу талпынысын анық байқаймыз. Басты кейіпкер Батудың құрбысы Дананың отбасылық жағдайын сипаттай келе авторлар: «Дана күн сайын арнайы музыка мектебіне баратын. Әрі үш інісінің тілеуқор қамқоршысы. Осы естияр қызды ерекше жақсы көретін Батудың әжесі бауырсағынан құр қалдырмайтын», - деген үзіндіден біз қазақ қыздарына тән бауырмалдық пен әжелерге тән өз немерелеріне ғана емес, оның достарына деген жан жылулығы мен мейірімділігін байқаймыз [101, б. 13]. Аталған шығармада әже мен немересі арасындағы ерекше ыстық махаббат, балалық шақтың отбасындағы жылы шақтары шебер суреттеледі. Авторлар: «Ескіше жабдықталған әжесінің бөлмесі ала көлеңке: терезесін үнемі дерлік тұмшалап тұрады. Мұнда Бату өзін ерекше сезінетін. Бір кездері еденге төселген текеметке бетін төсеп, ғажайыпқа толы дүниеге жетелейтін шытырман тәріздес жұмбақ өрнектерді саусағымен сипап жатқанды жақсы көруші еді. Әжесі аяғын астына басып, көзін жұма, кей-кейде

әлдене деп күбірлеп, қасында отыратын. Сосын көк тамырлы адырайған қолын созып, жұмсақ алақанын мұның шекесіне тигізетін...», - дей отырып қазақ отбасындағы ұрпақ тәрбиесіндегі мейірімділікті, ұрпақ сабақтастығындағы беріктікті, отбасы денсаулығының әжесі тарапынан ескіше қадағалануын шұрайлы тілмен бейнелеген [101, б. 28]. Қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрыптары да аталған шығармада суреттеліп отырады. Батудың досы Дана: «- Ал анам сол кілемшені көздің қарашығындай сақтады... – деп қосты да, қойнынан бүктеулі жібек мата шығарып, алақанымен тегістеп жазды. – Ол кілемдегідей ою-өрнекті орамал тоқыттырып, ағатайымды ұмытпасын деп маған берді», - деген жерінен біз ұрпақ тәрбиесіндегі бауырмалдық сезімін қалыптастыру үшін қазақ аналарының қыз балаларына кесте салу, орамал сыйлау тәрізді дәстүрлерді үйрететін үрдісті байқаймыз [101, б. 113]. Ананың балаға деген махаббатын, баланың анасына деген балалық шын пейілін Батудың қарындасы Тұмарды түн ұйқысын төрт бөліп, бағып отырған анасына деген жанашырлығын ұтымды суреттеген: - Маматай, ұйықтап тынығып ал. – Айналайын, перзентханада жатқанда сені қатты сағындым. Өзің есейіп қалған сияқтысың. Әсіресе балақайдың қасында кәдімгідей үлкен көрінесің [101, б. 119].

3. Наурызбай мен Л. Калаус шығарма оқиғасының шиырланған жеріне жеткенде Батудың сәби қарындасы Тұмарды жұмбақ үңгірге барғанда жоғалтып алғанын шеберлікпен суреттейді. Тұмарды ұрлап кеткен Жезтырнақтан құтқару үшін Бату мен достары ерлік пен тәуекелге барады. Сол қауіпті жолда абзал көмекші болып жолыққан Күйшінің аузымен: «Күйші оны иығынан құшақтады. – Айтшы, сен көне қазақ жері не деп толғанатынын естігің келе ме? Кеудесіне құлағыңды төсеп, оған өз анаңдай сенгің келе ме?», - деген теңеумен туған жердің әр адамның анасындай ыстық екендігін ұғындырады [101, б. 196]. Ақылшы, көмекші кейіпкер Күйшінің сөздері арқылы авторлар оқырмандарға, өскелең ұрпаққа туған жердің қадірін, елін, жерін сүйуге деген сезімдерді сездіруге тырысады. Шығарманың лейтмотиві тәрізді үзіндіні келтіре кетейік: - Ендеше саған айтар жүрекжарды сөзім – мынау. Туған жер – нәрестенің кіндік қаны тамған жері. Сен сол жерде тудың ғой, оған сенің қаның сіңген. Соңыра саған үйретем, сөйтіп сен қайтадан нағыз жауынгерше, жер-анамен қандасып, оның адал ұлы болатыныңды айтып, ант етесің [101, б. 196].

Аталған авторлардың «Бату мен достарының Алтын тостағанды іздегені», «Бату мен достарының Барсакелмес еліне саяхаты» және «Бату мен достарының жұлдыздар елі Айдалаға саяхаты» деп аталатын үш кітаптан тұратын фэнтези сериясының әр кітабы қазақ халқының ұлттық-отбасылық құндылықтарын бейнелеуге, дәстүрі мен тарихын, мәдениеті мен құнды жәдігерлерін насихаттауға бағытталған. Мысалы, «Бату мен достарының Алтын тостағанды іздегені» деп аталатын алғашқы кітабында «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» демекші, авторлар күйші Таласбек Әсемқұловтың зерттеулеріне сүйене отырып, қазақ халқының ең үлкен ұлттық құндылықтарының бірі – домбыраның жиырма үш пернесінің атауларын, олардың аталу тарихын баянадайды. «Бату мен достарының Барсакелмес еліне

саяхаты» деп аталатын екінші кітапта қазақ халқы ғана емес бүкіл түркі халықтарының ортақ аңызына айналған Қорқыт атамен Бату мен оның достарын жолықтырып, тілдесуге мүмкіндік береді. «Бату мен достарының жұлдыздар елі Айдалаға саяхаты» атты үшінші кітабында авторлар басты кейіпкер мен оның достарын қазақ халқының ежелгі аңыз-әфсаналарындағы Самұрық құспен, айдаһарлармен, жыландармен, құбыжықтарымен кездестіреді. Бұл сапарлардың барлығында Бату мен достарын ежелгі Сақ патшазадасы Аспара бастап жүреді. Авторлар шытырман оқиғалы туынды арқылы балалардың, оқырманның туған еліне, жеріне деген, қазақ халқының ұлттық-отбасылық құндылықтарына деген қызығушылығын, сүйіспеншілігін арттыру мақсатын қойса, туған жердің қадірін түсіну, оны бағалау, тарихты білуге талпыну К. Оразбекұлының «Тұран баһадүрлері немесе Ер, Би, Нардың ерлік жорықтары» фэнтези-повесінде де көтерілген. Фэнтези-повесте бір үйдің үшем балалары, қазіргі заманның балалары – Ертөре, Битөре, Нұртөренің басынан өткерген шытырман оқиғалар суреттеледі. Автор кейіпкерлерді фэнтези сюжетіне тән белгілердің бірі – өткен шақ оқиғасына, яғни ата-бабаларымыздың тарихына, мәдениетіне, тұрмыс-тіршілігіне оралтады. Үркерліктердің олардың қайсар мінезі үшін «уақыт кеңістігінде саяхат жасайтын сағат сыйлауы», сол сиқырлы сағат көмегімен үшемдердің Алып Ер Тоңға, Анарыс, Тұмар патшайым, Шырақ, Сыпатай, Мөде тәңірқұт, Еділ, Күлтегін, Әл-Фараби, Қайыр хан, Өтейбойдақ шипагер, Тәуке хан мен Қожаберген батыр замандарына сапар шеккізе отырып, бала кейіпкерлерді де, оқырманды да тарихи жадын, ұлттық құндылықтарын бағалауға әкеледі. Балалар «уақыт кеңістігінде саяхат жасайтын сағат» көмегімен тарихи тұлғалардың өміріне араласып, өздері де тарихи, ерлік жорықтарға қатысады, отаншылдықтың өнегесін көрсетеді [151].

«Тұран баһадүрлері немесе Ер, Би, Нардың ерлік жорықтары» фэнтези-повесіндегі «Үркерліктер», «Сақ мейрамы», «Анарыс – жеті ғұламаның бірі», «Кирдің түсі», «Дарийдің «зәмзәм суы», «Ескендір қайтқан төбеден», «Мөде тәңірқұттың тұғыры», «Еділ «Тәңір топырағы» ма?», «Төр орнатқан Тоныкөктің «Мәңгі елі», «Әл-Фарабиден жеткен қоңыр саз», «Отырар қазынасы және Қайыр хан», «Шипагер Өтейбойдақ пен әз Жәнібек», «Тәуке ханның «Тоғыз жарғысы» атты тараулар атауының өзі Отан, ел, жер, тарихи таным құндылықтарына жетелейді.

– Дұрыс айтасыз, - деді Би оны қоштап. Біз батыр бабаларымызды мақтан тұтамыз және құрметтейміз. Еліміздің тарихын терең білуге ұмтыламыз. Соларға ұқсап біз де батыр, қаһарман болғымыз келеді [151, б. 8].

Қазақтың ұлттық құндылықтары дәстүрлерінен байқалады. Соның бірі – балалардың шашына айдар қою, тұлым қою дәстүрі. Қазақтың ұлттық дәстүрін балалардың әкесі сақтайды.

Еділ олардың шаштарын әрдайым үш түрлі етіп алғызатын. Ертөренің кекіл шаштары тікірейіп тұрса, Битөренің төбесіне-желкілдеген айдар, Нартөреге екі самайынан тұлым қойғызған. Бірге ойнайтын балалар олардың аттарының «төрелерін» алып тастап, Ер, Би, Нар деп қысқартып айтатындарын қоймай, кейде «тұлымды», «кірпі», «айдарлы» дейді [151, б. 6].

Фэнтези-романда қазақтың ұлттық құндылықтарының бірі – бәсіре атау салты суреттелген.

Бізге бәсіреге берген аттарыңыз - Ақбоз, Көкбоз, Тоқбоз атты мініп кетсек деп едік. Қалай қарайсыздар?

– Иә тай-құлын кезінен мініп өскен өздеріңнің тұлпарларың ғой. Олар да елеңдеп, сендерді сағынғандай елегізіп, күтіп жүрген [151, б. 12].

Балаларды шымыр, сергек, батыл болып өсуінде қазақтың ұлттық әскери ойындарының да маңызды екендігін фэнтези-романда шынайы өрнектейді.

Сен біздің әдемі ой-қиялымызды бұздың ғой, -деді Ер аузын бұртитып.- Қандай ерекше қасиет дейсің бе? Біз күнде «Ерлік алаңында» әскери ойындар ойнап, күресіп, семсерлесіп, нысана мен садақ атуды үйреніп, шыңдалып жүрміз ғой. Бұлар ерекше қасиет емес пе? [151, б. 13].

Фэнтези-романда тарихи тұлғалардың болмысын, рухын, батырлығын, жүректілігін Алып Ер Тоңға бейнесі арқылы жеткізеді. Алып Ер Тоңға бейнесі арқылы елді сүю, халқын ардақтау құндылығын алға шығарды.

– Бұл кісіні ел-жұрт қошеметтеп, Алып Ер Тоңға деп атағанымен, шын есімі – Мәди. Ал парсылар бұл кісінің атақ-даңқынан, қаһары мен жаугершілік жорықтарынан үріккеннен «Афрасияб» дер атайды. Афрасияб парсыша «жан түршігерлік қорқыныш пен үрей әкелетін адам» деген ұғымды білдіреді. Яғни бұл кісінің аты аталған жерде парсылардың жылаған баласы сап тыйылып, өздері қорқыныш пен үрейге бой алдырады [151, б. 19].

Үш батыр сарай сыртында тұрандық сайыпқырандардың ат үстінде әрі-бері ойқастап, парсының атты, жаяу-жалпы әскеріне «әңгіртаяқ» ойнатып жатқанына қарап, кеуделерін мақтаныш па, биік рух па, әйтеуір, бір керемет күш билеп кетті. Қайратты шашы тікірейіп кеткен Ер бауырларына кезек-кезек көзі ұшқын ата қарап:

1. Біздің де қолдан бірдеңе келеді екен ғой!-деді лепірген көңілімен.

2. Иә келеді екен!-деді оны қостап. Үшеуі әдеттегідей бір-біріне жұдырықтарын түйістіріп, артынша түйілген қолдарын көкке көтерді [151, б. 27].

Автор оқиға желісінде Анарыс бабамыздың даналық ойларын, сөздеріндегі тіл құндылығын үлгі етеді.

Ертедегі эллиндер Анарыс бабамызды, Анахарсисті айтамын, құрмет тұтқандары сондай, қабірінің басына арнайы ескерткіш орнатып, тұғырына «Тіліңе, құлқыңа және он екі мүшеңе ие бол» деп өз сөзін ойып жазып қойыпты. Сол ұлы бабамыз жайлы ойланып кеткен едім [151, б. 28].

Сонда Шырақ оған тәкәппарлықпен қасқая қарап тұрып:

Уа, жеңіс деген осы!-деп шаттана дауыстады. - Мен ата-бабаларымның жерін жаулап алғысы келген Дарий патшаның қанқұйлы қолын жалғыз өзім шөлге қамап, дымын құртып тұрмын.

Ал менде ешбір арман жоқ. Кіндігімді кескен туған жерімде қаным төгілетіні үшін, сүйегім осы арада жерленетіні үшін бақыттымын!-деді көздері ұшқын атып [151, б. 28].

3. Төреханованың «Әмина Тұранның көшпенділер еліне саяхаты» роман-фэнтезиінде мейірімді де жүректі, қиялы кең он екі жасар қыз бала Әмина Тұранның анасы екеуінің «Сыр сандық» деген сырлы атауы бар антиквар дүкеніне барып, тасбақа бейнесіндегі қобдишаны сатып алады, бір күні тасбақа-қобдишаға жан бітіп, үстел үстіндегі әйнек тасбақамен бірге қызық көріністерді тамашалайды. Қыз тасбақалармен еріп, күтпеген жерден көшпенділер – номадтар елінің сиқырлы әлеміне кездеседі. Тұрғынбай бақсының сиқырлы қобызы, қасиетті Бәйтерек, Тағдыр кітабы, бата тілеу, Шойынқұлақ дәу («Ер Төстік» ертегісіндегі Шойынқұлақ дәу), Барсакелмес (Көксарай), Айдаһар-кемпір, Қарға кемпір, теңіздің иесі - Фируза қыз, сиқырлы асатаяқ, жын, сиқыршы шал, қанатты барыс, Алтын адам тұрған алаң, ғалым Шәмсі, Сығанақтың дана хакімінің ұлы, Ғазиз баба, айна тәрізді ертегілер мен мифтегі кейіпкерлер, Бәйтерек, үңгір мифологиясы, неомифтік кейіпкерлер Айдаһар кемпір, Қарға кемпір фэнтези-романға тән шытырман оқиғалардың өрбуіне негіз болған [152].

Фэнтези-романда қазақтың ою-өрнек түрлері, көшпелілердің тұрмыстың заттары, ұлттық мейрам – Наурыз, бата беру тәрізді ұлттық дәстүрді, ұлтымызға тән құндылықтарды суреттей келе, шығарманың ұлттық-танымдық сипатын арттыра түскен.

Өнерлі апай қыздарды кең тараған арқармүйіз, бұғымүйіз, қошқармүйіз, құс қанаты, қазтабан, түйетабан секілді негізгі оюларды оюға машықтандырып қана қоймай, «егіз» алқа-ою сияқты таңдаулы өрнектерді де туындата білуге жол ашты [152, б. 22].

Осы оюларды қағазға салып және ойып үйренген соң қыздар оны беторамалға, қоржынға, басқа да заттарға тігіп, безендіруге тиіс болды. Мұнымен қоймай, Өнерлі апай, текемет басу, тіпті ши тоқу техникасын да айтып беретін. Әмина үй тапсырмасын орындағанда, он саусағынан өнер тамған Айман апа үнемі көмектесетін [152, б. 22].

Әмина антиквар дүкенінің ең арғы бұрышында тұрған, «асадал» деген қызық атауы бар қазақтың ескі ыдыс-аяқ салатын шкафына катты таңғалды [152, б. 22]

Менімен дауыстап емес, тойша сөйлес! Мен зұлым жәдігөйдің қолындағы асатаяқпын. Алып ал мені, сонда кез-келген тілегіңді орындаймын [152, б. 36].

Маған сенбейсің бе? Сенбей отырғаныңды анық біліп тұрмын! Бірақ мен саған асатаяқ екенімді, дәлірек айтсам, асатаяққа байланған рух екенімді дәлелдей аламын. Өз әлемінде, адамдар әлемінде сен жындар туралы ертегі оқыған боларсың. Ендеше мен осы асатаяқтың жынымын [152, б. 37].

Қайырымды хан оң қолын көтеріп, жұртты өзіне қаратты:

Бүгін – Наурыз, көктем мен жаңару мерекесі, ендеше оны лайық тойлайық. Жаратушыға мадақ жаудырайық. Келген жылдан амандық-саулық, таусылмас несібе сұрайық. Кеткен жылдың бергеніне алғыс айтайық. Әмина, Тұран, құрметті қонағым болып, осы қуанышты күнді бізбен бірге өткізсең, бәрімізге үлкен мәртебе болар еді [152, б. 88].

Кемеңгер би бата беріп болғанда, Әмина алақанына қарады да, кенет Наурыз бата өзінің алақанына мөлдір су болып тамғанын байқайды. «Әумин» деп бетін сипағанда, бата сіңген су бетін жуып өтіп, ерніне тигенін, бұрын-соңды татып көрмеген тәтті су өңешіне жеткенін сезеді [152, б. 92].

Мереке қас қарайғанша жалғасты. Қаршыға жырау кеш бойы қымыз ішіп, домбырамен жыр төкті. Шаһардың дарынды жастарымен айтыс жасап, ақындар өткір сөз термеледі, әдемі әуен асқақтатты [152, б. 93].

Әмина, бізбен бірге шаһар сыртына шығасың ба? Жастар сол жерде жиылып, алтыбақан тепкепіз! – деп шақырды Мәлике.

Алтыбақан деймісің? – деді ылғи әткеншек тебуге қорқып жүрген Әмина сенімсіз.

Әминаның күдігін сезген Ділдә:

Ештеңеден қорықпа, кеттік, қызық болады! – деді шаттанып [152, б. 94].

Табиғат оянып, жаңа жыл туатын, адам, жан-жануар, өсімдік пен ағаш атаулының тіршілігіндегі жаңа кезеңнің нышаны – Наурыз мерекесі екі-кесе шаһардың ғана емес, көшпенділер елінің барлық тұрғынына аса маңызды еді. Наурыз көктемгі күн мен түн теңелетін, аспандағы шырақтар бір жылдық айналымынан кейін жаңа сапарын бастаған кезге тұспа-тұс келетін [152, б. 91].

Осы көктем күні жерге үш ағайынды – Бақыт, Игілік және Мейірім түседі делінетін. Олардың мейірімінен, жылуы мен жарығынан бар дала гүлге оранады, көк қаулап өседі, ағаштар бұла желек жамылады, қып-қызыл қызғалдақтар көз жауын ала алаулайды, мөлдір бұлақтар еркелей ағады, құстар шаттана сайрайды, көктемнің саф ауасы бар кеңістікті толтырып, адамның жан сарайын ашады [152, б. 91].

О, ұлы да күдіретті Тәңірі! О, бабаларымның аруағы, қасиетті бейбітшілік ағашы - Бәйтеректің рухы! Өздеріңе жалбарынамын, ұзақ қыстан аман шығар күш беріңдер! Кесе-шаһарлардың халқын жексұрын дәуірдің езгісінен, мейірімсіз Шойынқұлақ дәудің зұлымдығынан қорғай көріңдер! Күн мен түн теңесетін, дүние түгел жаңаратын ұлы мейрамда - Наурызда жер бетіне құт-береке келсе екен. Кесе-шаһарларға аянда айтылған құтқарушы келіп, бізді төніп тұрған ажал оғынан сақтаса екен, - деп тіледі Мәлике ханшайым [152, б. 13].

Көкшіл сәуледен көзі қарығып, Мәлике қуана күлімсіреді. Мұның дұғасының әр сөзі бабалар рухына жетті дегені ме? Демек, аңызда айтылғандай, қыз тұмарында шынымен аруақтар рухының титтей бір бөлшегі болғаны ғой [152, б. 13].

Шағын кесе-шаһарлардан шалғайда, шетсіз-шексіз Теңіздің ортасында халық Барсакелмес атап кеткен, көркі көз арбайтын Көксарай аралы бар еді. Жұрт оны «барсаң қайта келмейсің», яки Барсакелмес деп бекер атамаған-ды. Осы жерұйыққа бір барған адам үйіне оралған емес. Дауыл айдап оқыстан барып қалғаны болсын, не қазына іздеп, зәуімен барғаны болсын - талай адам із-түссіз жоғалып кететін. Аңызға сенсек, осы аралда жүздеген жыл бойы шын ныспысын ешбір пенде білмейтін, содан да өлмес Айдаһар-кемпір аталып кеткен кемпір тұратын [152, б. 14].

Жұрттың айтуынша, аралға жетіп жығылуға екінің бірінің шамасы жетпейді екен. Теңізге төніп тұратын күз-жартастан өтсе, ары қарай ит тұмсығы батпас, жан баласы көрмеген жыртқыш аңдар мен құстар мекендейтін ну орман басталады екен. Бұл арал туралы айтылатын аңыз бен ертегіге сан жетпес, дегенмен оның бәрінің тоғысар бір арнасы бар: аралдың дәл ортасында күз шатқалдар мен ну орманның түкпірінде тостағандай ғана шағын, бірақ ғажайып әдемі айнакөл жататын-ды. Бұл көлдің керемет көгілдір келбеті мен «Өлмес-Өшпес» деген оғаштау атуынан өзге ерекше ештеңесі жоқтай көрінетін. Ал бірақ оның суының өлгенді тірілтіп, жараны жазатын қасиеті бар еді. Аңыздарда айнакөлдің суынан бір ұрттаған адам мәңгі өлмеске айналады делінетін. Тұранның түкпір-түкпірінен, тіпті қияндағы елдерден де батыл, қайтпас қайсар жандар жыл сайын осы аралға өлместің суын іздеп аттанатын. Тек олардың бәрі де, өзіне дейін осы сапарға шыққан талайлардың кебін құшып, барсакелмес аралда із-түзсіз жоқ болып кететін [152, б. 14].

А. Түлембаеваның «Дамока және оның достары» фэнтези-хикаятында қанатты ілбістер (қар барыстары) мен дала көшпенділерінің достығы жайында суреттеледі. Қысқаша мазмұнына тоқталсақ: Шексіз-шетсіз далалармен шектесетін заңғар биік тауларда қанатты қар барыстары (ілбістер) өміп сүріпті. Олар онда еркін жайбырақат өмір сүреді. Себебі атам заманнан бері ақша бұлттар басқан қар шыңдары – бұлардың ата-мекені. Баяғы өткен заманда қанатты қар ілбістері таудан төмен түсіп, адамдармен достасып, оларға қажет кезінде көмек берген. Ол кезде адамдар әлсіз және әлжуаз болған. Дала көшпенділері ілбістердің көмегіне, қайырымдылығына, олардың ақылдылығына және қайратына риза болып, сыйлап зор құрмет көрсеткен. Алайда жылдар өте бәрі өзгерді, адамдар күші молайып, қайратты бола бастады. Енді олар ілбістердің көмегін қажет етпеді. Ілбістер ақша бұлттардың арасында жасырынған. Олардың қанаты бар, ұша алады, сондай-ақ олар сиқырлы болғандықтан көзге көрінбейді. Күтпеген жерден олардың ғасырлық тыныштығы бұзылды. Бұны бұзушы ілбістің өте әуесқой және тынымсыз кішкентай күшігі Дамока еді. Дамоканың толық аты – Дамирхан. Бірақ ата-анасы еркелетіп Дамока дейтін. Дамока өзінің анасы Лейранға жиі сұрақ қойып мазасын алатын. Мына сиқырға толы керемет әлемді достарымен бірге жүріп танығанды ұнататын. Дамоканың әкесі – Аспанхан. Ол өте батыл әрі тәкәппар қанатты қар барысы. Ол өте қатал болатын. Дамока әкесін өте сыйлайтын, тіпті аздап жасқанатын. Сондықтан да ол көбіне анасын мазалай беретін. Лейран күйеуіне қарсы сөйлеп көрген емес. Дамока жалғызсырап жүргендігін анасы айтқаннан соң, әкесі Аспанхан атасы Барысханның көшпенділерді жаулардан қорған ерлігі жайлы әңгіме айтып береді.

Дамокаға әкесі Аспанхан Барысхан атасының Тұмар патшайымына Парсы басқыншыларын жеңуге қалай көмектескендігі, Барысхан ілбістің көшпелілерге туған жерін қорғауға қалай көмектескені, баяғы өткен заманда күн бұдан да жарық, аспандағы жұлдыздар мұнан да көп уақытта шетсіз, шексіз даламен әдемі де көркем тау бөктерлерінде көшпенділер өмір сүргендігін, өздерінің жүйрік сәйгүліктерімен керемет әсем жерлерде көшіп

жүріп, табиғатты аялап, онымен етене жақын болғандығын, олар қайратты, қайырымды, адал әрі батыл болғандығын, олардың ерліктері әнге арқау болып, ал ержүрек даңқы мен туған жерге деген сүйіспеншілігі дүние жүзіне тарағандығын айтады.

Көшпелілерді билеп тұрған Алдан патша мен Жайна ханшайымның Тұмар атты сұлу қызы бар еді. Кішкентай кезінде ол гүлденген таулы қыраттарда қыдыратын. Бір күні ол өліп жатқан ілбісті көреді. Оны құлаған ағаш басып өлтірген екен. Оның жанында не болғанын түсінбей аянышты қыңсылап кішкентай ілбістің күшігі жатыр. Өліп жатқан оның анасы еді. Тұмар ілбістің күшігін асырап алып, жалғыздық пен жетімдікті сезінбеу үшін оған өзінің бүкіл махаббаты мен мейірімін төкті. Ол оны Барысхан деп атады. Барысхан күшті әрі мықты болып өсті. Тұмар оны босатып жіберді. Олар тауда жиі кездесіп, балалық шақтағыдай ойнайтын. Олар адал әрі шын дос еді. Алайда ауыр күн туды. Ол кезде Алдан патша мен Жайна ханшайым қайтыс болды. Халықты Тұмар патшайым басқарып тұрған. Оның жеріне қатыгез, қаскөй жау, парсының күшті жауыз патшасы Кир келіп кірді. Ол өзінің мыңдаған әскерімен отыздан астам мемлекетті жаулап алған еді. Енді Тұмар патшайым мен оның көшпелі халқын жаулап алып, құлдыққа салмақ еді. Қан төгіс ұрыс болды. Бұл әділетсіз соғыста қаншама батырлар қаза тапты. Алайда Тұмар патшайым берілмеді. Ол өзінің адал ержүрек батырларымен елін, отанын жанын сала қорғады. Жау күші басым бола бастады. Кир өте мықты еді. Оны Төрткүл дүние патшасы деп бекер атамапты. Осы уақытқа дейін оның қатыгез орасан зор әскерін ешкім жеңе алмаған. Тұмар патшайым тауға көтерілмейтін болды. Жаудың басып алғанынан хабары жоқ Барысхан алаңдай бастады. Ол бүркіттерге келіп құдіретті, күшті бүркіт достарым, мен сендерге өтініш айтқым кеп тұр. Адамдар арасында менің ең жақын досым Тұмар патшайым деген досым бар, бір жағдай болған болу керек. - Сендер аспан иесісіңдер, жерде не болып жатқанын көз алдарыңда, Тұмарды тауып не болып жатқанын біліп беріңдерші. Мен сендерге өзімнің ең жақсы олжамды беруге уәде етемін. Барысхан бізге сенің олжаңның керегі жоқ. Біз өзіміз-ақ кез келген уақытта қажет болса, жем тауып ала аламыз. Біз саған онсыз да көмектесеміз, себебі біз да Тұмар патшайымды жақсы көреміз.

Барысхан жаратушының құдіретімен сиқырлы күш иесіне айналады. Тұмар әскерін өзі бастап ұрысқа кірді. Барысхан Тұмардың үстінде ұшып жүрді. Көрінбеген күйі бірнеше жүздеген парсыларды алып ұрды. Кир патшасын өлтірді. Тұмар патшайым мен оның халқының бостандығын қорғап қалды. Барысхан халық қаһарманы аталды.

Әңгімені ауызы аңқиып отырып тыңдаған Дамокаға әкесі мейірлене қарады. Баласымен әңгімелесу қажеттігін, оны жиі өзімен бірге алып жүріп, көбірек сөйлесуім керектігін сезінеді. Фэнтези-хикаятта автор әке мейірімі, ана қамқорлығы, атасының ерлігі, досқа адалдық суреттеледі [153].

А. Сырмановтың «Сарман алты таңба кітабы» фэнтези-романында адамдар Тұран атты хандықта өмір сүреді, сол елде билік жүргізетін Хан мен оның айналасындағы билеушілер қарапайым халыққа қарағанда өте ұзақ өмір



сүретіндігі қиял-ғажайып оқиғамен баяндалады. Басты кейіпкердің әкесі Ерұлан, олардың ұзақ ғұмырының сырын ашуға тырысып, нәтижесінде ол ханның, адамдар арасында астыртын түрде, ерекше балаларды іздеп, ал адамдарға кіруге тиым салынған, тіршілігі жоқ өлі алқаптан, ерекше құнды затты іздеп жатқандығы жөнінде біледі, сонымен қатар ол Ханның сырын білуге тырысқан ғалымдардың, із-түзсіз жоғалғанын анықтайды. Ол жақын досы Батырамен бірге, хан мен билеушілердің құпиясын ашуға бір-ақ қадам қалғанда, оның жаңа туылған баласы, хан іздеп жүрген сәби болып шықты. Батыра сәбиді Ханнан құтқару үшін, әлемдегі ең қауіпті орманға алып қашады. Орманда ол алты таңба кітабының сырын ашып, Хан мен оның айналасындағы билеушілердің жасыруға тырысқан, үлкен әрі қорқынышты құпиясы туралы біледі. Хан балаға қол жеткізу үшін, қашқынның соңынан он мың ажалсыз сарбаздарын жібереді. Ғарыштан келген қара күш хан мен оның билеушілеріне ажалсыз өмір береді. Ғарыштан түскен қара күштің мекені – жердегі Мұзды тау. Хан мен оның жақтастары сол Мұзды таудағы өмір бұлақ суын ішеді. Бұл қара күш иелерін тоқтату үшін жүз жылда бір келетін Сарманның балалары Рима мен Ұлан өсіп-жетіліп тоқтатуы керек.

Фэнтези-романында қазақтың қарым-қатынас мәдениетіндегі аманаттап, өсиет етіп, ұрпағын тапсыру тәрізді құндылық ерекше көрініс тапқан. Жазушы кейіпкерлердің өзара сыйластығын осы бір ерекше аманат ұғымы арқылы жеткізеді.

Ерұланның өз досына баласын аманат етіп тапсырады:

Батыра, енді баланың әкесі де, шешесі де сенсің, оған жақсылап қара, сен маған жақсы дос болдың, енді балама жақсы әке болады деген ойдамын, оны өзің сияқты батыл етіп өсір, – деп баланы созды, – жоқ деп айтушы болма, Батыра мен мұндай ауыртпалықпен өмір сүре алмаймын, мына жайт мені ішімнен өлтіріп барады, сен менің қазір қандай жағдайда екенімді елестете алмайсың... – деп кішкене кідірді, оның көздерінен жас шығуын доғарар емес, сондықтан сенен өтінемін, баланы алып кет, сенен басқа ешкімнің қолынан келмейді, – деді басын шайқай.

Батыра баланы ақырын қолына алып, оның жүзіне қарады, тыныш ұйықтап жатқан баланың бетінде қан тамшылары қатты. Ерұлан да бір сәтке баласына үңіліп, белбауындағы қанжарын, оның үстіне қойды:

Есейгенде берерсің және күйменің ішіндегі заттарды алып кет, сен осының барлығының артында не жатқанын анықтауың керек және мына былықтың барлығын тоқтат, мен жете алмаған, аяқтай алмаған істі енді сен соңына жеткізесің, менің және басқаларының өлімі бекер болмасын, берілме, – деді ол Батыраның иығына қолын қоя, – ал енді сәттілік, шап! Сен Батыс орман арқылы Жент қаласына барасың, далада жүрсең сені қолға түсіреді, – деді ол [154].

Н. Мұраталиевтің 2022 жылы шыққан «Жасыл көлдің құпия тұрғыны» деп аталатын хикаяты жасөспірімдерге арналған фэнтези элементтері бар шытырман оқиғалы шығарма деуге болады. Жасыл көлден таңғажайып құбыжық көрген басты кейіпкер Еркін өзінің достары Дарын және Сәтпен бірге

беймәлім мақұлықтың сырын ашуға талпынады [155]. Көлден балық аулап жүрген Еркін есімді басты кейіпкер ойламаған жерден белгісіз құбыжықты көріп шошып, үйіне қашып келген кезде: «Жыртылған киімдерімді, жырылған қол-аяғымды, шаң болған түтіккен түрімді көрген апам менен бетер үрейленді. «Обай-ау, мына балаға не болған, сау емес бұл, не бәлеге душар болдың, құлыным-ау», - деп мені құшақтай алды... Жалма-жан аузымды ашқызып таңдайымды көтерді», - деген үзіндіден ананың баласына деген шексіз махаббатын, жанашырлығын байқаймыз [155, б. 12]. Сәт деген Еркіннің досының анасымен арасындағы ыстық махаббат, түн жарымына дейін ұйықтамай, «Жасыл көл» оқиғасын айтып беріп, сырласуы отбасылық құндылықтарды бейнелеудің сәтті суреттелген мысалы деуге болады.

Фэнтези шығармалары оқырманның бұрынғы өткен бағзы замандардағы ұлттық мәдениетке, мифологиясына, аңыз-әфсаналарына, ертегілері мен батырлар жырларына және отбасылық құндылықтарына деген қызығушылығын қайта жаңғыртады. Балаларға арналған фэнтези шығармалары өскелең ұрпақтың бойында ұлттық сана-сезім, еліне, жеріне деген сүйіспеншілік, адамгершілік, жақсы мен жаманды айра білу, отбасылық тәрбие негіздерін қалыптастыруға орасан зор ықпалын тигізеді. Адамзат баласының жүздеген ғасырлар бойы қалыптастырған баға жетпес құндылықтарының арасында ұлттық-отбасылық құндылықтар, жалпы отбасы құндылығы ең үлкен құндылықтардың қатарына кіреді.

Фэнтези шығармаларын оқып, талдап отырсақ, оларда адамгершілік, ата-анаға, ата-әжеге, балаға, туған-туыстарына, достарына деген сүйіспеншілік, елін, жерін қорғау жолындағы жанқиярлық ерліктерге бару, сол жолда басын қауіп-қатерге тіге білу, тәуекелге баруға қабілеттілік, ақыл-парасат, зұлымдыққа қарсы күресе білу, табиғатпен үйлесе білу сезімдері дәріптеледі. Ұлттық-отбасылық құндылықтардың фэнтези шығармаларында бейнеленуі айқын байқалып тұрады. Әкенің, ананың, атаның, әженің, ағаның, әпкенің балаға, бауырға деген махаббаты қазақ фэнтези шығармаларында кеңінен сипатталады. Т. Рымжановтың, А. Сырмановтың, А. Түлембаеваның шығармаларындағы ұрпақ сабақтастығы, Р.Сауытбайдың фэнтезиіндегі әпкелі-інілі Элия мен Райлдың, олардың әкелеріне, аналарына, әжелеріне деген ыстық ықыласы, З. Наурызбай мен Л. Калаустың шығармаларындағы Батудың әжесімен арадағы ізгі сезімдері, достарымен арадағы сертке беріктік, адалдық сезімдері шебер бейнеленген.

Ұлттық-отбасылық құндылықтардың басқа құндылықтардан басты айырмашылығы – олар ең алдымен адамның, отбасының және туған жердің игілігін қамтамасыз етуге бағытталған. Ұлттық-отбасылық құндылықтар адамға деген махаббат пен сыйластық, адамзат өмірі мен басқа да болмыс иелеріне деген құрмет пен ізеттілік, ұлтына, туған жеріне деген сүйіспеншілік тәрізді ұлы сезімдерді тоғыстырады. Сонымен, балалар фэнтезиіндегі ұлттық-отбасылық құндылықтардың бейнеленуін зерделей келе, қазіргі таңда қандай құндылықтар басты орынға шығады деген мәселеге жауап беру арқылы осы бөлімімізді тұжырымдайық. Балалар фэнтезиіндегі ұлттық отбасылық

құндылықтардың бейнеленуін келесі жіктеме арқылы көрсетуге болады деп есептейміз: абсолютті құндылықтар (махаббат, жақсылық, сыйластық, жар адалдығы, неке беріктігі, ақиқат, мәдениет, игілік, сенім, үміт, сұлулық, имандылық); табиғи-географиялық құндылықтар (табиғат, ресурстар, еңбек); қоғамдық-мемлекеттік құндылықтар (туған жер, ел, Отан, азаматтық, еркіндік пен теңдік, қауіпсіздік, шындық, адамға деген құрмет, бейбітшілік); отбасының мәдени-ұлттық, туысқандық құндылықтары (қандастық, туыстық, балалар, ана, әке, ата, әже, аға, әпке, іні, қарындас, дос, туған үй, денсаулық, отбасылық дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, жоралғылар). Әрине, негізгі ұлттық-отбасылық құндылықтар әрбір отбасында жеке-дара, қайталанбас болуы мүмкін. Еңкейген қарттан еңбектеген балаға дейін отбасының әрбір мүшесінің тату-тәтті, мызғымас берік отбасын құрудың іргетасы боларлық ұлттық-отбасылық құндылықтар жайлы айқын түсінігі, ұғымы, пайымы болуы қажет. Балалар фэнтезиінің, жалпы фэнтези шығармаларының күллі оқырмандары үшін ұлттық-отбасылық құндылықтарды қалыптастыру мен дамытудағы рөлі аса зор деп есептейміз.

### **3.2 Тауық Рымжанов фэнтезиіндегі кейіпкерлер әлемі**

Тауық Рымжанов көтерген тақырыптар сан алуан, оқиғалары да әр қилы. Ертегі-хикаят жанрын жаңғыртуды басты ұстанымына айналдырған оның тынымсыз ізденісінің арқасында талай құнды шығармалары жарық көрді. Жазушының «Жалықпас шежіресі», «Аруг гүн немесе арғын тайпасының тарихы туралы», «Өлместің жұлдызы», «Зәйтүнқарлығаштың ерлігі», тағы да басқа кітаптары бар. Тауық Рымжановтың 1984 жылы жарық көрген «Зәйтүнқарлығаштың ерлігі» шығармасын қазақ балалар әдебиетіндегі тұңғыш фэнтези жанрында жазылған туынды деп бағалауға болады. Кейіннен жазылған «Өлместің жұлдызы» ертегі-повесі (1994), «Алтын ара» кітабына енген «Ерден батыр» ертегісі (1995), «Гүл Ағашы» ертегі-хикаяты (1999), «Күн перзенттері» ертегі-хикаяттары (2010) да ертегі-хикаят, ертегі-повесть деген айдармен шыққанымен, олардың толыққанды фэнтези жанрындағы шығармалар екендігін осы зерттеуімізде талданады.

«Зәйтүнқарлығаштың ерлігі» шығармасында автордың өзі ойлап тапқан сиқырлы, ғажайыпқа толы құбылыстар, ерекше қасиеттерге ие кейіпкерлер фэнтезиге тән туындылардағыдай сипатталады. Мысалы, бас кейіпкер Зәйтүнқарлығаштың даладан кездейсоқ тауып алған құлыны – Қылаңкөк жылқы болып, мінуге жарағанда Ырғыз тауының етегінде иесі Зәйтүнқарлығашпен бір рет тілге келіп сөйлесуі арқылы Шахат сиқыр мен Кенжеахмет байдың кіші келінінің арасында дүниеге келген Жалмауыз туралы құпияны ашып, Зәйтүнқарлығашқа осы қиындықтан шығудың жолын сілтейді [94, б. 44-45]. Зәйтүнқарлығаштың әкесі Әукебай батырдың көшпенді халқына арнап киіз үйді ойлап табуы және оны қолданысқа енгізуі, атадан балаға батырлық дәстүрдің жалғасуы, халық болып ортақ жауға қарсы күреске бірігуі аталған шығарманың эпостық фэнтези жанрына жататындығын көрсете түседі. Зәйтүнқарлығаштың құлынынан асырап өсіріп, баптап мінген Қылаңкөк

жүйрігі қандайда бір ғажәппен бармақтай алтын араға айналып, қайтадан сәйгүлікке айнала кетуі дәл фәнтези шығармаларына тән сипат. Бірғыз тауының етегіне жетіп, қалың ну орманға дендеп еніп, тау басына қарай өрлеген Зәйтүнқарлығаш аяқ астынан үңгірдің аузында жатқан арыстанға кездесіп, оған аттай қарғып мініп, Алыпаспан ғұламаның айтқанындай: «Арыстанға жайдақ мініп, жолбарысты аяғынан алып лақтырған шақта Сұртырнақпен белдесуіңе болады», - дегені [94, б. 59-60] есіне түсіп, жолбарысты аяғынан алып, лақтырып, сол жолбарыс құлаған үңгірдің аузына келіп, үңгірдің ішінде Табиғат деген патшаға кезігіп, сөйлесуі де фәнтези ғажайыбына тән сюжет. Табиғат патша Зәйтүнқарлығашқа Сұртырнақтың озбырлығын, адамзаттың ғұламасы, Табиғаттың нұрымен ғана қоректенетін Ағдемді құтқарса, бар зұлымдықты жоюға болатынын айтады. Себебі Табиғат патша өзі жаратқан жақсылық пен жауыздық иелерінің арасындағы күреске кіріспейтінін айтады. Және Зәйтүнқарлығаш өзінің сүйіктісі, диюлар еліне ұрлап әкетілген Ерденнің сүйегін тірілту тек Ағдемнің қолынан келетінін түсінеді. Сол ауыр күрес жолында Зәйтүнқарлығашқа серік бола алатын тек Қылаңкөк сәйгүлігі екенін ұғады. Сұртырнақ тәрізді диюлар патшасынан бөлек жер бетіндегі Балықкөз, Жортуыл тәрізді жаулары да Зәйтүнқарлығаш пен Қылаңкөкті негізгі мақсатына барар жолдан кідіре тұрып, еліне шапқандықтан өздерімен соғысуға мәжбүрлейді. Бұл соғыста Зәйтүнқарлығаш Балықкөзді де, оның ұлы Жортуылды да жекпе-жекте жеңіп, Таңасар патша мен оның қолбасы, өз әкесі, қартайған Әукебай батырдың әскеріне жеңісті алып береді. Осындай күреспен өткен екі жылда Зәйтүнқарлығаштың сенімді серігі болып жүрген Қылаңкөк сәйгүлік Ерден ханзаданың махаббаты болып шығады. Яғни тек фәнтезиге тән бейматериалдық ұғымның материалдық затқа айналуы орын алып тұр. Ерденнің Зәйтүнқарлығашқа деген махаббаты Қылаңкөк сәйгүлік кейпінде қиын-қыстау, күреске толы жолында оған көмектесіп, серік болып жүр. Мұның арғы жағында автордың терең философиялық ой-толғамы да жатыр деуге болады. Екінші тараудың соңында үшінші тараудың оқиғалары тек фәнтезиге тән ғажайыппен басталады. Патша сарайына келген Зәйтүнқарлығаш пен Таңасар патшаға Алыпаспан ғұлама ерекше бір ғажайып сырды ашады: - Сіздің алтын тағыңыздың астында жер астына түсетін есік бар. Ол есік Отау сарайға апарады. Отау сарайдың астында жастай шәйт кеткен адамдар тұрады. Олардың кейбірі мың жаста, кейбірі бес жүз жаста, кейбірі он бес жаста... Ал биыл он жетіге толатын біздің Ерден патшазада да сонда [94, б. 73]. Үшінші, шешуші тарау Зәйтүнқарлығаштың Жер астына сапары, диюлардың дүлейі Сұртырнақпен жекпе-жегі және Жаһұтқа бақыттың қайта оралуымен аяқталады. Жер астына сапар шеккен Зәйтүнқарлығаш Табиғат патшадан алған ілімін қолдана алады. Алмұртпен, алмамен тілдесе алады. Кемел және Керім деген ата елік пен ана елікпен де тілдесе алады. Алтын қақпаны күзетіп отырған арыстандардың да тілін түсінеді. Қақпа ішіндегі алып бүркіт қырандардың да тілін түсінеді. Жер астындағы алтын қақпалы Отау сарайды билейтін Ағдем ғұлама мен оның көмекшісі Тотыбек [94, б. 77]. Онда тамақ ішпейтін, қол-аяқтары түйенің санындай, белдері қылдырықтай еңбеккерлер мен сұлу қыздар

тұрады. Тотыбек Зәйтұқарлығашқа: - Олардың, оның ішінде мына менің де ішек-қарыным жоқ. Ішкі сарай, құлқын деген бізде болмайды. «Ас адамның арқауы» деген бізге жат. Біз мал бағып, егін салу дегенді білмейміз. Негізгі кәсібіміз – құрылыс салу, шөлейтті мәуелі баққа айналдыру. Менен үлкен немесе құралпы көне жігіттер ғылыммен шұғылданады, орта жастағы жігіттер мен қыздар бала тәрбиелеумен айналысады. Онымен қоса жұмыс істейді. Бірі бос отырмайды... Байқаған шығарсың, жан-жануарлар да әжетке жарап жатады. Біз үшін олар – өмірдің көркі [94, б 78]. Тағы да тек қана фэнтезиге тән, соның ішінде қазіргі Батыс, ағылшын фэнтезиіне тән Тотыбектің Зәйтұқарлығашты Ағдем ғұламаның «Ағдемнің тарихи жазбалары» деген үлкендігі есіктей, салмағы төрт жағынан төрт жігіт көтеретіндей кітаппен таныстыру оқиғасы баяндалады. Сол қалың кітапты парақтап отырғанда «Бірінші ғасыр» тарауынан Кашири ибн Сухбати деген ғұламаның басы қазіргі заманауи смартфондағыдай пайда болып, Тотыбекпен сөйлеседі. «Екінші ғасыр» тарауында Зүбайда ғұламаның басы пайда болып, тілдеседі. Яғни, 1984 жылы жазылып, жарияланған шығармасында автор Т.Рымжанов қазіргі заманда кең тараған смартфондардың ерекшеліктерін өз шығармасында елестете білген деуге болады. Дәл осылай көне кітапты парақтай отырып Тотыбек пен Зәйтұқарлығаш «Үшінші ғасырдағы» Ахмет Алтайырмен, «Төртінші ғасырдағы» Ораз сопымен тілдеседі. Ақырында Ораз сопыдан Ағдем ғұламаның жатқан жеріне қалай барып, Сұртырнақ диюлар патшасының екі ұлы Қаражал мен Көкжалды бірдей қолға түсіру керек екенін біледі. Зәйтұқарлығаш ұйқыдағы Ерденді тірілту үшін диюлар патшалығына Ағдемді құтқару сапарына аттанады. Қара дария деп аталатын диюлар патшалығының шетіне Қылаңкөгімен шауып жеткен Зәйтұқарлығаш алдымен Қаражалмен алысады. Бұл жерде Зәйтұқарлығашқа Керім елік көмекке келіп, артынан қуа кеткен Қаражалды әбден қалжыратады. Қара дарияның астындағы Сұртырнақтың сарайының мұнарасы арқылы диюлар еліне түсерде Зәйтұқарлығаш Қаражалды қашып кетпес үшін Ата Арыстанды шақырып, күзеттіріп кетеді. Сұртырнақ диюлар патшасы сарайының қақпасына дейін Қылаңкөкпен бірге жеткен Зәйтұқарлығашқа ары қарай ауыр сапарында Ағдем ғұламаның жазған хаттары көмектеседі. Ең соңында көптеген қиыншылықтармен ерлікпен күресе жүріп Зәйтұқарлығаш Сұртырнақты да оның екінші ұлы Көкжалды да өлтіреді. Ағдем ғұламаны құтқарып, Жаһұт патшалығының шегіне жеткенде қырық күнге Ағдем ғұлама мен Қылаңкөк сәйгүлігімен қош айтысады. Себебі Ағдем ғұлама Отау сарайдағы әбден жүдеп-жадаған, жастай шәйіт кетіп, Ағдемның көмегімен қайта тірілген, тамақпен емес, нұрмен қоректенетін адамдарды қалпына келтіруге және ұйқыдағы Ерденді оятып, тірілтуге бел байлайды.

Ағдем ғұлама мен ол тірілтетін Ерденді күтіп, тойға дайындалып жүрген Жаһұт халқы тағы бір күтпеген жағдайға тап болып, оқиға шиыршықтана түседі. Жортуылмен бірге диюлар патшалығынан құтқарылып, оған асырауға берілген сәби ақырында Сұртырнақ болып шығады. Бесікте жатқан сәби кейпіндегі дауысы гүжілдеген Сұртырнақ Жортуылды үгіттей бастайды.

Зәйтүнқарлығашты өлтіруге көндіреді. Маймыл кейпіне айналып, Жортуылмен бірге барып, Зәйтүнқарлығаштың көзін жоюды ойлайды. Бірақ бұл құпияны Мұхит уәзірдің ұлы болып жүрген қағылез Жүніс біліп қойып, Зәйтүнқарлығашқа хабарлайды. Дегенмен Жортуыл Сұртырнаққа білдірмей, Таңасар патшаға диюлар еліне әкелінген сәбидің Сұртырнақ екенін жеткізеді. Зәйтүнқарлығаш Сұртырнақтың жүрегіне болат жебені қадап, келмеске жібергенде Ерден де тіріліп, Жаһұт патшалығына оралып, сүйіктісімен қосылады. Туынды оқиғасы Зәйтүнқарлығаштың жеңісімен, халқының мұратқа жетуімен, Ерденнің патша әкесінің тағына отыруымен, Зәйтүнқарлығаштың патша тағына күйеуімен бірге отыруымен, Жортуылдың патша сарайының қазынашысы болып тағайындалуымен, Алыпаспан ғұлама мен Ағдем ғұлама бастаған жастар ғылыммен айналысуымен, жалпы халықтың бақытқа кенелуімен аяқталады. Т. Рымжановтың «Зәйтүнқарлығаш» ертегісі – қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрында жазылған тұңғыш шығарма. Себебі, бұл шығармада фэнтезиге тән оқиғаның ғажайып құбылыстың нәтижесінде күрт өзгеруі, біртіндеп шиеленісуі, «қобдишаның бұрышындағы инені сипау» арқылы Алыпаспан ғұламаның ол дүниелік әжесі Қалампырдың ғайыптан пайда болып, жол сілтеуі, Қылаңкөк сәйгүліктің құлын кейпінде келіп, өсіп, Зәйтүнқарлығаштың сенімді серігіне айналып, Ерденді құтқарғаннан кейін Зәйтүнқарлығаштың Ерденге деген махаббатына айналып, жүрегіне барып орнығуы фэнтезиге тән бейматериалдық құндылықтың материалдық затқа айналып, кері құбыла беруі орын алады. Бұл шығармада аяқ астынан ғажайып үңгірге кіру арқылы Табиғат патшасымен сырласу, Жаһұт патшасы Таңасар патшаның алтын тағының астындағы жастай өлген шәйіттер өмір сүретін ғажайып Отау сарайына апаратын жол, Қара дарияның астындағы Сұртырнақ диюлар патшасының еліне бару тәрізді ғайыптан пайда бола кететін таңғажайып оқиғалар желісі бар. Оқиғалардың фэнтезиге тән туындауы, шиеленісуі, шырқау шегіне жетуі, кульминациясы, кейіпкерлердің тартысы, адамдар әлемі мен диюлар әлемінің қатар өмір сүруі, жануарлардың, жын-диюлардың формасын өзгертіп, құбылуы, адам мен сиқыр әлемі өкілінің қарым-қатынасқа түсуі, тіпті олардың арасында бала туып, Жалмауызға айналуы, диюлар патшасының сәбиге айналып, Жаһұт патшалығына бас кейіпкерді өлтіріп, өш алуға келуі, шиеленіскен оқиғалардың біртіндеп тарқатылуы, бәсеңсуі, тірі адамның өліп, қайта тірілуі тәрізді сипаттар анық байқалады. Тіпті Зәйтүнқарлығаштың Отау сарайдағы Ағдем ғұламаның көмекшісі Тотыбектің көмегімен «Ағдемнің тарихи жазбалары» кітабын оқуы арқылы Қара дария астында орналасқан Сұртырнақ диюлар патшалығына барар жол іздеуі «Гарри Поттер» туралы сериялық шығармалардағыдай фэнтезиге тән сюжетпен өрбиді. Жоғарыда аталған ерекшеліктеріне қарап Т. Рымжановтың «Зәйтүнқарлығаш» ертегісін толыққанды фэнтези жанрында жазылған туынды деп бағалаймыз.

Т. Рымжановтың сәл кейінірек жазылған «Ерден батыр» шығармасы осы «Зәйтүнқарлығаш» хикаятының жалғасы екені анық. Алты тараудан тұратын «Ерден батыр» ертегі-хикаятында оқиғалар «Зәйтүнқарлығаштан» кейін екі

ғасырдан соң өрбиді. Ерден Ағдемнің жер астындағы тіршілік храмынан тіріліп шыққалы тамақ ішпейді. Ал Табиғат патша Зәйтүнқарлығаш жиырма беске келгенде оның асқа деген тәбетін тоқтатқан... [94, б. 120]. Зәйтүнқарлығаш пен Ерден батырдан басқа барлық кейіпкерлер келмеске кеткен. Дегенмен екі ғасыр ішінде жер бетіндегі жын-шайтан, дию-пері, албасты-азғындар, опасыз-сатқындар, қолма-қол кез-келген хайуанға айналып жүре беретін сиқырлар әлі азайған жоқ еді [94, б. 121]. Оқиға желісі Жаһұттың ежелгі ата жауы Балықкөздің ұрпағы Шатан деген сиқырдың лаңынан басталады. Шатан – Ағдем ғұламаға қарсы қастандық жасауды ойлаған кек алушы жауыз. Сейітомар деген Балықкөздің тоғызыншы ұрпағымен сыбайласып, Жаһұт патшалығының тағын тартып алмақ. Шатан сиқыр мен Сейітомар бірігіп Жаһұт патшалары Зәйтүнқарлығаш пен Ерден батырдың сарайы астынан жер асты жолын қазып, алтын тақтар тұрған ғимараттың бағаналары арқылы шығатын жасырын жол дайындаған. Бұл жерде де аяқ астынан күтпеген жерден патша сарайы астынан тылсым дүние есігі ашылатын сиқырлы оқиғалар өрбиді. Шатанға сиқырдың күшін беретін құпия сиқырлы қара қобыз деген ерекше қасиетке ие зат та фэнтезиге тән сипат береді. Ерден батыр қолға түскен Сейітомарды ертіп жасырын жер асты жолына түседі. Жер асты жолынан шығып, патша сарайына оралған соң Сейітомар Зәйтүнқарлығаш, Ерден батыр және олардың бас уәзірі, Мұхит пен Жүністің ұрпағы Ғұмырзадаға жаулардың Ағдем ғұламаны өлтіру туралы жоспарын, оған тағы бір дұшпан Сағымқыз деген балық құйрық ғажайып сұлу қыз атсалысатынын айтады. Жауларға қарсы, жасырын жүрген зұлым дұшпандарды іздеуге Ерден батыр мен Ғұмырзада уәзір алыс та қауіпті сапарға шығады. Олар алдымен Ырғыз тауындағы Табиғат патша қабылдаса, соның батасын алып кетуге бел байлайды. Жолай диюлардың соңғы тұяғы, өзін өлмес қасиетке бөлеген Ағдем ғұламаны іздеп келе жатқан Ла диюды кездестірген Ерден батыр Ғұмырзаданы Ла диюмен бірге Жаһұт еліне жіберіп, Ырғыз тауындағы Табиғат патшаға өзі жалғыз сапарын жалғастырады. Тағы да ғажайып құбылыспен Ырғыз тауындағы құпия үңгірге тап болған Ерден батырды Табиғат патша көңілі түсіп, қабылдайды, қабылдап қана қоймай бір емес, екі бірдей тілегін орындап, екі жылдық алыс сапарға «Сынап дариясының арғы жағасындағы жуандығы қос құлаш ағаш түбірінің үстінде малдасын құрып отырған бойы бір қарыс, сақалы екі қарыс шалды» алып келуге жұмсайды» [94, б. 157].

Осы жерде фэнтезиге тән тағы бір ерекшелікті байқаймыз. Ерден батыр екі жылдық алыс сапарға кеткен уақытта онымен қатар бір уақытта Ғұмырзада Ла диюдың алақанына отырып алып, Жаһұтқа самғай ұшады. Жаһұт жұрты Ғұмырзада уәзір мен бейтаныс диюдың Ерденсіз тез қайтқанына таңқалғанымен, бұрынғы бейбіт өміріне қайта кіріседі. Осы жерде тағы да ғажайып оқиға қайталанатын. Алыпаспаннан мұраға қалған қобдишаның ішіндегі инені сипаған Зәйтүнқарлығаш сол баяғыдағы Қалампырды шақырып алып, Ағдем ғұламаны баяғыда өзі өлмес өмір сыйлаған Ла диюдың іздеп келгенін жеткізуді өтінеді. Ал осы мезетте Ерден батыр сапарын жалғастырып, үскірік аязды, аюларды қолға үйреткен Арқар-Дырау деген билеушісі бар суық

елге жетеді. Кезіндегі Таңасар патша мен Әукебай батырдың Жаһұт патшалығы туралы бабасынан, әкесінен көп естіген Арқар-Дырау Ерденге көңілі түсіп, сырын айтып береді. Оның баяндауынша Арқар-Дырау өз патшалығынан айырылып, жер астына түсіп, бір рулы елге ғана ие болып қалған билеуші екен. Арқар-Дырауға қастық жасаған Соғды шаман олардың мекені Аталыны орман өртіне орапты. Содан орманды мекенінен айырылған Арқар-Дырау осы бір жер астын аздаған халқымен мекендеуге мәжбүр болған. Арқар-Дырау сол өртеніп жатқан мекенін Ерден батырға көрсеткенде, Ерден Табиғат патшаның айтқан отты даласы осы Аталы екенін түсініп, одан әрі сапарын жалғады. Ал осы мезетте Жаһұт патшалығында Зәйтүнқарлығаштың шақыртуымен Ағдем ғұлама келіп, Ла диюды Ғұмырзада уәзірдің тәрбиесіне беріп, адамдарға қызмет еткізіп, әлсіздерге көмектесуге асығып тұратын ізгі жолға салып кетеді.

Аталы орманына сапар шеккен Ерден батыр қасына ерген Арқар-Дыраудың мұрагер ұлы Үкілі-Бұғымен бірге қаңқалы ұра-сайға кезігіп, қаңқамен тілдеседі. Қаңқа оң қолын жұлып алып, ұраға қарай лақтырып жіберді. Қаңқа басын жұлып алды да, сол жақ қолтығына қыстырды. Қолтықтағы бас тағы сөйледі [94, б. 176]. Міне, бұл жерде осы шығармадан эпостық фэнтезиден бөлек «қара», қорқынышты фэнтезидің белгілерін байқаймыз. Кейіпкеріміз алтынға таласып, бірін-бірі өлтіріп тастаған адамдардың қаңқасымен тілдесіп отыр. Қаңқамен тілдесіп, оқырманның үрейін бір алған автор оқиғаны одан әрі қорқынышты ете түседі. Қаңқалы ұрадағы қорқынышты кездесуден кейін Ерден батыр Үкілі-Бұғыны кері қайтарып, қауіпті сапарын одан әрі жалғыз өзі жаяу-жалпы жалғастырады.

Ал Жаһұт патшалығында Зәйтүнқарлығаш қорқынышты түсінде Ерденнің ту сыртынан Сейітомардың қанжар сілтегенін көріп, көңіл-күйі түсіп, Ерден батырдың қиналып жүргенін түсініп, оның артынан екеуінің махаббатының көрінісі ретінде бірде Қылаңкөк сәйгүлік, енді бірде алтын ара болып жүрген сезімін көмекке жұмсайды. Сол мезеттен бастап Зәйтүнқарлығаштың мінезінде қаталдық және бір немқұрайдылық пайда болғанын бас уәзір Ғұмырзада мен Атымтай байқайды. Олар Зәйтүнқарлығаштың денсаулығы мен болашағына алаңдап, ақыры Ағдем ғұламаны шақыртуды жөн көреді. Ағдем ғұлама Зәйтүнқарлығаштың жүкті екенін, алтын ара түріндегі махаббатын Ерденге көмекке жібергенін сезіп, оны Отау сарайға уақытша алып кетуді жөн көрді. Жаһұт патшалығына Зәйтүнқарлығаш оралғанша уақытша билікке Ғұмырзада уәзір мен Жортуылдың ұрпағы Атымтайды бірлесіп, серіктесіп басқаруға қалдырады. Олар Ла диюды адам қатарына қосып, Ағдем ғұламаның ақылы бойынша жер бетін аралауға, еркіндікке жібереді. Кейінгі, төртінші тарауында Сейітомардың киесімін деп жүрген Көктарғыл бақа оны арам жолға салмақ болады. Ла дию жер бетін кезіп жүріп, алып мақұлықтармен айқасқа түседі. Соғдымен Ерден алғаш рет бетпе-бет кездеседі. Пері қызы – Сағымқыз Соғды сиқырынан құтылады. Ла дию бұрынғы тамақ ішпейтін қасиетінен айырылып, тәбеті қайта ашылады.

Табиғат патшаның жұмсаған қауіпті сапарын жалғастырған Ерден батыр қырық бес мың әскерге кезігіп, оның қолбасшысын жекпе-жекке шақырып,



оның Соғды шаман екенін, тіпті сол Соғдының Табиғат патша алып кел деген «бойы бір қарыс, сақалы екі қарыс шал» екенін түсінеді. Бірақ алапат күшке ие Соғды Ерден батырмен бір-бірін ала алмай, Сынап дарияның арғы жағына өтіп кетіп, Ерден батырды «Әйтпесе, жеті айлық жолды жаяулап қас қағымда қайтіп аласың? Тым болмаса ойнақшыған Ақжебесі болса астында», - деп күреске шақырады» [94, б. 205].

Сол мезетте жер бетін кезіп жүрген Ла дию шөл далада Сағымқыз мінген желқайықты кезіктіріп, пері қызымен сырласып, көңіл қосады. Сағымқыздың Соғдыға алдап-арбаумен ұзатылған қалыңдығы екенін біледі де, өмірінде алғаш рет адамға тән ғашықтық сезімін басынан өткізген Ла дию Сағымқызды Соғдының құлдығынан құтқаруға бел байлайды. Сол жерде Сағымқыз желқайығымен ізім-қайым жоқ болып, қолма-қол ғайыптан пайда бола кеткен Соғды мен Ла диюдің арасында шайқас басталады. Бірақ ешқайсысы жеңе алмай Соғды ғайып болып, Ла дию екі қап алтынды алып өз бетімен ұшып кетеді. Сол кеткеннен Балықкөздің тағы бір ұрпағы, бақаға айналған Шатанның немере ағасы Ниярдың айдалада жатқан патшалығына кезігеді. Осы жерде Ла дию бақа кейпіндегі Шатан сиқыр мен Ниярдың алдау-арбауына түсіп, мақтауларына масаттанып, тамаққа тәбеті қайта ашылып, ақыр соңында Ағдем ғұламаға, Зәйтүнқарлығаш патша мен Ерден батырға қарсы Жаһұт патшалығына қарсы соғысуға көнеді.

Ерден батыр болса Зәйтүнқарлығаштың артынан жіберген махаббаты - алтын арасы Қылаңкөк сәйгүлігіне мініп Сынап дариясының арғы жағасындағы Соғдының соңына жетіп, алапат соғысқа кіріп, тіпті оның құдайы болып жүрген Ариманды да қолға түсіріп, тұтқындап, Табиғат патшаның алдына торға қамап алып келеді. Ерден батырдың ерлігіне риза болған Табиғат патша Арқар-Дырау патшалығын жер бетіне шығарып, бұрынғы Аталы орман мекенін қайтарып береді де Ерден батырға: «Айтпақшы, Қара қасқа мен Ақжебен Жаһұтта. Оларға алаңдама», -деп, Қылаңкөкке мінген Ерден батырды Жаһұт патшалығын қоршап алған жауларына қарсы асықтырады» [94, б. 250].

«Ерден батыр» ертегі-хикаятының соңғы, алтыншы тарауында Ерден батырдың Жаһұт патшалығын қоршауға алып, шапқан жауларына қарсы соғысқа үлгеріп, ерлікпен елін қорғап қалу оқиғасы суреттеледі. Жаһұт патшалығына шабуылдаған Нияр, Шатан бастаған олардың одақтастары, Ла диюдің шабуылы жойқын болды. Дегенмен найзағайдан бір қорыққан, тасадағы Өтебай ұстаның қылышы қолын шауып түскенде өзі қазған орға құлап, қанға бөккен Ла дию мерт болады. Ұрымтал сәтте Нияр патшаның соңынан қуа кеткен Сейітомар мен оның шәкірті Жанұзақты байқап қалған Қылаңкөкке мінген Ерден батыр да келіп жетеді. Сөйтіп Жаһұт қорғаушылары Шатанды да, Ниярды да қолға түсірді, торға қамады. Осы жеңіс үстінде Ерден батырға оның сенімді уәзірі Ғұмырзада мен Атымтай сүйінші хабар ала келді. Зәйтүнқарлығаш аман-есен қол-аяғын бауырына алып, дүниеге Ерденнің мұрагер ұлын әкелді. Ерден батыр мұрагер ұлының есімін Жәдігер деп қойды. Осы мезетте Жаһұт патшалығында жеңіс тойы, мұрагердің дүние есігін ашу тойы Ағдем ғұламаның, Қалампырдың, Тотыбектің, бас уәзір Ғұмырзада мен

Атымтайдың, Сейітомардың, оның шәкірті Жанұзақтың, дию Ланың қолын шапқан Өтебай ұстаның, бүкіл Жаһұт жұртының қатысуымен басталып кетті. Осы тойдың үстінде Жәдігер әкесі Ерден батырдан торда қамалып отырған Шатан мен оған қара қобызды сатқан саудагерді ойыншық қылып ойнауға сұрап алады. Табиғат патшаның бұйрығымен Шатан ханзада баланың ойыншық патшалығының патшасы болып «арманына» жетеді. «Сөйтіп, Жәдігердің қолында жүрген осы «Тордағы патшалық» Жаһұт халқы, әсіресе, жас сарбаздары қатты қызықтайтын ойыншыққа айналыпты. Тордағы қос сарайдың ортасында күнде болып жататын қиян-кескі соғыстың жанкүйерлеріне айналған балалар уақытында тамақтарын ішуді ұмытып, шешелерінен таяқ жепті, әкелерінің ашуы үстінде талай рет құлақтарынан айырылып қала жаздапты. Бірақ Шатан мәз еді. Көңілі шат еді. Соғыстан жеңіспен оралған күндері алпыс шақты «сарбазын» жинап алып, ұлан-асыр той да жасап жатады. Тұтқындарды маңдайдан шертіп, қарыннан нұқып, қарқ-қарқ күліп кердендегенін көрсеңіз ғой! Оған қарай-қарай көзің талар еді, күле-күле езуің жырылар еді. Солай! Балаларға да кінә жоқ. Қарт-қариялардың күліп айтқанымен, «Шатан да мұратына жетіпті» дейтіні осы болса керек. Ия, әркім бақытты өзінше түсінеді ғой», - деп аяқталады бұл хикаят» [94, б. 269].

Жаһұт патшалығының жауларының өзі ең соңында жеңілгеннен кейін Ерден патша мен Зәйтүнқарлығаштың мұрагері Жәдігер мен басқа балалардың ойыншығына сиқырлы ғажайыптың күшімен айналуы, біз қарастырған шығармалардың бірінен соң бірі сериялы түрде шығуы және басқа біз атап өткен сипаттары олардың фэнтези элементтерін айқындай түседі.

Т. Рымжановтың 1994 жылы жарияланған «Өлместің жұлдызы» фэнтези «Ай астындағы Айбарша сұлу», «Қыран қарақшы» тәрізді халық ертегілерінің негізінде жазылған. Төрт бөлімнен тұратын шығарма Баяухан атты хан мен оның қарт ұстазы Абыз атаның өмірін сипаттаудан басталады. Мамыражай, бейбіт, байлыққа кенелген халқымен жайлы өмір сүріп жатқан Баяуханның еліне көршілері жауласып, елін, малын талап алайық деген ниеттерін біліп, Баяухан өзі Абыз атамен ақылдаспастан алыс жорыққа аттанып кетеді. Бірақ екі күннен кейін Баяуханның түсіне Абыз ата кіріп, жорықты тоқтат деген ақыл айтады. Фэнтезиге тән оқиға желісімен екеуі ғарыштағы Ай астындағы Алшын патшаға бейбіт өмір орнатуын сұрап, Баяуханның жалғыз ұлы Өлместі елші етіп жіберуді шешеді. Ол сапарға Өлместің мініп шығатын Оттұяқ атты сәйгүлігін қара кер тай кезінен күтіп-баптайды. Сол қара кер тайдың жанарынан Алшын патшаның Ай астындағы сарайының мұнарасы мен Өлместің суретін байқаған Абыз ата қара кер тай бестіге шығып, Өлмес он беске толғанда осы бір алыс сапарға шығуға дайындалуды жөн деп Баяуханмен бірге шешеді. Зорман және Қара дию тәрізді Баяухан елінің жаулары да бейбіт жатқан елді мазалауды қоймайды. Біресе қара кер тайдың жалындағы екі тал ақ қылды жұлып әкетпекші болып, енді бірде Баяухан елінің жеріндегі күнді батыстан туғызып, шығысқа батқызып қояды (Құранда жазылған ақырзаман белгілерінің үлкені), малдарды теріс мөңіретіп, адамдарын жалқау етіп қояды. Өлмес өзін қоршаған серік-достарының жайбір рахат өмірден жалыққанын

сезіп, оларды сергіту үшін алыс сапарға, аң аулауға алып шығады. Сол саятшылықта жүргенде Алтын киікті көріп қалып, соңынан қуа жөнеледі. Көп күн қуып, Алтын киікке жете алмаған Өлмес Ордасынан бабына келіп, жарап тұрған Оттұяқ сәйгүлігін алдыртып, Алтын киікті қуып жетеді. Осы мезетте Алтын киік айдай сұлу аруға – Айбаршаға айналып шыға келеді. Ай астындағы Алшын патшаның қызы Айбарша өзіне ғашық болып қалған Өлместі әпкесі Гүлбаршаның еншісіне беріліп, жауларының кесірінен Өлі қалаға айналған қауіпті өлкеге жұмсайды [95, б. 46]. Осы сапар барысында Өлмес бірде Ата қыран мен Ана қыранның, енді бірде Ата шағала мен Ана шағаланың тілдерін ұғып, олардың әңгімелерінен талай нәрсені естиді. Алтын киіктің Айбарша сұлуға айналып, оның сиқырлы жүзігін тауып алып, одан ғажайып құбылыстардың пайда болуы, құстар мен жануарлардың адамша сөйлесуі фэнтези жанрына тән құбылыс екенін атап өтуіміз керек.

Бұрын Нұрстан болып гүлденген, қазіргі Өлі қалаға келген Өлмес Гүлбаршаның күйеуі Хақзарға кезігеді. Алыс жолдан қалжырап, әбден шаршаған Өлмес Хақзардың Алтын сарайында ұйқыға кетіп, қайта ояғанды ұйықтап жатқан Хақзардың жанында жылап отырған Гүлбаршаны көреді. Өлген Гүлбарша күйеуі Хақзарды қимай, түсінде келіп жүргенін Өлмес өңінде көреді. Бұл да ертегіге немесе фантастикаға емес, тек фэнтезиге тән оқиға деп бағалауға болады. Осы тұста - Өлмес Алтын киік хикаясын, оның Айбаршаға айналғанын, Айбаршаның Өлі қаладағы қос мешіттің ортасында, жер астында өзін қайта Айбаршаға жеткізер бір сиқырлы нәрсе барын, оның не нәрсе екенін өзі де білмейтінін айтқанын... бәрін-бәрін айтты» [95, б. 58]. Хақзар Өлмеске Гүлбаршаға қалай кезігіп, Ай астындағы Алшын патшаға қалай күйеу бала атанғанын, жаулардың кесірінен Гүлбаршаның кеудесіне қара жебе қадалып, қалай өлтіріліп, Нұрстанның қалай Өлі қалаға айналғанын айтып бергені осы екінші бөлімді алады. Өлмес пен Хақзар бірігіп Қазалы патша, Танаухан, Ералы мен Нұралы патша деген дұшпандар елдеріне сапар шегеді. Және ол сапарға табан астынан, Хақзардың ғажайып қасиеті – Алладан қос қанат сұрап алып кетіп, дәл солай жылдамдықпен екеуінің қайтып келуі фэнтези сюжетіне тән.

Үшінші бөлімінде қос мешіттің арасындағы сиқырлы қақпақтың сыры ашылады. Сиқырлы қақпаққа апарар жолды Хақзар отыз жыл қазса, Өлмес бес күнде қазып, қақпақты аша алмайды. Сол мезетте кенеттен шабуыл жасаған Қара диюды қолға түсіріп, оның жаны қара шыбынға айналған кезде Өлмес қара шыбынды алақанына қысып, жанын қинағанда Қара дию өзінің бар сырын айта бастайды. Гүлбаршаның қазасына қатысы жоқ екенін айтқан Қара дию Зорман диюдың билігінде екенін, Өлместің қара кер құлынының жалындағы қос ақ қылды жұлуға жұмсағанын, Баяухан еліндегі күннің теріс шығып, малдың теріс мөңіреп, халықтың самарқау, жалқау болуына өздері ықпал еткенін мойындайды. Жаны алқымға келген Қара дию өзінің қызыл қанатты Ақ тайлақ пен Гүлбаршаның табытта жатқан өлі денесін күзеткенін айтады [95, б. 111]. Қызыл қанатты Ақтайлақ аспан мен жер арасындағы көлік болған. Қара диюды өлтіріп, Өлмес пен Хақзар сапарларын жалғастырады. Сиқырлы қақпақтан кірген екеуі жұмбақ Алшын патша еліне де жетеді, Алшын

патшаның бас уәзіріне жолығады. Отыз жылда мүлдем қартаймаған бас уәзірді көріп, таңқалған Хақзарға: «Хақ жолын дұрыс ұстаған адамға Алланың берері мол ғой. Сондықтан да қартаймаған шығармын. Мені енді бас уәзір десең де, ғұлама десең де еркің... Иә, мына баланы білем. Ел-жұрттың тыныштығына тұтқа болам ба деп жар құлағы жастыққа тимей жүрген асыл азаматтың бірі Баяуханның Өлмесі ғой. Кітап ашып, бәрін көріп, біліп отырдым. «Бірі» деп отырғаным, елдің елдігін ойлар азаматтар азайып кетті ғой. Атақты Алшын патшаның жер пенделерінен түңіліп аспанға шығып кеткені анау!», - дейді [95, б. 113]. Өлмес пен Хақзарды жанына ерткен бас уәзір оларды сиқырлы, құпия кара есікке ертіп барып, қызыл қанатты Ақтайлақ отыз жыл бойы камуда болған бөлмені табады. Одан әрі Гүлбаршаның табытта жатқан өлі денесіне бастап барады. Олар Гүлбаршаның жаны көк шыбынға айналып, Гүлбаршаның өлі денесі жатқан бөлменің бұрышында торға шырматылған жерінен құтқарып, ол көк шыбын ұшып барып, Гүлбаршаның ерніне қонғанда мөлдір тамшыға айналып, денесіне кіріп, иесіне жан бітіреді, тірілтеді. Бұл да фэнтезиге ғана тән оқиға. «Өлместің жұлдызының» соңғы, төртінші бөлімінде оқиғалар желісі тарқатылып, Зорман дию бастаған кара ниетті күштерден Өлместің бұрынғы уақыттарда жоғалған Балталы батырды, Әбу-Хизмет шеберді, Мұтфан шайырды, Ат-Тайыр күйшіні кезек-кезек құтқарады. Одан ары Зорман диюды іздеп бара жатқан Өлмес аққуға айналған Ақгүл деген қыз бен оның сүйіктісі Естемірді де Зорманның құлдығынан құтқарып алады. Құтқарылғандардың барлығы Өлмеске айдаһарға айналған Зорманды ұстауға өздерінше көмек қолдарын созады. Өлмес Зорманмен шайқасып, әбден қиналған мезетте Алтын киік кейпіндегі Айбарша да көмекке келеді. Сол жеңістен соң бір-бірінен айырылған Айбарша мен Гүлбарша кездесіп, көріседі.

Ал енді Баяухан еліне оралсақ, Абыз ғұлама соңғы төрт жылда күңіреткен Күнді ерте тұрып батыстан қарсы алуға үйреніп кеткен еді. Ел «Таң шапағы» деген түсініктен айырылғалы да төрт жыл. Таң шапағы жоқ жерде жан-жануарлар да күнді қарсы алу сезімінен айырылған. Абыз ғұлама елден ерек кеш жатып, елден ерек ерте тұрып жүріп, осы марғау тіршілікке де үйренген. Сөйте тұра, Күннің әйтеуір бір күні өз ұясынан шығатынына сенімді еді. Күнді өз ұясынан шығаратын Оттұяққа мінген Өлмесхан екенін іші сезеді. Ол сондықтан да елден ерек ерте тұрғанда, Күннен бұрын туатын Шолпанды қарсы алуға асығатын. Шолпанның маңынан Өлместің жұлдызын іздейтін [95, б. 190]. Сол Өлместің жұлдызы жарқырап, кара күш жаулардың бәрін жеңіп, игі-жақсыларды құтқарып, Айбаршасына қосылып, Баяухан әкесі мен Абыз атасының мұратына жетіп, оларды Ай астындағы Алшын патшамен құда етіп, Аспан мен Жердің арасына көпір орнатуымен бұл таңғажайып оқиға аяқталады. Біз қарастырған шығарманы да эпостық фэнтези жанрына толығымен жатқызуға болады.

Т. Рымжановтың 1999 жылы жарық көрген «Гүл ағашы» ертегі-хикаяты да фэнтези жанрында жазылған шығармаға жатады. Бұл кітаптың алғы сөзінде: Ертегі-хикаяттың алға қойған мақсаты – шайтан, пері және адамзат арасындағы шиеленіскен тартыс үстінде оқырманға олардың тәрбиелік рөлін ашып беру.

Перілер басынан жақсылықты да, зұлымдықты да жасаушы мінез-құлықтар, іс-әрекеттер байқалып отырса, шайтандарды тек зұлым, озбыр істер төңірегінен көруге болады. Ал, ертегінің негізгі кейіпкері – адамзат ұрпағы жас Қарабек бастапқыда ат басындай алтынға бола шайтандардан алданып қалып, ақыры, пері қыз Шәки-Жамалдың, жылан патшасы Мәлік-Ғафилдің көмегімен шайтандарды жеңеді. Пері қызына ғашық болған Қарабек, ең аяғында адамзат қызы – Меруертке үйленіп, алтыннан ғылым, білім сарайын тұрғызып, бақытына жетеді. Халқының мұң-мұқтажын көрмей, «Алтын!», «Алтын!» деп зарлап өмір сүріп отырған Зарлыхан патшаның ішкі шайтанын алып тастап, оны ел-жұртының қамын жейтін адал патшаға айналдырады, халқы да мұратына жетеді. Ертегі-хикаят ақ пен қараның күресі үстінде ақ жеңіп, қара жеңіліп, ертегі үлгісімен аяқталады – деп жазылған [96, б. 3].

Өткен ғасырдың соңында, тоқсаныншы жылдары, оның алдындағы кезеңдерде бізге фэнтези жанрында жазылған Батыс жазушыларының шығармалары ағылшын немесе орыс тіліне аударылып жете бастағанда әлі фэнтези жанры жеке, дербес жанр ретінде таныла, мойындала қоймаған уақыттар болды. Төл әдебиетімізде, қазақ тілінде сол өткен ғасырдың 80-90 жылдары жазылған Тауық Рымжановтың алғашқы фэнтези туындылары ертегі-хикаят деген атаумен жарияланып жүрді. Себебі сол кезде де, тіпті қазіргі кезге дейін қазақ әдебиетінде фэнтези дербес әдеби жанр деп толық мойындала қоймаған еді.

«Гүл ағашының» басында эпилог ретінде автордың келтірген мына үзіндісі осы бір фэнтези шығармасы кейіпкерлерінің характерлерін анық ашатын тәрізді: « - Өмірге не үшін келдік деп сұрады Қарабек. – Өмірге өмір сүру үшін келдік, - деді перінің қызы. – Өмірге бүлдіру үшін келдік, - деді шайтан. – Өмірге өлу үшін келдік, - деді Зарлыхан».

«Адам баласы мен шайтан жұртының жер бетіндегі тіршілігінің басталғанына, олардың бірде тату, бірде қату, аралас-құралас бірге жасасып келе жатқанына қанша уақыт өткенін бір Алладан басқа ешкім білмейді. Әйтеуір, адам бар жерде шайтан бар. Сондықтан болар, адам баласы «шайтан түртіп» біреуді жәбірлейді, жаман атқа қалады, күнәға батады. Кейін онысына өкініп те жатады. Адамшылық қасиеті қайта оянып, жаратушыдан жалбарынып кешірім сұрайды, жақсылық жасауға тырысады. Бірақ, шайтан оны түртпектеуін қоймайды. Өйткені, бұл оның кәсіби міндеті еді», - деп басталады бұл хикаят [96, б. 6]. Шайтандардың жиылып, Аллаға, оның жаратқан пенделері - адамзатқа реніштерін айтып, кек алуды жоспарлаудан басталады оқиғалар желісі. Шайтандардың Мәжжис деген патшасы билік құрған тұста бүкіл шайтандар жиылып, адамзат баласы қылмыс жасап, қанша күнәға батса да мешітке барып Алладан кешірім сұраса болды, күнәлары кешіріліп, өлгеннен соң жаназасын шығарған молдасы: «Жаның жәннатта болсын» деп бетін сипаса болды, жұмақтан бірақ шығады деп реніш білдіреді. Ал біз Ібіліс бабамыздан бастап мәңгілікке жұмақтан жер бетіне қуылып, жұмақтың маңына жолай алмайтын болғанбыз. Сондықтан ендігі жерде олардың Мәжжис патшасы жұмақтың кілтін ұрлап алуды өзіне бағынышты шайтандарға бұйырады. Он

жыл өтеді, жиырма жыл өтеді, шайтандар мүлгіп, бір шешімге келе алмайды. Жетпіс жыл өткен кезде ғана Мәжжис патшаның нағашысы мен өгей шешесі бірінен соң бірі келіп, жұмақтың кілтін алу үшін Жер бетіндегі Зарлыхан патшаның еліндегі он жеті жасар Қарабек деген баланы табу керек екенін айтады. Осыны естіген Мәжжис Зарлыхан еліне Қарабекті іздеп, тауып әкелу үшін шайтандарын қаптатып жібереді. Қаптаған шайтандар жер бетіндегі әртүрлі елдерден Қарабек есімді адамдардың көбін ұрлап әкеле береді. Бірақ олардың ешқайсысы Мәжжис іздеген Қарабек болмай шығады. Ақыры Мәжжис Зарлыхан еліне ең қу, ең іскер Бөспе деген шайтанды Қарабекті іздеп, тауып әкелуге жұмсайды. Бөспе шайтан жолаушыға айналып, бақташылардың «құдайы қонағы» болды. Сұлу келіншекке айналып, пәуескелетіп, жылқышы жігіттердің делебесін қоздырып, құтыртқан күндері де болды [96, б. 12]. Ақыры біресе диуана кейпіне, біресе қара құзғын кейпіне еніп жүріп, Қарабектің ағасы Төлен мен жеңгесі Сақышты танитын жылқышыларға кездесіп, олардың қайда тұратынын біліп алып, ойлаған жеріне келеді. Он жеті жастағы алаңғасар, аңқау Қарабекті алдап-арбап, ат басындай алтын беремін деп қызықтырып, сенімді серігі Аққұлақ итін дәрі беріп ұйықтатып, жас жігітті өзімен бірге ертіп кетеді. Жолай екеуі күш сынасып, Қарабекпен күресіп жеңілгенімен, әккі Бөспе шайтан қулыққа басып, Қарабекті амалын тауып, арқандап мініп алады да Мәжжис патша сарайына қарай тартып отырады. Жолай бірнеше күн жол жүрген Бөспе шайтан мен Қарабек алыстан шұғыла болып көрінген Гүл ағашына жетеді. Қара терге малынып жүйткіп келе жатқан Қарабек те ғажайып ағашты көріп қалды. Гүл шашып тұр! Өзі жалғыз ағаш, өзі керемет үлкен ағаш!... Ия, Гүл Ағашы! Ағаш күзде гүлдейді екен-ау! [96, б. 30]. Гүл ағашының маңындағы Битаңба перінің тас қорасы кейде Алтын сарайға айналып, жанында сиқырлы таза тұма ағып жатады. Сол тұманың жанына аялдаған Қарабек тұма суынан дәм татып, тазаланып жуынған соң сиқырлы дауысқа елітіп, үш күнге сол дауыстың соңынан еріп, Алтын сарайға айналған тас қораға кіріп кетеді. Ол сарайда бұрын-соңды көрмеген ғажайыптарды көріп, естімеген әуендерді естіп, Битаңба перінің сұлу қызы Шәки-Жамалдың қойнына кіріп, ләззат алып, ғашық болып қалады. Шәки-Жамал Қарабекке шайтандар патшасы Мәжжистің сарайына сапарын жалғастыруға көндіреді. Тұмарын тағып, шығарып салады. Осы ләззатпен өткен үш күн, үш түнді ешкімге тіс жарып айтпауды өтінеді Қарабектен. Бірақ Шәки-Жамалдың бақытын көре алмаған Сахия пері құйын болып, Алтын сарайдан ұшып шығып, Бөспе шайтанға бар сырды айтып қояды. Бөспе шайтан Сахияның сырынан кейін Қарабектің басқа Қарабектерге ұқсамайтын сырын ұға қояды. Ол сыр – Қарабектің құпияны сақтай білуі, берген уәдесінде тұра білуі және алға қойған мақсатынан, жолынан қайтпау қасиеті екенін ұғады.

Шайтан патшасы Мәжжистің сарайына Бөспе шайтанды қайтадан арқалап, жолын жалғастырған Қарабек бір-ақ нәрсені ойлап, өкініш білдіреді: - Құдай-ау, - деп ойлады көңілі жарымжан Қарабек. – Шәки-Жамал Гүл Ағашы туралы неге ештеңе айтпады? Ол іштей өзіне де ұрысты: - Гүл Ағашы туралы өзім неге сұрамадым? [96, б. 49].

Т. Рымжановтың бес бөлімнен тұратын осы шығармасының екінші бөлімінде фэнтезидің басты кейіпкері Қарабектің Бөспе шайтанмен бірге Жер астындағы Мәжжис шайтан патшалығына жетіп, сол жерде болған қорқынышты, таңғажайып оқиғалар баяндалады. Фэнтезиге тән оқиғалар Жер астындағы шайтандар патшалығында қорқынышты, «қара» фэнтези элементтерімен жалғасады. Гүл Ағашын бетке ұстап, бірнеше күн, бірнеше түн жол жүріп, әбден қалжыраған Қарабек Бөспе шайтанды арқалап Молдабай қыстағына жетіп, жәпірейген үш тамның арасындағы күл үйіндісінің жанындағы шайтандар ордасына кірер қақпаның орнындағы темір қақпақты ашып, екеуі жер астына түседі. Сол жер астындағы шайтандар мекенінде Қарабек «мықтының арты диірмен тартады» деген сөздегідей бөксесімен диірмен тартып, кітап оқып отырған еңгезердей шайтанды, от көсеп, «тамақ істеп» отырған қорқынышты шайтанды да көреді. Бөксесімен диірмен тартып отырған «оқымысты» шайтан мен «тамақ істеп» отырған еңгезердей екі шайтанға жалынышты болып, қолдарына бос дорба ұстаған ұшы қиыры жоқ адам тізбегі диірменге тақап келіп, тәртіп сақтап, кезекке тұрды [96, б. 54]. Бұлар – елдерінен шайтандар ұрлап әкетіп, осы шайтандар арасында нәпсісіне еріп қалып қойған Жер жүзінен жиналған бір мың жеті жүз «Қарабек» есімді пенделер еді. Оларды әлгі екі шайтан бос ыдыс пен бос дорбаға «толтырылған» тамақпен «тойдырып», «қанағат қарын тойғызады» деп алдап, шығарып салып жатыр. Себебі олардың барлығын да шайтандар жанарларынан айырып, соқыр етіп қойған. Зарлыхан елінен әкелінген біздің Қарабекке де мандайынан бір ұрып, соқыр етпекші болған еңгезердей шайтанның күші жетпей қалады. Себебі Қарабекке күш берген пері қызы Шәки-Жамалдың сиқырлы тұмары еді.

Осылай шайтандар патшасы уды су орнына ішетін Мәжжистің алдына әкелінген Қарабек шайтандар патшасының қонақжайлылығына тап болып, аста-төк дастархан жайылып, әсем әуенге елітіп, шайтанның сұлу қыздарының биін тамашалап, ең соңында Мәжжистің өзімен жеке қалады. Осы жерде Мәжжис шайтан патшасы Қарабекке өзінің өтінішін айтады. - Бұл дүниеде жұмаққа барған шайтан жоқ! Мүмкін, сенің арқаңда біздің о дүниелік ғұмырымыз өзгерер. О, Қарабек! Біз үшін, мына мен үшін ондай күнді туғызар болсаң, жер қойнауындағы барша байлықты алдына үйіп тастар едім! Жұмақ кілтін бірдеңе ғып қолға түсірмесек, мына азып бара жатқан жұртым біржола құрып бітуге тақады, Қарабек. Сенің көмегіңсіз ештеңе бітіре алмай отырмын [96, б. 65]. Шайтан патшасы өз өтінішін Қарабекке жеткізіп қана қоймай оның Шәки-Жамалмен арадағы сырын да біліп алғысы келді. Бірақ уәдесіне берік Қарабек бұл сырын тіс жарып айтпайды. Тіпті Қарабекті күшпен көндіргісі келген Мәжжистің шайтан сарбаздары жабыла кеткенде оған Шәки-Жамалдың көмекке жіберген құстары ұшып келіп, көмектеседі. Ақыры амалы таусылған Мәжжис патша Қарабекті зындандағы өзінің жиырмасыншы бабасы Иланшы шайтан патшасының табыт бөлмесіне қамауды бұйырады. Иланшының табыт бөлмесінде Қарабекті кезінде перілер патшасы Битаңбамен үйлену тойының үстінде арамза жолмен қолға түсіп, Иланшы шайтан патшасына қалыңдық болуға мәжбүр болған адамзат қызы Бәдиғұл ара түсіп, құтқарып қалады.

Бәдиғұл болса пері қызы Шәки-Жамалдың анасы болып шығады. Және Шәки-Жамалдың басты мақсаты да осы Қарабектің көмегімен анасын Иланшы патшаның табыт бөлмесінен құтқару болғаны айқындалады. Сонда Шәки-Жамалдың әкесі пері Битаңба патша болса, анасы адамзат қызы Бәдиғұл екен. Бәдиғұлды ессіз жақсы көрген Иланшы бабасы Қарабекті Жер бетіне жіберуге көнеді. Бірақ ол да шайтандығын жасап өз ұрпағы, шайтандардың қазіргі патшасы Мәжжиске жұмақтың кілтін Қарабектің арқасына мініп алып, өзін іздеуге бар деп кеңес береді. Өгей шешесімен ақылдасқан Мәжжис жұмақ кілтін Қарабекпен бірге іздеп бару қауіпті деген шешімге келіп, Қарабектің жанына айлакер де әккі Бөспе шайтанды қайта қосуға бел байлайды. Қарабекті шайтандар елінен шығарып салып тұрып Мәжжис патша былай дейді: - Қарабек, мен саған жақсылық жасадым. Тірі қалдың. Жақсылыққа жақсылық деген бар, жақсылығымның қайтуы болсын - маған жұмақтың кілтін әкеп бер [96, б. 95]. Жер бетіне аман-есен шыққан Қарабекке пері қызы Шәки-Жамалдың анасы Бәдиғұл келіп, өз ақылы мен өсиетін айтады.

Бұл фэнтезидің үшінші бөлімінде Қарабек перілер еліне келіп, Шәки-Жамалдың көмегімен шайтандар патшасы Мәжжистің бұйрығымен өзінің артынан аңдуға жіберілген Дөйт пен Уай шайтандарды құл етіп, Бөспе шайтанды Дөйт пен Уай шайтандар өлтіріп, біржолата құтылады. Оған дейін Гүл Ағашының жанына тігілген алтын киіз үйге кіріп, ішінен Шәки-Жамал пері қызының көмекке жіберген інісі Күсеппен танысады. Күсептің айтуы бойынша Қарабек шайтандар елінен өзі құтқарған барлық бір мың жеті жүз Қарабекті жинап әкеліп, ішіндегі шайтандарынан тазалауға көмектеседі. Жер жүзіндегі Қарабектерді жинап алып келуге Қарабек Бөспе шайтанды жұмсайды. Ақыры Күсеп барлық Қарабектердің ішкі шайтандарын алып, дорбаға салып, іліп қояды. Ішкі шайтандарды алуға Күсеп пері арнайы аспапты қолданады. Бұл аспаптың қазіргі лазерлі аспаппен жасалатын отаға ұқсас, адамның денесін кеспей жасауға болатын қасиеті болады. Осы жерде де Т.Рымжановтың шығармасынан фэнтези элементтерін байқаймыз. Тағы да сол сиқырлы күлгін сәуленің көмегімен Күсеп Қарабекті Гүл Ағашын қоршап тұрған сиқырлы шеңберден өткізіп жібереді. «Гүл Ағашы алыстан қарағанда жалт-жұлт еткен жеміс, жалт-жұлт еткен гүл, жалт-жұлт еткен жапырақ шашып тұрған ғажайып ағаш еді. Дәл жанынан қарағанда бұл ағаш ғажайып ғана емес, адам баласы суреттеп жеткізе алмайтын керемет еді! Басқа ағаштар мұның алдында үлкен кісінің тізесінен ғана келетін жас бала сықылды еді... Ал, бір ағашта әр түрлі ағаштың жапырақтары өсіп тұрғаны қандай! Ал, гүлдері? Алланың рақымынен ерекше жаралған Гүл Ағашының өне бойында қызғалдақ, сарғалдақ дейсіз бе, қалампыр дейсіз бе... өмірде бар гүлдердің бәрі өсіп тұр. Ал, жеміс-жидек титімдей қарақат, бармақтай бүлдіргендерден, алма-алмұрттан бастап, дінке-қарбызға шейін жайқалып, сабақтарынан үзілердей тербеліп тұр. Бәрі де не бір асыл тастардай мың құбылған сәуле шашып, дүниені арайландырып тұр. Адам жанының нәзік қылын тербетуге жаралған ерекше бақ!», - деп сипатталады [96, б. 121].



Гүл Ағашына жақындап келген Қарабектің алдынан Ағаштың түбінен бір керемет Темір адам шыға келіп, онымен тілдеседі, өзінің жұмақ қақпасының күзетшісі екенін айтады. Темір адам Қарабекке уәдесінде тұрып, шайтандарға, ешбір пендеге Шәки-Жамалдың құшағында үш күн, үш түн өткізгенін айтпай, сыр сақтай алғанына ризашылығын білдіріп, бір мың жеті жүз Қарабекті құтқарғанына риза болып, бірақ Қарабектің бір ағаттығын бетіне басады. Артымен диірмен тартып отырған шайтанның қолға түскен пенделерді алдап отырғанын айтпай, ол адамзат балаларына мән бермей қойғанын айтады. Бұл – Қарабектің жіберген қателігі екенін бетіне басады. Дегенмен Қарабек өз қателігін мойындап, түзететінін айтқан соң Темір адам Гүл Ағашының түбінен ашылған есікке кіріп бара жатып Гүл Ағашының дүміне жарты құлаштай былғары қынапқа салынған жұмақтың кілтін қалдырып кетеді. Бірақ жұмақ кілтін шайтандарға алып барған соң, оны шайтандар кіре алмайтын құпия бөлмеге қалдырып кетуін ескертеді.

Қарабек Гүл Ағашына арқасын сүйеген қалпы кілтті кеудесіне басып, қалғып кетті. Дәлірек айтқанда, ұйықтап кеткен сияқты. Не бір түс-керуендер көз алдынан өте бастады... Аққұлақ қыңсылап аяғына оралады. Ақ сақалы белуарына түскен Сармұрат атасы Гүл Ағашының ұшар басынан қалқып келіп түсіп, Қарабекті құшақтап бауырына басады [96, б. 125]. Сармұрат атасының аруағынан көп сырды білген Қарабек ең соңында басқа да аруақтардың көмегімен сиқырлы нокта мен торсықтың сырын да ұғып алады. Сол сиқырлы ноктаның көмегімен өзінің артынан аңдуға жіберілген, кейіннен шайтандықпен Бөспе шайтанның түбіне жеткен Дөйт пен Уай шайтандарды өз қажетіне жұмсау үшін құл етіп, бағындырып, мініп алады да Молдабай қыстағының маңындағы Шәки-Жамал тұратын алтын сарайға қарай тартып отырады.

Фэнтезидің төртінші бөлімінде Қарабек Шәки-Жамалдың анасы Бәдиғұлды шайтандар тұтқынынан босатады. Ол үшін Қарабек Битаңба пері патшасының сиқырлы ноктасымен ұрып, Мәжжис шайтандар патшасын өзіне құл ғылып, тағынан түсіреді де орнына шайтандардың жаңа патшасы етіп Уай шайтанды, оның бас уәзірі етіп Дөйт шайтанды тағайындайды. Шайтан патшалығының табыт залына келіп Иланшыны күлге айналдырып, Бәдиғұл ананы шайтандар тұтқынынан құтқарады. Уай мен Дөйтті шайтандар патшалығына билікке қалдырып, Мәжжисті мініп алған Қарабек ақ табытқа салынған Бәдиғұлды құл шайтандарға арқалатып, перілер еліндегі Шәки-Жамал сүйіктісіне жол тартады. Перілер патшалығына келген Қарабек Шәки-Жамалмен жолығып, Бәдиғұл анасын қызымен тілдестіреді. Бәдиғұл анасы құшақтай алмаса да, қызына өсиетін айтып, Қарабекті аман сақтау керектігін жеткізеді. Шәки-Жамалды күтіп отырған Қарабекке балдызы Күсеп келіп, сағынып көрісіп, құпия бөлмеге алып барып, білім мұрасы жиналған кітаптарды көрсетеді және Шәки-Жамал екеуі ғана білетін сиқырлы «күлгін сәулені басқару орталығын» көрсетеді. Екі күн, екі түн сағынысып, көріскен соң Қарабекті Шәки-Жамал анасы Бәдиғұлдың өтініші бойынша адамзат моласына мұсылмандық жолымен апарып жерлеуді өтінеді. Осы қарбаласта опасыз Сахия пері Мәжжистің басындағы сиқырлы ноктаны шешіп алып, оны

құлдықтан босатып жібереді. Ақыр соңында құлдық ноктасынан босаған Мәжжис Қарабекті жекпе-жекке шақырып, өлтірмекші болады. Қарабек Мәжжисті жерге атып ұрып, қылқындырып жатқанда Сахия пері келіп сыбайлас шайтанды құтқарып қалады. Бәдиғұл ананы адамзат бейітіне жерлеген соң Қарабек Шәки-Жамалға қайтып келеді. Бәдиғұл анасының жерленген соң Мүңкір мен Нәкір періштелердің ұзақ сотынан өтіп, ақыры Темір адамның күзетіндегі жұмақ қақпасынан өткен қуанышты хабарын Шәки-Жамалға жеткізеді. Шәки-Жамал опасыз Сахия пері мен Мәжжисті анасының жолында құрбан етіп, өлтіріп, құзғындарға жем қылғанын Қарабекке айтады. Шәки-Жамал Қарабекті сиқырлы айнаның жанына ертіп әкеп, оған туған ауылын, сағынып, зар болып жүрген Төлен ағасы мен Сақыш жеңгесін, Сәбит жылқышының сұлу қызы Меруертті көрсетеді. Одан соң сиқырлы айнаның басқа тетігін басып, шайтандар елінде не болып жатқанын да көрсетеді. Бұл да заманауи смартфондардың көмегімен видеобайланыс орнатқанға ұқсайтын фэнтезиге тән элемент.

«Гүл Ағашының» соңғы, бесінші бөлімінде оқиғалар түйіні ширатылып, бас кейіпкер мұратына жетеді. Бұл қорытынды бөлімде пері қызы Қарабекке Алтын киіз үйді сыйлайды. Алтын киіз үйдің керегесінің басындағы сиқырлы құтының қасына сиқырлы ноктаны ілген. Сонсоң Күсеп екеуі зілдей ауыр үш әбдіре кіргізген. Оң жаққа, үшінші әбдіреге тақау сиқырлы айнаны қойды [96, б. 199]. Алтын киіз үйде қалаған уақытта оятатын перілер төсегі де бар еді. Шәки-Жамал Алтын киіз үйдегі перілер төсегіне ұйқыдағы Қарабекті жатқызған соң «жақтаудағы үш тетіктің жоғарғысын басты. Киіз үй орнына көтеріле берді» [96, б. 200]. Шығармадағы бұрын-соңды фольклорлық ертегілерде немесе әдеби ертегілерде кездесе бермейтін заманауи технологиялардың элементтерінің, белгілерінің кездесуі талдап отырған шығарманың фэнтези жанрына жататындығының тағы бір дәлелі деп есептейміз. Биікке көтерілген Алтын киіз үй жылан патшасы Мәлік-Ғафилдің өмір сүретін Ұлар шыңына барып қонады. Алтын киіз үйдегі әбдіреден тауып алған Шәки-Жамалдың хатын оқыған Қарабек өз басынан осыған дейін өткен оқиғалардың түйінін шешетіндей жауап алады. Шәки-Жамалдың хатындағы: «Адамзаттың арасында аяғыңды адамша нық бас» деген өсиетін қалған өміріне бағдар етіп алып, еліне оралады. Ол үшін Шәки-Жамалдың жұмсаумен көмекке келген жылан патшасы Мәлік-Ғафилдің қызметіне жүгінеді. Жылан патшасы Мәлік-Ғафил Қарабектің жерге түсіп, адамзат арасында өмір сүре беруін, ал Ұлар шыңындағы қазыналы Алтын киіз үйді өзі күзетіп жататынын жеткізеді. Қоштасарда Мәлік-Ғафил Қарабекке бір өсиет айтады: «Адамның қоры да, сорлысы да – жақсылығы өзінен аспайтын адам». Осы сөзді санасына мықтап орнатып алған Қарабек жерге түскен соң жүз мың жылқысы бар патша Зарлыханды адамзатқа жақсылық жасауға үндеуді ойлайды. Дегенмен Қарабектің сөзіне құлақ аспаған Зарлыхан патшаны Мәлік-Ғафилдің көмегімен Ұлар басындағы қазына толы Алтын киіз үйге көтеріп әкеп, перілер төсегіне ұйықтатып кетеді де, өзі Жер бетіне түсіп Зарлыхан патшалығында өмір сүретін адамзатқа әділ патша болып келеді. Кең даланың төріне Алтын сарай тұрғызып,

Мәлік-Ғафил Қарабекті алтын таққа отырғызып, адамзат патшасы болуға көндірді. Түн ортасы болғанда бір сиқырлы күштің құдыретімен аспан жақтан үн шығып, «ей, адамзат» деп адамдарды оятып, Гүл Ағашының адамзат аспанына орнағанына куә етеді. - О, жаратушым! – деп күбірледі Қарабек. – Гүл Ағашы, Гүл Ағашы ғана емес-ау, жұмақ бағы менің елімнің үстінде тұр! Жәннат бағы! [96, б. 221]. Гүл Ағашының жанынан шыққан жұмақ қақпасын күзетуші Темір адам жұмақ кілтін Қарабекке, адамзатқа көрсетеді. Ал, Зарлыхан патша жүз мың жылқысын адамзаттың жолына, игілікке жұмсауға шешім қабылдайды. Себебі Зарлыханның ішіндегі ішкі шайтанын Қарабек алып тастаған еді. Зарлыханның жылқысын бағып жүрген жылқышы Сәбиттің айдай сұлу қызы Меруертті Қарабек қалыңдық етіп алып, үйленіп, ұлан-асыр тойларын жасап, ақыр соңында мұратына жетеді.

Мүмкін-ау – деп ойлады Қарабек. – Адам баласына аруақтар аян береді екен... Қылығымен жақса, Меруертке де Шәки-Жамалдың аян беруі ықтимал ғой. Рух рауан, рух сәкіндердің де сырын ашар? [96, б. 221]. Ұйқыдан оянып, есін жинап, зарлауды қойып, жомарттықпен жымыған Зарлыханды қайтадан патша қойып, Қарабек пен Меруерт Қарабас тұлпарға мінгесіп, ертегі патшалығына аттанып кетіпті деп аяқталады бұл хикаят. Ел билігін Зарлыхан мен Қарабек ақылдасып, бірігіп жүргізіпті. Бірі табиғатынан ішкі шайтаны жоқ, бірі ішкі шайтанын алғызып тастап, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман орнапты. Алтын, күміс, асыл тасты халық игілігіне жұмсаған соң, әрине, солай болады. Кей күндері мөлдір аспан төсінен Ұлар шыңы көкке атыла бой түзеп, оның ұшар басындағы Алтын киіз үй жарқ-жұрқ еткен ерекше сәуле шашып тұрады екен. Бірақ, ол сәулені адамгершілік парасаты еңселі адамдар ғана көре алатын болыпты» [96, б. 234]. Осындай терең философиялық ой-толғаммен бұл фэнтези жанрында жазылған хикаят аяқталады.

Таупық Рымжанов шығармашылығына талдау жасай келе, «Зәйтүнқарлығаштың ерлігі» ертегі-повесі (1984), «Өлместің жұлдызы» ертегі-повесі (1994), «Ерден батыр» ертегісі (1995), «Гүл Ағашы» ертегі-хикаяты (1999) ертегілік фэнтезиге жататын, бірақ мазмұнында эпикалық фэнтези мен «қара» фэнтезидің элементтері бар толыққанды фэнтези жанрында жазылған қазақ балалар әдебиетіндегі алғашқы туындылар деп бағалануы тиіс.

Таупық Рымжановтың аталған шығармаларында фэнтези жанрына тән келесі белгілері анық байқалады: оқиғалардың ертегілерге тән басталуы мен ойламаған жерден шиеленісуі, шығармалардың сериялы түрде бірінен соң бірі оқиғаларды жалғастыруы, автордың фольклорлық, мифтік кейіпкерлерден өзгеше «неомифтік» кейіпкерлерді ойлап табуы, құбылыстардың ғылыми негіздеуді қажет етпейтін, тылсым күштердің көмегімен күрт өзгеруі, уақыт факторының абстрактіленуі, кейіпкерлердің адамзат әлемінен перілер әлеміне, одан шайтандар әлеміне, тіпті тірілер әлемінен өлілер әлеміне, одан қайта тірілер әлеміне ауысып, «көшіп» жүре беруі, шығарма сюжетінің басталуы, шиыршықтана түсуі, ширатылуы, бәсеңсуі, мәресіне жетуі тәрізді логикалық тізбегінің болуы, ғылыми фантастика элементтерінің байқалуы, зұлым кейіпкерлердің жағымды қылықтары мен мінезінің болуы, оқиғалардың аяқ

астынан құпия, тылсым бір жерде немесе сиқырлы заттың көмегімен өзгеріске түсуі.

### **3.3 Рүстем Сауытбайдың «Шоко әлемі» фэнтезиіндегі «бала әлемі» бейнесі**

Әдебиеттегі «концепт» ұғымы ең алдымен туынды авторының жеке ой-санасына, оның қоршаған ортадағы құбылыстар мен заттарды түйсігімен қабылдауына қатысты қолданылады. Концепт мәселесін зерттеп жүрген ғалымдардың бірі Ю.С. Степанов концептіні кең мағынасында мәдениетпен бірге екі негізгі метаконцептіге жатқызады. Ғалымның пікірінше: Концепт – адамның санасында ұйыған мәдениет; мәдениеттің адамның менталдық әлеміне кірген болмысы. Екінші жағынан концепт – бұл «мәдени құндылықтарды жаратушы емес» қарапайым, қатардағы адамның мәдениетке дендеп енуінің құралы. Кейде қарапайым адамның өзі мәдениетке ықпалын тигізуі мүмкін [156].

Әлем туралы ақпараттар жүйесі концептуалдық жүйеге жатады, яғни белгілі бір концептілер жүйесі, адамның әлем туралы ұғым-нанымдарының жиынтығы. Мұндай жүйені адам белгілі бір когнитивтік және мәдени қауымның өкілі ретінде құрастыруы мүмкін. Бұл жүйелерді құрастырған кезде табиғи тіл шешуші рөл атқармаса да, маңызды рөл атқарады. Концептуалдық жүйе тарапынан жүзеге асырылатын тіл мен қоршаған нақты өмірді сәйкестендіру шын мәнінде тіл құралдарының көмегімен концептуалдық жүйенің белгілі бір бөлшектерін жасыруға жатады. Сонымен қатар бұл үдеріс дискурс алаңына да тән [157].

«Концепт» ұғымы әдебиеттанушы ғалымдар тарапынан жеке-дара ой-санаға тиесілі белгілі бір менталды категорияларды зерделеу нәтижесінде қалыптасқаны белгілі. Концепт ұғымын зерттеу арқылы автордың ойлау жүйесінің ерекшеліктері мен заңдылықтарын түсінуге болады. Сонымен бірге автордың әлем концепциясын дербес түсінуінің тетіктерін ұғуға мүмкіндік ашады. Бұл зерттеулердегі айрықша маңызды мәселеге «өз туындыларында бөгде әлемдерді жаратушы жазушылар мен ақындардың көркем ойлау жүйесін зерделеу» жатады [158].

Әдеби туындыны зерттеушінің негізгі міндеті – мәтіндік материалдың мәндік концептілерін анықтау, оны бүкіл туынды мен ұлт мәдениетінің концептосферасымен салыстыру, сонымен қатар автордың дүниетанымдық суреттеуімен сәйкестендіру болып табылады.

Шетелдік әдебиеттану ғылымында «концепт» ұғымын зерттеген басқа да ғалымдардың қатарында В.А. Маслова [159], В.Н. Телия [160], В.В. Воробьев [161], Е.И. Зиновьева және Е.Е. Юрков [162], С.А. Аскольдов [163], З.Д. Попова және И.А. Стернин [164], С.Г. Воркачев [165], Л.А. Касьян [166], В.И. Карасик [167], Д. Апресян [168], Э.В. Грабарова [169] және басқаларды атап өтуге болады.

Қазақ ғылымында да «концепт» ұғымы әртүрлі қырларынан біршама зерттелген деген тұжырым жасауға болады. Атап айтатын болсақ,

К.Ш. Жарқынбекова: «Концепт – бұл белгілі бір тілдік формада құрылған, ұғымдық, образдық, құндылық бөліктерінен тұратын, көпқабатты ұйымдастырылуымен сипатталатын, сыртқы қоршаған дүниені тану мен шынайы өмірді бейнелеудің өнімі болып табылатын кешенді, бірақ қатаң құрылымдалмаған, менталдық, мәндік түсінік», - деген анықтама береді [170]. Аталған ғалымнан бөлек қазақ тілі мен әдебиетіндегі «концепт» мәселесін зерттеуге арналған еңбектердің арасында Ж.М. Жампейсованың «Ақ» – «Қара» концепті: оппозициясы мен қызметі» тақырыбындағы диссертациясын [171], Ә.Ә. Баяздықованың «Қазақ тіліндегі «Бақыт» концептісінің танымдық сипаты мен қызметі» диссертациясын атап кетуге болады [172]. А.Т. Калдыбаева лингвоконцептология теориясы және әлемнің тілдік бейнесі бағытында «концепт» ұғымын қарастырған [173]. Басқа да отандық ғалымдар «Қуаныш пен Қайғы» концептісін, «Махаббат» концептісін және басқа біраз концептілерді зерттеуге еңбектерін арнаған.

Ә.Ә. Баяздықова: «Когнитивті лингвистиканың басты категориясы – концептілер. Олар концептілік құрылымды ұйымдастырушы ұғымдардан тұрады. Концепт табиғатын түсіну үшін жасалған әрекеттердің қай-қайсысы да бір-бірінен шектес бірқатар ұғымдар мен терминдердің бар екенін аңғартады. Концепт ең алдымен ұғым мен мағынадан тұрады. Концепт ұғымы тіл біліміне философиядан келген. Концептіні лингвистикалық тұрғыдан зерттегенде негізінен үш тәсіл анықталған. Біріншіден, кең мағынада концептілердің қатарына мағынасы ұлттық тілдік сананың мазмұнын құрайтын және тіл өкілі дүниесінің қарапайым бейнесін қалыптастыратын лексемалар кіреді. Осындай концептілердің жиынтығы ұлт мәдениеті шоғырланатын тілдің концептілік өрісін құрайды. Екіншіден, тар мағынада концептілердің қатарына тілдік мәдени ерекшелігімен белгіленген немесе белгілі этномәдениеттің өкілдерін сипаттайтын семантикалық білім кіреді. Үшіншіден, концепт тікелей адам санасымен байланысты. Адам ақпаратты алушы, сақтаушы, өңдеуші жүйе ретінде қарастырылады, сондықтан барлық үдерістер адамның миында тілдің көмегімен жүзеге асырылады. Адам жас кезінен бастап тілмен қатар өз ұлтының мәдениетін де меңгереді. Мәдениеттің барлық ерекшеліктері тілде көрініс табады. Концептілерді зерттеу халықтың менталитетін жақсы түсінуге, рухына еніп сол ұлттың әлемдік бейнесін осы ұлттың көзімен көруге мүмкіндік жасайды», - деген тұжырымға келген [172, б. 2-12]. Жоғарыдағы ғалымдардың пікіріне сүйенсек, бала әлемі де кез-келген жеке халықтың және жалпы адамзаттың өмір салты мен мәдени дамуының ажырамас бөлігі болып табылады. Бала әлемі – күрделі әлем, ол жайында ф.ғ.д., профессор К.І. Матыжанов: «Балалар әлемі – кез келген халықтың әрбір қоғамның, жалпы бүкіл адамзат өмірінің бөлінбес жанды бөлігі... Балалар әлемінің күрделі табиғатын тану, оның ғылыми үлгісін жасау қашан да адамзат алдындағы үлкен міндет болатыны да сондықтан» деген пікірі үлкен ойға жетелейді [150, б. 12].

Р. Сауытбайдың «Шоко әлем», «Шоко әлем. Тылсым Эллипсаһар», «Шоко әлем. Ғажайып тас», «Шоко әлем. Алоэна құпиясы» және «Шоко әлем. Сұйық тәж» фэнтезилер циклі отандық балалар әдебиетіндегі ерекше құбылыс

болды. Ғалымдардың ой-тұжырымдарына сүйене келе, балаларға арналған бұл шығармадағы «бала әлемі» бейнесін анықтау үшін концептілік талдауға көңіл бөлдік.

«Бала әлемі» – идеал әлем, «бала әлемі» – арман, қиял әлемі, «бала әлемі» – ойын әлемі. Бұл үш концептілік өрісті тұтастықта қарастырдық. Себебі бала әлемі қашанда мінсіз (идеал) әлем, ол әлем баланың аппақ арманынан, ұшқыр қиялынан тұрады және мұның бәрі бала ойынымен, ойымен, іс-әрекетімен ұштасып жатады. Бала әлемі – адам өмірінің бір кезеңі, сол кезеңде балалар бойларында құндылықтардың, мінез-құлықтардың қалыптасатын кезеңі. Балаларға арманшыл, қиялшыл қасиеттер тән болса, осы қасиеттердің бәрі көркем шығармада өз өрнегін тапқан.

Рүстем Сауытбайдың «Шоко әлем» фэнтези циклінің алғашқы кітабының кіріспесі автордың қиялынан шыққан Шококент қаласының тұрғындары – «шокилер» жанұясындағы бір жасар баланың үйдің қабырғаларын кеміріп жатуынан басталады. Автордың өз оқырмандарын бірден жұмбақ әлемге елітіп әкетуі мақсатында құрылған оқиғалар желісі қиялдан шығарылған дүниедегі бала әлемін суреттеуден басталады. - Бұл балақай шоколадты қатты жақсы көретін. Ол тіпті қасықтап жеуге кірісті. Бір кезде қабырға ішке қарай қисая түседі. Қабырғаның құлауына сәл-ақ қалған еді, сол кезде әкесі баласын уақытында тоқтатып, құтқарып алады. Балақайдың аузына шоколад жағылып, түрі көрінетін емес. Ол бадырайған көздерімен жан-жағына қарап қойды [98, б. 5]. Автор «бала әлемі» концептісін қиялдағы әлем болса да балаларға тән әкелеріне, аналарына еркелеу, тәттіге үйірсектік, қуанышқа жақын бала бойындағы шынайы қасиеттерімен сипаттай білген. - Бұл керемет Шококент қаласы Тәтті тауының етегінде, Бал көлінің жағасында орналасқан. Бұл қаланың ерекшелігі ғимараттар мен тұрмыстық заттардың шоколадтан жасалуында еді. Сондықтан ба тұрғындары өте тәтті сөйлейді екен. Сөздері тәтті болғандықтан, әрине, көңілдері де шаттыққа толы болатын. Сонымен қоса шокоценттіктер тәтті түс көріп, тәтті ұйқыға бөленетін. Тәтті өмір деп осыны айт! [98, б. 7] - деп суреттелген қиял әлемі шынайы өмірдегі кез-келген баланы қызықтырып, қиялын шарықтатып, арманын самғататыны анық. Шококент тұрғындарының дүниеге келген балаларына «шоко» сөзін жалғап, Айшоко, Нұршоко, Байшоко, Шоқан, Шоқай, Шокобай, Шокоару, Шоконұр, Тәттімбек есімдерін қоюы да тәттіге үйірсек бала әлеміне жетелей түседі. Шығарма кіріспесінде қиялдан шығарылған Шококент қаласының ғажайып балалар әлемін қызықтыра суреттеу арқылы автор тек әңгіменің әлқиссасын бастап қоймай, болашақта баяндалатын фэнтезиге тән осы шақтық шытырман оқиғалар желісіне де балалар қиялындағы бағыт-бағдар сілтейді.

Р. Сауытбайдың 2020 жылы жарық көрген «Шоко әлем. Тылсым эллипсаһар» фэнтезиінде де «бала әлемі» концептісі жан-жақты өріс алған. Бала әлемінің ажырамас тірегі – өздері дүниеге келіп, өсіп жатқан өз үйлері – өлең төсегі жайлы автор: - Осылайша Арқалық қаласындағы бұл ғажап екі қабатты үй тағы да сынғырлаған күлкіге толды. Бұл үй қызыл кірпіштен жасалып, шатыры шоколад түсті болатын. Үйдің әр қуысына дейін бұл екі баланың ойын

алаңына айналған. Сондай-ақ бұл қуыстарда қиялдап отыру да өте ыңғайлы. Иә, бұл жерлер қиялдардың қанаттанып ұшқанға трамплин қызметін атқаратын [99, б. 6] - деп шебер суреттейді. Жазғы демалыстан, әжелерінен келгендеріне бір ай уақыт өтсе де, балаларға бір жыл өткендей болып көрінеді. Себебі бала әлеміндегі сағыныш сезімі де осы кітапта жақсы суреттелген. «Райл достарын, тәрбиешісін және мұғалімдерін сағынып қалды. Әсіресе, тәрбиешісінің әңгімелерін қатты сағынды. Сол ҚТЛ мектебіндегі шайдың дәмі өзгеше», - деген үзінді арқылы автор бала әлеміндегі сағыныш сезімдерін де ашып сипаттаған [99, б. 6-7].

Автор «балалар әлемі» концептісін тек басты кейіпкерлер, адамзат балалары әлемі арқылы ғана емес, өзі ойдан шығарған қиял әлеміндегі балалар дүниесі арқылы шебер көрсете білген. Мысалы, Шоко әлем тұрғындары Арц пен Шоқай қуанып кетті. Өйткені олар көптен бері ұшатын кілеммен қалаға шықпаған еді. Олар тез арада сары қызыл кілемді жайып жіберіп ұшуға дайындалды [99, б. 47] - деген үзіндісінен сол бөгде әлем балаларының «кілембус» деп аталатын ғажап ұшатын көлікпен Элия мен Райлды қыдыртуға, оларға адамзатқа тән қонақжайлылық пен достық пейілдерін танытуға талпынуын байқауға болады. Басты кейіпкерлердің Эллипсаһар аркуа мектебіне алғаш келгендерін автор: - Элия мен Райл өздерін бір сиқырлы әлемге кіргендей сезінді. Шынында да, олар тылсымға толы мектептің табалдырығын аттап бара жатты» [99, б. 71] - деп баяндайды. Эллипсаһар аркуа мектебінде де балалар әлеміндегі мектептердегідей директор, оқу ісінің меңгерушісі, әртүрлі пәндердің мұғалімдері, тәрбиешілері бар. Тек кәдімгі мектептерден айырмашылығы – бұл мектеп «аркуа – құпия сиқыр үйрететін мектеп». Мұндағы ұстаздардың есімдері де Нуа дегдар ұстаз, Алтын Бүбі ханым, Тиесса Марман ханым, Меди Сина ханым, Сайман Блатр қиял әлемі мен ұлттық нақыштағы есімдерді кіріктіре қолданады.

«Шоколадты қасықтап жеу», «аузына тәтті шоколадты жағу», «өте тәтті сөйлеу», «тәтті түс көру», «тәтті ұйқыға бөлену», «қуыстарда қиялдап отыру», «сыңғырлаған күлкі», «қуыс жерлер қиялдың қанаттанып ұшқанға трамплин қызметін атқаруы», «клембус деп аталатын ғажап ұшақпен аспанда қыдыруы» оралымдары арқылы баланың арман, қиял, идеал әлемі айқындала түскен.

«Бала әлемі» – *тәрбие әлемі*. «Шоко әлемі» фэнтези-романында тәрбие әлемінің концептілік өрісі қазақ отбасындағы тәрбие көздері, дана қария, әже тәлімі, бауырлардың сүйіспеншілігі, ұстаз тағылымы, туған жерді ардақтау сезімінің шынайы суреттелуінен көрінеді.

Шығарманың басты кейіпкерлері – апалы-інілі Элия мен Райл кәдімгі, шынайы өмірдегі қарапайым отбасынан шыққан, ҚТЛ мектебінің жетінші, сегізінші сыныптарында оқитын қазіргі заман балалары. Шығарманың ҚТЛ мектебінің жетінші сынып оқушысы Райл әрқашан ғажапқа сенетін. Бірақ әлі күнге дейін шын сиқырды көрген емес еді. Дегенмен, қиял әлемінде бәрі мүмкін ғой. Райл өзінің қиял әлемі туралы әпкесімен жиі бөлісетін [98, б. 10] - деп келетін үзіндісінен балалардың өмірінде қиял әлемінің де орны ерекше екенін автор байқатады. Сонымен қатар автор мектеп жасындағы балалардың

қиял әлемінен бөлек, күнделікті өмірдегі, мектептегі сабақ мәселелерін де кейіпкерлердің басынан өткен оқиғалары арқылы суреттейді. Баланың сабақтан бөлек спорт, өнер сайыстарына қатысып, қиыншылықтарды жеңе отырып, жеңімпаз атану кезеңдері де шынайы өмірдегідей сәтті баяндалған. Басты кейіпкерлер Райл мен Элия әке-шешесімен, жанұя болып ауылда тұратын әжесіне баруынан басталатын таңғажайып оқиғалар бала әлемінің ата-анасымен, мектептегі сабақтарымен, әртүрлі үйірмелермен шектелмейтінін дәлелдейді. - Машина жасыл қақпаның алдына тоқтасымен Элия мен Райл жүгіріп барып, далада күтіп отырған әжесінің құшағына кіріп кетті [98, б. 19] - деген автор суреттеуінен бала әлеміндегі әжесінің бейнесіндегі бабаларға деген құрмет, қазақы тәрбие белгілері байқалады. Әжелерінің жанына келіп жатып алып, еркелеп, ертегі айтып беруін өтінуі қазақ отбасындағы бала әлемі тәрбиесінде үлкенге құрмет, ертегі, аңыздар арқылы бала қиялының дамуы тәрізді құндылықтарды айқын көрсетеді. Шығарманың ғажайып оқиғалары әжесінің немерелеріне айтып берген ертегі ретіндегі басынан өткен жағдайларынан басталады. Кішкентай кезімде мына жақын жердегі Қаражардың түбінде жиі ойнайтынбыз. Қасымда тағы екі дос қыз болды. Бір күні сол жерде мұрны ұзындау келген балаларды кездестірдік. Олар өздерін «шокилер» деп таныстырды. Олар бізге көп шоколад берген еді. Біз олармен аз уақытта достасып кеттік. Олар «Шоко әлем» деген жерде тұрады екен [98, б. 21]. Әжесінің айтып берген әңгімесінен кейін балалардың Қаражардағы үңгірге, сол үңгір арқылы баруға болатын қиял ғажайып «Шоко әлеміне» деген қызығушылықтары оянады.

Шоко әлемде аркуа үйреніп, шокилердің бітіспес жаулары – қарсундармен шайқасқа дайындалып жүрген Райлға Нуа ұстаз: - Жоға, олай ойлама. Зұлымдық жасау әлдеқайда оңай, әрине. Бірақ жақсылық та көп. Тек көрінбейді. Ананың баласына деген махаббатының өзі неге тұрады? Теңдесі жоқ жақсылықтар да бар. Оларды өлшеу мүмкін емес. Айтар болсақ: мейірім, көмек, адалдық, сүйіспеншілік, махаббат, еңбек дегендей. Маңыздысы сан емес, сапа [100, б. 238]. Автор осы жерде бала әлеміндегі ұстаздың рөлін, балаға дұрыс бағыт-бағдар, тәрбие берудегі маңызын ашып көрсете білген. Бұл кітаптағы суреттелген оқиғалар Райл мен Элия бастаған аркуандар мен қара сиқыр мектебінің өкілдері қарсундармен алапат шайқаспен аяқталады. Әрине бұл шайқаста жауыздық, қара күштерді жақсылық, ізгі күштер, яғни аркуандар жеңеді. Себебі аркуандар жақсылық жолының ақ екенін жақсы түсінген. Оның үстіне аркуандардың ұстазы Нуа дегдардың шайқас алаңының астына жасырған сиқырлы ғажайып тасы да өз көмегін тигізеді.

Нуа дегдар мен аркуа мектебінің ұстаздары Элия мен Райлды осы сиқыр мектебінде оқыту үшін таңдауларының себебін былай түсіндіреді: - Иә, мен сенімдімін. Қыз бен ұл бала. Оған қоса әжелері де Шоко әлемге келген. – Жай кездейсоқтық болса ше? – Олардың әке-шешелері адал жолмен ақша тауып, балаларын тек сонымен асыраған. Үйлеріне титтей болсын арам тамақ кірмеген [99, б. 27]. Яғни, бала әлеміндегі әке-шешесінің адал жолмен жүруі балаларына да болашақтың жарқын жолын ашатынын автор меңзеп көрсеткен. Сонымен



қатар Элия мен Райлдың арқуа сиқыр мектебінің директоры Нуа Дегдардың шақыртуын қабыл алу-алмау мәселесін шешу кезінде де автор дәстүрлі қазақ отбасындағы, бала әлеміндегі әкенің шешуші рөлін анасының сөзімен шебер көрсете білген: - Не болса да әкелерің шешеді, мен ол жаққа баруларыңа қарсымын. Бір нәрсе болып қалады ма деп қорқамын... Ал бармасаңдар, өмір бойы өкінетіндеріңді білемін. Алайда сендердің аман-сау жүргендерің маған маңыздырақ, – деп аналары әкелеріне қарады [99, б. 29].

Осы сәтті суреттеу барысында автор Элия мен Райлдың кішкентай інілері Байманның өзі үшін қымбатты қызыл тасты Кокиге сыйлаған кезіндегі бала әлеміне тән сүйіспеншілік пен шынайылық қасиеттерін келесідей сипаттайды: - Байман қымбатты нәрсесін бергелі жатты. Шыныда да, бұл өте ғажап нәрсе еді. Бұны ең жақсы білетін тек қана Коки мен кішкентай балақай болар. Ересектерге бұны түсіну қиынға түседі [99, б. 31]. Нуа ұстаз бен әжелері келіп, балалардың әке-шешесін, өздерін ақыры Эллипсаһар мектебіне оқуға баруға көндірген кезде, ұзақ жолға жиналған кездерінде баланың әке-шешесіне деген қимастық сезімдерін былай жеткізеді: - Екі бала қажетті киім-кешектерін алып, ата-аналарымен ұзақ қоштасады. Әсіресе аналарымен қоштасу қиынға түсті. Жолға шығып бара жатқанда ананың құшағы ерекше жылы болады ғой. Оған еш нәрсе жетпейді [99, б. 38]. Осы суреттеу арқылы автор балалар әлеміндегі әке-шешенің, әсіресе ананың орнының айрықша екенін айқындап көрсеткен.

Фэнтези сериясының бесінші кітабы «Шоко әлем. Сұйық тәж» деп аталады. Бұл шығарманың қысқаша мазмұнына тоқталатын болсақ, Шоко әлемінде енді тұздың дәмі сезіле бастады деп басталған оқиғалар желісі қарсундардың, тұздейімдіктердің Шоко әлем қалаларында емін-еркін жүруімен жалғасты. Арқуандар мен қарсундар ендігі жерде соғыстың жаңа кезеңіне көшпек. Қарсундардың өзгелерді қосып алып, күшейіп бара жатқаны белгілі болады. Оларға қарсы тұруы үшін арқуандарға көп күш жинау керек. Болып жатқан оқиғалар шоки балалардың да өміріне әсер еткені бейнеленеді: - Шококент көшелерінің бірінде екі шоки бала ойнап жүр. Екеуі де ерекше киініп алып, әлдебір кейіпкер рөліне кіріп кеткен. Олар бір-бірімен шайқасып ойнап жүр. Соған қарағанда кейінгі кезде болып жатқан жағдайлар балалардың ойынына да әсер еткенге ұқсайды [125, б. 7]. Осы көркемдік эпизод арқылы автордың бала әлеміндегі ересектердің өмірінде болып жатқан оқиғалардың балалар өміріне әсерінің мол екендігін баяндауын байқаймыз. Балалардың ересектерге еліктеуі күнделікті өмірде үнемі байқалып отыратын құбылыс.

Балалар әлеміндегі білім беретін мектептің, ұстаздардың атқаратын рөлінің маңызды екенін автор шығарма оқиғаларын баяндау барысында үнемі еске салып отырады. Мысалы автор Нуа Дегдар ұстаздың аузымен бала тәрбиесіндегі мына маңызды мәселені баяндайды: - Ендігі маңызды мәселе – жас арқуандарымыздың көзін сақтау. Оларды қажет емес, бос, мағынасыз нәрселерді көруден алшақ ұстау. Демалыста табиғат аясына шығып, әдемі, көркем көріністерді көрсеткен жөн [125, б. 127]. Балаларды алда күтіп тұрған сынақтар мен шайқастарға қайрау үшін Нуа ұстаз: «Қамшының сабындай қысқа өмірде қаһарман атануға талпынуымыз керек. Қаһарманша өмір сүріп кетейік.

Бізден кейінгілер тек жақсылығымызды еске алып, сөз қылсын...», – дейді [125, б. 129]. Айдаһарға мініп, жұмбақ әлемдерге саяхат жасаған Райл ең соңында ағаштарды шешуші шайқасқа көмекке шақырып, ұстаздарының, Құдрет ағайдың, айдаһарлардың, ағаштардың және басқа достарының көмегімен қарсундарды жеңіп, мұраттарына жетеді. Шығарма оқиғасы жақсылықтың жамандықты, тәтті әлемнің ащы әлемді жеңуімен аяқталады.

Р. Сауытбайдың «Шоко әлем» фэнтези сериясының екінші кітабының соңында басты кейіпкерлер Эллипсаһар мектебінен аркуан болып өздерінің туған жерлеріне оралған кездегі мына бір диалогы балалар әлеміндегі туған жерді ардақтау сезімі орасан зор орын алатынын дәлелдейді: - Біздің жақта әр нәрсе – аркуа ғой, ғажап! Маған енді барлығы басқаша көрінеді,-деді. – Иә, маған да солай. Әр нәрседе терең мағына жатқанын енді сезініп отырмын [99, б. 346-347].

«Әжесінің құшағына кіріп кетуі», «сиқыр мектебінде оқу», «табиғат аясына шығып әдемі, көркем кезді тамашалау» оралымдарынан баланың тәрбие әлемінің өзіндік қырлары көріне түседі.

«Бала әлемі» – достық әлемі». Достық әлемі фэнтези-романда екі түрлі оқиғалар желісінен байқалады. Бірі – шокилік балалардың тұздейімдектермен шайқасында көрінсе, бірі – табиғатпен достығынан, яғни ағаш патшалықтарымен достасып, тұздейімдектерге қарсы соғысында көрініс тапқан.

Табиғат аясында демалып, әкелерімен жасырынбақ ойнап жүрген балалар күтпеген жерден құпия үңгір арқылы таңғажайып шокилер әлеміне тап болады. Әкелерін ұрлап әкеткен тұздейімдіктердің шокилермен жауластығының куәсі болады. Куәсі болып қана қоймай, шокилердің өтініші бойынша және әкелерін құтқару мақсатында қауіп-қатерге толы, өткен шақтағы және келер шақтағы шытырман оқиғалы әлемдерге сапарға аттанады. Тұздейімдіктер еліне барар жолда басты кейіпкерлер қилы-қилы оқиғалар мен небір жұмбақ елдерді басып өтеді, қиял әлеміндегі түрлі кейіпкерлермен танысады. Кейбіреуінен ғажайып білімдер мен қасиеттерді үйренсе, енді біреулерімен күреске түсуге тура келеді. Ұшатын кеме капитаны Дойынның көмегімен жұмбақ Ақкөлдің арғы бетіне жетіп, Нуа ұстазбен, оның немересі Раузамен танысады, жұмбақ кітапханадан сиқырлы Қайн кітабын оқиды. Бұл қасиетті кітаптың ұрланған парақтарын іздеу үшін қауіпті сапарға бел буады. Кейіннен оқиғаның көп бөлігі осы Нуа ұстаздың балаларға аркуа (сиқыр) қасиеттерін сіңіруі, тәрбиелеуі төңірегінде өрбиді. Тұздейімдіктер елінің патшасы Удай Қаруас, тұздейімдіктер жайлы Нуа ұстаздан білген басты кейіпкерлер қауіпті сапарларын жалғастырады. Сол сапарда Елдес, Митр Дожан, Теруес, Испал, Ғанун елінің патшасы Сірет Аштап, жұлдыз құтқарушысы Пекуәмір, қояншық Қоянкір, Коки, айдаһарлар еліндегі Туар-дд, қыз ағаш Шери, Көке айдаһар, тағы да басқа кейіпкерлермен танысып, достасады.

Автор «балалар әлемі» концептісін тек басты кейіпкерлер, адамзат балалары әлемі арқылы ғана емес, өзі ойдан шығарған қиял әлеміндегі балалар дүниесі арқылы шебер көрсете білген. Мысалы, Шоко әлем тұрғындары Арц пен Шоқай қуанып кетті. Өйткені олар көптен бері ұшатын кілеммен қалаға

шықпаған еді. Олар тез арада сары қызыл кілемді жайып жіберіп ұшуға дайындалды [99, б. 47] – деген үзіндісінен сол бөгде әлем балаларының «кілембус» деп аталатын ғажап ұшатын көлікпен Элия мен Райлды қыдыртуға, оларға адамзатқа тән қонақжайлылық пен достық пейілдерін танытуға талпынуын байқауға болады.

Шығарма кейіпкерлерінің күресетін тұздейімдіктер әлеміндегі кейіпкерлер, олардың іс-әрекеттері балалар әлеміне қауіпті, жауыздық сипатында суреттеледі. Тұздейімдіктер патшасы Удай Қаруас, тылсым күш иесі Истискал Қарһ, Хермес шаман, Борбор, тағы да басқа жаулармен шайқаста арқуа өнерін үйренген Элия мен Райл, олардың достары ерекше ерлік көрсетіп, ең соңында балалардың достығы арқылы жеңіске жетеді. Бастарынан бөлініп қалған дәулерді көріп, балалар әлеміне жат қорқынышқа куә болады. Меди Сина ханымның арқуасының, емдеу шеберлігінің арқасында денесінен бөлініп қалған бастар қайта өз денелерімен қосылады. Олардың арасында басты кейіпкерлер Элия мен Райлдың да әжелері бар еді. Мұндай қорқынышты сәттер шынайы өмірдегі балалар әлеміне жат болғанымен, фэнтези әлемінде үйреншікті оқиғалар қатарына жатады.

Бұл бақ керуеніне қатысушы ағаштар көбейе берді. Өйткені ұйықтап жатса да, бұл екі батырмен уақыт өткізу ерекше әсер берді. Оларды көтеріп келе жатқан екі ағаштың қуаныштарында шек жоқ. Құтты ағаштар [96, б. 227] - деген көркемдік эпизодтан балалар әлеміндегі табиғаттың да маңызы ерекше екені байқалады. Балалардың ағаштармен достасып, сапарлас болып, сырласып, олардың көмегімен ойлаған жерлеріне жетуі қиял-ғажайып ертегіге тән сюжет. Қайн кітабының жоғалған парақтарын тапқан Элия мен Райл тұздейімдіктермен болған шайқаста сол қасиетті кітап дұғаларының көмегімен жеңіске жетеді. Кітаптың қасиетінен пайда болған ғажайып тылсым күштің арқасында тұздейімдіктердің сарайлары еріп, шамандары мен барлық тұрғындары еріген тұзға айналып, ең соңында тұздейімдіктер патшасына мәжбүрлеп айналған әкелерін құтқарып, мұраттарына жетіп, шокилердің де өтінішін орындап, елдеріне оралуымен фэнтези циклінің алғашқы кітабы тәмамдалады.

Балалардың ағаш патшалығымен достығы нығая келе, кейіпкер Райлға тәж кигізіп, құрмет тұту оқиғасында өріс алады. Сахнаға ақсақал ағаш көтерілді. Қолында Алтын адамның бас киіміне ұқсас тәж бар. Тәждің айналасынан жапырағы бар алтын бұтақтар шығып тұр. Иә, ий ол былқ-былқ етіп өзгеше көрінеді. Сөйтсе тәж сұйық екен. Дәлірек айтқанда сұйық металға ұқсайды. Бірақ су сияқты түссіз екен. Алтын түстес сұйық тәждің бір жағынан Вайхн ұстап, екінші жағынан ақсақал екеуі Райлдың басына кигізді. Бір кезде сұйық тәж жарқырай түсті. Ол одан сайын мөлдір болып, ішіндегі бірнеше тас жарқырап кетті. Әсіресе дәл ортасындағы көк тас ерекше сәуле шашты. Сол ақ екен ағаштардың бәрі бір аяғын бүгіп, басын иіп отыра кетті. Қасында тұрған мыстан да басын иді:

– Эрбейнаааа... – деді бәрі ант су ішкендей;

– Ханзада қайтып келді... – деді ақсақал қайта тіктеліп.- Мына тәж бұған куә [125, б. 386-387].

«Бала әлемі» – сенім, тазалық әлемі. «Шоко әлем. Ғажайып тас» деп аталатын үшінші кітаптан «бала әлемінің» сенім, тазалық әлемі концептілік өрісін келесі оқиғалардан айқындауға болады. Бұл кітаптың оқиғалары Элия мен Райлдың табиғатқа демалуға шығу үшін жиналып, Шоко әлемнен әкелінген кілембус – ұшатын сиқырлы кілемнен басталады. - Ал Райл болса ұшатын кілемді орап жатты. Ол көптен бері бұл кілембуспен ұшпаған еді... Адамдар көрсе зәресі ұшып кететін болар. Ұшпағанда ше?! Өйткені адамдардың көбі ғажайыпқа сенбейді емес пе? Ал балалар аспанда ұшып бара жатқан кілемді көрсе қуанар еді. Бәлкім, балалардың кейбірі қатты таңғалмайтын да шығар [100, б. 4]. Автор осы жерде балалар әлеміндегі таңғажайыптардың орнын, олардың таңғажайыптарға сенетіндігін көрсетіп отыр. Ересектер әлемінде таңғажайыптарға сену өте сирек кездесетініне меңзейді. Р.Сауытбай «бала әлемі» концептісін тағы бір жерде төмендегідей сипаттайды: - Бұл балалар бөлмесі екен. Бәрі кәдімгі үйдегідей. Яғни бөлменің ішінде кітаптар, галактиканың постері, роботтар мен жануарлардың суреті және араб цифрлары салынған үлкен қағаздар шашылып жатыр [100, б. 6-7]. Автор бала әлеміндегі «жеке кеңістіктің» маңызын осы балалар бөлмесін сипаттау арқылы көрсете білген. Туған қаласында жүрген басты кейіпкерлерге Шоко әлемнен, Нуа ұстаздан келген белгілер эллипс түрінде шыға береді. Бал сататын дүкенге барса да, көшеде кетіп бара жатса да, үйінде де, теледидардан да балаларға эллипсті еске түсіретін белгілер көріне береді. Бұдан басты кейіпкерлер осы бір геометриялық фигура – эллипс арқылы өздеріне сиқырлы әлемдегі ғажайып қала Эллипсаһарға шақырту келіп жатқанын ой-түйсігімен түсінеді. Яғни автор балалар әлеміндегі мектепте алған білімінің күнделікті өмірдегі маңызын, тіпті бөгде, қиял әлемдегі маңызын көрсете білген.

Шоко әлеміне Нуа ұстаздың шақыртуымен қайта келген басты кейіпкерлер Шококент қаласында шоколадтан салынған ғимараттарды, ескерткіштерді кеміріп, жеп, ешкімге ұстатпай жүрген, көзге көрінбейтін балақайларды олардың үстіне жарқырайтын жұлдыздар жабыстыру арқылы ұстап алады. Осы оқиға арқылы автор балалар әлеміндегі тәттінің ерекше орын алатынын, сол тәттіге үйірсек балалардың қылықтарына ересектер кешіріммен қарайтынын өте тартымды және қызықты етіп суреттеген: - Кішкентай үй жегіштердің «көрінбеу» аркуасының күші кете бастады. Олардың кінәлі жүздері енді көрінді. Кейбірі жылап та үлгерген. Дегенмен олар біраз нәрсені бүлдіріп тастады ғой. Міне, балалардың толық денесі көрінді. Үсті бастары шоколад-шоколад. Өлгенше шоколад жегенге ұқсайды [100, б. 46].

Шококент қаласының тұрғындары – «шокилер» жанұясындағы бір жасар баланың үйдің қабырғаларын кеміріп жатуынан басталады. Автордың өз оқырмандарын бірден жұмбақ әлемге елітіп әкетуі мақсатында құрылған оқиғалар желісі қиялдан шығарылған дүниедегі бала әлемін суреттеуден басталады. - Бұл балақай шоколадты қатты жақсы көретін. Ол тіпті қасықтап жеуге кірісті. Бір кезде қабырға ішке қарай қисая түседі. Қабырғаның құлауына сәл-ақ қалған еді, сол кезде әкесі баласын уақытында тоқтатып, құтқарып

алады. Балақайдың аузына шоколад жағылып, түрі көрінетін емес. Ол бадырайған көздерімен жан-жағына қарап қойды [98, б. 5].

Шокококтен алыс бір аумақта, ауылдың шетінде Айзи атты кішкентай қыз болды. Ол әрқашан ғажайыпқа сенетін. Кішкентай қыз «мен қашан аркуан болады екенмін?» деп күтетін. Күндердің бір күнінде Айзи орманда ойнап жүргенде алдынан бір кемпір шыға келеді. Бұл Гагри шаман болатын:

1. Сен ғажайыпқа сенесің бе? - деп ол сұрайды ол қыздан.

2. Иә сенемін. - деді Айзи еш күмәнсіз.

3. Сен кімсің? - дейді Айза еш қорықпай

4. Мен аспанның жетінші қабат періштесімін. Сен үшін келдім, сені біраз уақыт бақылап жүрдім. Ерекше қыз екенсің –деп, кішкентай пәк сенімді Айзи қызды қара дуаға үйретіп бүкіл ауылды әр-түрлі түске боятады, бірақ соңында Айзиге әкесі түсіндіріп Айзи әкесінің айтқанын тыңдап барлық нәрсені өз түсіне қайта айландырады [124, б. 79-80]. Шаманға сенген кішкентай қыз Айзи жайлы оқиға желісінен де бала әлеміндегі сенім, тазалық өрнектелген.

«Бала әлемі» – қауіп-қатер әлемі. Р.Сауытбайдың «Шоко әлем» фэнтези сериясының 2022 жылы жарық көрген төртінші кітабы – «Шоко әлем. Алоэна құпиясында» бала әлемінде тек достық ұғымы ғана емес, сонымен қатар қастық ұғымдар орын алатындығын суреттейді. Сол арқылы қастандық орын алған кезде бала әлемінде де қауіп-қатерлердің кездесетіндігін фэнтези-романда суреттейді. Шығарма оқиғалары аркуандардан жеңілген тұздейімдіктердің нашар жағдайын баяндаудан басталады. Олар жеңілістеріне қарамастан, қалған күштерін жинастырып, жараларын емдеп, жаңа жақтастар іздеп, Шоко әлеміне тағы да соққы беруді жоспарлайды. Осы жоспарларына сәйкес Жер бетінен Қаражардағы құпия үңгір арқылы Ертуан деген адамзат баласы тұздейімдіктерге көмекке келеді. Себебі автор осы Ертуан атты жаңа кейіпкердің көмегімен балалар әлемінде тек достық ұғымдар ғана емес, қастық ұғымдар да болатынын жеткізгісі келген. Ертуан бұрыннан Элия мен Райлдың құпиясын аңдып, аркуа ғажайыптары қайдан келгенін білгісі келіп, барлап, зерттеп жүрген көрші бала еді. Тұздейімдіктердің көсемі Удай Қаруас, шаман кемпір Гагри, Митрдің арасына келген Ертуан: « - Сіздер білмейтін мәліметтер менде де бар. Мен о бастан Элия мен Райлды аңдып жүрген болатынмын. Бәрін күнделігіме жазып жүрдім. Міне, қараңыз», -деп Ертуан жазғандарын олардың алдына жайып салды [124, б. 41]. Ертуан деген кейіпкер арқылы автор балалар әлемінде де дұшпандық, қызғаныш, көреалмаушылық тәрізді қасиеттердің болатынын көрсетеді. Ертуан – өте ақылды, ізденімпаз, талапты кейіпкер. Бірақ сол жақсы қасиеттерін теріс жолда пайдалануға бел буады. Элия мен Райлдың достары шокилерге, Шоко әлеміне қарсы жауларымен сыбайласып, сиқыр үйреніп, күш қосып, күрес жолына шығады.

Балалар әлеміне жат, қарама-қарсы жауыздық әлемін автор шокилердің бітіспес жаулары – тұздейімдіктер мен олардың сыбайластарының әрекеттері арқылы жеткізеді. Атап айтсақ, қара сиқырдың негізін қалаушы, алапат күш иесі Истискал Қарһ: - Қара сиқыр үшін қара энергия керек дедім. Ал қара энергияны қара іспен табамыз. Яғни алдау, өтірік айту, мазақ қылу, өсек жаю,

тонау сияқты керемет істер арқылы керемет күш шығарамыз [99, 70]. Түздейімдіктер де Истскал Қарһтың құрған сиқыр мектебінде өз балаларын қара сиқырға, кекшілдікке, шокилермен жауласуға, өшпенділікке, тағы басқа теріс қасиеттерге баулып, шокилермен соғысқа дайындайды. Олардың мақсаты – шокилердің тәтті әлемін «тұздап», ащы әлемге айналдыру.

«Андып жүру», «алдау», «өтірік айту», «мазақ қылу», «тонау» тәрізді сөз орамдары арқылы бала өміріндегі қауіп-қатерлерді ашады.

«Бала әлемі» – *қуаныш әлемі, бақытты балалық шақ әлемі, өмірге құштарлық әлемі*. Автор «бала әлемі» концептісін қиялдағы әлем болса да олардың шаттығын, қуанышын, бақытты да өмірге құштар әлемін әр балаға тән әке-аналарына еркелеу, тәттіге үйірсектік, қуанышқа жақын қасиеттерімен реалистік тұрғыдан да, фэнтезиге тән ғажайыптармен де сипаттайды.

Кішентай қараторы балақайлар болса жүгіріп келіп:

– Алақай! Алақай!-деп мәз боп секіріп жатты. Қуаныштарында шек жоқ. Өйткені әкелері әкелген таяқтар ерекше шоколадтан жасалған еді. Балалар дереу таяқ жеуге кірісті.

Әкелері болса:

– Мә саған! Мә, саған! Мынау саған!- деп тәтті таяқтарды сүйкімді балаларына таратып жатты.

Бұл қаланың ерекшелігі ғимараттар мен тұрмыстық заттар шоколадтан жасалуында еді. Тұрғындары өте тәтті сөйлейді. Сөздері тәтті болғандықтан, әрине көңілдері де шаттыққа толы болатын. Сонымен қоса шококенттіктер тәтті түс көріп, тәтті ұйқыға бөленетін. Тәтті өмір деп осыны айт. Балалар қалағандарынша шоколад жей алатын. Нағыз бала бақыты деген -осы. Бұл шоколад әлемінде басқа тәттілер де болатын. Ағаштар халуадан болса. Тастар кәмпиттен, ал бұлттар тәтті матадан болатын. Жаңбыр жауғанда бұлттан шырын жауатын. Алма шырыны, кейде өрік, кейде апельсин шырыны жауатын. Ал қыс мезгілде жапалақтап балмұздақ жауатын. Шоколадтан жасалған балмұздақ немесе жеміс балмұздағы жауып қалатын. Балалар қалағандарынша шана тебетін [98, б. 7-9]

Ал жақсылық әлемінде, балалар әлемінде шаттық пен қуанышқа толы күндер өтіп жатты. Шоко әлемде болған бір оқиғаны автор: - Ал төменде жүрген шоки балақайлар аспандағы бұл таңғажайып құбылысты байқап, тамашалап тұрып қалды. Неге екені белгісіз, бірақ бұл ғажап тек балалардың көзіне түсті» [124, б. 76] – деген үзінді арқылы кемпірқосақтың үстіне велосипед тебу, ғажайып «ландапра» деп аталатын жарқыраған сары жұлдыздардың балалардың үстіне қонуы тәрізді бала қиялындағы жұмбақ құбылыстардың ересектер әлемінде кездеспейтінін тұспалдап жеткізеді. Алоэналар деп аталатын жұмбақ жаратылыс иелерімен танысқан басты кейіпкерлер олардан да біршама құпия ілімдер үйреніп, түздейімдіктердің қайтадан күш жинап, Шоко әлеміне соғыс ашқалы жатқанын біледі. Алоэна құпиясына қаныққан Элия мен Райл морши деген жұмбақ жаратылыс иелерімен танысып, ұшатын кемемен небір жұмбақ жерлерге саяхаттап, айдаһарлармен шайқасып, аркуаннан да бөлек қосымша тәжірибе, білімдер жинайды. Ең

соңында шокилердің бітіспес жаулары – тұздейімдіктермен ауыр шайқасқа түсіп, тағы да жеңіске жетеді. Бұл шайқастарда шешуші рөлді шокилерге көмекке келген Элия мен Райл жағынан «мәндітас», ал тұздейімдіктер жағынан Ертуан тауып әкелген «бәлетастар» ойнайды. Шытырман оқиғаның соңы жақсылықтың жамандықты, ақтың қараны, тәтті Шоко әлемінің ащы тұздейімдіктер әлемін жеңуімен аяқталады.

Райлдың сабақтан бос уақытында үйінің қорасында робот құрастырумен айналысуы – баланың ғылымға, жаңалықтарға деген қызығушылығын, талпынысын көрсетеді. Нуа дегдар ұстаздың аркуа мектебіне шақыртуын Коки арқылы алған Райлдың қуанышын автор: «Оның қиял әлемінде неше түрлі ғажапқа толы қойылымдар басталып та кеткен еді. Бір уақытта оның қуанышы қойнына сыймай секіріп жіберді. Артынша Кокиді құшақтай кетті. Сикыр мектебіне түсу – жер бетіндегі кез келген баланың арманы емес пе?», - деп суреттеуі арқылы баланың қиялы мен эмоциялық толғаныстарын шебер бере білген [99, б. 17].

Баланың қуанышы, өмірге құштарлық әлемі «алақай, алақай деп мәз болып секіруі», «әкенің тәтті шоколадтарды балаларына таратуы», «балалардың аспандағы ғажайып құбылысты тамашалауы» тәрізді оралымдардан байқалады.

«Бала әлемі» – мейірім әлемі ретінде суреттеу барысында автор Элия мен Райлдың кішкентай інілері Байманның өзі үшін қымбатты қызыл тасты Кокиге сыйлаған кезіндегі бала әлеміне тән сүйіспеншілік пен шынайылық қасиеттерін сипаттайды. Коки қоян – Шоки елінде өмір сүретін Райл мен Элияның досы. Кейіпкерлер арасындағы мейірімді Коки қоянға Райлдың інісі Байманның ғажайып тасты шын ниетпен сыйлауынан көрінеді.

Коки сандыққа жүгіріп барып, ішінен таяқша түрінде жасалған шоколадты алып шықты:

– мээ, балақай, ала ғой, - деді Коки балаға қарап, Байман еш қорықпастан қоянның қолынан шоколадты алды;

– рахмет, - деді ол тәтті даусымен. Сосын кішкентай бала қалтасынан, қымбат бір нәрседей, абайлап жылтыр қызыл тасты алып шығады;

– Мынау саған, - деді де, абайлап тасты екі қолымен Кокиге ұсынды.

Байман қымбатты нәрсесін бергелі жатты. Шынында да, бұл өте ғажап нәрсе еді. Бұны ең жақсы білетін тек қана Коки мен кішкентай балақай болар. Ересектерге бұны түсіну қиынға түседі.

Коки тізерлеп отыра кетті. Қолы қалтырап, қуанышында шек жоқ.

– ах, - деді Коки даусы дірілдеп. -Бұл, шынында да маған ба?;

– иә, иә саған. Ала бер, - деді Байман шын көңілімен.

Коки тасты бір сүйіп:

– Рахмет, балақай, рахмет. Бұл тас маған өмірімнің соңына дейін жетеді.

Қоян бақыт толы көздерімен тасқа қайта-қайта қарайды. Өз көзіне өзі сене алмай тұр. Қолында нағыз тас.

Осы бақытқа толы сәт [99, б. 31-32].

Кесте 4 – Р. Сауытбайдың «Шоко әлем» фэнтези шығармаларындағы «бала әлемі» концептісінің негізгі сипаттары мен белгілері

Шығарма атауы	«Бала әлемі» концептісінің негізгі сипаттары мен белгілері
«Шоко әлем» фэнтезиі	Балаларға тән әкелеріне, аналарына еркелеу. Тәттіге үйірсектік. Қуанышқа жақындық қасиеттері. Заманауи балалар. Ғажайыптарға сену. Балаларға деген құрмет. Қазақы тәрбие.
	Үлкенге құрмет. Ертегі, аңыздар арқылы бала қиялының дамуы. Табиғатқа жақындық. Білімге, жаңалыққа құштарлық. Ата-анасына адалдық
«Шоко әлем. Тылсым эллипсаһар»	Туған үйіне деген махаббат. Ұстаздарға, тәрбиешілеріне деген сағыныш. Баланың қиялы мен эмоциялық толғаныстары. Адал жолмен табыс табу. Бала әлеміндегі әкенің шешуші рөлі. Бала әлеміне тән сүйіспеншілік пен шынайылық қасиеттері. Баланың әке-шешесіне деген қимастық сезімдері. Адамзатқа тән қонақжайлылық пен достық пейілдері. Туған жерге деген сүйіспеншілік
«Шоко әлем. Ғажайып тас»	Бала әлеміндегі «жеке кеңістіктің» маңызы. Балалар әлеміндегі мектепте алған білімінің күнделікті өмірдегі маңызы, тіпті бөгде, қиял әлемдегі маңызы. Бала әлеміндегі ұстаздың рөлі, балаға дұрыс бағыт-бағдар, тәрбие берудегі маңызы
«Шоко әлем. Алоэна құпиясы»	Балалар әлемінде тек достық ұғымдар ғана емес, қастық ұғымдар да болатыны. Балалар әлемінде де дұшпандық, қызғаныш, көреалмаушылық тәрізді қасиеттердің болатыны
«Шоко әлем. Сұйық тәж»	Ересектердің өмірінде болып жатқан оқиғалардың балалар өміріне әсері. Достыққа адалдық. Сертке беріктік
Ескерту – Кестені автор Р.Сауытбайдың «Шоко әлем» фэнтези сериясындағы «бала әлемі» концептісіне талдау жасау негізінде әзірлеген	

4-кестеде, зерттеуіміздің соңында аталған фэнтези цикліндегі «бала әлемі» концептісінің негізгі сипаттары мен белгілерін түрінде жинақтадық.

Р. Сауытбайдың «Шоко әлем» фэнтези сериясы жалғасын табатыны анық. Ол жайлы автордың өзі де соңғы, әзірге жарық көрген бесінші кітаптың соңында «жалғасы бар...» деп жазуы арқылы айқындап беріп отыр.

Зерттеу жұмысымыздың соңғы бөлімін қорытындылай келе, төмендегі түйіндерді жасадық:

1. «Концепт» ұғымын зерттеу арқылы фэнтези туындысы авторының ойлау жүйесінің ерекшеліктері мен заңдылықтарын түсінуге болады. Сонымен



бірге автордың әлем концепциясын өзіндік тұрғыдан түсінуінің тетіктерін ұғынуға мүмкіндік ашылады.

2. Р. Сауытбайдың «Шоко әлем» фэнтези сериясы өз оқырмандарын жұмбақ әлемге елітіп әкетуі мақсатында құрылған оқиғалар желісінен және қиялдан шығарылған дүниедегі бала әлемін суреттеуден тұрады.

3. Р. Сауытбайдың «Шоко әлем» фэнтезиінде мінсіз әлем, арман, қиял әлемі, достық әлемі, сенім, тазалық әлемі, мейірім әлемі, қуаныш, бақыт, өмірге құштарлық әлемі тәрізді концептілік өрісі арқылы балаларға тән бейне ашылған.

### **Үшінші бөлім бойынша тұжырымдар**

1. Тауық Рымжанов шығармаларын жариялаған XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында қазақ әдебиетінде әлі фэнтези жанры пайда болып, мойындала қоймаған. Сондықтан Т.Рымжановтың шығармалары ертегі, ертегі-повесть, ертегі-хикаят деген айдармен жарияланғанымен оларды балаларға арналған фэнтези шығармаларына жатқызуға толығымен болады.

2. Р. Сауытбай талданған фэнтези циклінде балалар әлемін концептуалды түрде, авторлық неомифтерді қолдана отырып, жас оқырманға ұғынықты тілмен, шебер аша білген.

3. Балалар фэнтезиінің, жалпы фэнтези шығармаларының күллі оқырмандары үшін ұлттық-отбасылық құндылықтарды қалыптастыру мен дамытудағы рөлі аса зор деп есептейміз.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық зерттеу жұмысымыздың негізгі тұжырымдары мен **қорытындылары** ретінде келесі түйіндерді келтіруге болады:

1. Фэнтези жанр ретінде ең алғашында Батыс Еуропа және ағылшын мәдениеті мен әдебиетінде ХХ ғасырдың алғашқы отыз жылдығында ғылыми-техникалық прогресс жетістіктеріне негізделген ғылыми фантастика жанрына қарсы теңдестіруші дербес бағыт болып қалыптаса бастағандығын атап көрсеттік. Дегенмен, фэнтезидің тамыры тереңде, мүмкін одан да ертерек кезеңдердегі мифтер, ертегілер мен халық фольклорында жатыр деп тұжырым жасауға болады.

2. Қазіргі заманғы фэнтезидің негізі, осы жанрды әлемдік деңгейде танылып, әдебиеттің дербес жанрына айналуына, тіпті қазіргі уақыттағы бизнес пен технологиялардың дамыған уақытында әдебиеттен бөлек, көркем фильм, мультфильм, анимация, ойын-сауық, компьютерлік ойындар, ойыншық бизнесі және басқа салаларды біріктіретін метажанрға айналуына себепші болған ең алдымен Дж.Р.Р. Толкиннің ХХ ғасырдың 50-жылдарының соңында жарияланған «Сақиналар әміршісі» трилогиясы болды деген тұжырым жасауға болады. Әлемдік деңгейдегі танылған фэнтези классикасы қатарында Дж.Р.Р. Толкиннен бөлек Р. Говард, К. Льюис, М. Муркока, А. Нортон, У. Ле Гуин, М. Стюарт, Р. Желязны шығармаларын атауға болады.

3. Дүниежүзілік әдебиеттегі, соның ішінде өзіндік көрнекті орын алатын орыс әдебиетіндегі фэнтези жанрының қалыптасуы мен дамуына ықпалын тигізген негіз ретінде ғылыми фантастика, әдеби ертегі жанрларын атап көрсетуге болады. Орыс классикалық әдебиетінде (біздің қазақ әдебиетіндегідей) фантастика жанрының тұрақты дәстүрі қалыптаса қойған жоқ. Жазушылар фантастикалық әдебиет жанрына тұрақсыз түрде оралып отырды. Себебі орыс әдебиеті мен қазақ әдебиеті Кеңестік ортақ әдебиет шеңберінде қалыптасып, дамығандықтан, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, өткен ғасырдың 60-80 жылдары жазылып, дами бастаған фантастика жанры толық пісіп, жетілу, кемелдену сатысына жетіп үлгермей қалды. Себебі дербес әдеби жанрдың толыққанды қалыптасуы үшін бірнеше ондаған жылдар, тіпті ғасырлар көлеміндегі уақыт керек. Әлемдік, соның ішінде ағылшын-британ фэнтезиі ХХ ғасырдың алғашқы отыз жылдығында жаратылыстың, дүниенің ақыл-ой тұрғысынан танылуына қарама-қарсы құбылыс ретінде пайда болып, қалыптасып кетсе, орыс тілді фэнтези шығармалары тек сол өткен ғасырдың 80-90 жылдары енді ғана жазыла бастағаны белгілі.

4. Қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрына жатқызатын Тауық Рымжановтың, Тауфих Шеғиров-Тұрысбек Сәукетаевтың, Тимур Ермашевтың, Адам Қапанов пен Ильмаз Нұрғалиевтың, Рүстем Сауытбайдың, Зира Наурызбай мен Лиля Калаустың шығармалары ХХ ғасырдың соңы – ХХІ ғасырдың алғашқы жиырма жылдан астам кезеңінде жазылғандықтан, біз қазақ әдебиетіндегі және балалар әдебиетіндегі фэнтези жанрының қалыптасуы мен даму заманына куәміз. Қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанры толық қалыптасып,

одан әрі дамып бара жатқандығы туралы тұжырым жасай аламыз. Сонымен қатар бұл авторлардың шығармаларында фэнтезиге тән белгілер байқалады деген тұжырым жасауға болады.

5. Қазақ әдебиетіндегі және қазақ балалар әдебиетіндегі фэнтези жанрының қалыптасып, қарқынды түрде дамуына қажетті барлық әдіснамалық, әдеби негіз толығымен қалыптасқан, бұрыннан бар. Оған дәлел ретінде қазақтың мифологиялық дүниетанымының қалыптасу, даму эволюциясы, халық ауыз әдебиетінің жауһарлары, бай мұрасы, ертегілері мен батырлық эпостық жырлары, аңыздары мен кейінгі жазба әдебиетінің «алтын ғасырында» жасампаздықпен құрылған зор әдеби қорын атап көрсетуге болады.

6. Дүниежүзілік және Отандық қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанры әлі де дербес әдеби жанр ретінде қалыптасу, жетілу, даму, кемелдену үрдістерін бастан кешіріп жатқан динамикалық жанр деп бағалануы тиіс.

7. Қазіргі әлем әдебиетінде фэнтези жанрына байланысты екі түрлі көзқарас орныққан: біріншісі, фэнтезиді фантастикалық жанрдың бір тармағы деп есептейді; екіншісі, фэнтезиді заманауи, «жана» ертегі жанрына жатқызады. Біз фэнтезиді ғылыми фантастика және әдеби ертегі жанрларымен салыстырмалы талдау жасау арқылы оның екеуіне де жатпайтын, мүлдемге дербес әдеби жанр екендігін дәлелдедік. Сонымен қатар фэнтезидің мифологиядан бастау алғанымен, одан да өз отауын тігіп, бөлек шығып кеткен әдеби жанр екендігін дәлелдеуге тырыстық.

8. Ғылыми-фантастикалық туындылардың көпшілігі ғарыш тақырыбымен тығыз байланыста қала берді. Алдыңғы әдебиет дәстүрлері «айқын» фантастикадан алшақтауға тырысты. Фантастикалық элемент әрқашанда оның ғылыми негізін іздейді, ал фэнтези логикалық түсініктерден алшақ, «айқын» ойдан шығарылған оқиғаларға құрылады. Фэнтези мен ғылыми фантастиканың түбегейлі айырмашылығы олардың көркемдік шарттылық түрлеріне негізделеді. Ғылыми фантастика болашақта орын алуы, болуы мүмкін құбылыстарды қамтыса, фэнтези ешқашан мүлдемге болуы мүмкін емес құбылыстарды негіз етіп алады. Көркемдік шарттылық түрлерінің бір-бірінен алшақтығы фэнтези мен ғылыми фантастиканың генезисінің әртүрлілігіне байланысты.

9. Фэнтезидің әдебиеттің дербес жанры екендігін толық айқындау үшін біз «жанр» категориясын да ғылыми тұрғыдан сараладық және фэнтезидің әдебиеттің дербес жанры ғана емес, тарих, философия, ұлттық құндылықтар, көркем фильмдер, анимациялық фильмдер, ойын-сауық индустриясын біріктіретін синкретті метажанр екендігін анықтадық.

10. Фэнтезидің теориялық аспектілерін ашу үшін біз оны әдебиет жанры ретінде ғана емес, тілтану, философиялық талдау, логика, мәдениеттану, әлеуметтану, педагогика, психология, тарих және өзге де ғылымдар тұрғысынан маңыздылығын қарастырдық.

11. Қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрында жазылған қазақ және орыс тіліндегі тартымды, танымал шығармалар жеткілікті болғанымен (әлі де жазылу, жариялану үстінде), қазақ фэнтезінің теориялық аспектілерін жан-

жақты зерттеу мәселесі кенжелеп қалғаны туралы тұжырым жасадық. Белгілі әдебиеттанушы ғалымдар Әбіл-Серік Әбілқасымұлы Әліәкбар, Әбу-Асқар Мекешұлы, Еркінгүл Солтанаева және зерттеушілер С. Тайманова, А.Ө. Байдаулетова, А.Т. Сақтағановалар жекелеген ғылыми мақалаларын жариялағанымен қазақ фэнтезиін бойлай, тереңдете, іргелі зерттеу әлі де өз кезегін күтіп жатыр деген тұжырым жасауға болады.

12. Фэнтези әдебиеттің дербес жанры екендігін дәлелдей отырып, біз оның авторлық анықтамасын ұсындық: «Фэнтези – бел ортасында қайта өңделген мифологиялық архетиптер және авторлық миф орналастырылған туындының біртұтас көркем шынайылығына (нақтылығына) негізделген ертегі, серілік (рыцарьлық) романдар мен мифтердің астасуынан осы жанрлардан фантастикалық элементтерді жинақтаған, ең алғаш Англияда ХХ ғасырда пайда болған көркем әдебиеттің дербес жанры».

13. Фэнтези жанрында жазылған әдеби туындыларға екі бірдей құбылыс тән: демифологизация және ремифологизация. Демифологизация – ілкіден келе жатқан мифологиялық сюжеттерді түсіндіру, тарқату десек, ремифологизация – керісінше, «бұрынырақта мифологиямен тікелей байланысын жоғалтқан мәдениеттердегі мифологиялық ой-сананы қайта тірілту, жандандыру, ояту».

14. Мифология – қоғамның ой-санасының тарихи тұрғыдан ең басында қалыптасқан формасы, діни, тәжірибелік, ғылыми, көркемдік ақыл-ой элементтерінің әлі ешқайсысының өз еншісін алып, бір-бірінен ажырай қоймаған кезіндегі дүниенің біртұтас суреттелуі деген тұжырым жасадық.

15. Неомифке қатысты қазіргі уақытта екі түрлі көзқарас қалыптасып, орныққан: бірінші тұжырымдамаға сәйкес, басымдық дәстүрлі мифке беріледі. Неомиф – дәстүрлі мифті қайта тірілтіп, бағзы замандардан бері ұмытыла бастаған мифологиялық құбылыстарды, оқиғаларды қазіргі заман оқырманының көз алдына алып келеді. Екінші тұжырымдамаға сәйкес, жазушының жеке ой-санасы шешуші орынға шығып, архетиптер мен авторлық мифологиялық ойлау қабілетінің нәтижесінде мифтің жаңа дербес нұсқасы қалыптасады.

16. Фэнтезидің қазіргі заманғы жаңа мифологияға айналуға мүмкіндігі бар. Себебі, оның құрылымы мен магистралдық сюжеті осыны айқын байқатады.

17. Қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының қалыптасу, даму кезеңдері мен жіктелісін зерттеуді тұжырымдай келе, жалпы алғанда қазақ фэнтезиі шартты түрде төрт кезеңге бөлінген даму сатыларынан өткендігін анықтадық. Сонымен қатар қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанры әлі де өз дамуын жалғастырып келе жатқан, әлі де шығармалары жазылу үстіндегі, болашағынан зор үміт күттіретін динамикалық жанр екендігі туралы ой түйдік. Фэнтези шығармаларының жіктелісін анықтау арқылы біз әлемдік фэнтези жанрына жататын негізгі түрлері жақсы дамып келе жатқанымен, кейбір түрлері мүлдем қалыптаспағанын атап өтеміз. Мысалы, эпикалық фэнтезидің бір түріне жататын діни фэнтези, әдебиеттің соңғы жылдарда қалыптасқан айрықша

тармағы - әйелдер фэнтезиі бағытында жазылған шығармалар қазақ әдебиетінде жоқ десе де болады.

18. Қазақ әдебиетіндегі фэнтезиге тән сюжет және характер мәселесін зерттеу барысында, қазіргі қазақ әдебиетіндегі фэнтези шығармаларының көпшілігі және неғұрлым танымалдары көпсериялы фэнтези болғандықтан, көбінесе олар хроникалы сюжетке құрылғанымен, сол серияларға кіретін жеке кітаптарды дербес түрде қарастырсақ, шоғырлы сюжет желісімен құрылған туындылар деуге негіз бар. Дегенмен, жекелеген шығармалардың сюжеті күрделі, «ноқтаға басы сыймайтын», өз бойына бір ауқымда шоғырлы сюжеттің, тізбекті сюжеттің, тіпті қайырымалы хронологиялық сюжеттің белгілерін сіңірген туындыларға жатқызуға болады.

19. Біз зерттеп отырған жанр кейіпкерлерінің типологиясын, жиі кездесетін түрлерінің жіктелімін алғаш рет ұсындық деуге толық негіз бар. Еріксіз кейіпкер, квазиэпикалық кейіпкер, авантюрист кейіпкер, кек алушы кейіпкер, зұлым кейіпкер болып бөлінетін басты кейіпкерлердің бес типінен бөлек фэнтези шығармаларында жиі кездесетін «дана қария», «көмекші», «антагонист» кейіпкер деген типтерін жіктеп көрсеттік. Аталған кейіпкер типтерінің арасынан әлемдік фэнтези, соның ішінде Батыс фэнтезиінен айырмашылығы - қазақ фэнтезиінде басты кейіпкердің зұлым болуы әзірге кездеспейтінін анықтадық. Сонымен қатар фэнтези кейіпкерлерінің ертегі кейіпкерлерінен басты айырмашылығы – олардың авторлық неомиф негізінде пайда болып, шығарманың сюжет желісін ашудағы үлкен маңызын, ертегідегідей емес, фэнтезиде кейіпкерлер айқын тұғырда тұрмайтынын, яғни трансформацияға ұшырап, динамикалық өзгерістерге түсіп, жетіліп, дамып отыратындығы туралы тұжырым жасадық. Сонымен бірге фэнтези кейіпкерлері ертегі кейіпкерлерінің бірнеше қырлары мен сипатын бір мезетте біріктіре беру мүмкіндігін анықтадық.

20. Соңғы жылдарда шетелдік фэнтези шығармаларында басты қаһарман протагонистке қарсы күресетін антагонист кейіпкердің болмау тенденциясы сирек болса да байқалып қалады. Жекелеген фэнтези шығармаларында басты кейіпкердің нақты антагонист жауының орнына өз-өзімен, өзінің ішкі кемшіліктерімен, зиянды қылықтарымен күресетін кейіпкерлер де сипатталады. Жалпы алғанда фэнтези шығармаларына кейіпкерлердің типтері мен түрлерінің көптігі, олардың характерлері мен бейнелерінің күрделілігі, динамикалы түрде трансформацияға ұшырауға бейімдігі тән.

21. Тауық Рымжановтың «Зәйтүнқарлығаштың ерлігі» ертегі-повесі (1984), «Өлместің жұлдызы» ертегі-повесі (1994), «Алтын ара» ертегі-повесіне енген «Ерден батыр» ертегісі (1995), «Гүл Ағашы» ертегі-хикаяты (1999), «Күн перзенттері» ертегі-хикаяттары (2010) ертегілік фэнтезиге жататын, бірақ мазмұнында эпикалық фэнтези мен «қара» фэнтезидің элементтері бар толыққанды фэнтези жанрында жазылған қазақ балалар әдебиетіндегі алғашқы туындылар деп бағалануы тиіс.

22. Тауық Рымжановтың аталған шығармаларында фэнтези жанрына тән келесі белгілері анық байқалады: оқиғалардың ертегілерге тән басталуы мен

ойламаған жерден шиеленісуі, шығармалардың сериялы түрде бірінен соң бірі оқиғаларды жалғастыруы, автордың фольклорлық, мифтік кейіпкерлерден өзгеше «неомифтік» кейіпкерлерді ойлап табуы, құбылыстардың ғылыми негіздеуді қажет етпейтін, тылсым күштердің көмегімен күрт өзгеруі, уақыт факторының абстрактіленуі, кейіпкерлердің адамзат әлемінен перілер әлеміне, одан шайтандар әлеміне, тіпті тірілер әлемінен өлілер әлеміне, одан қайта тірілер әлеміне ауысып, «көшіп» жүре беруі, шығарма сюжетінің басталуы, шиыршықтана түсуі, ширатылуы, бәсеңсуі, мәресіне жетуі тәрізді логикалық тізбегінің болуы, ғылыми фантастика элементтерінің байқалуы, оқиғалардың аяқ астынан құпия, тылсым бір жерде немесе сиқырлы заттың көмегімен өзгеріске түсуі және басқа белгілері.

23. Тауық Рымжанов шығармаларын жариялаған ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басында қазақ әдебиетінде әлі фэнтези жанры пайда болып, мойындала қоймаған. Сондықтан Т.Рымжановтың шығармалары ертегі, ертегі-повесть, ертегі-хикаят деген айдармен жарияланғанымен оларды балаларға арналған фэнтези шығармаларына жатқызуға толығымен болады.

24. Балалар фэнтезиіндегі ұлттық отбасылық құндылықтардың бейнеленуін келесі жіктеме арқылы көрсетуге болады деп есептейміз: абсолютті құндылықтар (махаббат, жақсылық, сыйластық, жар адалдығы, неке беріктігі, ақиқат, мәдениет, игілік, сенім, үміт, сұлулық, имандылық); табиғи-географиялық құндылықтар (табиғат, ресурстар, еңбек); қоғамдық-мемлекеттік құндылықтар (туған жер, ел, Отан, азаматтық, еркіндік пен теңдік, қауіпсіздік, шындық, адамға деген құрмет, бейбітшілік); отбасының мәдени-ұлттық, туысқандық құндылықтары (қандастық, туыстық, балалар, ана, әке, ата, әже, аға, әпке, іні, қарындас, дос, туған үй, денсаулық, отбасылық дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, жоралғылар). Әрине, негізгі ұлттық-отбасылық құндылықтар әрбір отбасында жеке-дара, қайталанбас болуы мүмкін. Еңкейген қарттан еңбектеген балаға дейін отбасының әрбір мүшесінің тату-тәтті, мызғымас берік отбасын құрудың іргетасы боларлық ұлттық-отбасылық құндылықтар жайлы айқын түсінігі, ұғымы, пайымы болуы қажет.

25. Концепт ұғымын зерттеу арқылы фэнтези туындысы авторының ойлау жүйесінің ерекшеліктері мен заңдылықтарын түсінуге болады. Сонымен бірге автордың әлем концепциясын өзіндік тұрғыдан түсінуінің тетіктерін ұғынуға мүмкіндік ашылады. Концептосфера – жекелеген концептілерді біріктіретін білім саласы.

26. Р. Сауытбайдың «Шоко әлем» фэнтези сериясы өз оқырмандарын жұмбақ әлемге елітіп әкетуі мақсатында құрылған оқиғалар желісінен және қиялдан шығарылған дүниедегі бала әлемін суреттеуден тұрады. Р.Сауытбай аталған фэнтези циклінде балалар әлемін концептуалды түрде, авторлық неомифтерді қолдана отырып, жас оқырманға ұғынықты тілмен, шебер аша білген.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
- 2 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – Кіт. 4. – 503 с.
- 3 Әліәкбар Ә.-С. Бір ділді Алаш фэнтезиі ешқашан тілге бөлініп алаланбайды // <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/syn/58282/amp/>. 14.01.2023.
- 4 Мекешұлы Әбу-Асқар: Қазақ әдебиетінде фэнтези бар ма? // <https://adebiportal.kz/kz/amp/news/view/1839>. 10.10.2024.
- 5 Лопухов Д.С. Что такое фэнтези? // Русский журнал – 2006. – №7. – С. 18-19.
- 6 Попова М.К. Загадки «фэнтези» // Приключения, фантастика, детектив: феномен беллетристики: сб. – Воронеж, 1996. – С. 159-192.
- 7 Jones D.W. The Tough Guide to Fantasyland: The Essential Guide to Fantasy Travel. – NY., 2006. – 234 p.
- 8 Molson F.J. Children's Fantasy. – Washington: Starmont House, 1989. – 97 p.
- 9 Перумов Н.Д. Я люблю гномов, а они любят пиво // <http://www.kulichki.com/tolkien/podshivka/000209.htm>. 10.10.2024.
- 10 Тодоров Ц. Введение в фантастическую литературу / пер. с фр. – М., 1999. – 144 с.
- 11 Овчинникова Л.В. Русская литературная сказка XX века: история, классификация, поэтика. – Изд. 2-е, испр. и доп. – М., 2003. – 311 с.
- 12 Colbert D. The magical worlds of Harry Potter: A treasury of myths, legends, and fascinating facts. – NY.: Berkley Publishing, 2004. – 288 p.
- 13 Мархабаев А.-Х. Қазақ фантастикалық әдебиеті: жылнамалау, қарастыру, топтастыру, даралау, қыйсындау, дәйектеу. – Алматы, 1998. – 365 б.
- 14 Вацуру В. Готический роман в России. – М., 2002. – 552 с.
- 15 Неелов Е.М. Фольклорный интертекст русской фантастики: учеб. пос. – Петрозаводск, 2002. – 124 с.
- 16 Чернышева Т. О старой сказке и новейшей фантастике // Вопросы литературы. – 1977. – №1. – С. 229-248.
- 17 Лем С. Мой взгляд на литературу / пер с пол. – М., 2009. – 864 с.
- 18 Переверзев В. К вопросу разграничения жанров НФ литературы и «фэнтези» // Тез. докл. и сообщ. на всесоюз. науч. конф.-сем., посв. творчеству И.А. Ефремова и проблемам науч. фантастики. – Николаев, 1988. – С. 70-72.
- 19 Лейдерман Н.Л. Теория жанра: исследования и разюоры. – Екатеринбург, 2010. – 904 с.
- 20 Мелетинский Е.М. О литературных архетипах. – М.: РГГУ, 1994. – 136 с.
- 21 Минц З.Г. О некоторых «неомифологических» текстах в творчестве русских символистов // Ученые записки Тартуского гос. универ. – Тарту, 1979. – С. 76-120.

- 22 Погребная Я.В. Аспекты современной мифопоэтики. – Ставрополь, 2010. – 178 с.
- 23 Словарь философских терминов / под ред. В.Г. Кузнецова. – М.: ИНФРА-М, 2005. – 731 с.
- 24 Руднев В.П. Словарь культуры XX века: ключевые понятия и тексты. – М.: Аграф, 1999. – 381 с.
- 25 Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона / под ред. И.Е. Андреевского. – Изд. 2-е. – М.: Дрофа, 2001. – Т. 4. – 472 с.
- 26 Вагнер В.Р. Искусство и революция / пер. с англ. – СПб.: Горизонт, 1906. – 36 с.
- 27 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – Кіт. 1. – 256 б.
- 28 Солдаткина Я.В. Мифопоэтика русской эпической прозы 1930-1950-х годов: генезис и основные художественные тенденции: монография. – М., 2009. – 355 с.
- 29 Козина Т.Н. Христианские архетипы в русской ментальности (на материале художественно-литературной практики рубежа 1990-2000-х годов): дис. ... док. культ. наук: 24.00.01. – Саранск, 2012. – 256 с.
- 30 Юнг К.Г. О современных мифах / пер. с нем. – М.: Практика, 1994. – 251 с.
- 31 Федоров В.В. Поэзия и жизнь // <https://stihi.ru/2020/03/04/6357>. 10.10.2024.
- 32 Киченко А.С. Мифопоэтические формы в фольклоре и истории русской литературы XIX века. – Черкассы, 2003. – 372 с.
- 33 Сендерович С.Я. Ревизия Юнговской теории архетипа // Логос. – 1995. – №6. – С. 144-163.
- 34 Тойшанұлы А. Түрік-моңғол мифологиясы: монография. – Алматы: Баспалар үйі, 2009. – 192 б.
- 35 Баят Е. Контактология: түркі өркениетінің әлемдік мәдениетке ықпалы (түркі-моңғол эпостар типологиясы негізінде): монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 206 б.
- 36 Қазақтың мифтік әңгімелері / құраст. Ш. Ыбыраев, П. Әуесбаева. – Алматы, 2002. – 320 б.
- 37 Қазақтың мифтік кейіпкерлері / құраст. С. Итеғұлова. – Астана, 2016. – 275 б.
- 38 Тертерян И.А. Человек мифотворящий: о литературе Испании, Португалии и Латинской Америки: сб. ст. – М., 1988. – 557 с.
- 39 Фахриева Л.М., Давлетшина Л.Х. К вопросу классификации мифологических персонажей турецкого фольклора // Тюркологические исследования. – 2021. – №4(1). – С. 7-20.
- 40 Репенкова М.М. У истоков современного турецкого фэнтези / «Филологические науки. Вопросы теории и практики. – 2021. – Т. 14, №3. – С. 691-697.



- 41 Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – М.: Искусство, 1986. – 436 с.
- 42 Лосев А.Ф. Диалектика мифа. – М., 2024. – 448 с.
- 43 Гопман В.Л. Фэнтези // В кн.: Краткая литературная энциклопедия терминов и понятий. – М.: НПК Интелфак, 2001. – С. 80-92.
- 44 Каплан В.В. Заглянем за стенку // Новый мир. – 2001. – №9. – С. 156-170.
- 45 Минералова И.Г. Детская литература. – М., 2002. – 176 с.
- 46 Колдун И. Классификация жанра фэнтези // <http://www.kulichki.com/tolkien/arhiv/palata/ingfan.shtml>. 10.10.2024.
- 47 Гончаров В.Л. Конан на переломе эпох: русская фэнтези – традиции и перспективы // Уральский следопыт. – 1997. – №7. – С. 57-59.
- 48 Степновская Т.Л. Аниме Фэнтези – что это такое? // <https://animag.ru/article/anime-fentezi-hto-eto-takoe?ysclid=>. 10.10.2024.
- 49 Геворкян Э.В. Чем вымощена дорога в рай? // <https://coollib.com/b/164963-eduard-vachaganovich-gevorkyan-chem>. 10.10.2024.
- 50 Чернышева Т.А. Природа фантастики. – Иркутск, 1984. – 331 с.
- 51 Мамаева Н.Н. Это не фэнтези! // Уральский следопыт. – 2001. – №9. – С. 48-54.
- 52 Губайловский В.А. Обоснование счастья: о природе фэнтези и первооткрывателе жанра // Новый мир. – 2002. – №3. – С. 174-185.
- 53 Сапковский А. Нет золота в серых горах / пер. с пол. – М., 2002. – 374 с.
- 54 Эйдемиллер И.В., Лебедев А.Ю. Мир фэнтези // Звезда. – 1993. – №11. – С. 205-207.
- 55 Мещерякова М.И. Русская детская, подростковая и юношеская проза второй половины XX века: проблемы поэтики: монография. – М., 1997. – 381 с.
- 56 Лем С.С. Фантастика и Футурология / пер. с пол. – М.: Восточная литература, 2004. – Кн. 1. – 591 с.
- 57 Шамякина С.В. Литература фэнтези: дифференциация понятия и жанровая характеристика. – Харьков, 2010. – 120 с.
- 58 Кихней Л.Г. К герменевтике жанра в лирике // Герменевтика литературных жанров: сб. ст. – Ставрополь, 2007. – С. 36-68.
- 59 Шкловский В.Б. Искусство как прием // В кн.: О теории прозы. – М.: Советский писатель, 1983. – С. 7-23.
- 60 Пospelов Г.Н. Проблемы исторического развития литературы. – М.: Просвещение, 1972. – 271 с.
- 61 Лейдерман Л.Н. К определению сущности категории «жанр» // Жанр и концепция литературного произведения: межвуз. сб. – Калининград, 1976. – Вып. 3. – С. 7.
- 62 Пропп В.Я. Морфология волшебной сказки. – М.: Лабиринт, 1998. – 512 с.
- 63 Поляков М.Я. В мире идей и образов: историческая поэтика и теория жанров. – М.: Советский писатель, 1983. – 367 с.

- 64 Лихачев Д.С. Поэтика древнерусской литературы. – Изд. 3-е. – М.: Наука, 1979. – 360 с.
- 65 Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы, 1970. – 374 б.
- 66 Лотман Ю.М. О принципах художественной фантастики // Тр. по знаковым системам 5. – 1970. – Вып. 284. – С. 285-287.
- 67 Большая советская энциклопедия: в 30 т. / под ред. А.М. Прохорова. – М., 1978. – Т. 29. – 705 с.
- 68 Jones S.S. The Fairy Tale: The Magic Mirror of the Imagination. – NY., 2002. – 156 p.
- 69 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
- 70 Қазақ ертегілері / ред. С. Қалиұлы. – Алматы, 2017. – 264 б.
- 71 Путилов Н.П. Народные знания: фольклор, народное искусство. – М.: Наука, 1991. – Вып. 4. – 166 с.
- 72 Булычев К. Мы смогли угадать, что хочет смотреть десятилетний мальчик // Детская литература. – 1994. – №1. – С. 74-78.
- 73 Иванова Э.В. Создание вторичных миров: Дж.Р.Р. Толкин и жанр «фэнтези» // Искусство в школе. – 2004. – №4. – С. 41-45.
- 74 Обломиевский Д.Д. Французский романтизм. – М., 1947. – 356 с.
- 75 Бахтин М.М. Формы времени и хронотопа в романе: очерки по исторической поэтике // [yanko.lib.ru/books/cultur/bahtin-hronotop.htm](http://yanko.lib.ru/books/cultur/bahtin-hronotop.htm). 10.10.2024.
- 76 Ковтун Е.Н. Фантастика как объект научного исследования: проблемы и перспективы отечественного фантаствоведения. // Русская фантастика на перекрестье эпох и культур: матер. междунар. науч. конф. – М., 2007. – С. 20-38.
- 77 Ковтун Е.Н. Поэтика необычайного: художественные миры фантастики, волшебной сказки, утопии, притчи, мифы (на материале европейской литературы первой половины XX века). – М., 1999. – 306 с.
- 78 Винтерле И.Д. Феномен незавершенности в раннем творчестве Дж.Р.Р. Толкина и проблема становления концепции фэнтези: дис. ... канд. филол. наук: 10.01.03. – Нижний Новгород, 2013. – 196 с.
- 79 Марков М.А. Магия как бинарная система и ее влияние на процесс формирования мировоззрения современного человека: дис. ... канд. филос. наук: 09.00.13. – Р-на-Д., 2004. – 165 с.
- 80 Мартыненко А.В. Логика фантастического: автореф. ... канд. культ: 24.00.01. – М., 2009. – 28 с.
- 81 Могилевская Г.А. Человек в мире фантастики: культурологический аспект // Молодой ученый. – 2014. – №5(64). – С. 191-194.
- 82 Пигулевский В.О. Ирония и вымысел: от романтизма к постмодернизму. – Р-на-Д., 2002. – 415 с.
- 83 Савицкая Т.А. Фэнтези: становление глобального жанра // Культура в современном мире. – 2012. – №2. – С. 1-3.
- 84 Лем С. Фантастика и футурология / пер. с пол. – М., 2009. – Кн. 2. – 805 с.

- 85 Clute J. The Encyclopedia of Science Fiction. – London, 1993. – 1370 p.; The Encyclopedia of Fantasy. – London, 1997. – 1079 p.
- 86 Kroeber K. Romantic fantasy and science fiction. New Haven, Lnd., 1988;
- 87 Wollheim D. The Universe makers: Science fiction today. – N.Y., 1971. – 131 p.
- 88 Irwin W.R. The Game of the impossible: A Rhetoric of fantasy. – Urbana, 1976. – 215 p.
- 89 Wertham F. The World of Fanzines: A Special Form of Communication. – Carbondale, 1973. – 144 p.
- 90 Грицанов А.А. Новейший философский словарь. – Минск: Книжный дом, 1999. – 896 с.
- 91 Woolley J.D., Boerger E.A., Markman A.B. A visit from the Candy Witch: factors influencing young children's belief in a novel fantastical being // Developmental Science. – 2004. – Vol. 7, Issue 4. – P. 456-468.
- 92 Carrick N., Richmond R. What storytelling tells us about fantasy: parent-child stories about emotionally-charged real and fantastic events // Early Child Development and Care. – 2021. – Vol. 191, Issue 14. – P. 2293-2309.
- 93 Тайманова С., Байдаулетова А.Ө., Сақтағанова А.Т. Балалар әдебиетінің жаңашыл жазушысы – Тауық Рымжанов // Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӨТУ Хабаршысы. – 2022. – №1. – Б. 314-325.
- 94 Рымжанов Т. Алтын ара: ертегі-повесть. – Алматы, 1995. – 272 б.
- 95 Рымжанов Т. Өлместің жұлдызы: ертегі-повесть. – Алматы: Өнер, 1994. – 206 б.
- 96 Рымжанов Т. Гүл ағашы: ертегі-хикаят. – Астана, 1999. – 239 б.
- 97 Рымжанов Т. Күн перзенттері: ертегі-хикаят. – Алматы: Өнер, 2010. – 390 б.
- 98 Сауытбай Р.С. Шоко әлем (фэнтези). – Алматы, 2019. – 272 б.
- 99 Сауытбай Р.С. Шоко әлем. Тылсым Эллипсаһар. – Алматы, 2020. – 352 б.
- 100 Сауытбай Р.С. Шоко әлем. Ғажайып тас. – Алматы, 2022. – 400 б.
- 101 Наурызбай З., Калаус Л. Бату мен достарының Алтын тостағанды іздегені. – Алматы, 2022. – 228 б.
- 102 Наурызбай З., Калаус Л. Бату мен достарының Барсакелмес еліне саяхаты. – Алматы, 2022. – 340 б.
- 103 Наурызбай З., Калаус Л. Бату мен достарының жұлдыздар елі Айдалаға саяхаты. Повесть. – Алматы: Stepp & World, 2022. – 304 бет.
- 104 Сәукетай Т. (Тауфих Шеғири) Өлгендер қайтып келеді // <https://madenportal.kz/article/6502?ysclid=m2y4nljts1862336175>. 10.10.2024.
- 105 Акпар Р. Ақшақар арман // <https://adebiportal.kz/kz/news>. 10.10.2024.
- 106 Әбдірайым Т. Кітап мұңы // <https://bilim-all.kz/article/22134>. 10.10.2024.
- 107 Нұржанұлы Н. Кітап патшалығы (әңгіме) // <https://aqzhelken.kazgazeta.kz/news/34255>. 10.10.2024.
- 108 Наурызбай Ә. Көркем шығармадағы сюжеттің түрлері мен типологиясы // <https://adebiportal.kz/kz/news/view/korkem>. 10.11.2024.

- 109 Forster E.M. Aspects of the novel. – San Diego: Harcourt, Brace, 1927. – 250 p.
- 110 Хинтиikka Я. Логика в философии – философия логики // Логико-эпистемологические исследования: избр. ст. – М., 1980. – С. 36-67.
- 111 Лессинг Г.Э. Гамбургская драматургия. – М.; Л., 1936. – 455 с.
- 112 Жанайдаров О. Ежелгі Қазақстан мифтері: қазақстан балалар энциклоп. – Алматы, 2006. – 252 б.
- 113 Нургалиев И. Дастан и Арман: начало и первое задание. – М., 2015. – 209 с.
- 114 Ермашев Т. Воскрешающий легенды. – Алматы, 2014. – 208 с.
- 115 Фишман Л. Профессор был не прав! // Дружба народов. – 2007. – №5. – С. 213-218.
- 116 Силантьев И.В. Сюжетологические исследования: монография. – М., 2009. – 224 с.
- 117 Гинзбург Л.Я. О литературном герое. – Л., 1979. – 220 с.
- 118 Томашевский Б. Теория литературы. Поэтика. – М., 1999. – 334 с.
- 119 Хализев В. Теория литературы. – М., 1999. – 400 с.
- 120 Поэтика: словарь актуальных терминов и понятий / под ред. Н.Д. Тamarченко. – М., 2008. – 358 с.
- 121 Кавелти Дж.Г. Изучение литературных формул / пер. с англ. // Новое литературное обозрение. – 1996. – №22. – С. 33-64.
- 122 Березин В. Герой, его внутренность и внешность // <https://magazines.gorky.media/october/2000/2/geroj-ego-vnutrennost-i-> 10.10.2024.
- 123 Ланцов Д. Механический дракон. – М., 2013. – 320 с.
- 124 Сауытбай Р.С. Шоко элем. Алоэна құпиясы. – Алматы, 2022. – 412 б.
- 125 Сауытбай Р.С. Шоко элем. Сұйық тәж. – Алматы, 2023. – 448 б.
- 126 Бритиков А.Ф. Отечественная научно-фантастическая литература (1917-1991 годы). – СПб., 2005. – Кн. 2. – 390 с.
- 127 Гусарова А.Д. Жанр фэнтези в русской литературе 90-х гг. двадцатого века: проблемы поэтики: дис. ... канд. филол. наук: 10.01.01. – Петрозаводск, 2009. – 255 с.
- 128 Батурин Д.А. Фэнтезийный идеал героя // Вестник Тв.ГУ. – 2012. – №3. – С. 168-169.
- 129 Чепур Е.А. Герой русской фэнтези 1990-х гг.: модусы художественной реализации: дис. ... канд. филол. наук: 10.01.01. – Магнитогорск, 2010. – 191 с.
- 130 Юнг К.Г. Душа и миф: шесть архетипов / пер. с англ. – Минск, 2004. – 400 с.
- 131 Әділбек А. Сері жайлы әфсана // <https://adebiportal.kz/kz>. 10.10.2024.
- 132 Жирмунский В.М. Фольклор Запада и Востока: сравнительно-исторические очерки. – М., 2004. – 463 с.
- 133 Боура С.М. Герой // В кн.: Героическая поэзия / пер. с англ. – М., 2002. – С. 122-123.
- 134 Антонов С., Денисов А. Пятиборец. – М., 2010. – 329 с.

- 135 Муркок М. Повелители мечей: хроника Корума. – Л., 1991. – 380 с.
- 136 Толкин Дж.Р.Р. Хранители: повесть / пер. с англ. – М., 1998. – 539 с.
- 137 Перумов Н. Эльфийский клинок. – СПб., 1993. – Т. 1. – 736 с.
- 138 Олди Г.Л. Бездна голодных глаз. – М., 2011. – 273 с.
- 139 Зика Н. Запасная дочь // <https://litnet.com/ru/book/zapasnaya>. 10.10.2024.
- 140 Фадеева Ю. Академия Смерти, или Истинная для демона. – Кн. 1 // <https://litnet.com/ru/book/akademiya-smerti-ili-istinnoy-dlya-demona>. 10.10.2024.
- 141 Фадеева Ю. Академия Смерти, или Истинная для демона. – Кн. 2 // <https://litnet.com/ru/book/akademiya-smerti-ili-istinnoy-dlya-demona>. 10.10.2024.
- 142 Фадеева Ю. Академия Смерти, или Истинная для демона. – Кн. 3 // <https://litnet.com/ru/book/akademiya-smerti-ili-istinnoy-dlya-demona>. 10.10.2024.
- 143 Корк О. Личная воровка мага Тьмы. 2023 // <https://litnet.com/ru/book/lichnaya-vorovka-maga-tyu-b420696>. 10.10.2024.
- 144 Эванс А. Похищенная невеста для Его Наглейшества. 2022 год // <https://litnet.com/ru/book/pohishchennaya-nevesta-dlya-ego-nagleishestva>. 10.10.2024.
- 145 Марей С. Ювелирная лавка госпожи Таниты. 2023 год // <https://litnet.com/ru/book/yuvelirnaya-lavka-gospozhi-tanity-b433838>. 10.10.2024.
- 146 Аваланж М. Парфюмер для демона или Невеста с секретом. 2022 г. // <https://litnet.com/ru/book/parfyumer-dlya-demona-ili-nevesta-s-sekretom>. 10.10.2024.
- 147 Майер К. Нищенко в Королевской Академии магии. – Кн. 1 // <https://litnet.com/ru/book/nishchenka-v-korolevskoi-akademii-magii>. 10.10.2024.
- 148 Майер К. Нищенко в Королевской Академии магии. – Кн. 2 // <https://litnet.com/ru/reader/nishchenka-v-korolevskoi-akademii-magii>. 10.10.2024.
- 149 Нишанбаева С.З. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру: док. PhD. ... дис. – Алматы, 2019. – 192 б.
- 150 Матыжанов К. Рухани уыз: қазақ балалар фольклоры. – Алматы: Атамұра, 2023. – 272 б.
- 151 Оразбекұлы К. Тұран баһадүрлері немесе Ер, Би, Нардың ерлік жорықтары: хикаят. – Астана: Фолиант, 2023. – 276 б.
- 152 Төреханова З. Әмина Тұранның көшпенділер еліне саяхаты. – Алматы, 2022. – 320 б.
- 153 Тулембаева А. Дамока и его друзья. – Алматы, 2010. – 160 с.
- 154 Сырманов А.А. Сарман алты таңба кітабы. – М., 2019. – 20 с.
- 155 Мұратәлиев Н. «Жасыл көлдің» құпия тұрғыны: хикаят. – Астана: Фолиант, 2022. – 168 б.
- 156 Степанов Ю.С. Концепт // В кн.: Константы: словарь русской культуры. – М., 2001. – С. 43-84.
- 157 Грушевская Т.М., Фанян Н.Ю. Модулярный подход к анализу текста: дискурса: вклад женеvской лингвистической школы // Вестник Адыгейского государственного университета. – 2012. – №2. – С. 190-194.
- 158 Storti C. The Art Crossing Cultures. – Yarmouth, ME: Intercultural Press, 1990. 246 б.;
- 159 Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Академия, 2001. – 208 с.

- 160 Телия В.Н. Русская фразеология: семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М.: Языки русской культуры, 1996. – 288 с.
- 161 Воробьев В.В. Лингвокультурология: теория и методы. – М., 1997. – 331 с.
- 162 Зиновьева Е.И., Юрков Е.Е. Лингвокультурология: теория и практика. – СПб.: МИРС, 2009. – 291 с.
- 163 Аскольдов С. А. Концепт и слово // В кн.: Русская словесность. От теории словесности к структуре текста: антология. – М., 1997. – С. 262-269.
- 164 Попова З.Д., Стернин И.А. Язык как национальная картина мира. – М., 2015. – 101 с.
- 165 Воркачев С. Г. Национально-культурная специфика концепта любви в русской и испанской паремиологии // НДВШ ФН. – 1995. – №3. – С. 56-66.
- 166 Касьян Л.А. Термин концепт в современной лингвистике: различные его толкования // Вестник ЮГУ. – 2010. – №2(17). – С. 50-53.
- 167 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – М.: Гнозис, 2004. – 390 с.
- 168 Апресян Ю.Д. Избр. тр. – Интегральное описание языка и системная лексикография. – М.: Языки русской культуры, 1995. – Т. 22. – 767 с.
- 169 Грабарова Э.В. Культурный концепт как окно к изучению этнокультурных особенностей менталитета // Проблемы вербализации концептов в семантике языка и текста: матер. междунар. симпоз. – Волгоград: Перемена, 2003. – С. 8-13.
- 170 Жаркынбекова К.Ш. Языковая концептуализация цветов в казахском и русском языках: автореф. ... док. филол. наук. – Алматы, 2004. – 49 б.
- 171 Жампейсова Ж.М. «Ақ» – «Қара» концепті: оппозициясы мен қызметі»: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2007. – 131 б.
- 172 Баяздықова Ә.Ә. Қазақ тіліндегі «Бақыт» концептісінің танымдық сипаты мен қызметі: 6D020500: док. PhD. ... дис. – Алматы, 2014. – 192 б.
- 173 Калдыбаева А.Т. Лингвоконцептология теориясы және әлемнің тілдік бейнесі: концепттер ұғымы. – Алматы, 2017. – 13 б.